ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

И.Н. Бердешова – ҚазМемҚызПУ-нің аға оқытушысы

Мақалада тілді ақпаратты-коммуникациялық технологиялар арқылы оқыту "тірі" білім саласында негізгі нәтижелері көрсетіледі. "Тірі" білім беру интернеттің көмегі арқылы электрондық ресурстар амалдарының пайдалану және заманауи оқытудың тұжырымдамалары өзінің қолжетімділік, игеруге жеңіл, социализация, бірлесе отырып шығармашылық қызметін ұйымдастыру мүмкіндігі және тексеру жүзеге асырылады. Ақпаратты-коммуникациялық технологиялар (АКТ) амалдарының базасы негізінде оқу барысының әлеуетті мүмкіндіктерін жүзеге асыру, шетел тілі оқытушыларына білім беру кеңістігінде жаңа үлгі құру мүмкіндігі бар. Ақпаратты-коммуникациялық технологиялар

(АКТ) амалын қолдану интерактивті кері байланысты, оқу құжаттарының компьютерлік визуализациясын, оқу ақпараттарына байланысты іздеу процессінің автоматтандырылуын жүзеге асырады. Жалпы алғанда ақпаратты-коммуникациялық технологиялар амалын қолдану арқылы шет тілінің құрылымы және мазмұны педагогикалық мүддесіне және білімнің ақпараттандыру шарттары бойынша білім алушыларды дайындаудың негізгі бағыттарына тең келеді.

Тірек сөздер: ақпаратты-коммуникативтік технология, компьютерлік телекоммуникациялар, интерактивті тақта, компьютерлік коммуникация, интерфейс-адам-компьютер

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім беруде қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық, ғалымдық, коммуникациялық желілерге қосылуы, білім беру жүйесін одан әрі дамыту» міндеттері көрсетілген. Жас ұрпақтың ой-өрісін, ұлттық мәдениетін, ұлттық рух пен саналы сезімін дамытып, алғыр тұлғаны қалыптастыруда жаңа технология бағыттары оң нәтижелер беруде. Осыған байланысты дәстүрлі емес ойлауға икемді, аса күрделі мәселелерді шешуге алғырлық таныта алатын оқушылар даярлау қоғамның басты міндеттерінің бірі болып отыр [6].

Қазақстан Республикасының мемлекетаралық тілі – ағылшын тілін жаңа технологиялар арқылы оқыту ісі күннен-күнге өзекті болып келеді. Тілді ақпараттық-коммуникативтік технология арқылы оқыту – тіл үйренушінің өз бетімен тіл үйрену қабілеттерін жетілдіруіне игі ықпал ететін тиімді жүйе болып табылады. Ағылшын тілін саналы меңгерту, оны өз деңгейінде қажеттілікке айналдыру, бір жылғы мәселе емес, сондықтан ағылшын тілін оқыту ісімен шұғылданатын мамандар арасында туындайтын бір сұрақ: ағылшын тілінде өз ойын ауызша және жазбаша еркін жеткізе алуға үйрету.

Шетел тілдік мектептерде ағылшын тілін оқыту үдерісінде ақпараттық білім беру технологияларын қолдану оқушылардың ағылшын тілін меңгеруге деген ынталарын арттыруға ықпал етіп, оқыту барысындағы мәселелердің оңтайлы шешімдерін табуға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда мектептерде оқушылардың кәсіби біліктілігін арттыру, тұлғалық қабілеттерін шыңдау саналы, тұжырымды ойлау мәдениетін дамытып, ішкі әлемі жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастырып, оны дамыта оқыту, оқыту үдерісінің негізгі мақсаты болып табылады.

Ақпараттық технологияларды ағылшын тілін оқыту үдерісінде пайдалану оқушылардың жан-жақты білім алуына жол ашып, мемлекетіміздің үш тұғырлы тіл саясатына сай жақсы, жан-жақты дамыған оқушы иесі ретінде танылуларына негіз бола алады.

Ақпараттық білім беру технологияларын оқыту үдерісінде тиімді пайдалану, өз кезегінде, ағылшын тілін оқытудың қарқынын арттыруға бейнелік және теориялық ойлауын дамытуға, оқушылардың ақпараттық қоғамның жағдайларына бейімделуіне ықпал етеді. Мектептерде ақпараттық технологияларды қолданудың негізгі бағыттары электронды оқулықтар мен интернет технологиясын пайдалану болып табылады, сонымен қатар дүниежүзілік интернет желісі оқушылардың білім өрісін кеңейтуге ықпал етеді. Қазіргі оқыту құралдары: компьютерлер, телекоммуникациялық байланыс құралдары, қажетті интерактивті бағдарламалық және әдістемелік жабдықтар әр түрлі оқыту үдерісін қамтамасыз ете отырып, оқушылардың өздігінен білім алуын ұйымдастыруда, өзіндік жұмыстарды орындауда әдістемелік құрал ретінде де маңызды [7, 39-54 б.].

Оқу үдерісінде ақпараттық технологияларды қолданудың тиімділігін және педагогикалық тұрғыда мақсаттылығын В.П. Беспалько, В.С. Гершунский, А.А. Кузнецов, Д.Ш. Матрос, Е.И. Машбиц, В.М. Монахов, Н.Ф. Талызина, Е.С. Полат және т.б. зерттеушілер негіздеді. Оқу үдерісіне компьютерлік оқыту желісі енгізілуі, оқу-әдістемелік және тәрбиелік мүмкіндіктердің жаңа көкжиектерін ашты.

Ағылшын тілін оқытуда ақпараттық технологияларды қолдану білім беру коммуникациясының интерактивті сипатын арттыра түседі. Ғалымдар А.А. Андреев, В.И. Солдаткин, В.П. Кашицин ағылшын тілін оқытуда ақпараттандыру үдерісінің ықпалын жан-жақты сипаттай отырып, әсіресе, білім мен ұғымды ұсыну, меңгеру әдістерінің өзгеретіндігін, оқытушылар мен оқушылардың өзара әрекетінің жолдары туралы айтады. Осы орайда оқытудың тиімділігін арттыруды ұсынады. Ағылшын тілін оқыту үдерісінде ақпараттық технологиялардың, әсіресе қарым-қатынас ортасын, жалпы тақырып шеңберінде әріптестердің интерактивті өзара әрекет ортасын құрудағы маңызы ерекше. Ақпараттық білім беру технологиялары өз кезегінде қарым-қатынас тәжірибесін игеруде, оқушылардың лингвомәдениеттік құзырлылықтарын қамтамасыз етуде маңызды. Ғалым М.Ушакова ағылшын тілін оқыту әдістемесін зерттей отырып, компьютерлік телекоммуникациялар ағылшын тілінде тірі, шынайы қарым-қатынастарды ұйымдастыруға мүмкіндік беретінін айтады. Бұл телекоммуникацияның дидактикалық қасиеті шынайы тілдік орта құру үшін керемет мүмкіндіктер туғызады.

Қазіргі күні бүкіл әлемдегі қоғамдық жетілудің ең маңызды бөлігі – білім мен ақпараттық технология-

лар екендігі даусыз. XX ғасырдың соңғы он жылдығын және одан кейінгі жылдарды адамзат жинаған ақпараттық қорды тиімді меңгеру кезеңі деп қарастыра едік. Бұл кезеңде адамзаттың көзі жеткен нәрсенің бірі – қандай да бір экономикалық, әлеуметтік, техникалық мәселелерді ақпарат көлемін жетілдіре өңдеумен айналыспай табысты шешу мүмкін емес екендігі болды. Демек, ақпараттық қоғамның маңызды ерекшелігі де осында. Дегенмен, бүгінгі заман адамының аса ауқымды ақпараттық ағынның құрсауында отыруы заңды құбылыс. Бұл жаңа заман адамы алған білімін үнемі толықтырып, жетілдіріп отырмаса, бұның соңы білімсіздікке әкеліп соғады деген сөз. Сол себепті, қазіргі білім беру мекемелерінің алдында жастарды әртүрлі бұқаралық ақпараттарды бағдарлай білуге ғана үйретпей, сонымен қатар алынған мәліметтерді өзінің кәсіби әрекетінде тиімді кәдеге асыра білуге дағдыландыру міндеті тұр.

XXI ғасыр – техниканың озық дамыған ғасыры. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың сындарлы саясатының арқасында бүкіл мектеп компьютермен қамтамасыз етілді. Компьютер оқушы үшін қоршаған әлемді танудың табиғи құралы болып табылады. Олай болса барлық сабақтарды компьютердің қуаттануымен жүргізуді үйрену – бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелерінің бірі. Кәсіби мамандарды дайындауда жүргізілетін барлық пәндерін оқыту құралы ретінде компьютерді қолдану – оқу үрдісін белсендіруге, оқытуды жекешелендіруге, оқушының өзін-өзі бақылауына мүмкіндік туғызады [15].

Ақпаратты-коммуникациялық технология электрондық есептеуіш технологиясымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламасына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді. Интерактивті тақтаның мүмкіндіктері мұғалімдерге оқушыны оқытуда бейне және ойын бағдарламаларын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Мұғалімдер үшін ақпараттық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

- оқушы өз бетімен жұмыс істеуіне;
- уақытын үнемдеуге көмектеседі;
- білім-білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексереді;
- қашықтықтан білім алу мүмкіндігі туындайды;
- қажетті ақпаратты жедел алуға мүмкіндік береді;
- экономикалық тиімді;
- іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйренуде көп көмегі бар;
- қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақ пен есту мүмкіндіктерін оқушының ой-өрісін, дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор.

Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, On-line режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болуы тиіс. Білім беретін оқу орындарын қазіргі заманға сай жаңа ақпараттық құрал-жабдықтармен жабдықтау, интерактивті тақталармен, мультимедиялық кабинеттермен және арнаулы пәндер бойынша электрондық оқулықтармен қамтамасыз ету;

• Пәндерді оқытудың жаңа ақпараттық технологияларын пайдалану бойынша білім жетілдіру курстарын жиі ұйымдастыру;

• Ақпараттық құзіреттілікті қалыптастырудан күтілетін нәтиже, теориялық білімдерін іс жүзінде қолдана алатын, информатика пәнін басқа пәндермен байланыстыра алатын жеке тұлға қалыптастыру, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандар даярлау.

Оқытудың ақпараттық технологиясы – бұл ақпаратпен жұмыс жасау үшін арнайы тәсілдер, педагогикалық технологиялар, бағдарламалық және техникалық құралдар (кино, аудио және видеоқұралдар, компьютерлер, телекоммуникациялық желілер).

Оқытудың ақпараттық технологиясы – білімді жаңаша беру мүмкіндіктерін жасау (педагогикалық іс-әрекетті өзгерту), білімді қабылдау, білім сапасын бағалау, оқу-тәрбие үрдісінде оқушының жеке тұлғасын жан-жақты қалыптастыру үшін ақпараттық технологияның қосымшасы деп түсіну керек [20, 76-78 б.].

Білімді ақпараттандырудың негізгі мақсаты – «оқушыларды ақпараттық қоғам жағдайында тұрмыстық, қоғамдық және кәсіби салалардың іс-әрекетіне толық, тиімді араластыру» болып табылады.

Төмендегі қасиеттер білім жүйесінің өзіндік ерекшелігі болып саналады.

- Тұтынушының қолдану сапасында;
- Нәтижесінде әр түрлі салаларда қолданылатын, ақпараттық технологияларды жасаушы сапасында.

Бірақ компьютер мүмкіндіктерін асыра бағалауға болмайды, өйткені ақпарат беру – бұл білім мен мәдениетті беру емес, сондықтан ақпараттық технологиялар педагогтарға тек қосымша тиімді құрал ретін-

де қызмет атқарады.

Көптеген елдердің ғылыми орталықтары мен оқу орындарында нақ осы білім қажеттілігі үшін мамандандырылған компьютерлік жүйелер саны дайындалды, олар оқу-тәрбие үрдісінде әр түрлі жағынан қолдауға бағытталды. Бұл – жүйелердің негізгі түрлері болып табылады.

- Компьютерлік бағдарламаланған оқыту – бұл сәйкесінше, компьютерлік бағдарламалардың көмегімен бағдарламалық оқыту механизмдерін жүзеге асыратын технология;

- Материалды компьютердің көмегімен оқу – оқушының жаңа материалды әр түрлі құралдардың, оның ішінде компьютердің көмегімен өз бетінше оқуын болжайды. Бұл жерде оқу іс-әрекетінің сипаты айтылмайды, оқу нұсқауларының жиынымен іске асырылуы мүмкін. Мұның өзі бағдарламалық оқыту әдісінің мәнін ашады;

- Материалды компьютер қоры негізінде оқу – алдыңғы технологиялар, технологиялық құралдардың алуан түрін (оның ішінде дәстүрлі оқулықтар, аудио және видеожазбалар және т.б.) қолданумен айрықшаланатын болса, мұнда бағдарлама құралдарын, оқушылардың өз бетінше тиімді оқуын арттыратын бағдарламаларды басымырақ қолдану жүргізіледі;

- Компьютер қорымен оқыту – білім берудің барлық мүмкін боларлық формаларын қолдану (мұғалімнің қатысуымен), шын мәнінде, жоғарыда айтылғандармен сәйкес келеді;

- Компьютердің көмегімен бағалау – өз бетінше оқыту технологиясы деп қарастырылады, дегенмен ол практикада басқаларға құрамдас элемент болып кіріп жүр. Мұндай жүйе оқылатын пәннің мазмұны мен дәстүрлі оқытуда қолданылатын немесе оқыту бағдарламаларында жүзеге асырылатын әдістерге тәуелсіз;

- Компьютерлік коммуникация – білім беру және оны жеткізумен қамтамасыз ете отырып, жоғарыда аталған технологиялардың барлығының ажырамас құрамы болып табылады. Жергілікті, аймақтық және басқа компьютерлік желілерді қолдану үшін жұмсалады. Компьютерлік коммуникация жекелеген оқу орындарының, қаланың, аймақтың, елдің ақпараттық білім жүйесінің мүмкіндіктерін көрсетеді [22, 177-179 б.].

Оқытудың ақпараттық технологиялары осы ақпараттық білім жүйесінің шегінде жүзеге асырылатын болғандықтан, осы білім технологиясына ақпараттық және бағдарламалық қолдаумен көрсететін құралдар бір ғана компьютермен, оған енгізілген бағдарламамен шектеліп қалмауы керек. Шын мәнінде бәрі керісінше, оқытудың ақпараттық технологияларының бағдарламалық құралдары және білім технологияларының өздері ақпараттық білім ортасына – ақпараттық білім жүйесінен бөлінген жүйешелер түрінде қосылады.

Оқытудың ақпараттық технологиясында қолданылатын бағдарламаны қамтамасыз етуді бірнеше категорияға бөлуге болады:

- Оқытатын, бақылайтын және үйрететін жүйелер;
- Ақпарат іздеу жүйесі;
- Модельдеу бағдарламалары, микромирлер;
- Танымдық сипаттағы инструменттік құралдар;
- Әмбебап сипаттағы инструменттік құралдар;
- Коммуникацияны қамтамасыз етуге арналған инструменттік құралдар.

Модельдеу бағдарламалары мен микромирлер – бұл ерекше аз мамандандырылған бағдарламалар, оларды компьютерде *арнайы* қолдану және оның кейбір мәселелерін зерттеуге тура келеді.

Инструменттік құралдар деп – жаңа электрондық ресурстар жасауды қамтамасыз ететін бағдарламаларды атайды:

- әр түрлі форматты файлдар;
- мәліметтер қоры;
- бағдарламалық модульдер;
- жекелеген бағдарламалар мен бағдарламалар жиыны.

Мұндай құралдар пәндік-бағытта болуы мүмкін, сол секілді нақты міндеттер ерекшелігі мен қолдану саласына тәуелді болмауы да мүмкін. Білім үрдісінде қолдануға негізделетін бағдарламалық құралдарда сақталатын негізгі талаптар – бұл жеңілдік пен табиғилық, оқушының оқу материалымен жеңіл танысуына мүмкіндік жасау. Бағдарламаларға сай келетін талаптар мен сипаттамаларды HCI (ағылшын тілінде “*Human – Computer Interface*” – «*Интерфейс-адам-компьютер*») авиатурасымен белгілеу қабылданған. Бұл сөзбе-сөз аударуды «*адаммен сұхбаттасуға арналған компьютерлік бағдарламалар*» деп түсінуге болады [23, 237-240 б.].

Көбінесе қашықтан оқыту бағдарламалары оған барынша мол қол жеткізуге мақсатталған және оқыту сапасына аса анық емес талаптар қояды. Мұндай бағдарламаның білім сапасын жетілдіруі үшін орындауы міндетті талаптар қатарын құрастыруға болады:

- сапасы мен мүмкіндігі жоғары білім кеңістігін құру, кәдімгі оқу орындары ұсынатын мүмкіндіктер-

ден жоғары білім ортасын жасау;

- Internet желісінде әмбебап компьютерлік кітапхана құру, кез келген уақытта қолданушыға қол жеткізерлік және кәдімгі кітапханаға көлемді ақпарат беруі тиіс;

- желі бойынша педагогтармен қарым-қатынас ұйымдастыру;

- оқытушының да, оқушының да білімін компьютермен тексеру жүйесін жасау.

Төмендегідей базалық шарттар сақталған жағдайда сапалы білімге қол жеткізуге болады:

- қымбат тұратын технологиялар мен бағдарлама өнімдерін қолдану;

- іштей және қашықтан оқыту түрлерін біріктіру;

- қажетті ақпараттық ресурстарды табуды жеңілдететін толық каталогтар жасау [24, 386-389 б.].

Ақпаратты-коммуникациялық технологияны оқу-тәрбие процессіне пайдалану оның келесі педагогикалық мүмкіндіктерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді:

- оқушылардың дайындық деңгейін, ынтасын және қабылдау жылдамдығын ескеру арқылы жаңа материалды меңгертуге байланысты оқытуды ұйымдастыру және оқыту процесіне жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін пайдалану;

- оқытудың жаңа әдістері мен формаларын (проблемалық, ұйымдастырушылық іс-әрекеттік компьютерлік ойындар және т.б.);

- проблемалық, зерттеу, аналитикалық және модельдеу әдістерін қолдану арқылы классикалық әдістерді жетілдіру;

- жаңа ақпаратты технология құралдарын (жаңа типті компьютерлер, телекоммуникация, виртуальды орта және мультимедиа-технология) пайдалану арқылы оқу процесінің материалдық-техникалық базасын жетілдіру.

Қорыта айтқанда, ақпаратты технологияларды қолдану оқушылардың ағылшын тілін үйренудегі онтайлы дағдыларды қалыптастыруға: іздену, қажетті ақпараттарды жинастыру және талдай білу, ақпарат көздерін үйлесімді пайдалану мүмкіндіктерін береді, сонымен қатар оқушылардың танымдық дағдыларын дамытуға (өз білімін өз бетінше құра білу дағдылары, ақпараттық кеңістікте бағдарлана білу дағдылары) оң ықпалын тигізеді анық.

1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.

2 Титова С.В. Некоторые теоретические проблемы использования компьютерных технологий в образовании. // Вестник МГУ. Сер. 19. лингвистика и межкультурная коммуникация. - 2005. - №4. - с. 39-54.

3 Информационные технологии обучения языкам // Развитие науки, новых технологий и проблемы высшего профессионального образования за десятилетие независимости: итоги и перспективы. Материалы международной научно-технической конференции. - Алматы, 2002. - С. 46-49.

4 Марданова Г. Құзыретті тұлға – қоғам талабы. // Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары «Бәсекеге қабілетті әске тұлғаны қалыптастырудағы инновациялық технологиялардың ролі мен маңызы». - Атырау қ. 2008 ж. - б. 76-78.

5 Проблемы дистанционного образования // Туризм в Казахстане: проблемы и перспектива. Материалы международной научно-практической конференции. - Алматы, 2006. - С. 177-179.

6 Применение инновационных технологий в процессе обучения // Мировая образовательная политика в контексте трансформации системы образования. Материалы международной научно-практической конференции. - Алматы-М., 2006. - С. 237-240.

7 К вопросу использования информационных технологий при организации изучения английского языка. // Пути реализации важнейших направлений внутренней и внешней политики Казахстана в контексте задач, поставленных Президентом РК Н.А. Назарбаева в Послании народу Казахстана. Материалы международной научно-практической конференции. - Алматы, 2007. - С. 386-389.

Резюме

В статье представлены основные результаты внедрения информационно-коммуникационные технологии в сфере образования «живого» обучения. «Живого» обучения с обучением при помощи средств Интернета, что позволяет использовать высокий образовательный потенциал электронных ресурсов и реализовать современные концепции преподавания благодаря своей доступности, простоте в использовании, социализации, возможности организации совместной деятельности и осуществлению контроля. Совершенствование потенциальных возможностей учебного процесса на базе средств информационно-коммуникационных технологий (ИТК) позволяет преподавателям иностранного языка создать интерактивную обратную связь, компьютерную визуализацию учебного материала, автоматизацию процессов поиска учебной информации. Структура и содержание обучения английскому языку по использованию средств информационно-коммуникационных технологий (ИТК) в целом соответствует педагогическим целям и основным направлениям подготовки обучаемых информатизации образования.

Ключевые слова: информационно-коммуникативная технология, компьютерные телекоммуникации, интерактивная доска, компьютерная коммуникация, интерфейс-человек-компьютер

Summary

The paper presents the main results of implementation of blended learning information and communication technologies in the sphere education. Blended learning – combining online and face-to-face teaching – allows using high educational potential of the Internet technologies (ICT) and realizing modern concepts of teaching as Web resources are widely-spread, easy to use, give opportunities for socialization, joint activities and control. Improving potential possibilities of educational process on the basis of information and communication technologies allows for teachers of foreign language to create a modern educational space. The use of information and communication technologies (ICT) provides interactive feedback, computer visualization of educational material, searching process automation of educational information. The structure and content of teaching English language in the use of information and communication technologies (ICT) in general corresponds to the educational objectives and main directions of student's preparation in the conditions of education informatization.

Key words: information and communication technology, telecommunications computers, interactive board, computer communication, Human – Computer Interface

УДК 37.017

ӨЗГЕ ҰЛТ ӨКІЛДЕРІНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Н.У. Қылышбекова – *«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы, Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты, «Кәсіби дамуды педагогикалық-психологиялық тұрғыдан қамтамасыз ету» кафедрасының оқытушысы, филология магистрі*

Бүгінде Қазақстан Республикасында білім беру парадигмасының өзгеруіне сәйкес инновациялық үдерістердің қарқындылығы артуда. Дәстүрлі білім беру үдерісінен инновациялық білім беру үдерісіне көшу талабы қазақ тілі мамандарының жаңа педагогикалық технология ауқымында әрекет жасауларына себепші болуда. Бүгінгі күндегі озық педагогикалық технологиялар арасындағы өзектілігімен, пәрменділігімен айшықталатыны – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар. Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Жаңа педагогикалық технологиялар оқушының шығармашылық қабілеттерін арттыруға өз үлесін қосады. Жаңа технологияны қолдану оқып үйрену, меңгеру, өмірге ендіру, дамыту кезеңдері арқылы іске асады. Жаңа технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары: балаға ізгілік тұрғысынан қарау; оқыту мен тәрбиенің бірлігі; баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту; баланың өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту; баланың танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту; әр оқушыны оның қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне орай оқыту; барлық оқушылардың дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу; оқу үрдісін оқушының сезінуі. Қазақ тілін оқыту әдістемесін әлемдік ақпараттық білім кеңістігінің деңгейіне көтерудің тиімді жолы – білім беру саласын толықтай ақпараттандыру. Мемлекеттік тілді оқытуда соңғы мақсатты нәтиже – қатысымдық құзыреттілікке қол жеткізудің ең негізгі тетігі – ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оңтайлы пайдалану. Бұған байланысты Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 22 қыркүйектегі №6435 өкімімен бекітілген білім беру жүйесін ақпараттандырудың Мемлекеттік бағдарламасында: «Оқу үдерісінде педагогикалық және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен пайдалану – жалпы білім беруді дамытудың басты бағыттарының бірі», – делінген. Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңында білім беру жүйесін ақпараттандыру осы саладағы мемлекеттік саясат негізінде анықталып, осы жүйедегі басты міндеттердің біріне айналып отыр. «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңістігіне кіріктірумен сипатталады.

Қазақстан Республикасында қабылданған білімді ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламалары еліміздің біртұтас дүниежүзілік білім кеңістігіне ену мүмкіндіктерімен байланысты білім беру саласын ақпараттық тұрғыдан қамтамасыз етудің жаңа сатылық жүйесін жасауға бағытталған. Білімді ақпараттан-

дыру күрделі де көп қырлы үдеріс болып табылады, оның сәтті жүзеге асуы білім мекемелерін компьютерлендіруге ғана емес, білім беруді ақпараттандыруды қамтамасыз ету әдістемесіне, ғылым мен тәжірибенің өзара байланысына да тәуелді. Бұл ғалымдар мен педагогтардың, психологтар мен әдіскерлердің, бағдарламашылар мен ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласы мамандарының күш-жігерін жан-жақты жұмылдыру уақытының келгенін көрсетеді. Білімді ақпараттандыру – қазақ тілін үйретудің басты талабы. Қоғамды ақпараттандыру үрдісінің дамуына байланысты тіл үйретудің мазмұны жаңарып отырады. Қазақ тілін оқытуда қолданылатын ақпараттық білім ортасы тіл үйренушінің ақпараттық санасезімінің, қатысымдық құзыретінің қалыптасуына зор әсер етеді.

Оқушылардың жаңа ақпараттық және білімдік ортада табысты іс-әрекет етуі олардың бойында ақпараттық-технологиялық құзыреттіліктің қалыптасу деңгейі мен ақпараттық мәдениеттілігінің үстем болуына байланысты болып келеді. Ақпараттық мәдениеттің деңгейі тұлғаның ақпараттық кеңістікте өз адамгершілігін анықтау және шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі дамытумен байланысты әлеуметтік маңызды өмір сүру тәсілін көрсетеді. Ақпараттың адам өміріне қаншалықты әсер етуіне қарай соншалықты оның жеке тұлғалық ерекшелігі, ақпараттық мәдениеті айқындалады. Қоғамды ақпараттандыруды дамытудың негізгі факторларының бірі – білім беруді ақпараттандыру. Олай болса, қоғамның әрбір мүшесі ақпаратты сауатты, ақпараттық мәдениеті мен ақпараттық құзыреттілігі дамыған тұлға болуы қажет. Білім беруді ақпараттандыру – оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық мақсаттарын жүзеге асыратындай жағдайда білім беру саласының теориясы мен практикасында ақпараттық-коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану үдерісі.

Қазіргі жаппай ақпараттандыру заманында қазақ тілін оқыту мен ақпараттық технологияларды игеру жарыспалы түрде қолданылады. Ақпараттық қоғам кезінде оқытушы тіл үйренушілердің алдында жалғыз ақпарат көзі болмайды. Ол ақпарат алуды жеңілдететін аралық тұлғаға айналады. Адамзат өркениетінің іргелі сипаты қажетті ақпаратты іріктеп алу, жинақтау, өмірге бейімдеп өңдеу және тұтыну болып табылады. Ақпараттық қоғамда алғашқы компьютерлік сауаттылық пен оны пайдалана білуді меңгермейінше, белгіленген міндеттерді шешу үшін компьютерлік құралдарды пайдалана білмейінше қазіргі ғылым мен мәдениетте, өндірісте, іскерлік пен қоғамның басқа да саласында адамның шығармашылық әлеуетін толық пайдалану мүмкін емес. Сондықтан қазақ тілін үйретуде қатысымдық құзыреттіліктің жоғары белсенді түрін дамыту ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді қолданғанда жүзеге асады.

Жалпы “Ақпараттық технология” термині ғылымда XX ғасырдың 40-50 жылдары пайда болған, оны Америкада XX ғасырдың басында дидактиктер «оқуға арналған медиа» (instructional media), «оқыту машиналары» (teaching machines), «оқытуды автоматты түрде басқару» (programmed instruction) сияқты ұғымдармен атаған. Шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеулерін талдай келе, біз мынадай анықтама ұсынамыз: «Ақпараттық-коммуникациялық технология» дегеніміз – мәліметтерді әр түрлі деңгейде, әр түрлі нысанда ұйымдастыруға қолайлы, жылдамдығын бірнеше мәрте арттыруға, қол жетпейтін көрнекіліктерді пайдалануға мүмкіндік беретін, технологиялық тізбекке біріктірілген, ақпараттық ресурстарды қолдану арқылы ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу, шығару және тарату әрекеттерін қамтамасыз ететін өндірістік және программалық-техникалық құрылғылар мен әдістер жиынтығы». Оқу үдерісінде, ғылыми-зерттеу және басқару қызметінде жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану, әлемдік білім кеңістігіне толығымен еніп, халықаралық деңгейге көтерілуде білім беру үдерісіне ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жетістіктерін енгізу қоғамды дамытудың жоғары тиімді технологияларына сүйенген жаңа білім стратегиясына көшу болып табылады. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқу үдерісінде пайдалану – ғасыр талаптарына сәйкес тәрбие беруде тұлғаның танымдық ойлау қабілетін дамытып, шығармашылыққа ұмтылдырады. Оқу үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияны кең көлемде енгізу педагогикалық еңбектің тиімділігін жоғарылатып, әдіснамалық тәсілдерді қолданудың артуына алып келеді. Сондықтан тіл үйренушінің танымдық іс-әрекеттерін күшейтіп, өздік жұмыстарды сапалы және жылдам орындау мүмкіндіктерін арттыру мақсатында дыбыстық, графикалық, видео, мультимедиа элементтерімен оқытудың мүмкіндігі жоғары. Ақпараттық технологияларды қолдану интерактивтік және бейімделу сияқты құнды қасиеттері бар білім алу ортасын тудырады. Тілдік білім алуды ақпараттандыру тіл үйренушілерге дүниежүзілік мәдениет байлықтарымен, ақпараттық ресурстармен қатынас жасауға мүмкіндік береді және шынайы мәдени коммуникация үшін жағдай жасайды. Жаңа ақпараттық және білім алу ортасында оқушылардың табысты қызмет етуі олардың ақпараттық-технологиялық құзыретінің қалыптасу деңгейімен сипатталады, оның құрамында мәдени ақпарат жетекші орын алады. Зерттеушілердің пікірінше, болашақ қоғамдағы әрбір азаматтың міндеті – «мамандардың бүкіл өмір бойы білім алуы» болады. Бүгінгі білім парадигмасына сәйкес оқытудың басты мақсаты өздігінен білім алып, дами алатын жеке тұлға қалыптастыру болғандықтан, қазақ тілін оқытуды ақпараттық білімдік ортада жоғары деңгейде ұйымдастыру арқылы тіл үйренушілердің қазақ тілінен

қатысымдық дағдыларын өздігінен жетілдіріп отыруды өмірлік дағдыға айналдыруларына ықпал жасау көзделеді. Қазақ тілін оқыту үдерісінде компьютерді қолдану арқылы жасанды өзгетілді орта тудырылып, өзге тілді қарым-қатынас қамтамасыз етіледі, ақпаратты молынан алуға, өз бетімен тіл үйренуге жол ашады. Қазақ тілін оқыту жүйесінде қолданылатын электронды білім ресурстарын көбейту, тарату мүмкіндігінің кеңдігі экономикалық жағынан өте тиімді. Қазақ тілін оқытуға арналған электронды оқу ресурстарының мазмұны неғұрлым бай, жан-жақты болған сайын тіл үйренушінің тілді өз бетімен үйренуге деген қызығушылығы арта түседі, танымдық белсенділігі артады, ол өз кезегінде өздік жұмыс нәтижесінің сапалы болуына әсер етеді. Оқушы ақпараттық білімдік ортаны әуелде тек қана өздік жұмысты орындау барысында қолданса, кейіннен белгілі бір деңгейді тәмамдап, қолына құжатын алып, курстан қол үзіп кетсе де, өз бетімен осы ақпараттық ортаны қолдану мүмкіндігіне шек қойылмайды. Өздігінен жұмыс істеу дағдысын жетік меңгерген, ақпараттық білімдік ортадан ғана сусындаған тіл үйренуші қазақ тілінен білімін өз бетімен үздіксіз жетілдіріп отыруға бейімделеді. Қазақ тілін үйренушінің өздігінен жұмыс істеуіне ыңғайлы электронды оқыту жүйесін құруда “компьютер – тіл үйренуші – оқытушы, үздіксіз байланысын қамтамасыз ететін интерактивтік ұстанымы мол ақпарат көлемін модульдік жүйеде, шоғырландыра ұсынуды қамтамасыз ететін жүйелілік ұстанымы, тіл үйренушінің психофизиологиялық ерекшеліктерін сәйкес даралық ұстанымы, уақыт, кеңістік, қозғалыс бостандығын қамтамасыз ететін ізгіліктік ұстанымы, ақпараттық кеңістіктегі еркін бағдарды қамтамасыз ететін ыңғайлылық ұстанымдары басшылыққа алынады. Тіл үйренуші мен компьютер диалогы интерактивті терминалдың көмегімен және белгіленген ереже бойынша жүргізілген есептегіш жүйе мен оны пайдаланушылар арасындағы ақпарат алмасуға құрылады. Өздігінен жұмыс істеуге ыңғайлы электронды білім ресурстарының оқытуға арналған оқу ортасы дамытушы компьютерлік ойындарға бағдарланған, қазіргі ақпараттық-коммуникациялық технологияларға негізделген және деңгейлік тапсырмаларға негізделген оқу орталары болып бөлінеді. Дамытушы компьютерлік ойындарға құрылған оқу ортасы – тіл үйренушілердің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, қазақ тілін меңгеруге және сөйлесім әрекетін дамытуға бағытталған ойындарды қамти отырып, олардың қатысымдық құзыреттіліктерін дамытуды көздейтін орта.

Толассыз ақпараттар ағымын бүкіләлемдік Интернет жүйесі, жерсеріктік арналар, теледидар, ұялы байланыс арқылы көріп, естіп қабылдауға машықтанған ХХІ ғасырдың өкіліне нағыз керегі – сандық бейне, анимация, компьютерлік оқыту ойындары, дыбысты жаңғырту т.б. компьютерлік технологиялар. Осылардың бәрін қолдануға мүмкіндік беретін қазіргі мультимедиялық бағдарламалар тіл үйретуді жеделдетуге, оқу уәждемесін көтеруге, сөйлесім әрекетін дамытуға зор әсерін тигізеді. Сөйлесім әрекетінің кез келген түрінің негізіне көру-есту моторының арасындағы байланыс жататыны белгілі. Сондықтан тақырыптық жүйеде аудио-бейне әсерлермен ұсынылған тілдік материал адамның көру, есту сезімдеріне ерекше әсер ете отырып, есте сақтау мүмкіндігін арттырады. Қосылып әндер айту, диктордың айтқанын қайталау арқылы дұрыс айтуға дағдыландыру, мағынасын аша түсетін бейне материалдар, грамматикалық анықтағыштар, сөздіктер т.б. арқылы тың тақырыпты жан-жақты ұсыну, бос орындарға жауаптар жазу, диктант, мазмұндама жазу, сәйкестік, балама, ашық, жабық, реттік тест түрлерін орындату т.б. тәсілдер компьютерлік технологиялардың арқасында өте жылдам және ыңғайлы жүйеде жүзеге асуда.

Қазіргі заман талабы бойынша білім берудің ақпараттандырудың негізгі талаптарының бірі – оқу үдерісіне мультимедиялық технологиялар мен коммуникативтік интерактивті әдістемелердің үйлесімді байланысы негізінде жасалған, оқыту және тексеру модульдерінен тұратын электрондық бағдарламаларды, оқулықтарды енгізу. Қазақ тілін оқытуда компьютерлік бағдарламаларды қолдану тәжірибесі көрсеткендей, оның нәтижелі болуы көптеген факторларға, оның ішінде негізінен бағдарламаның сапалы болуына байланысты. Кейбір электронды оқу құралдарында кездестіріп жүргеніміздей, сурет немесе жазбаша мәтін түрінде ұсынылған ақпаратты тек көру немесе оқу мүмкіндігі, кей жағдайда дыбысталу, яғни тыңдалым мүмкіндігі ғана берілетін болса, ол қағазда басылған оқулықтың электронды аналогы ғана болып қала береді. Ал мемлекеттік тілді оқытуда компьютердің шексіз мүмкіндіктерімен толық қамтамасыз етілген, сөйлесім әрекетінің барлық түрін дамытуға әсер ететін, оқыту әрі тексеру модульдерінен тұратын, тіл үйренушінің өз бетімен қолдануына ыңғайлы, білім беру стандарттары талаптарына толық жауап беретін мультимедиялық бағдарламалар қажет. Қазақстандық тілдік тұлғаның бойында қалыптасуға тиісті негізгі құзыреттіліктерді назарға ала отырып, компьютерлік оқыту бағдарламаларына келесі талаптар қойылады:

1. Басқа ұлт мектептеріндегі оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыруға барлық қажетті жағдайларды жасау;
2. Оқушылардың ақпараттық және мәдениеттік білімдерін көтеру;
3. Оқушылардың логикалық, рефлексиялық ойлауын дамыту;
4. Ақпараттық ортада өзін-өзі мәдени дамытудың психологиялық алғышарттарын қалыптастыру;

5. Оқу уәждемесін арттыру және өнімді оқу-танымдық әрекетті дамыту;
6. Қазақ тілін өз бетімен автономды түрде оқу технологиясын меңгерту;
7. Мәдениеттер диалогы субъектісінің тұлғасын қалыптастыруға әсер ету.

Қазақ тілін басқа ұлт өкілдеріне оқытуға арналған бағдарламаларға қойылатын дидактикалық талаптар:

- орнату мен жүйені жаңарту кезіндегі икемділік;
- үйретуді басқарудың икемділігі;
- қайтарымды байланыс;
- оқу үдерісін бақылау;
- ұпай мен рейтинг жинау жүйесі;
- оқу нәтижелерінің мониторингі;
- мультимедиа қолдауы;
- тапсырмалардың сан алуан типтері.

Білім берудің кез-келген саласында электрондық оқулықтарды пайдалану оқушылардың өз бетінше жұмысын және олардың жоғары танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Сапалы электронды оқулық қашықтықтан оқытуға, оқушының тілді өздігінен оқып үйренуіне мүмкіндік береді.

Қазақ тілінің қоғамдық қызметін кеңейтіп, оның маңызын, қажеттілігін табиғи түрде арттыру, жан-жақты дамытудың бірден-бір жолы – тілді үйретудің сапасына қатаң талап қою, оқушылардың өздігінен білім алуын ұйымдастырумен бірге оның нәтижелеріне тұрақты бақылау жасау. Бақылау жасау – адамның өзінің алдына қойған мақсатына қарай жүзеге асырылатын әрекетінің дұрыстығын қадағалау, тексеру. Компьютер тіл үйренушінің жауабын бағалайды, келесі кезекте қандай материал ұсынылуы қажет екенін анықтайды. Оқу үдерісінде компьютер оқытушы, электронды интерактивті тренажер, эксперт, іс-әрекет серіктесі, құралы, үйретуші, тексеруші, бағалаушы қызметтерін атқарады.

Қазақ тілін оқытуда қолданылатын бақылау, бағалау тапсырмаларын, аралық, қорытынды сынақтарды компьютерлік жолмен автоматтандыру кезінде тексеруге кететін уақыт мөлшерін бірнеше есеге үнемдеуге, бақылау мен тексеруде объективтілікке қол жеткізіледі. Компьютердің мультимедиялық ерекшелігі тест тапсырмаларын алуан түрлі етіп, сөйлесім әрекетінің барлық түрін қамти отырып, қатысым әрекетіне негіздей құруға мүмкіндік береді. Қазақ тілін ғаламтор арқылы оқыту жүйесінде қолданылып жүрген онлайн-тестілеу жүйесінің диагностикалық мақсаты – бақылау, тексеру, бағалау, статистикалық мәліметтерді талдау, қорытынды жасау арқылы тіл үйрету үдерісінің нәтижесін, тіл үйренушінің қатысымдық құзыреттілігінің деңгейін анықтау болып табылады, ол өз кезегінде кемшіліктер мен жетістіктердің себептерін айқындауға, тіл үйрету үдерісінің әрі қарай даму болжамдарын жасауға ықпал етеді.

Осылардың барлығы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дәстүрлі әдістемеге қарағандағы артықшылықтарын пайдалану арқылы тіл үйренушінің білім сапасының артуына, қатысымдық құзыреттілігінің қалыптасуына ықпал етеді. Тілдік білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану тіл үйренушілерді әлемдік мәдени құндылықтарға, ақпараттық ресурстарға жақындатып алып келеді, шынайы мәдениаралық коммуникацияға жағдай жасайды. Бұл технологияның тіл үйретудегі мүмкіндіктері ғылыми-теориялық тұрғыдан жан-жақты дәлелденген, тек практикалық тұрғыдан жүзеге асыруға мамандардың дайындығы арта түсуі қажет. Алдағы уақытта жоғары талаптарға жауап беретін ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың түрлері арта беретіні сөзсіз. Сондықтан қазақ тілін оқыту-үйрету үдерісінде бұл технологияларды ұтымды қолдану үшін оқытушылардың өз кәсіби шеберліктерін, ақпараттық-технологиялық құзыреттіліктерін үнемі дамытып отыруы талап етіледі.

Түйін сөздер: Ақпараттық технологиялар, қазақ тілі, электронды оқулық, коммуникативтік құзіреттілік, тіл үйренуші

1 ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 14.12.2012 ж.

2 ҚР «Білім туралы» Заңы.

3 ҚР «Еңбек туралы» Кодексі.

4 Бөрібаев Б. ActivInspire бағдарламасында сабақты ұйымдастыру әдістемесі.

5 Бітібаева Қ. «Әдебиетті оқыту әдістемесі» - Алматы, 2003 ж.

6 Бітібаева Қ. «Сабақ түрлері мен үлгілері» - Алматы, 2010 ж.

7 Мирсеитова С. «Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде» - Қарағанды, 2011 ж.

8 Қылышбаева К. «Қазақ тілі пәнінен Б.Блум таксономиясы деңгейінде оқу тапсырмаларын әзірлеу әдістемесі» (Фонетика, лексика, грамматика).

9 Кобдикова Ж.У. «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту және даму деңгейін критериялды

бағалау жүйесі арқылы өмісүші-тапсырмалар жинағы» - Алматы, 2013 ж.

10 Хасанұлы Б. «Ана тілі – ата мұра» - Алматы, 2010 ж.

11 Тумабаев М. «Сын тұрғысынан ойлау технологиясын қазақ тілі мен әдебиеті сабағында пайдалану» - Алматы, 2013 ж.

12 «Қазақ тілі» электронды оқулығы, - Алматы, 2012 ж.

13 «Қазақ әдебиеті» электронды оқулығы – Алматы, 2013 ж.

Электронды сайттар мен порталдар:

- www.bilimdiler.kz
- www.abay.kz
- www.45minut.kz
- www.kazakhadabiet.kz
- www.massaget.kz
- www.orleu-edu.kz

Резюме

На современном этапе развития школы выдвигается задача преобразования традиционной системы обучения в качественно новую систему образования, задача воспитания грамотного, продуктивно мыслящего человека, адаптированного к новым условиям жизни в обществе.

Summary

On the modern stage of development of school the task of transformation of the traditional departmental teaching is pulled out in the qualitatively new system of education is a task of education of the educated, productively intellectual person adapted to the new terms of life in society.

УДК 37.046.16

РЕЙТИНГОВАЯ ОЦЕНКА УСПЕВАЕМОСТИ СТУДЕНТОВ, ОБУЧАЮЩИХСЯ ПО КРЕДИТНОЙ ТЕХНОЛОГИИ

Ю.Г. Телеугалиев – доктор PhD, ассоциированный профессор,

С.А. Абилдабеков – магистр педагогики,

Д.Д. Абилдабекова – к.п.н., доцент

В статье представлены результаты многолетнего изучения текущей успеваемости студентов, обучающихся по кредитной технологии. Раскрывается сущность изменений рейтинговой оценки, принятой в условиях модернизации методической системы мониторинга знаний. Объективные меры и динамика этих изменений по годам обучения, особенно оценок по базово-профильным дисциплинам спортивного ВУЗа, отражают некоторые, скрытые свойства принятой структуры предметного обучения. Ухудшает логико-содержательную основу формирования и укрепления межпредметной связи в обучении – состоятельность опорного звена интеграции знаний.

Ключевые слова: студенты, 10-летнее обучение, успеваемость, рейтинговая оценка, базово-профильные дисциплины, Теория и методика физической культуры, Теория спорта, История физической культуры, Менеджмент физической культуры и спорта, Спортивные сооружения, Спортивная метрология, кредитная технология обучения

Актуальность вопроса вызвана тем, что своеобразные «сокращенные варианты» преподавания по базовым, специально-профильным дисциплинам могут иметь нежелательные последствия. Будет занижаться признанный статус какого-то известного предмета, ослабевать логико-дидактическая взаимосвязь, а также целевая актуальность целостного предметного обучения. Отсюда у студента, даже наиболее способного, может возникнуть пассивное, безразличное отношение к рейтинговой оценке, к обобщению и закреплению своих знаний; неравномерная тяга к сознательному изучению того или иного теоретического предмета.

Между тем, добротная, широко представленная программа по каждой базовой, специально-профильной дисциплине необходима в профессиональном аспекте. Ибо содержание обучения в специальном ВУЗе определяется конкретной целью. Такая позиция будет обуславливать ценностный подход к выбору «любимых предметов», к улучшению понимания значимости содержания отдельных и аудита качества интегрированных знаний [1, 2, 3, 4].

Целью исследования было: обосновать закономерности изменения рейтинговой оценки успеваемости студентов по некоторым базово-профильным дисциплинам в динамике 10-летнего обучения кредитной технологией; разработать методические рекомендации по улучшению самостоятельной познавательной активности студентов в деле усвоения и интеграции теоретических знаний.

Основная задача исследования – сравнительный анализ изменения рейтинговой оценки успеваемости студентов по каждому, отдельно взятому, циклу базово-профильных дисциплин за 10-летний период обучения кредитной технологией.

Исследование охватывает 2004-2014 календарные годы, но с учетом анализа результатов каждого учебного года. При этом учитывали изменения рейтинговой оценки по таким базово-профильным дисциплинам как: Теория и методика физической культуры (ТМФК); Теория спорта; История физической культуры и спорта (ИФКС); Менеджмент физической культуры и спорта (МФКС); Спортивные сооружения; Спортивная метрология.

В процессе работы использованы такие методы исследования как: анализ современной литературы; изучение учебной документации – ведомостей рубежного контроля по годам обучения; варианты методов статистической обработки.

Объектом исследования послужили студенты 3 курса Казахской академии спорта и туризма – учебных групп с казахским языком обучения (факультеты: олимпийского спорта и профессионально-го спорта).

При анализе результатов исследования в первую очередь обратили внимание на то, как изменяется рейтинговая оценка в течение 10 лет по таким дисциплинам как:

1. *Теория и методика физической культуры.* Исходная рейтинговая оценка 2004 года составляла 84.96% (таблица 1). Достоверное снижение этого показателя в среднем на 3.65% отмечается в 2005 и на 10% – в 2010 году; его же повышение заметно в 2006 (4.96%), а затем в промежутках 2007-2013 годов (3.99-6.6%). В 2008-2009 годах рейтинговая оценка по этому предмету стабильно держалась на отметке 83.91 или 86.45%.

2. *Теория спорта.* Изменения рейтинговой оценки были неоднозначны (таблица 1). Исходный показатель того же 2004 года (78.5%) достоверно улучшается: в 2005 (2.85%), 2007 (7.92%) и 2011 (11.42%) годах; вторая «волна улучшения» оказалась более выраженной в промежутках 2012-2013 годов, так как уровень прежней оценки поднялся в среднем на 16.62-17.85%. Однако искомая оценка по данному же предмету стабильно держалась на уровнях 73.07-77.81% в течение ряда лет, например, в 2006, 2008 и 2009 годах.

3. *История физической культуры и спорта.* Исходный уровень рейтинговой оценки (81.2%) снижался к концу 2005 года (таблица 1).

Таблица 1 – Изменения рейтинговых оценок по базово-профильным дисциплинам в динамике

10-летнего обучения кредитной технологией (студенты 3 курса), $\bar{X} \pm m$

Календарные годы	Учебные дисциплины и уровни рейтинговых оценок, %					
	Теория и методика ФК (n=210)	Теория спорта (n=194)	История ФКС (n=200)	Менеджмент ФКС (n=190)	Спортивные сооружения (n=195)	Спортивная метрология (n=328)
2004	84.96±0.212	78.50±0.221■	81.21±0.260	73.51±0.321■	84.16±0.371	80.21±0.112
2005	81.31±0.175*	81.35±0.251*	74.61±0.258*■	71.81±0.273*■	90.92±0.792*■	77.73±0.210*
2006	89.91±0.541*	73.07±0.264■	84.97±0.265*	73.42±0.259*■	78.16±0.346*■	84.78±0.116*
2007	91.56±0.812*	86.42±0.316*■	83.90±0.375*■	74.04±0.238*■	83.12±0.189*■	86.82±0.123*■
2008	83.91±0.204	76.72±0.176■	81.56±0.712	70.92±0.235*■	83.95±0.916	81.25±0.107
2009	86.45±0.145	77.81±0.512■	86.48±0.575*	70.48±0.372■	86.19±0.356	82.19±0.176
2010	74.82±0.261*	73.16±0.256*	86.21±0.642*■	64.88±0.336*■	82.52±0.286■	84.35±0.126*■
2011	88.35±0.210*	89.92±0.712*	89.90±0.812*	88.72±0.764*	89.75±0.975*	88.92±0.215*
2012	89.15±0.761*	95.12±0.816*	91.51±0.915	93.60±0.976*	87.38±0.751	88.35±0.272*
2013-2014	89.16±0.812*	96.35±0.976*■	88.49±0.612*	91.71±0.892*	91.38±0.812*	89.97±0.186*

Примечание - Различия средних величин ($\bar{X}$) достоверны: * – по сравнению с 2004 годом; ■ – по сравнению с годовыми данными дисциплины «Теория и методика ФК»

А дальше, начиная с 2006 года, этот уровень повышался; пределы такого повышения до 2009 года составляли 2.69-5.27%, а позже – в течение 2011-2013 годов – 7.28-10.3%.

4. *Менеджмент физической культуры и спорта.* Исходная рейтинговая оценка подвергалась значительным изменениям (таблица 1). Уровень 2004 года (73.51%) практически мало изменялся до конца 2009 года; к концу 2010 года произошло зримое падение этого уровня: успеваемость от 73.5% упала почти до 65%. Значительное улучшение наблюдается на протяжении 2011-2013 годов; при этом исходный показа-

тель возрастал не менее чем на 15-20%.

5. *Спортивные сооружения.* Рейтинговая оценка по этому предмету изменялась в лучшую сторону (таблица 1). Уровень 2004 года (84.16%) достоверно повышался в 2005 году (6.76%), а затем – к концу 2011 (5.6%) и 2013 (7.22%) годов. В целом же, искомая оценка оставалась на уровне 83-87% до конца 2013 года.

6. *Спортивная метрология.* Рейтинговая оценка не подвергалась резким колебаниям (таблица 1). Средний уровень 2004 года (80.2%) ухудшался или улучшался на отрезке 2005-2010 годов. Но изменения не выходили за пределы 77.73-84.78%. В то же время, начиная с 2011 до конца 2013 года, улучшение оценки стало более ощутимым: исходный уровень возрос на 8.6-9.76%. Так что, реальное значение рейтинговой оценки явно приближалось к отметкам 88-90%.

По результатам таблицы 1 выявлены периоды улучшения или ухудшения межпредметной связи в преподавании изучаемых дисциплин. Для понимания сути такого явления были рассмотрены особенности изменения рейтинговой оценки по каждой специально-профильной дисциплине по отношению к Теории и методике физической культуры, как к базовой дисциплине. При этом сопоставляемые объекты выделены по-отдельности.

1. *Теория и методика ФК – Теория спорта.* Различия в оценке резко выражены по данным периода 2004-2009 годов. Однако эти различия «сглаживались»: сначала с перерывами в 2005 и 2007 годах; затем – без перерыва, начиная с 2010 до конца 2013 годов. Именно в данный период особенно заметно совпадение оценок по этим двум предметам (рисунок 1).

2. *Теория и методика ФК – История ФКиС.* Сравнение показало: динамика изменения рейтинговой оценки по ИФКС, начиная с 2004 до конца 2013 года, фактически совпадает с изменениями той же оценки по ТМФК (рисунок 1).




Рисунок 1 – Изменения рейтинговой оценки текущей успеваемости студентов 3-го курса по базово-профильным дисциплинам в динамике 10-летнего обучения кредитной технологией

3. *Теория и методика ФК – Менеджмент ФКиС.* Можно отметить особо: различия в рейтинговых оценках между этими предметами были резко выражены на протяжении многих лет, начиная с 2004 года по 2010 год, включительно. И только на отрезке 2010-2013 годов наблюдается явное сглаживание подобных различий (рисунок 1).

4. *Теория и методика ФК – Спортивные сооружения.* Ухудшение взаимосвязи между рейтинговыми оценками здесь наблюдается по итогам 2004-2007 годов, а также по результату одного – 2010 года. Видимое совпадение динамики оценок периодически отмечается только в промежутках 2008-2009 и 2011-2013 годов (рисунок 1).

5. *Теория и методика ФК – Спортивная метрология.* Рейтинговые оценки по этим предметам заметно «расходятся» только в 2004 году; далее, в динамике 10-летнего периода, эти оценки фактически совпада-

ют из года в год (рисунок 1).

По общему результату исследования, представленному на рисунке 1, сравнивались также «расхождения» рейтинговых оценок между самими специально-профильными дисциплинами. При этом выясняются такие моменты: значительные расхождения в изменении рейтинговых оценок по отдельным специально-профильным дисциплинам отмечаются на отрезке 2004-2005 годов и едва заметные – в 2006 году. В остальное время, то есть с 2007 по 2013 годы, различия в динамике изменений рейтинговых оценок минимальны между такими предметами как: История ФКиС, Менеджмент ФКиС, Спортивные сооружения, Спортивная метрология. При этом реальные уровни рейтинговых оценок постепенно поднимаются от 82-85 до 87-94% (рисунок 1).

При обсуждении результатов можно обратить особое внимание на такие факты. Кредитная технология сама по себе направлена на оптимизацию управления учебным процессом, в частности, содействует обособлению таких важных моментов, как: схема планирования и организации академических занятий; методы контроля над объемом учебных материалов; условия коррекции содержания образования [5, 6, 7, 8].

Рейтинговая оценка является, как бы, объективной мерой предварительного суждения об уровне успеваемости студента. Однако практика показывает, что такая оценка мало что дает для полноты ВУЗовской дидактики [4, 5, 7]. Достаточно сказать, что из года в год наблюдается недобросовестное, пассивное участие студентов в образовательном процессе. А пренебрежительное отношение к самостоятельной работе проявляется уже как свойство менталитета современного студента.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің міндеті – ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шырдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағыдайлар жасау» екендігі атап көрсетілген [2].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы жас ұрпаққа жан-жақты білім мен тәрбие берудің мемлекеттік саясатының негізгі ұстанымдарын айқындап берді: Қазақстанның барлық азаматтарының білім алуға тең құқылы, әрбір азаматтың интеллектуалдық дамуына, психо-физиологиялық ерекшеліктеріне қарай, білімнің барлық деңгейіне кең жол ашылды. Әрбір азаматтың білім алуға құқылығын негізге ала отырып, оқушы бойына ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастырып, құрметтеуге тәрбиелеуде дидактикалық шарттар, яғни оқыту, тәрбиелеу, дамыту, қалыптастыру үрдісін жан-жақты қамту қажеттілігі туындайды.

Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін, білімін меңгерген мәдениетті, адами қасиеті мол, шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеу – өмір талабы, қоғам қажеттілігі [1].

Қазақ мәдениеті – ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениет. Ол ұлттық тәлім-тәрбиенің негізінде дамып қалыптасады. Ұлттық тәрбие сол ұлттың мәдениетін дамытудың қозғаушы күші болып табылады.

Әлемдік тәжірибеде мойындалған бір ақиқат бар. Ол – ел болудың биік мағыналы ұғым екені. Оның іргетасы – мемлекет, яғни ұлттық мемлекет. Тек мемлекет құрған ел ғана әлемдік көшке ілесе алады, өзіндік келбеті бар өркениет жасай алады, өз кезегінде өркениет жасай алған ел ғана басқа өркениетті елдермен терезесі теңесе алады. Олай болса, еліміздің тап бүгінгі болмысы мен әлемдік кеңістіктен өз орнын табуға ұмтылысын мемлекетшілдік бастаулары деп айтуға толық негіз бар. Ресейге отар ел болып тұрғанымызда “туған ұлт”, “ұлттық”, “ұлтшылдық”, “ұлттық идея”, “ұлттық мүдде”, “ұлттық тәрбие” мәселесі туралы сөз қозғау мүмкін болмады. Өйткені, бұл жайында сөз қозғау отарлаушы елдің “жасампаз” интернационалистік идеологиясына қарсы шыққандық деп есептелетін. Ал, бүгінгідей тәуелсіздіктің ақ таңында өмір сүріп отырған қоғамда өз ұлтының ұлттық қаймақтарын, соның ішінде тіл, дін, діл, салт-дәстүр, ұлттық тәрбие сияқты негізгі құндылықтарын бетке шығармаған ұлт өз мәртебесін жоғалтады. Сондай-ақ, ұлттық мүддені сақтау және оны қорғау сол ұлттың әрбір азаматының адамдық борышы. Әрбір мәдениетті, білімді адам өзінің дүниетанымдық, кәсіптік деңгейін ұлттық мәдениетпен ұштастыра білуі керек. Білімді болғанымен, ұлттық мәдениетті бойына сіңіре білмеген болса, ондай адам ұлт алдында мәңгірт, мәдениетсіз болып көрінеді де, халықтың наразылығына ұшырайды. Білім беру мен тәрбиелеудің мақсатын айқындау үшін, Жүсіпбек Аймауытовтың айтқан сөзін еске түсірейік: «Мектеп бітіріп шыққан соң бала бүкіл әлемге, өзгенің және өзінің өміріне білім жүзімен ашылған саналы ақыл көзімен қарай білсе, міне білімдендірудің көздейтін түпкі мақсаты осы. Мектеп осы бағытта баланың келешекте жетілуіне мықты негіз салуы керек», – деген екен. Мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру ғылыми педагогика және халықтық педагогика арқылы жүзеге асырылады [1].

Ұлттық мектептегі тәрбиенің негізгі міндеттері:

- Оқушыларды ұлт алдында тұрған ерекше өзекті мәселелерді шешуге даярлау;
- Өз халқының ғасырлар бойы қол жеткізген табыстарын бағалау;
- Ата-баба салтын, дәстүрлі әдет-ғұрпымен қайта табыстыру;

- Мектептің тәрбие жүйесін ғылыми педагогика мен ұлттық педагогикаға негіздеу;

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның бар өміріне опат әкеледі», - деді әлемнің екінші ұстазы атанған әл-Фараби. Оның аса көрегенділікпен айтқан пікірі өз құндылығын қазірдің өзінде де сақтап келеді. Халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан озық әдет-ғұрып, дәстүрлері мен ізгі қасиеттерін сіңіре отырып, дені сау, рухани бай, парасатты, қазіргі қоғам дамуының үрдісіне сай білімді, жеке тұлғаны қалыптастыру тәрбиенің өзекті мақсаты болып табылады.

Осы орайда, тәрбие мен білім беруде этнопедагогиканы мүмкіндігінше, әр-түрлі әдіс-тәсілдер арқылы бере отырып, төмендегідей нәтижелерге қол жеткізуге болады:

- Жастардың танымдық қабілетін жетілдіру;
- Ұлттық тәрбие арқылы адами қабілеттерді қалыптастыру;
- Ізгілікке, адамгершілікке тәрбиелеу;
- Шығармашылық қасиеттерін оятады;
- Данышпандық, көрегендік қасиеттердің дамуына жол ашады.

Ұлттың мүддесі мен мақсатын, алдымен қазақ жеткіншектерінің сана-сезіміне басты нәрсе етіп орнықтырған жағдайда ұлттың тәрбиесі ықпалды болмақ. Бұл құбылысқа бастамашылық өз ұрпағымыздан қолдау тапқаны орынды. Осы тұста, ойымызға халқымыздың ардақты азаматы М.Жұмабаевтың мынадай пікірі оралады: «Әрбір ұлттың бала тәрбие қылу туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ ұлт баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті. Ұлт тәрбиесінің жақсылығы көп» [2].

Ұлттық тәрбиенің топтасу жүйесі әр жасерекшелігіне байланысты болмақ, себебі, түрлі ұлттық ойындар мен баланың дамуына әсер ететін іс-шаралар баланың жасына байланысты таңдалынып, жүзеге асырылады.

Ғалымдардың еңбектерінде ұлттық тәрбиенің жалпы әдіснамалық серпіні басым болғанымен, әрбір топтағы жастардың жас ерекшелігі ескерілмеген. Онда ұлттық тәрбиенің құрылымдық сипаты, мазмұны мен мәні жалпы сипатта тұжырымдалған.

Қазақстан Республикасында қазақ ұлтының бірегейленуі жүріп жатыр. Бұл міндетті жүзеге асыруда ұлттық тәрбие зор ықпал етеді. Ол үшін халқымыздың тарихи жетістігі мен мақтаныштарын арқау етіп, бүгінгі қоғам жағдайымен үйлестіре жүргізгенде ғана қуатты болмақ [3].

Ұлтымыздың тарихи өрнегі бар табандылығы мен жігерін, батырлығы мен жасампаздығын, адамгершілігі мен мәдениетін басқа ұлттарға үлгі етуге ұмтылуымыз қажет. Өйткені, ел мен жер қазақтың игілігі, өз байлығы. Оған қазақтан артық ешқандай жанашыр жоқ. Жалпы, ұлттық тәрбие дегеніміз – тек өз ұлтының құндылықтарын ғана емес, басқа да ұлттардың рухани мәдениетінен үлгі алуы тиіс. Ондағы ұлттық мұраттар, бостандық сүйгіштік, қайырымдылық, ізгілік т.б. қасиеттері ұлттық мазмұны арқылы жалпы адамзатқа пайдалануға беріледі. Олай болса, Шекспир мен Гегелдің, Достоевский мен Толстойдың, Абай мен Әуезовтың шығармалары ұлттық тәрбие негізінде кез-келген адамды жетілдіруге көмектеседі.

Студенттердің ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастырып дамыту негізінің бірден бір көзі – оқу орындарында жүргізілетін тәрбиелік іс-шаралар. Адамның бойына жақсы адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы, өнер-білімді игеруі өскен ортаға, тәрбиеге ғана емес, үлгі-өнеге берер ұстазға, отбасындағы тәрбиеге де байланысты. Әрбір халықтың өсіп-өркендеуі үшін әлеумет ортада қалыптасқан рухани, мәдени, саяси құндылықтарды сақтап, дамытып отыруы қажет [4].

Қазіргі кезеңде әлемнің әр түкпірінде өткір қойыла бастаған ең өзекті жайдың бірі – осы ұлттық тәрбие мәселесі болып отыр. Ол жайдан-жай емес, әрине. Ұлттық тәрбиенің ең маңызды тұсы адамды ойлануға үйретуі. Бұлай дегенде әрбір жеке адам ең алдымен өзінің белгілі бір ұлттың мүшесі екенін іштей терең сезініп, санада сілкініс жасауы керек екенін, содан кейін барып жалпыадамзаттық қоғамға лайық орнын белгілеуі қажеттігін сіңіруі болса керек. Бұл жерде негізгі әңгіме арқауы мемлекетшілдік, ұлттық сана, ұлттық ұстаным, ұлттық мүдде туралы болып отыр. Өйткені, біздің төлтума бітімімізді, қайталанбас ұлттық болмысымызды, ұлттық ойлау машығымызды, қала берді ұлттық кейпімізді сақтап қалу бәрінен маңызды. Өзіндік “менін” сақтауға ұмтылған жұрт ең алдымен ұлттық тарихи жадын, бірегей ұлттық ойлау машығын, өзіндік дүниетанымын, ана тілі мен ділін, дінін дәстүрлі мәдениетін аман алып қалу және оны одан әрі дамыту жолында күреске түсетіні анық. Олай болса, осы айтқанымыздың бәрі ұлттық тәрбиеге тікелей байланысты жүзеге асатынын мойындауға мәжбүрміз.

Әрбір халықтың өзінің тарихи, рухани және мәдени төлтума қасиеттеріне бойлауы арта түсуде. Бірақ осындай ұмтылыстар басқа халықтардың мүдделеріне нұқсан келтірмеуі тиіс. Сондықтан Қазақстанның өркениет өріне бастар бағыты – адамгершілік-ізгілік қасиеттерге негізделген ұлттық

тәрбиеге табан тірейді [5].

Ел болу, мемлекет құру сонау түркі заманынан желісі үзілмей келе жатқан ұлттық арман-аңсар. Ел болу – болашаққа ашылған даңғыл жол. Сол болашаққа ашылған даңғыл жолды ұлттық тәрбие арқылы жүруді үйренсек, ешкімнен кем болмайтынымыз анық. Бұдан шығатын қорытынды – ұлттық тәрбие идеясы ата-бабалар алдындағы – қарыз бен өкшебасар ұрпақтың алдындағы – парыз деп түсінуіміз керек. Яғни, парыз бен қарыздың түйісер тұсы осы ұлттық тәрбие деп білеміз. Сондықтан мұнда алдымен мемлекет жасауға ұйытқы болып отырған этнос пен мемлекеттің мүддесі қатар тұруға тиіс. Ағымдағы уақыттың талабы мен сұранысын қанағаттандырып отыру да ұлттық тәрбиедегі негізгі қағиданың біріне айналуға тиіс. Бұл үшін қазақ ұлтын қай тұрғыдан да жаңа дәрежеге, жаңа интеллектуалды сапаға көтеріп алу тиімді.

Бүгінгі қазақ ұлты – өркениет орталығы саналатын қала халқына айналып, сапалық жағынан көп ілгеріледі, бүтіндей аграрлық жағдайдан гөрі, индустриялық-инновациялық мемлекет құруға көшіп отыр.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, кез келген мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік гүлденуі мен қауіпсіздігі халықтың білімі мен интеллектуалды ресурстарымен тығыз байланысты. Интеллектуалды ұлт болу деген тар шеңбердегі ұғым емес, оның түпкі иірімінде ұлттық негіз, ұлттық кейіп, ұлттық болмыс жатыр. Ұлттың сапалық құрамын арттыру тек қан тазалығын жақсартумен ғана шектелмейді, рух тазалығын тәрбиелеу арқылы да биік мұратқа жетуге болады [6].

Біздің қазақы болмыс, салт-санамыз, тұрмыс-тіршілігіміз қазіргі заманға сай айқындалғанымен, ғасырлар тереңіне үнілген дініміз, салт-дәстүр мен әдет-ғұрпымыз, ерлікке толы тарихымыз батыстанбақ түгілі, ондай ұғымды да мойындай қоймайды. Өйткені ұлттық рухтың түп-тамыр қазығы ұлттық тәрбие діңгектеріне негізделген. Ұлттық тәрбиенің негізгі діңгектері – ұлттық сана, ұлттық тіл, ұлттық мәдениет, ұлттық діл, ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрып категорияларына сүйенеді. Сол себепті «кімде-кім өткеніне терең үнілсе, болашағын көреді» деп Шығыс ойшылы М.Руми айтқандай, бізді болашаққа апарар жол ұлттық тәрбиенің негізгі діңгектерінде жатыр. Осы тұрғыда, бізге керегі – қоғамда болып жатқан жаһандандудың пайда-зиянын саралап, ұлттық құндылықтарымызға жат мәдениеттен арылу.

Ұлттық тәрбие өзара тығыз байланысты екі бастаудан нәр алуға тиіс. Оның біріншісі, қазақ халқының тарихи тағдыры қалыптастырған мейірім, жарасым, төзім, шапағат, парасат, ізет, бақыт туралы арман-аңсар. Таратып айтса болсақ, осындай арман-аңсардың мәдениет пен өнерде, салт-дәстүрде, тіл мен ділде, діни сенім-нанымда түрліше көріністері болуы керек. Екіншісі, бүгінгі тарихи кезең аясындағы нақты бастан кешіріп отырған қоғамдық-психологиялық ахуал. Бірінші жағдайға қатысты ойымызды одан әрі өрбітер болсақ, халықтың мәдениеті мен әдебиеті, өнері мен салт-дәстүрі, тілі мен ділі, сенім-нанымы мен діні дегенде тарихтың сүзгісінен сараланып өткен рухани құндылықтарға басымдық сипат берілуі керек. Мұның өзі қоғамның тарихи, психологиялық даму бағытында екінші мәселенің де оң шешімін табатын жолмен ілгері басуына кепіл бола алар еді [7].

Әрине, бүгінгі қоғамдық-психологиялық ахуал дегенде осы бағыттағы әлемдік тәжірибелердің озық үлгілері мен жетістіктері де назардан тыс қалмауға тиіс. Түсінген кісіге қазіргі заман көзімен қарасақ, қоғам түбегейлі өзгерген. Жастардың психологиясы, таным түйсігі мүлдем басқаша. Бүгінгі қоғамдық қатынастар өкшебасар ұрпақты бәрібір өз дегеніне көндіруде.

Ұлттық тәрбиені қалыптастыруда халықтың ұлттық қайнар көздері фольклор, ауыз әдебиеті, ұлағатты қағидалар, от ауызды, орақ тілді би-шешендеріміздің шешендік сөздері болып табылады.

Мысалы, нақты бір зат туралы тұспалдап, бейнелеп айту арқылы баланы ойлату, танымдық, білімділік түсініктерді ой елегінен өткізіп, тұжырым жасап, тапқырлық пен дүниетаным дәрежесін байқау үшін, халық ертеден-ақ ауыз әдебиетінің бір түрі саналатын жұмбақтардың алуан түрлерін шығарған. Ал, мақалдар – нақыл, өсиет түрінде айтылатын философиялық ой түйіндері, сөз мәйегі. Шешендік сөздер – ел құралып, халық қалыптаса бастағаннан бергі халықтың өнеге тұтып, өмір тәжірибесінде пайдаланып келе жатқан, билер мен хандардың, ел ағасы болған данышпандардың аузынан шыққан өнегелі, қасиетті сөздер.

Ұлттық тәрбиенің өзегі – отбасы, маңызды бөлшегі, яғни тармағы, халық тарихы мен мәдени ескерткіштер болып табылады. Бұл ретте көптеген рухани жұмыстар кезеңін күтіп тұр. Себебі, тарихи салт-сана, ұлттық зерде мәдениетті адамзаттың рухани қазынасы.

Сонымен бірге отбасы тәрбиесінің ұлттық ерекшеліктері, туыстық қарым-қатынас, жеті ата туралы түсінік, перзенттік парыз бен қарыз, ұлттық намыс, ұлттық сана-сезім, ұлттық адамгершілік, отансүйгіштік, еңбексүйгіштік қасиеттері, ізгілік сынды тағы басқа сапалық белгілер ұлттық тәрбиенің негізгі көрінісі болады.

Қорыта келе, қазіргі жаһандану кезінде әлемнің алпауыт елдерімен ұлттық салт-сана мен дәстүрімізді сақтап және оны болашақ ұрпақтың санасына сіңіру арқылы бәсекеге түсуіміз керек. Ол үрдіс адамның

сәби кезеңінен бастап, жеке тұлға болып қалыптасуына дейін жалғасуы керек. Осы орайда “Саусақ бірікпей, ине ілікпейді” деген аталы сөздің де алар орны ерекше. Ұлттық тәрбиені қалыптастыру және дамыту барысында, отбасы, мектеп, қоршаған орта факторларының әсер етуі өте маңызды.

1 Пірәлиев С. «Ұлттық тәрбие және жаһандану» «Егемен Қазақстан» газеті.

2 Ныязбекова К.С. «Ұлттық тәрбие» 2013 ж.

3 Тайгарин С. «Ана тілі» газеті «Жаһандану толқынына төтеп бере ала 12 мамыр. 2011 ж.

4 Бурбаев Т. Ұлт мәдениеті. Астана: Елорда, 2001. – 248 б.

5 Есім Ғарифолла. «Ұлттық өркениет және мәдени бағдар» Қазақстан: сындарлы жылдар және ғаламдық мәселелер. – Аматы: Қазақ университеті, 2003.

6 Табылды Ә. «Қазақ этнопедагогикасы және оқыту әдістемесі» - Алматы: «Білім», 2004.

7 «Оқыту технологиясы оқу-тәрбие тенденциясында» Педагогика мәселелері. Вопросы педагогики. №1-4\2007.

Резюме

Статья посвящена применению новых технологий в процессе обучения, инновационный подход к учебной деятельности современного студента предполагает переориентацию образования на личностную направленность, как процесс и результат развития и самоутверждения личности и как средство ее социальной устойчивости и социальной защиты в условиях рыночных отношений. Таким образом, инновационный подход ведет к радикальному изменению во взаимоотношениях преподавателя со студентами, в переводе их на личностный уровень, в формировании истинно творческой атмосферы сотрудничества, развитии диалога, открытости. Однако современная образовательная практика в данной сфере не в полной мере оправдывает социальные и личностные ожидания. Для рассмотрения необходимой инновационной педагогической деятельности в указанном направлении остановимся на ряде исходных теоретических положений.

Ключевые слова: новые технология, инновационный подход, социальной защиты, истинно творческой атмосферы

Summary

The article is devoted to the use of new technologies in the process of learning, an innovative approach to teaching modern student expects a reorientation of education for personal direction as the process and the result of the development and affirmation of identity and as a means of social stability and social protection under the conditions of market relations. Thus, an innovative approach leads to a radical change in the relationship a teacher with students, transfer it to a personal level in forming a truly creative atmosphere of cooperation, dialogue and openness. However, modern educational practice in this sphere did not fully justify the social and personal expectations. for its consideration of the necessary innovative pedagogical activities in this area will focus on some basic theoretical positions.

Keywords: new technology, innovation, social protection, a truly creative atmosphere
УДК 37.01:378.37

ВОСПИТАНИЕ ГУМАНИСТИЧЕСКОЙ ЛИЧНОСТИ СТУДЕНТА НА ОСНОВЕ ХУДОЖЕСТВЕННЫХ ПРОИЗВЕДЕНИЙ

О.А. Куратова – к.п.н., доцент кафедры иностранных языков
Университета иностранных языков и деловой карьеры

В данной статье отмечено, что особое значение в формировании у студентов гуманных качеств личности имеет воспитание их в духе национальной толерантности. Художественные произведения немецких и казахских писателей содержат достаточный материал, чтобы показать, что объединяет народы, проживающие в Казахстане. Художественная литература изображает жизнь людей, раскрывает их духовный мир посредством художественных образов. В процессе экспериментально-опытной работы мы убедились в том, что благодатным материалом для установления межпредметных связей, оказывающих эффективное воздействие на гуманное воспитание студентов, является изучение жизни и творчества писателей (Гете, Абая).

Ключевые слова: межпредметные связи, личность, гуманизация образования, дисциплины

Необходимо отметить, что в последнее время научно-педагогическая общественность проявляет живой интерес к проблеме межпредметных связей. И это вполне естественно, так как опыт лучших педагогов страны доказал эффективность использования межпредметных связей не только в процессе обучения, но и во всестороннем воспитании и развитии студентов.

К.Д. Ушинский по поводу межпредметных связей писал: «Не науки должны схоластически укладываться в голову ученика, а знания и идеи, сообщаемые какими бы то ни было науками, должны органически строиться в светлый и по возможности обширный взгляд на мир и его жизнь», «...кроме специальных понятий, принадлежавших каждой науке в особенности, есть понятия, общие многим, а иные и всем

наукам» [1].

Как свидетельствуют данные, педагоги пришли к общему мнению, что идея межпредметных связей в большей степени развивается именно по линии координации учебных предметов на основе общности их учебно-познавательных целей.

В «Концепции гуманитарного образования Республики Казахстан» указывается, что на уроках истории, литературы, иностранного языка и других предметов надо последовательно воспитывать гумано-нравственные качества и формировать умения отстаивать свои гуманистические убеждения, на основе чего формировать гуманистическое поведение учащейся молодежи [2, с. 12].

Нами предпринята попытка выявить потенциальные возможности дисциплин «Иностранный язык» и «Казахская литература» в гуманизации образования студентов средствами межпредметных связей. В основу данной идеи взято положение о преобразующей функции такого педагогического феномена как «межпредметная интеграция знаний» в формировании гуманной личности.

Иностранный язык вносит большую лепту в воспитание социально-активной личности; что способствует формированию гуманистических убеждений студента, на место человека в природе и в обществе, на характер отношений в сфере, в которой он живет, к самому себе и т.д. При обучении осуществляется воспитание важнейших моральных качеств личности: патриотизм и гуманизм. Одним из многочисленных и разнообразных способов воспитания средствами иностранного языка является чтение художественной литературы на занятиях по домашнему чтению, т.к. художественная литература направлена на познание человека и позволяет накапливать жизненный опыт.

Взаимосвязь иностранного языка и литературы приносит свои положительные плоды: происходит приобщение к богатствам национальной и мировой художественной культуры, что способствует формированию диалектического мировоззрения, гуманистических убеждений студентов, их активной жизненной позиции. Главный акцент ставится на анализ литературного текста, его ценностей как самостоятельного литературного явления, на подготовку студентов к его полному восприятию. Происходит извлечение из текста содержащихся в нем идей для обогащения студентов системой общегуманистических ценностей. В этом плане существенное значение придается изучению творческих биографий писателей.

Наши наблюдения показали, что художественные произведения представляют богатый материал для анализа проблем гуманизма, таких как выяснение сущности смысла жизни, долг, честь, совесть. Они прививают студентам такие качества как честность, добросовестность, доброту. Прекрасное в характере литературных героев должно рождать у студентов высокие чувства. Для этого студентов нужно приучать к сопоставлению характеров литературных героев, к анализу их поступков, воспитывать требовательность к своему поведению, стремление к самодисциплине и самосовершенствованию.

Особое значение в формировании у студентов гуманных качеств личности имеет воспитание их в духе национальной толерантности. Художественные произведения немецких и казахских писателей содержат достаточный материал, чтобы показать, что объединяет народы, проживающие в Казахстане. Художественная литература изображает жизнь людей, раскрывает их духовный мир посредством художественных образов. В процессе экспериментально-опытной работы мы убедились в том, что благодатным материалом для установления межпредметных связей, оказывающих эффективное воздействие на гуманное воспитание студентов, является изучение жизни и творчества писателей (Гете, Абая).

Примечательно в этом отношении высказывание А.Энштейна о том, что моральные качества выдающейся личности имеют, возможно, большее значение для становления поколения и всего хода жизни, чем чисто интеллектуальные достижения [3].

Следовательно, большое место должно отводиться изучению биографии писателей. Именно на этом материале можно показать тесную связь между становлением нравственного облика писателя с эпохой, в которой он жил и работал, и доказать, что созданное им произведение рождено конкретными историческими условиями. Отсюда появляется необходимость глубоко и всесторонне раскрывать связи передовых идей того времени с общественной деятельностью, идеалами и стремлениями самого писателя, его отношение к ведущим идеям эпохи. Здесь прослеживается связь между иностранным языком, литературой и историей. Исторические знания студентов влияют на восприятие социального смысла явлений художественных произведений. Поэтому преподаватели, занимающиеся проблемой межпредметных связей, прежде чем приступить к изучению отдельных произведений, считают необходимым глубже разобраться в тех исторических событиях, которые отражены в них, дать им совместно со студентами соответствующую оценку. Использование художественной литературы вызывает соответствующее эмоциональное отношение к изучаемым историческим явлениям, возбуждает сочувствие, восхищение, одобрение. Исторические события и факты становятся более понятными, развивается интерес к историческим знаниям, осознается значение художественной литературы, для лучшего осмысления исторических

явлений, законов развития общества, для более глубокого понимания жизни.

Перед педагогами появляется задача помочь студентам как можно лучше извлечь из содержания гуманитарных дисциплин все самое ценное и необходимое для формирования гуманной личности студента. Изучение художественных произведений дает благоприятные возможности обратить внимание студентов на человека, как субъекта деятельности, творчества, высокие человеческие идеалы и с этих позиций помочь проникнуть студентам во внутренний мир героев произведений и использовать их идеи для формирования гуманистических убеждений личности и соответствующего поведения.

В процессе изучения художественных произведений обогащаются чувства гуманности студентов, так как гуманность начинается с умением понять другого человека, понять чужой образ жизни, обычаи, склад мышления, гуманизм еще означает способность замечать положительное у другого человека, у другого народа, верить в его созидательные силы, означает желание заимствовать положительное, стремиться к дружеским контактам.

Следует отметить, что единые задачи – воспитывать и образовывать личность имеют литература и педагогика.

Назначение педагогики в содружестве с гуманитарными науками можно обозначить следующим образом: литература вместе с философией отражают определенные педагогические ценностные явления, выполняют мировоззренческие функции. Художественное слово является ярким выразителем педагогических идей, наравне с философией, этикой, социологией.

Литература как наука об искусстве слова имеет свои закономерности и специфику. Но человековедческая направленность ставит ее в один ряд с этнопедагогикой и педагогикой. Литература неразрывно развивается с культурой народа, всецело отображала ее тенденции. Культура как совокупность материальных и духовных ценностей созданных в ходе его эволюции, транслируется через каждый предмет, в особенности гуманитарно-художественного цикла. Литература – часть культуры... Литературное образование, согласно точки зрения ученого М.В. Черкезовой – это воспитание и развитие личности в процессе изучения художественной литературы.

Исходя из определения функциональной особенности литературы, необходимо заключить, что литература воспитывает и развивает. В этом видится ее общность с педагогикой и психологией. Бесспорна мысль о гуманистической миссии как философии так и литературы и педагогики. Объединившись, они создают целостное сочетание на границе разных знаний с ярко выраженным воспитательно-развивающим потенциалом [4, с. 76].

На рисунке представлена интеграция гуманитарных дисциплин, направленная на формирование гуманистической личности студента.

Убеждения формируются в опыте человека под влиянием окружающей действительности, всего строя его жизни и деятельности, в процессе учебно-воспитательной работы. Знания не будут служить источником убеждений, если для них не будет подготовлена почва путем создания у студентов опыта общественных отношений, нравственного поведения. Опыт жизни и деятельности студентов должен соответствовать тем моральным нормам, которые лежат в основе формирующихся убеждений.

Современный процесс обучения, построенный на межпредметных связях, формирует у студента широкий гуманистический взгляд на мир, основанный на общечеловеческих ценностях и новом мышлении, что вносит существенный вклад в повышение гуманитарного содержания образования.

1 Ушинский К.Д. Собрание сочинений - М., 1989, - 27 с.

2 Концепция гуманитарного образования в Республике Казахстан // Вестник высшей школы Казахстана. 1995. – №2.

3 Шалтаева Р. Теоретические и практические предпосылки создания в современном вузе системы формирования нравственной культуры студентов // Достояние нации. - 2005. - №4. – С. 96-99.

4 Черкезова М.В. Литература и культура. // Культурная инициатива. - М., 1999, - 237 с.

УДК 821.512. 122

ДАРАЛЫҚ СТИЛЬ НЕГІЗІ ҰЛТТЫҚ ХАРАКТЕР

А.О. Тоқсамбаева – ф.ғ.к., проф. м.а., Шәкәрім атындағы мемлекеттік университет, Семей қ.

Берілген мақалада мәңгілік махаббат тақырыбына қалам сілтеген Мағауин шығармаларында кездесетін даралық стиль туралы сөз болады. Жазушы шеберлігін суреттеу мақсатында жазылған мақала боямасыз бейнеленетін ұлттық характерді дәріптейді.

Адамды homo sapiens дәрежесіне жеткізген ізгі де қасиетті сезім – махаббат туралы сыр шертпеген ақын-жазушы

жоқ екендігі туралы сөз қазғалады. Хикаяның түп тамыры бұдан бір, бес он мың жылға, бәлкі, одан да көне дәуірлерге тірелетіндігі, жүз тармақты, сан салалы өлең, жырлар, аңыз, ертегілер, роман, повестер, бәрінің саяр арнасы – біреу-ақ болса да, жұрт қызыға тыңдап, құмарта оқыттындығы жайлы айтылады. Шым-шытырық шиырланған, бірақ таптаурын болмаған, мәңгілік жас тақырыпқа арналған бұл шағын дүние – жаңа бір сөз айтам деген сенімнің емес, осы тараптағы арқауы босаң, сүлесок шығармалардың өзі далада қалмаушы еді ғой деген жазушының үмітінің нәтижесі екендігі мысалдар арқылы дәлелденеді.

Шығарманың алғашқы тармағында биік идеалды махаббатты іздеп соның азабын тартқан шығармашылық тұлғалар кейіпкер болса, екінші бөлім мүлде басқа бағытта өрбитіндігі, өмірдің өзінен ойып алына салған хрониканың өзі қаншама асыл дүние екенін жазушы жеріне жеткізе таратып, талдап бере алғанын, махаббаттың мәңгілік екеніне, барлық адамзатқа тән сезім екенін контраспен шебер бере білгендігі тілге тиек етіледі. Өнер тұлғаларына арналған шығармалар қазақ әдебиетінде баршылық екенін ата келіп, үш бірдей шығармашылық саласында еңбек етіп жүрген адамдарды полемикаға түсіріп, ерекше шығармашылық шешім табу Мұхтар Мағауиннің қолынан келгендігін мысалдар арқылы дәлелденеді.

Қаламгер сөз ететін рухани қасиеттерді ұлттық танымның жоғары биігі деп көрсететін мақала зерттеушілерге, әдебиеттанушы-ларға арналады.

Кілт сөздер: Суреткер, ғалым, хикаят, «Өмір жыры», «Алғашқы махаббат», Эпиграф, «Бірінші тармақ – ұшар алдындағы хикая, немесе мәңгілік күй», композитор, реплика, суретші, композитор, мәңгілік тақырып

Мұхтар Мағауиннің суреткер, ғалым ретінде диапазоны өте кең тынысты. Жазушының өзінің «Өмір жыры» хикаятында мәңгілік тақырыпқа бара отырып жауапкершілікті аса сезеді. Оны шығармаға аңдатпа ретінде жазған сөзінде сездіреді. Дегенмен жазушы тақырыпқа үлкен дайындықпен келген. Бұл кезеңде Мұхтар Мағауин қазақ әдебиетінің тарихы үшін өте маңызды ірі болжамдарымен ғылымда жанартаудай жаңалық ашып жатқан кезі болатын. Кім біледі рухани азық, сезім байлығын қажет еткен кезең бе бұл аса құпия мәселе. Дегенмен жазушының мәңгілік тақырып махаббатқа арналған келісті көркем шығармасы деп танымыз. Эпиграфтың өзі жазушының асқақ арманын сездіріп тұрғандай

Адамды homo sapiens дәрежесіне жеткізген ізгі де қасиетті сезім – махаббат туралы сыр шертпеген ақын-жазушы жоқ. Хикаяның түп тамыры бұдан бір, бес он мың жылға, бәлкі, одан да көне дәуірлерге тіреледі. Жүз тармақты, сан салалы өлең, жырлар, аңыз, ертегілер, роман, повестер. Бәрінің саяр арнасы – біреу-ақ. Сонда да жұрт қызыға тыңдап, құмарта оқып келеді. Шым-шытырық шиырланған, бірақ таптаурын болмаған, мәңгілік жас тақырыпқа арналған бұл шағын дүние – жаңа бір сөз айтам деген сенімнің емес, осы тараптағы арқауы босаң, сүлесок шығармалардың өзі далада қалмаушы еді ғой деген үмітінің нәтижесі» [1, 113]. Аңдатпаның көркем шығармадағы орны ерекше. Өйткені онда мәйекті түрде шығарманың негізінен хабар беріледі. Сюжетке тығыз байланысы болмауы да мүмкін. Бұл жайында академик Зәки Ахметов жақсы айтқан: «Әдеби шығарманың беташары секілді, негізгі оқиғаға тікелей қатысы жоқ кіріспе бөлігі. Мұнда, әдетте, оқиға желісінің бағыт-бағдарын алдын-ала аңғарту мақсатымен бұрынырақ болған кейбір жайлар баяндалады» [2, 386].

Жазушының қай тақырыпқа да жауапкершілікпен қарайтынын шығармаларын оқу барысында байқайсыз. Ал махаббат тақырыбында суреткердің ерекше бір сезіммен толқыныс үстінде болатынын тағы байқайсыз. Тарихи басқа да тақырыпта жазылған шығармаларына айтқан сөзі, пікірінде алмас қылыштай өткірлік болса, бұл шығармасында «үмітімнің нәтижесі» дейді. Мәңгілік тақырыпқа Шекспирден Абайға дейін даналар тебірене жазған. Соның самалы осы шығармада еседі. Шығарманың «Бірінші тармақ – ұшар алдындағы хикая, немесе мәңгілік күй» атты бірінші бөлімінде жазушы, композитор және суретшінің самолетты тосқан кезіндегі әңгімелері негізіне құрылған. Шығармашылық негізінде адамзаттың ең асыл қасиеті махаббатың құпиясын ашуға ұмтылыс пікірталас әңгіме түрінде берілген. Негізгі кейіпкер әңгімеден-сұхбаттан кейін суретші болады. Алайда суретшінің шешіліп әңгіме айтуына жазушының өзіне деген сенімі қатты әсер етеді. Сондықтан жазушының дәлелі дәйексіз болып шығады.

Жазушының соншалықты сенімділігіне күмән келтіре сөйлеген суретші өз пікірін дәлелдей түседі. Көркем шығармадағы кейіпкер өмірдегі адамнан мүлдем өзге, сондықтан оның есінде қалады деу бекершілік дейді. Ол тайтұяқтан жасалған білезікке қарап тұрып, ойға тайтұяқ елестейді деумен бірдей дейді. Жазушы да кеудесін кере дем алып «Өлді менің соңғы кездесуім» дейді. Тақырып алғашқы махаббат болса, оның шығармашылықта көрініс табу процесі шығарманың өзегі десек те болады. Жазушы қос шығарма деңгейінде жазылған хикаятына адамның ең бір асқақ сезімі махаббатты арқау еткен. Бұл шығарманы қос мұнаралы махаббат күмбезі десе де болғандай. Махаббат тек сұлулардың ғана еншісі деген ұғымның негізсіз екені шығарма концепциясында ерекше байқалады. Адамзат баласының қай сатысында әлеуметтік жағынан тұрмасын, немесе жаратылысы қандай болмасын, әйтеуір адам баласының жүрегінің жылулық іздейтіні осы шығармада терең көрініс тапқан. Композитор мен жазушы тыңдаушы, яғни естуші оқырман деңгейінде болса, баяндаушы суретші болады. Бірақ диалогты жалғап ойдың

дами өрбуіне жазушы мен композитор сұрақ қою арқылы, реплика тастау арқылы қозғау салып отырады. Сондай бір сұрақты жазушы қояды. Сұрақ сұрақ түрінде емес жазылған шығармаға талдау жасау үстінде көрініс табады. Хикаят оқиғасы өнер тұлғаларының сұхбатындай әдемі әсер үстінде өрбіп отырады.

Шығармашылық топ шешіліп сөйлемей, ішкі сырын терең ашуға ұмтылмай тартына сөйледі. Осы шағын диалогта автор өз кейіпкерлерінің көркемдік көру қуатынан хабар беріп өтеді. Шабыттана сөйлейді. Суретті оқырманның көз алдына әкеледі. Тау ішіндегі құлаған ағаш үстіндегі екеу болсын, немесе көшеде, аллеяда келе жатқан жас болсын бәрі оқырманды ерекше тартады. Ол суреттің аты да қандай ғажап «Алғашқы махаббат» деп аталады. Ал шығарманың аты «Таң нұры». Жалпы суреткердің эстетикалық талғамы өте күшті. Өнер саласында жазған осы хикаяттың өзінде оның қаншама суреткерлік диапозонының кең екенін байқаймыз. Шығармада өнер иелері, әркім өз шығармашылығының мәңгіліктігін, күрделілігін дәлелдеуде.

Суретшінің композиторға айтқан уәжі де күшті. «Әңгіме Сізде болуға тиіс. Бастан-аяқ сезім толқыны. Іріктелген, шындалған дыбыстар» дейді. Жалпы Мұхтар Мағауиннің хикаяттарындағы кейіпкерлердің танымдық деңгейі биік болып келеді. Ең бірінші ерекшелігі оның қай саланың адамы болмасын қазақ екендігіне көзіңіз жетіп отырады. Композиторға суретшінің берген бағасы ғажап. Тасқа қашап жазатын сөздер. Жалпы музыка өнерінің сиқыры әлем зерттеушілерін таңырқатудан, өзінің құдіретімен тамсандырудан бір сәт толастаған емес. Музыкалық бейнелеу ерекше құбылыс. Ол туралы ғалым Ю.Борев былай дейді: «Эмоциональные переживание и окрашенная чувством идея, выражаемые через звуки особого рода, в основе которых лежат интонации человеческой речи, - такова природа музыкального образа» дейді [3, 290]. Міне осы бағытты ұстанған кейіпкерлер музыкантты тыңдағысы келеді. Бірақ, қалай болғанда кейіпкерлер Сурет өнеріне ден қояды. Суретші «Алғашқы махаббат» шығармасының қалай дүниеге келгенін, оның қалай пайда болғанын тебірене айтып кетеді. Хикаяттың өнер адамдары жырлаған махаббат хикаяты осылай басталады. Суретші тебірене бастап кетеді. Шығармаға, суреттегі және өміріндегі эпопеяға азық болған көз еді.

Жазушы ішкі психологиялық тебіреністі береді. Кейіпкер суретші, шығармашылық тұлға, әрине табиғатынан. Бірақ ол әзір кәсіпқой емес. Дегенмен, көз арқылы әйел сұлулығын, оның ішкі әлеміне үңілу процесін шеберлікпен бере білген. Жалпы, осы хикаятта байқағанымыздай, Мағауин өзінің өнердің бар саласын өте терең меңгергенін байқаттады. Шығармадағы негізгі ой енді сол көздің иесін іздеуден басталады. Сезім бір болса, шығармашылық дарын екі екенін жазушы ерекше ашып көрсеткен. Ол мынандай детальдан байқалады. Яғни іздеген құндылығын жүйелі түрде індете зерттеуі. Мәселен, алдымен, тұтас институттарды сүзіп шығу, одан кейін тағысын тағылар. Не деген жанартаудай алып күш. Сезім шоғы дегеніңіз осы. Сондай іздеу барысында болған бір келеңсіздеу сәтті бас кейіпкер суретшінің атынан берген.

Жазушының бұл хикаятын шығармашылық өмірін бастаған әрбір жас талап міндетті түрде оқитын шығарма ретінде енгізген дұрыс. Жүрегі бүр жарған жас суретшінің шығармашылық таланты да жауқазын ашқан еді. Жазушы осы сәтті ерекше бағалау, түсіну бийігінде бере білген. Сол мыңдаған, жүздеген сәтсіздіктер, сан мың көздер, адам кейіптері махаббатын іздеген жас талапқа адам жүзін оқуға да мүмкіншілік береді. Оны автор бас кейіпкер суретшінің айтуымен сәтті бере білген.

Бүкіл қаланы аралап табанынан тозған жас талап суретшіні сол көз, анықтап айтсақ өзіне арналған көзқарас көп қиындық та әкеледі. Студент қаншама лекцияны босатады. Іздемеген жері жоқ. Бұлай тәпшітей суреттеуде аса үлкен мән бар. Кез келген шығармашылық оңай берілмесі анық. Ал оның өмір жырына айналған аяулы қызын іздеу процесінің өзін шығармашылыққа айналдырып жіберген. Күндіз күнімен іздеген ол енді жүйелі түрде іздеуге кіріседі. Талмай іздейді. Кейіннен жолы болмаса да осы ыждаһаттылық, осы сезім өнерге жиналып келіп құйылады. Өнер туындысының дүниеге келу процессін көрсету үшін жазушы осылай терең талдап көрсеткен.

Сезім қуатын автор пафоспен шынайы суреттейді. Кейіпкер суретшінің әңгімелеуі арқылы оқиғаны өрбітіп отырады. Күз бітіп, қыс өтсе де көз иесін таба алмайды. «Көз» бұл жерде көркемдік деталь болса, біздің кейіпкеріміздің идеалы, тұтас алғанда символ. Мәселен символ ерекше көркемдік шешім. Сол кейіпкердің характерін ашу үшін қызмет жасап тұр. Ол асыл адам өзінің арман тілегінен айнымайды дегенге саяды. Сол символға академик Зәки Ахметов мынадай анықтама береді: «Символ» – әдебиетте ойды астарлап, басқа нәрсені суреттеу арқылы жасалатын нақтылы сипаты бар балама бейне. Жалпы халықтық тілде кездесетін символда бір нәрсені өз қалпынан басқаша сипатта көрсетіп, сондай-ақ, нақтылы бір затты, нәрсені екінші нәрсенің, не ұғымның жай баламасы ретінде алу арқылы жасалады [4, 312]. Сол суретшінің Символы, өзі іздеген арман құсына соңында кездейсоқ ұшырасады. Содан барлығын анықтайды. Қайда оқитынын. Университеттің химия факультетінің студенті болып шығады.

Сүйгеніне қосылып бақытсыз болған композитор Суретшінің бұлай ой қорытуына әлсіз қарсылық

жасаған. Сондықтан кімнің кінәлі екендігі анықталмай қалған. Самолеттің кешігуі Суретші, Жазушы және Композитордың шығарма және оның прототипі жайында өз ойларын айтуға мұрша береді. Мұхтар Мағауин осы сәтті шебер беріп хикаяттың бірінші тармағы «Мәңгілік күйді» қорытындылау үшін үшеуіне де сөз береді. Бірінші «Алғашқы махаббат» атты еңбектің авторы өз ойын түйіндеп жткізеді.

Негізгі кейіпкер, «Алғашқы махаббаттың» авторы өз ойын қорытып пәлсапалық әңгіме айтады. Оның ойынша тағдыр тәлкегіне түскен өзі. Ал, шығармадағы кейіпкер Әлия ешқандай жан азабын тартпаған. Ол өз бақытын тапқан. Бұны ешқаша сүймеген. Бұл жай ғана пікір емес, үкім іспеттес ой тұжырым еді. Осы жерде әңгімеге жазушы араласады.

Бұл жазушы тарапынан Әлияны қорғап, суретшіге үкім шығарған пікір болды. Екі пікір екі полюсте жатыр. Суретші өзін бақытсыз санаса, қызды кінәлі санаса, Жазушы нағыз сүйген қыз, бірақ сен қадіріне жетпедің дейді. Бұл екі көзқарастан бөлекше пікірді композитор айтады.

Шығарманың алғашқы тармағында биік идеалды махаббатты іздеп соның азабын тартқан шығармашылық тұлғалар кейіпкер болса, екінші бөлім мүлде басқа бағытта өрбиді. Өмірдің өзінен ойып алына салған хроника. Соның өзі қаншама асыл дүние екенін жазушы жеріне жеткізе таратып, талдап бере алған Махаббаттың мәңгілік екеніне, барлық адамзатқа тән сезім екенін контраспен шебер бере білген. Өнер тұлғаларына арналған шығармалар қазақ әдебиетінде баршылық. Ал, үш бірдей шығармашылық саласында еңбек етіп жүрген адамдарды полемикаға түсіріп, ерекше шығармашылық шешім табу Мұхтар Мағауиннің қолынан келген. Бұл өте күрделі үрдіс. Шығармашылықтың ләззаты мен азабын қатар сезінген суреткер ғана көре алатын процесс. Шығарма копозициясы өзінің екі бөліктен тұруымен де ерекшеленеді. Екінші бағытында шығармашылық тұлғалар емес, қарапайым еңбек адамдары. Бірақ өмір жыры бұл жақта да бір сәт бәсеңсімей қайнап жатқанын айқын көрсете білген.

«Өмір жыры» атты хикаяттың екінші тармағы «Жол үстіндегі хикая, деп аталады. Автор осы тарауын, немесе тармағын «Кертолғау» деп атаған. Махаббат жайында оқыған- тоқығандарыма, жазғандарыма, таным-түсінігіме қарама-қарсы келген соң осылай атадым деп басталады. Бұндағы кейіпкерлер поездда кездеседі. Бірі - жазушы, екіншісі - әңгімеші. Әңгімеші бірден киіп кетіп, оны танитындығын, жазғандарын оқығанын бәрін жіпке тізіп келіп, өзіне келгенде, бұл маңызды емес, Кездесек Кезкелгенов деңіз дейді де әңгімесін бастайды. Жалпы жазушының стилінде өзгеше әдіс қолданған хикаяты осы «Өмір жыры» деп айта аламыз. Хикаяттың алғашқы тарауындағы кейіпкерлер де қызу талқылау, пікір-талас үстінде бейнеленген. «Кертолғаудағы» жағдай да ерекше. Бұндағы әңгімеші роліндегі кейіпкер өзінің даралық көкарасымен ерекшеленген қарапайым жан. Бұл оқиғада барлығы кездейсоқ, бірақ сол кездейсоқтықта бір заңдылық бар сияқты. Қарапайым тағдыр талқысына түскен жанның махаббаты, басынан өткерген азабы соншалықты шынайы, күрделі сонымен қатар мазмұнды. Баяндаушы роліндегі кейіпкер-жазушы «құдайға анық» деп ант-су ішіп алып естігенін баяндайды.

Бірінші тармақта махаббат тақырыбының шығармашылықтағы орны, оның тұлға өміріне қатысы бейнеленеді. Композитор арақ ішіп отырып өзінің бақытсыздығы махаббатына үйленгенім деп есептейді. Үйленбегенде мәңгі бақи арман құсы болып аспанда қалықтаған күйі қалар еді дейді. Жазушы да қолы жетпегенін, шығармада оның бейнесін жасағанын баяндайды. Махаббатының түсінбегенін айтады. Ал суретші ше, ол да өмір бойы соның суретін салғанын, алайда оның кейіннен суреттің жанынан жайбаракат өте шыққанын айтады. Ал, екінші тармақта басқаша, нағыз өмірден ойып алынған, сырт көзге қораш тағдырлар тарихы. Біз бұл жер жазушының өміртанудағы диапозонының кеңдігін айтпаппыз. Көркем шығармаға кейіпкер болған адамдар өмірі күрделі. Әсіресе келіншектің өмірі шырғалаңға толы. Өмірінің дәл осылай боларын ол қалады ма екен. Ең алғаш күйеуі Қойшыбайдың бекерден-бекер сотталып кетуі аса қайғылы. Мәрт жігіт елге келіп шолжаңдап жүрген шешендерді сабап сол үшін сотталып кетеді. Сабыржан Қойшыбайдың танысы. Бұрыннан сотталып кеткен Қойшыбайдың үйіне келіп мауқын басып жүреді екен. Бас кейіпкер Сабыржанға еріп үйге енеді. Бүкіл өмірін осы келіншек өзгертіп жіберетінін сонда білді ме екен?.

Кейіннен келіншек бұны елітіп әкетеді. Сабыржан мас болып қалған соң келіншектің қасына баяндаушы бас кейіпкер барады. Екеуі қол ұстасып далаға шығып кетеді. Әсия оның балалық қылығы барлығын айтады. Екеуі қайтып келеді. Осындай түсініксіз сезіммен қайтып оралған соң, болған ебдейсіз оқиға хикаяттың ішкі әлемін астан-кестең етеді. Ең сорақысы оның көзінше мас лас Сабыржанмен оның кездесуі. Алғашында Сабыржанның өзі танитын Қойшыбайдың келіншегіне баруы жан шошырлық іс болып көрінген.

Жазушы адам сезімінің қандай уақытта, қалай бүр жаратынының ережесі жоқ екенін ашып көрсеткен. Шындығында барлық моральға жат қылықты келіншекті қызғанып арпалысу жай нәрсе ме. Және басты кейіпкерді жақсы көретін он екіде бір гүлі ашылмаған бойжеткен қыз да бар. Сонда бұл не қызғаныш. Бұл қандай сезім. Расында жігіт Әсияға мен сені алып кетемін дейді. Арадағы байланыс аса терең болып

көрінді екеуіне де.

Жігіт шындығында басынан не бір қиындықты кешеді. Бәрі де Әсия үшін. Далада қалған машинаны түгел тонап кетіп қарызға батса да Әсиядан айнымайды. Өзін жақсы көретін көрші қыз Күлпанмен киноға барса да одан арғыға зауқы соқпайды. Кейіннен қанша оқиға болады. Өзінің сезімін келіншек те жеткізеді. Ол жоқта келген Сабыржанды үйге кіргізбеген. Бұл сонда қандай тағдыр? Мұхтар Мағауин сол кезде социализм бейнелеген дұрыс жолды тұлғалардан бөлекше бейнені қазақ әдебиетіне неге әкелді. Әйел қашан да қандай жағдайда да не нәрсенің бастау бұлағы болып қала бермек. Идея осы. Ол турады ғалым Айнұр Әбуталиева былай дейді: «Өмірдің әсем де сұлу жарасымын түзетін, адам жанына ізгілік пен парасат дарытатын да әйел.

Адамның рухани дүниесі мен сыртқы дененің үндестігі, іштей гармониялық байланысы – іс-әрекеттегі, адам өміріндегі, тұтас бір денедегі детальдың поэтикасын құрайды» [4, 17]. Ақыр аяғы ол екеуі үйленіп тынады. Кейіннен сонау Ресейге кетіп қалады. Қойшыбай тауып артынан іздеп келеді. Осы күрделі жағдайдың боларына автор оқырманды дайындап әкеледі де, шиыршық атқан оқиғаны өрбітіп жібереді. Тағдырдың талкегіне ұшыраған адамдардың өміріндегі шиеленіскен жағдай шындығында да күрделі. Біріншіден Қойшыбай нақақтан-нақақ сотталып кетеді. Екіншіден Сабыржанның Әсияны басынуы сұмдық сияқты болып көрінген біздің баяндаушы бас кейіпкер енді өзі алып қашып Сібірге өтіп кеткен. Енді түрмеден шыққан Қойшыбай оларды іздеп табады. Осы шытырман өмірдің өрмек салған күрделі қайшылығы шығармада аса тебіреніспен бейнеленген. Сол кездесудің шарықтау шегі екеуінің жекпе-жекке шығуымен түйінделеді.

Махаббат - мәңгілік тақырып. Бұл хикаятында Мұхтар Мағауин осы мәңгілік тақырыпқа өзіндік стилімен келген. Өмірдің екі биігінен қараған. Бірі шығармашылық жолдағы адамдардың идеалды түсіну, тану жолы болса, екіншісі өмірдің өзіндегі махаббаттың орны. Махаббат қандай жағдайда да өз қасиетін сақтайды екен. Намыс, адалдық басқа да ұғымдар оның алдында кішірейіп кетуі мүмкін. Кішірейгенде ол ұғымдар өз бағасын түсірмейді, керісінше махаббатқа кешіріммен қарайтын сияқты. Шығарманың сентенция түйіндеуінде автор перронда жалғыз тұрған өз серігін бейнелейді. Адам тағдыры деген сол. Басқаша айтсақ өз сезімі, өз жүрегі қалаған адамына құстай ұшырған махаббат күші дер едік. Шығарма өзінің бөлекше болмысымен ерекшеленеді. «Жібек мінез – қыз-келіншек шырыны, біле білсең, әйел көркі қылығы», «Мамық болмай бөксе, мықын, білегі, Мамық болсын мінезі мен жүрегі» [5, 127] деп өскен түркілік тәрбиеге қас кейіпкердің бейнесі, сол ауру қоғамның көрінісі ретінде аяусыз берілген.

1 Мағауин М. 13 том. Шыға. Жин. – А.: Қағанат, 2002. Т.2, - 528 бет.

2 Ахметов З., Аңдату. 386-387 беттер. \ \ Кітапта: «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия. Т.1. \ Бас. Ред. Ә.Нысанбаев. – А.: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1999. - 720 бет.

3 Боров Ю. Эстетика. - 3-е изд. – М.: Политиздат, 1981. – 399 стр.

4 Әбуталиева А.Ә. Қазақ тарихи романындағы әйелдер бейнесінің жасалу ерекшеліктері (1960-80 жж.). Филол. ғыл. кандидаты дәрежесін алу үшін дайын. дисс. жұм. Автореферат. - Астана, 2006. – 30 бет.

5 Егеубаев А. Кісілік кітабы (ғылыми эссе). Ана.

Резюме

В данной статье говорится об индивидуальном стиле и теме вечной любви которая встречается в произведениях Мағауина. Эта статья написана с целью раскрыть творчество писателя, а также восхваляет маститное описание национального характера

Продвигается тема о добром и святом чувстве любви, поэтов и писателей которые помогли человеку достичь степень homo sapiens. Глубь этой истории лежит в далеком пятитысяч и десятилетиях назад, или же еще более позднего века,сто пунктов, множество песен с разными темами, легенды, прорви, сказки, романы, повести также напоминает что, не смотря на то, что все перечисленные работы написаны по одной теме в одном направлении народ с большим удовольствием слушал, и читал их. Непонятно выдвинутый, но с банальностью, посвященный теме вечной молодости этот небольшой мир - не доверие рассказе в одном новом слове, сюжет в этой области слабый, даже произведения написанные равнодушно не оставались без внимания это является результатом надежды писателя и доказывается через приведенные примеры.

В первом пункте произведений описываются творческие личности, персонажи которые подвергли себя мучению в поиске большой идеальной любви, второй пункт развивается в другом направлении, в нем говорится о том, что хроника взятая из жизни человека является драгоценным миром, любовь - есть вечность присуща всем живым организмам, писатель умело, красноречиво, четко, подробно раскрыл эти темы. Напомнив о том, что в казахской литературе много произведений посвященных личностям искусства, мы включаем в область полемики людей работающих в трех направлениях, такие особенные творческие решения принимал Мухтар Мағауин это можно

подтвердить приведенными его примерами.

Статья в которой писатель показывает, что духовные качества являются вершиной национального познания посвящается исследователям и познавателям литературы.

Ключевые слова: художник, ученый, история, «Песнь жизни», «Первая любовь», Эпиграф, «Первый пункт – история перед взлетом, или вечная мелодия», композитор, реплика, художник, композитор, вечная тема

Summary

In this article talked about individual style and theme of eternal love that meets in works of Magauin. This article of written on purpose to expose work of writer, and also eulogizes mastitis description of national character.

A theme moves up about kind and saint sense of love, poets and writers that helped a man to attain degree of homo sapiens.

Depth to it histories lies in distant five hundred and ten thousands back, or yet later century, one hundred points, great number of songs with different themes, legends, break through, fairy-tales, novels, to lead also reminded that, not looking on that all enumerated works of written on one topic in one the directions people listened with the utmost pleasure, and read them.

Incomprehensible pulled out, but with banality, sanctified to the theme of eternal youth this small world-don't trust story in one new word, a plot in this area is weak, even works the written indifferently did not remain regardless it is the result of hope of writer and between is proved resulted examples.

Creative personalities are described in the first point of works, personages that exposed to itself the torment in the search of large ideal love, the second point develops in other the directions, in him talked that a chronicle is taken from life of man is the precious world, had love eternity is inherent to all living organisms, writer able, eloquently, clearly, in detail exposed these themes.

Reminding that in Kazakh literature many works sanctified to personalities of art, we plug in the area of polemic of people working in three directions, such special creative decisions were accepted by Muchtar Magauin it can be confirmed made his examples.

Article in that a writer shows that spiritual qualities are the top of national cognition dedicated to the researchers and researchers of literatures.

Key words: artist, scientist, history, «Canto of life», «First love», Epigraph, «First point of -history before flight, or eternal melody», composer, remark, artist, composer, eternal theme

УДК 811.512.162'373.2

TÜRKİYE TÜRKÇESİNİN ERZİNCAN AĞZI İLE, BATI AZERBAYCAN TÜRKLERİ AĞIZLARININ ORTAK SES TÜREMESİ VE SES DÜŞÜMÜ OLAYI.

E.Ceferov – Arş. Gör., Doktora Öğrencisi. Azərbaycan Devlet Pedaqoji Universiteti.
Dede Korkut bilim araştırmaları merkezi

Зерттеуші педагогикалық тұжырымдама жасау, модельдеу және жоба жасау әдістерін, өз проблемасын шешуде ғылымдағы түрлі көзқарастар мен бағыттарды жүйелі түрде салыстыру және талдау дағдыларын меңгеруі тиіс. Соның нәтижесінде педагогикалық зерттеу әдіснамасы жөніндегі білімге сүйене отырып өзінің зерттеу тақырыбын қойып, оның мақсаты мен міндеттерін, болжамын анықтайды. Эксперименттік дайындық тәжірибе жұмысын және педагогикалық эксперимент жүргізуге қойылатын талаптардан, оны ұйымдастыру технологиясы мен жүргізу әдістерінен тұрады. Мұнда зерттеуші тәжірибелік-эксперименттерін, жұмыс мазмұнын, бағдарламасын жасау, айқындау, байқау, өлшеу нәтижелерін бағалау, жаңа жүйе немесе модель құру және оны практикаға енгізу, өзінің жобасы мен моделіне сәйкес келетін өзгерістер енгізу әдістерін талдайды, үйренеді.

4) *Логикалық-математикалық дайындық*

Зерттеуші жалпы ғылыми-педагогикалық зерттеулердің логикасы жөнінде түсінікке сүйенеді де, зерттеу жұмысының мәні мен мақсатына сәйкес өзінің зерттеу жұмысының логикасын құрады. Мұнда зерттеушінің индукция және дедукция, абстракция және абстракциялау түрінде, ой түйіні мен қорытынды жасауын негіздей білу түрінде өзінің логикасы көрініс табады.

Зерттеуші зерттеу нәтижелерін сандық және сапалық талдау әдістерін меңгереді.

5) *Адамгершілік-этикалық дайындық*

Зерттеуші ғылыми негізделген және экспериментпен дәлелденген нәтижелерін қорғайды, ғылыми-педагогикалық ақиқат шарттарына сүйене отырып тексерілген қорытындылар мен фактілерді, басқа зерттеушілердің нәтижелерімен оның нәтижелерінің ғылымға және практикаға қандай үлес қосқандығын түсіне отырып қорғайды. Педагог зерттеуші зерттеу жұмысы мен ғылыми ізденіске бейімделіп, онда зерттеу міндеттерін шешуде ұқыптылық пен жинақтылық, табандылық, үлкен іскерлік қабілеттілік, өз проблемасын шешудегі әдіснамалық мәдениет пен біліктілік, ғылыми-педагогикалық шығармашылық, педагогикалық ғылымға және бір саланың мамандарына деген құрмет және т.с.с. сапалар қалыптасады.

Ғылыми зерттеулердің мынадай *айрықша белгілері* бар:

- бір бағыттылық, яғни қойылған мақсатқа жетуге бағытталған процесс және анық қойылған міндеттерді шешу;

- жаңа ізденіс - бұрын ашылмаған әдістер табу, соны (тың) идеяларды негіздеу және оны жүзеге асыру жолдарын іздестіру, белгілі болған құбылыстар мен оқиғаларды жаңаша бейнелеу және т.с.с;

- жүйелілігі - зерттеудің мақсаттары мен міндеттері де, зерттеу процесі де, оның нәтижелері де бір жүйеге келтіріледі;

- тұжырымдар мен қорытындылардың дәйектілігі, қатаң ақиқаттылығы, дәлелділігі, негізделгендігі.

Зерттеудің *әдіснамалық белгілері* мынадай: зерттеу проблемасы мен тақырыбы, өзектілігі, зерттеу нысаны, пәні, мақсаттары мен міндеттері, болжамы және қорғауға ұсынылатын қағидалар, жаңалығы, ғылым мен практика үшін маңыздылығы.

Ғылыми-зерттеу педагогикалық жаңа білімді іздестіру және қалыптастыру процесі болғандықтан оның негізгі құраушылары мынадай болады:

- зерттеу тақырыбын анықтау және оның өзектілігін негіздеу;

- зерттеу нысаны мен пәнін айқындау;

- зерттеудің мақсатын қойып, міндеттерін көрсету;

- ғылым мен тәжірибеде қарастырылып отырған проблеманың шешілу тәсілдері жөніндегі бар ақиқаттарды талдау;

- зерттеу болжамын көрсету;

- болжамды тәжірибеде тексеру;

- алған нәтижелерді талдау және қорыту;

- қорытындысын жазып тәжірибе үшін ұсыныстар жасау.

Библиографиялық дайындық жұмысын мына ретпен жүргізген тиімді:

1) Сөздіктер мен энциклопедияны пайдалана отырып қарастырылатын тақырыпқа қатысты негізгі ұғымдардың анықтамаларымен танысу. Олардан көбінесе бұл саладағы көрнекті еңбектер мен қарастырылып отырған мәселеге айтарлықтай үлес қосқан ғалымдарға сілтемелерді табуға болады.

2) Жүйелі каталогтың көмегімен зерттеу тақырыбы бойынша библиография құру керек. Кітапхана неғұрлым ірі болса, каталогпен жұмыс істеу соғұрлым тиімді болады.

Әрбір мақаланың библиографиялық түсіндірмесі кітапхана үшін жеке карточкаға жасаған жөн болады. Мұндай карточкалар жинақталғаннан соң жеке картотека құруға болады [2, 3].

Әдебиетпен жұмыс. Библиографиялық дайындық нәтижесінде тақырып бойынша қанша мақала, еңбек бар екендігін, бұл проблемаға ғалымдардың ынта-ықыласты екендігін біледі. Оқығанда ең алдымен аса көрнекті, осы салаға үлкен үлес қосқан автордан бастап оқыған жөн, сонда басқа көптеген жұмыстардың мазмұнын түсіну оңайға түседі.

Әдебиеттерді оқығанда мынандай мәселелерді анықтау қажет:

- автордың негізгі идеясы, зерттеу проблемасы бойынша оның көзқарасы;

- бұл проблеманы қарастырғанда автор ерекше не нәрсеге қол жеткізгендігі;

- дәстүрлі ұстанымнан қандай айырмашылығы бар, бұл проблемаға қандай жаңалық енгізгендігі;

- автор басқа зерттеулердің қандай факторлармен келісетін-келіспейтін тұстарын көрсететіндігі;

- автордың қандай идеялары сәтті негізделген, ал қандай тұстары белгілі дәрежеде негізделмегендігі;

- қандай идеяларына, қорытындыларына, ұсыныстарына қарсылықтар білдіріледі және неге?

- осымен байланысты проблеманы ары қарай шешуде қандай міндеттер туындағандығын;

- бұл проблеманы шешуде қандай қиыншылықтар кездесетіндігі.

Білім беру практикасы туралы әдебиеттерді талдағанда мыналарды анықтау қажет:

- берілген проблеманы шешуде педагог қандай мәселені сәтті түрде жүзеге асырады;

- оны шешуде ол қандай қиыншылықтарға кездесті;

- бұл мәселе жөнінде мұғалімдердің жұмысындағы дәстүрлі кемшіліктері қандай;

- қиыншылықтар мен кемшіліктердің болуының негізгі себептері қандай;

Осындай әдебиеттерді алдын-ала талдау зерттеушіге өзінің зерттеуінің міндеттерінің жобасын жасауға мүмкіндік береді. Зерттеу міндеттері мынадай элементтерді қамтуы мүмкін (ол ғылыми проблеманың сипатына қарай өзгеріп отырады):

1) жалпы проблемаға енетін белгілі бір теориялық мәселелерді шешу (мысалы, зерттелетін дидактикалық ұғымның, құбылыстың мәнін айқындау...);

2) бұл проблеманың шешілу практикасын эксперимент түрінде тексеру, оның қазіргі жәйін анықтау;

3) қойылған дидактикалық міндеттерді шешу үшін қажетті шаралар жүйесін негіздеу (бұл негіздеу алдыңғы екі элементтердің негізінде құрылады). Бұл шаралар жүйелі зерттеу болжамын құрады;

4) ұсынылған шаралар жүйесін эксперимент арқылы тексеру;

5) зерттеу нәтижелерін практикада пайдалану үшін әдістемелік ұсыныстар жасау.

Әдеби шолуға сүйене отырып зерттелетін проблеманың қаншалықты қарастырылғандығына жалпы

сипаттама берілуі қажет. Оның жалпы зерттелу дәрежесін анықтау қажет, оның кейбір жекелеген жақтары қаншалықты зерттелген, соның аз зерттелген және зерттелмеген жақтарын ашу керек те, құбылыстың табиғатын түсінудегі жалпы немесе жекелеген жақтарындағы қайшылықтарды анықтау қажет.

Зерттеу мақсаты көзделген соңғы нәтиже, ол теориялық-танымдық және практикалық-қолданбалы болуы мүмкін.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттерін анықтау үшін оның өзектілігін негіздеу керек. Ғылыми-зерттеудің қажетті әдіснамалық белгілері болады, солар бойынша зерттеуді жүргізу процесін, алынған нәтижелерді бағалайды.

Ғылыми зерттеудің нысаны ретінде жеке педагогикалық құбылыс, ситуация немесе процестердің, олардың жиынтығының тобы алынады, яғни педагогикалық ақиқат біртұтас қарастырылады.

Зерттеу мақсаты – жекелеген педагогикалық құбылыстар мен процестердің бірқатарының ортақ мағынасын табу, оның мәніне терең бойлау, олардың пайда болу, әрекет жасау, даму заңдылықтарын ашу.

Кез-келген ғылыми зерттеу оны ойға алғаннан бастап қорытындысына дейін жеке жоспар бойынша жүргізіледі.

Енді солардың ерекшеліктеріне тоқталайық [4].

Зерттеу проблемасы. Проблеманы қойғанда зерттеуші: "Бұрын зерттелмегендерді тауып, солардың ішінен нені зерттеу керек?" деген сұраққа жауап береді. Проблема ғылыми ізденістің стратегиясы мен бағытын анықтайды. Көбінесе проблема - ол шешілмеген практикалық мәселе саласы, ал оны шешу үшін ғылыми білімге, отандық және шетелдік тәжірибеге жүгіну қажет, олар оймен сараланып, жүйеленіп, соның ішінен өзінің нақты міндеттерін шешуге көмектесетіні таңдап алынады, ол педагогикалық тәжірибені жетілдіруге пайдаланылады.

Зерттеу тақырыбы зерттеу проблемасын айқындайды және нақтылайды.

Тақырыптың өзектілігі. Зерттеу проблемасын шешудегі ғылымдағы олқылықтар мен практиканың қажеттілігін көрсете отырып, нысанды не үшін зерттеу керек екендігін ашады. Мұнда қайшылықтар анықталып, баяндалады.

Зерттеу нысанын анықтау "не зерттеледі?" деген сұраққа жауап беру керек.

Зерттеу пәні. Зерттеу нысанының қандай бір бөлігі, ғылыми ізденіс шекарасын анықтайды.

Зерттеудің негізгі идеясы. Ол мынадай логикалық ретпен орналасады:

- зерттеудің мақсаты мен міндеттері, болжамы;
- зерттелінетін құбылыстың, процестің немесе жүйенің өзгеруін бағалау критерийлері мен көрсеткіштері;
- оларды қолданудың әдістері мен реті;
- зерттеу мақсатын басқару, жинақтау, тіркеу және қорыту процедурасы.

Зерттеу мақсаты мен міндеттері. Мақсат - күтілетін нәтиже, міндеттер – оған қол жеткізудің қадамдары мен іс-әрекет. Міндеттердің қойылу реті зерттеудің логикасын көрсетеді.

Зерттеу міндеттерін анықтағаннан кейін зерттеу болжамының алғашқы нұсқасы жалпы түрде құрылады да, ол ғылыми жұмыстың келесі кезеңдерінде нақтыланады.

Педагогикалық зерттеулердегі болжам да белгілі құралдарының бірі, басқасына қарағанда тиімді болатындығы анықталады. Мұнда болжам түрінде салыстырмалы түрде құралдардың, тәсілдердің, әдістердің, оқыту түрлерінің және т.б. тиімділігі көрсетіледі.

Әрине, зерттеу болжамдары ғылыми жұмыста шешілетін проблеманың пәніне, мақсатына және міндеттеріне байланысты.

Зерттеу болжамы. Педагогтың жұмыстарындағы ұсынылған жаңалықтарының тиімділігін, нәтижелілігін талап ететін, қойылған міндеттердің шешімі болатындығын дәлелдеуді қажет ететін пайымдау. Болжам сипаттама түрінде, яғни "егер..., онда..." түсіндірме түрде ("... болу үшін,..."), пропорциялық түрде ("...болғандықтан...") немесе үшеуінің біріккен түрінде болуы да мүмкін.

Зерттеу болжамы қойылғаннан соң зерттеу әдістері таңдалады. Зерттеу әдістері оның міндеттерінің ерекшеліктеріне қарай таңдалады. Сондықтан зерттеушілер, әсіресе жаңадан бастаған зерттеушілер қойылған міндеттердің ғылыми ізденісінің логикасын ойлауы керек. Зерттеу әдістерін таңдау ғалымның іс-әрекетіндегі емін-еркін іс-қимыл емес, шешілетін міндеттердің, проблеманың мазмұнының ерекшеліктерімен және зерттеушінің мүмкіндіктерімен байланысты. Осыған байланысты пайдаланылған әдістерді тек тізіп қана қоймай, рет-ретімен зерттеудің негізгі міндеттерін шешу үшін алынған әдісті негіздеп отыру керек, зерттеудің қандай да бір кезеңінде қандай да бір міндетті шешу үшін әдістердің кешені таңдалғандығы көрсетіліп отыруы тиіс. Таңдалып алынған әдістер бойынша қойылған міндеттерді шешу басталады. Көбінесе бұл проблема теориялық талдаудан және оның зерттелгендік деңгейін анықтаудан басталады. Мұнда, ең алдымен, проблеманы *әдіснамалық негіздеу* мен логикалық-тарихи талдауды жүзеге асыру керек.

Зерттеудің жаңалығы - іс-әрекеттің әдісі, жүйесі және тәсілі туралы алынған жаңа білімді баяндау, мазмұнды түрде ашу.

Алынған нәтижелердің ғылым үшін *маңыздылығы* педагогикалық білімнің қандай проблемасына, тұжырымдамасына, теориясына, әдістемесіне, сапасына оның мазмұнын толықтыратындай, байытатындай немесе жоғарылататындай қандай қосымшалар немесе өзгерістер енгізілгендігімен анықталады.

Алынған нәтижелердің *практикалық маңыздылығы* олардың қандай практикалық мақсаттар үшін пайдалануға болатындығымен байланысты.

Нақтылы педагогикалық және әдістемелік зерттеулердің ықпалдылығы алынған нәтижелердің теориялық маңыздылығымен, жаңалығымен ғана сипатталмайды, сонымен қатар олардың нақты оқу-тәрбие міндеттерін шешу сапасы мен тиімділігіне қаншалықты ықпалды екендігімен сипатталады.

Заманауи қоғам талабы ғылыми-педагогикалық зерттеулердің тиімділігін арттыруды көздейді. Ғылыми-педагогикалық зерттеудің тиімділігінің *негізгі шарты* жаңа ғылыми нәтиже алу, теориялық білімді арттырып байыту. Ғылыми-педагогикалық зерттеу жұмыстарының *тиімділігі* - оның мақсаты мен алынған нәтижелердің сәйкестігін дәлелдеу.

Нақты педагогикалық және әдістемелік зерттеулердің ықпалдылығынан алынған нәтиженің теориялық маңыздылығы мен жаңалығы олардың нақты оқу-тәрбие міндеттерін шешу сапасы мен тиімділігіне ықпал ететіндігімен дәлелді болады.

Ғылыми-педагогикалық зерттеу нәтижелеріне қойылатын *талаптар*: өзектілігі; ғылыми жаңалығы; теория және практикалық маңыздылығы; ғылыми ақиқаттылығы және дәйектілігі; қорытындылар мен ұсыныстардың басқа ғылыми зерттеулерге немесе практикалық қызметте пайдалану үшін қажеттілігі; алынған нәтижелерді тиімді қолданудың мөлшерін; шекарасын және шарттарын көрсету.

Ғылыми-педагогикалық зерттеудің тиімділігін арттыру оның құрылымының басқа негізгі элементтерін құру сапасына байланысты, атап айтқанда: зерттеу нысаны мен пәнін таңдау; оның мақсаттарын, міндеттерін және болжамын айқындау; негізгі әдіснамалық және теориялық ұстаным сипаттамасы, зерттеудің теориялық және эксперименттік әдістерін таңдау, жүзеге асыру; алынған нәтижелерді талдау; ғылыми-практикалық ұсыныстарды тұжырымдау.

Егер теориялық жетістіктермен қатар бір мезгілде практикалық шаралар жүйесі негізделсе және оларды жүзеге асыру заманауи мектептің өзекті мәселелерін шешудің тиімділігін арттырса, дидактикалық зерттеудің құндылығы жоғары болады.

Соңында, зерттеуші зерттеудің соңғы кезеңінде қандай әдістер қолданылғандығын, зерттеу нәтижелерін қалай қорыту керек екендігін және педагогикалық процестің белгілі бір жақтарын жетілдіру үшін ұсыныстар жасау керек екендігін пайымдайды.

1 Бордовская Н.В. *Диалектика педагогического исследования: Логико-методологические проблемы*. – СПб.: Издательство РХГИ, 2001. – 512 с.

2 Нугусова А., Аралбаева Р.К., Сапарғалиева А.Ж. *Методология и методика организации научно-педагогических исследований. Учебно методическое пособие для студентов, магистрантов и докторантов*. – Талдықорған: ЖГУ. 2013. – 168 с.

3 Nugusova A., Aralbaiyeva R., Sapargaliyeva A. *Methodology and technique of the organization scientific and pedagogical research. Educational-methodical manual for students, mesters and doctoral candidates of pedagogical specialties /Taldykorgan/ Zhetysu stele university of Ilias Zhansugurov/ 2013. – 149 p.*

4 Нұғысова А. *Ғылыми-педагогикалық зерттеулерді ұйымдастыру. Оқу әдістемелік құрал*. – Талдықорған: I.Жансүгіров атындағы ЖМУ, 2013. – 119 б.

Резюме

В работе рассмотрены методологические основы организации научно-педагогических исследований будущего педагога в вузе: определены задачи, основные компоненты и особенности организации исследования. Изложены методы проведения и оценки полученных результатов в процессе научно-педагогических исследований.

Ключевые слова: будущий педагог, научно-педагогическое исследование, методология

Summary

The article discusses methodological bases for organization of scientific and pedagogical researches of future teachers at university: objectives, basic components and peculiarities of organization are defined. Methods of implementation and evaluation of the results, obtained in the process of scientific-pedagogical researches, are presented.

Keywords: future pedagogue, scientific and pedagogical research, methodology

УДК 316.334:378 (574)

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ СПЕЦИАЛИСТОВ ПОМОГАЮЩИХ ПРОФЕССИЙ

А.Ж. Сапаргалиева – докторант специальности «Педагогика и психология» ЖГУ им. И.Жансугурова,
Р.К. Аралбаева – д.социол.н., к.п.н., профессор ЖГУ им. И.Жансугурова

В статье раскрыты особенности подготовки специалистов помогающих профессий. Разработаны педагогические условия подготовки специалистов помогающих профессий: спецкурс, проведение непрерывной практики в процессе всего периода обучения в вузе с уточнением и конкретизацией целей, задач и содержания, тренинг как инновационный метод, внеаудиторная работа со студентами 1-4 курсов, имеющих профессиональную направленность. В основу предложенных условий положено общее условие, которое мы обозначили как психолого-педагогическое сопровождение студентов в течение всего периода обучения в вузе, основанное на принципах личностно ориентированного образования с применением инновационных технологий.

Ключевые слова: профессиональная деятельность, специалисты помогающих профессий, педагогические условия, высшее образование, принципы

Казахстанская система высшего образования является одним из шести приоритетов стратегии развития Республики Казахстан на современном этапе. Демократическая основа реформ определила степень развития высшей школы, что дает возможность выявить степень автономности вузов, образовательную и кадровую политику, внедрять систему менеджмента качества, новые технологии обучения. Укрепление ресурсной базы, расширение практической составляющей научно образовательной деятельности, потребует инвестиций в сохранение и развитие **человеческого капитала**, который является главным приоритетом Государственной программы образования Республики Казахстана 2011-2020 годы. В послании Президента страны-лидера нации Н.А. Назарбаева «Социально-экономическая модернизация - главный вектор развития Казахстана» содержится обоснованная концепция очередного этапа развития отечественного образования, ориентированного на подготовку специалистов новой формации, умеющих применять знания и технологии в различных сферах деятельности, мотивированных на постоянное самообразование [1].

В связи с этим одной из приоритетных задач высшей школы является подготовка качественно нового, гибкого, конкурентоспособного, компетентного, высококвалифицированного специалиста, обладающего широкими фундаментальными знаниями, инициативного, способного самостоятельно и творчески подойти к решению профессиональных задач, умеющего быстро адаптироваться к непрерывно меняющимся требованиям рынка труда, способного эффективно выполнять профессиональную деятельность и нести ответственность за ее результаты [2].

Развитие системы социальной помощи в Казахстане предполагает формирование разветвленной сети социальных учреждений различного профиля, включающих в себя не только учреждения социального обслуживания населения, но и учреждений психологического, медицинского, реабилитационного профилей. Таким образом, одним из приоритетных направлений данного процесса выступает интеграция практической социальной работы в такие профессиональные сферы, как медицина, психология, право, образование и др. Специалисты помогающих профессии, призванные решать комплексные проблемы клиента на основе целостного, научно обоснованного и интегративного подхода, в процессе осуществления своей деятельности нередко сталкиваются с необходимостью взаимодействовать с другими специалистами: врачами, юристами, психологами, педагогами. Профессионализация специалистов помогающих профессий сопряжена с формированием функциональной специфичности профессии, то есть комплекса функций, на основании которых можно идентифицировать профессиональную позицию или профессиональную роль социального педагога, педагога-психолога, психолога. Развитие профессиональной подготовки специалистов помогающих профессии в современных условиях испытывает влияние целого ряда противоречий, характеризующих процесс формирования функциональной специфичности профессии социального педагога, педагога-психолога, психолога.

При подготовке специалистов помогающих профессий, несомненно, парадигма педагогики поддержки является более предпочтительной, так как обучающиеся и преподаватели являются равноправными субъектами, «сотворцами» образовательного процесса, а отношения между ними носят подлинно субъект-субъектный характер. В этом случае цели профессиональной подготовки являются продуктом совместных усилий преподавателей и обучающихся. Главной задачей педагогической деятельности становится поддержка обучающихся в процессе их профессионального становления [3, 4].

В нашей работе были определены педагогические условия формирования профессиональной компетентности специалистов помогающих профессий, входящие в организационно-технологический блок разработанной модели.

Под комплексом педагогических условий мы понимаем рациональное сочетание специально создаваем

мых обстоятельств, способствующих формированию профессиональной компетентности. Формирование профессиональной компетентности специалистов помогающих профессий может быть достигнуто, если данные условия будут взаимосвязаны между собой и взаимно дополняемы.

Нами предложены следующие условия:

- введение спецкурса «Формирование профессиональной компетентности специалистов помогающих профессий»;
- проведение непрерывной практики в процессе всего периода обучения в вузе с уточнением и конкретизацией целей, задач и содержания;
- использование тренинга профессиональной компетентности специалистов помогающих профессий;
- проведение внеаудиторной работы по психологии и педагогике, имеющей профессиональную направленность.

В комплексе выделенные педагогические условия составляют психолого-педагогическое сопровождение студентов-специалистов помогающих профессий в течение всего периода обучения в вузе, основанное на принципах личносно ориентированного образования с применением инновационных технологий, то есть организация учебного процесса на основе инновационных методов и форм обучения.

Опираясь на выводы теоретической части исследования и результаты констатирующего эксперимента (диагностики исходного уровня сформированности каждой составляющей профессиональной компетентности специалистов помогающих профессий), нами был организован формирующий эксперимент.

В рамках формирующего эксперимента решались следующие задачи:

- апробация разработанной модели формирования профессиональной компетентности специалистов помогающих профессий;
- разработка, реализация педагогических условий, способствующих формированию каждой составляющей профессиональной компетентности;
- экспериментальная проверка эффективности выделенных педагогических условий.

Задачи формирующего эксперимента определили основные направления работы и этапы.

Подготовительный этап предусматривал разработку программы и содержания спецкурса «Формирование профессиональной компетентности специалистов помогающих профессий»; уточнение и корректировку программы непрерывной практики; разработку программы «Тренинга профессиональной компетентности специалистов помогающих профессий» и внеаудиторной работы по педагогике и психологии.

Основной этап был направлен на формирование профессиональной способности и предполагал экспериментальную проверку выделенных педагогических условий: апробацию спецкурса, программы непрерывной практики, внедрение тренинга, осуществление внеаудиторной работы по педагогике и психологии со студентами. На данном этапе эксперимента происходило проектирование и конструирование педагогического процесса вуза с учетом выделенных педагогических условий.

Заключительный этап был направлен на получение обратной связи от студентов по итогам проведения формирующего эксперимента и реализовался через беседу.

Формирующий эксперимент проводился в 2012-2014 учебных годах со студентами экспериментальных групп 1-2 курса специальности «Педагогика и психология», «Дошкольное обучение и воспитание» (60 человек).

В качестве *первого педагогического условия* нами был выделен - спецкурс «Формирование профессиональной компетентности специалистов помогающих профессий». Разработанный спецкурс входит в цикл элективных дисциплин (курсов по выбору). Предлагаемый спецкурс, являясь частью профессиональной подготовки студентов-специалистов помогающих профессий в вузе, обобщает, систематизирует, интегрирует содержательные единицы предшествующих психолого-педагогических дисциплин («Введение в психолого-педагогическую специальность», «Практическая психология», «Психология развития», «Психология развития человека», «Общие основы педагогики», «Дидактика», «Теория воспитания» и др.) и способствует формированию профессиональной компетентности.

В соответствии с алгоритмом проектирования спецкурса «Формирование профессиональной компетентности специалистов помогающих профессий» нами выявлены принципы отбора и структурирования содержания обучения. Основными принципами отбора содержания и организации обучения являются следующие:

- принцип научности - отбор содержания материала в соответствии с современным уровнем развития педагогической и психологической науки;
- принцип практикоориентированности - отбор содержания материала, направленного на решение профессиональных психолого-педагогических задач с учетом модернизации современного образования; организация разнообразной практической деятельности в соответствии с характером получаемого знания;

- принцип культуросообразности - отбор содержания материала, который поможет решению профессиональных задач в конкретных социокультурных условиях;
- принцип природосообразности - учет возрастных и индивидуальных особенностей студентов;
- принцип гуманизации - диалогичность учебного материала, ориентирующего студентов на сопоставление различных точек зрения, уважение личности каждого студента, создание положительного психологического климата;
- принцип субъектности - осознание и принятие студентами своего «Я» во взаимоотношениях с другими людьми, создание условий для проявления и развития личностью собственной индивидуальности.

Найдены оптимальные формы и методы обучения, адекватные поставленным целям. Ведущей формой организации лекционных занятий является традиционная и проблемная лекции. Организация практических занятий основывается на применении инновационных методов и форм обучения: «мозгового штурма», «грозди» («кластеры»), «деревя решений» и т.п., а также предусматривает участие студентов в коллективно-групповой работе, в дискуссиях, в анализе конкретных ситуаций, в деловых, ролевых играх, тренинговых упражнениях с последующей рефлексией, выполнение творческих заданий. При проведении практических занятий учитываются потребности и интересы студентов. Организация самостоятельной работы студентов (СРС) предполагает выполнение заданий, упражнений; изучение отдельных вопросов темы; написание рефератов, докладов, эссе; работу с литературой. Самостоятельная работа студента под руководством преподавателя (СРСП) подразумевает внеаудиторную работу студента с участием преподавателя (консультацию) по вопросам, требующим особого внимания.

Следующим педагогическим условием является непрерывная практика в процессе всего периода обучения в вузе.

Практика выступает эффективным средством подготовки специалистов помогающих профессий, является «мостиком» между теоретической подготовкой и их практической самостоятельной деятельностью в учреждениях образования. Практика, являясь составной частью профессиональной подготовки специалистов помогающих профессий в вузе, органично включенная в учебно-воспитательный процесс вуза, предоставляет студенту возможность понять специфику будущей профессиональной деятельности, увидеть ее особенности, закрепить теоретические знания, приобрести практический опыт, выявить пробелы в знаниях, а также способствует формированию профессиональной компетентности, которая является основой эффективности и успешности профессиональной деятельности.

Третьим педагогическим условием является – «Тренинг профессиональной компетентности специалистов помогающих профессий».

Тренинг, как было отмечено выше, является одной из инновационных технологий подготовки специалистов, которая не сводится к передаче знаний и умений, а создает возможность прямого соприкосновения с изучаемой реальностью, обучение посредством приобретения и осмысливания жизненного и профессионального опыта, моделируемого в групповом взаимодействии людей. Такое моделирование осуществляется с помощью различных инновационных форм и методов обучения – мини-лекций, групповых дискуссий, разбора ситуаций, деловых и ролевых игр, упражнений на отработку необходимых навыков. Их сочетание способствует тому, что материалы тренинга усваиваются намного эффективнее, чем на традиционных занятиях.

Основная цель представленного нами тренинга – формирование профессиональной компетентности специалистов помогающих профессий в вузе.

Четвертое педагогическое условие – внеаудиторная работа по педагогике и психологии, одной из форм которой является проведение недели специальности «Педагогика и психология».

Неделя специальности проводится с целью популяризации специальности «Педагогика и психология». При проведении Недели специальности решаются следующие задачи: формирование профессиональной направленности (формирование позитивного отношения к будущей профессиональной деятельности, развитие устойчивого интереса к овладению профессией и потребности в самообразовательной деятельности); развитие активности, самостоятельности, ответственности, инициативности, креативности; систематизация, актуализация и практическое применение теоретических знаний, полученных в ходе изучения базовых и профилирующих дисциплин; расширение и углубление знаний по актуальным проблемам педагогики и психологии, о профессии; способствование формированию профессиональной компетентности; развитие у студентов профессионально важных качеств.

Таким образом, особая роль при проведении внеаудиторной работы отводится формированию профессиональной направленности студентов, развитию интереса к общению с людьми, к своим индивидуально-личностным особенностям, стремления студентов к самопознанию, самореализации, самосовершенствованию, что составляет мотивационный компонент профессиональной компетентности специалистов

помогающих профессий.

Реализация педагогических условий в комплексе позволила осуществить психолого-педагогическое сопровождение студентов-специалистов помогающих профессий в процессе всего периода обучения в вузе, основанное на принципах личностно ориентированного образования с применением инновационных технологий.

1 *Послание Президента Н.А. Назарбаева - Лидера нации народу Казахстана «Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана. – газета «Казахстанская правда» от 28 января 2012 г. №32 (26851).*

2 *Сапаргалиева А.Ж., Аралбаева Р.К. и др. Современные проблемы обновления содержания социального образования в Республике Казахстан//Высшее образование сегодня, журнал. - М., 2014 - №2 - С. 48-51.*

3 *Маркова А.К. Психология профессионализма. - М.: Знание, 1996. - 308 с.*

4 *Профессиональная компетентность педагога-психолога // Учебно-методическое пособие. - Аралбаева Р.К., Нугусова А., Сачкова Н.В. - Талдықорган, 2011. - 272 с.*

Түйін

Мақалада көмекші мамандықтар мамандарын даярлау ерекшеліктері айқындалған. Көмекші мамандықтар мамандарын даярлаудың педагогикалық шарттары жасалған: арнайы курс; оқытудың мазмұнын, мақсаты мен міндеттерін, тренингті инновациялық әдіс ретінде ескере отырып жоғары оқу орнында оқу үдерісінің барлық кезеңдерінде үздіксіз педагогикалық практика өткізу;

1-4 курс студенттерімен кәсіптік бағытта аудиториядан тыс жұмыстар жүргізу. Ұсынылып отырған педагогикалық шарттар жоғары оқу орнында оқу үдерісінің барлық кезеңдерінде студенттерге психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету ретіндегі жалпы шартқа, инновациялық технологияларды қолдану арқылы тұлғалық бағдарлы білім беру принциптеріне негізделген

Түйінді сөздер: кәсіби іс-әрекет, көмекші мамандықтар мамандары, педагогикалық шарттар, жоғары білім, принциптер

Summary

Abstract. The article reveals the peculiarities of training of specialists of helping professions. Some pedagogical conditions of training of specialists of helping professions were developed such as a special course, the ongoing practice during the entire period of study at the University with clarification and elaboration of goals, objectives and content of training as an innovative method of extracurricular work with students of 1-4 courses with a professional orientation. As the basis of the proposed conditions laid a general condition, which we refer as psycho-pedagogical support of students during the whole period of education based on the principles of learner-centered education with the use of innovative technologies.

Keywords: professional activity, specialists of helping professions, pedagogical conditions, higher education, principles

ӨОЖ 37.04: 37. 042

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Г.К. Шолпанқұлова – п.ғ.к., профессор,

А.Б. Абишева – «Педагогика және психология» мамандығының I курс магистранты, Абай ат. ҚазҰПУ

Тұрғындардың денсаулық жайы – қоғамның тұрақты дамуының маңызды факторы және мемлекеттің әлеуметтік мүмкіндіктерінің индикаторы. Денсаулық сақтау мәселесін қоғам дамуының басымдыққа ие бағыты ретінде қарастыру оны теориялық және практикалық тұрғыдан зерттеуді, әдістемелік тұрғыдан қамтамасыздандыруды талап етеді.

Осыған байланысты білім беру жүйесінде ұрпақ денсаулығын сақтау және нығайту мәселесі өзекті болып саналады. Денсаулық сақтау технологиясы - бұл педагогқа білімалушының психологиялық және физикалық денсаулығына зиян келтірмей отырып, оқытудың тиімділігіне қол жеткізуге мүмкіндік беретін технология. Бақылау нәтижесі көрсеткендей, оқыту үдерісінде денсаулық сақтау технологиясын қолдану оқушылардың әлеуметтік және білім беру кеңістігіне табысты бейімделуіне, өздерінің шығармашылық қабілеттерін ашуына мүмкіндік береді.

Тірек сөздер: денсаулық, физикалық және психологиялық денсаулық, технология, денсаулық сақтау технологиясы

Білім - кез-келген мемлекеттің басты ресурсы, ұлттық қауіпсіздігінің кепілі болса, ал денсаулық – аурулардың жоқтығы ғана емес, ол физикалық шынығудың белгілі бір деңгейі, психикалық және физикалық сәттіліктің негізі. Тұрғындардың физикалық және рухани денсаулығы мемлекет өркеніетінің көрсеткіші, ұрпақ дамуының тұрақты индикаторы екені сөзсіз. Денсаулық сақтау - қоғам қызметінің басымдық

қа ие бағыты, себебі дені сау ұрпақ қана берген білімді меңгере алады, болашақта өнімді еңбекпен айналысуға қабілетті болады.

Қазақстан азаматтарының денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын ынталандыру туралы Елбасының жолдауы мемлекеттің кілтін ұстар жастардың болашағына апаратын алтын сұрлеу десе болады. Барлық дамыған елдерде тұрғындардың, оның ішінде *жастардың денсаулығы* негізгі ұлттық құндылықтардың бірі және мемлекет саясатының басты бағыты болып саналатынын ескерсек, осының бәрі салауатты өмір сүруіне келіп тіреледі.

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын және оның даму жоспарын, сондай-ақ ҚР Президентінің Жолдауын іске асыру мақсатында әзірленіп отырғаны белгілі. Ол бағдарламаны талқылайтын болсақ, бір-бірімен тығыз байланысты алты бағытты қарастырады, соның бірі - *Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты* болып табылады [1].

Жалпы «өмір сүру» - адамдардың табиғаттағы және әлеуметтік ортадағы қарым-қатынас жүйесі, яғни ұзақ өмір сүруге талпындыратын іс-әрекет. Демек салауатты өмір салтын қалыптастыру мектепте оқыту үдерісінде денсаулық сақтау технологиясын қолданудан бастау алатын құбылыс.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті- ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді акпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді [2].

Бұл міндеттерді шешу үшін білім беру мекемесіндегі ұжымының, әрбір мұғалімінің күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құруға, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практикаға, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды.

Осы орайда мұғалім тек білім беріп қана қоймай, оқушылардың денсаулығына зиян келмеуін де басты назарда ұстауы керек. Сабақ барысында оқушылардың шаршауын болдырмау мүмкін емес. Әйтсе де, мұғалімнің міндеті - сабақ барысында оқушыны шаршататын әсерлерді азайту, сабақты ұйымдастыруда денсаулыққа зиянды әсер ететін факторларға (дұрыс тамақтанбау; зиянды әдеттерге үйірсектік; әлеуметтік жағдайдың төмендігі; дене белсенділігінің шектеулілігі т.б.) көңіл бөлу, оқушылардың шығармашылық білім дағдыларын қалыптастыру барысында денсаулығына зиян келтірмейтін технологияларды қолдану.

Ғылыми мәліметтерге сүйенсек, қазіргі оқушылардың денсаулық жағдайы білім берудің денсаулық сақтау парадигмасына назар аударудың қажеттілігін талап етеді. Оны денсаулық сақтау тұрғысынан ұйымдастыру оқушының рухани және физикалық сәтті жағдайын қорғауға бағытталған психологиялық-педагогикалық және санитарлық-гигиеналық негіздеріне сүйенген салауатты өмір салтының қағидаларын жүзеге асыру.

Денсаулық сақтау технологиясы мұғалімнен үлкен кәсіби біліктілікті қажет етеді. Мақсатқа жету мен оң нәтиже алу үшін технологиялық амалдар мен денсаулық сақтаушы әрекеттер жасалуы тиіс.

Денсаулық сақтау технологияларының мақсаты - оқушының мектепте жүрген кезінде денсаулығын сақтау, оның денсаулығын сақтау туралы білім, білігі мен дағдыларын қалыптастыру, алған білімдерін қолдана білуге үйрету.

Денсаулық сақтау технологиясын ендірудегі мақсат - денсаулық сақтау жөніндегі мұғалімнің білімін жетілдіру, оқушының дене шынықтыру жаттығулары мен салауатты өмір сүру салтының денсаулық сақтауды ұйымдастыру - сауықтыру әдістемесін жетілдіру.

Денсаулық сақтау технологияларының ең негізгі міндеті - оқушының еңбегі мен демалысын ұйымдастыру кезінде оның жұмысқа қабілеттілігінің оқу сабағының барысында жоғары болуы, қажудың алдын-алу, зорығуды мүлдем болдырмау т.б.

Сондықтан денсаулық сақтау технологиясының ерекшелігін ашып көрсетуде оның теориялық негізін айқындайтын негізгі категориялардың мазмұнына, денсаулыққа әсер ететін факторларға, денсаулық сақтау технологияларын зерттеген ғалымдар (соның ішінде Ресей ғалымдары) еңбектеріне жан-жақты талдау жасалды.

«Денсаулық сақтау технологиясы» ұғымын кез келген білім беру технологиясының сапалық сипаттамасы және оқыту мен тәрбиенің дәстүрлі технологияларын толықтыратын, денсаулықты сақтауға ықпал ететін қағидалардың, тәсілдер мен әдістердің жиынтығы ретінде қарастыруға болады.

О.В. Петровтың пікірінше, «білім берудегі денсаулық сақтау технологиясы - рухани, интеллектуалды және физикалық денсаулықты дамытатын және нығайтатын, оны сақтауға барынша жағдай жасайтын

жүйе. Бұл жүйеде:

- медициналық қызметкерлер жүргізген оқушының денсаулық жағдайы туралы мониторинг деректерін қолдану, білім беру технологиясын жүзеге асыруда өзінше бақылау жасап, сәйкестігіне көңіл аудару;
- оқушының жас ерекшелігін, есте сақтау қабілетін, ойлауын, жұмыс істеу қабілетін, белсенділігін ескере отырып, білім берудің бағдарламасын дайындау;
- технологияны жүзеге асыру үрдісінде жағымды эмоционалды-психологиялық жағдай қалыптастыру;
- оқушылардың жұмыс істеу қабілеті мен денсаулығының қорын жоғарылату және сақтауға бағытталған денсаулық сақтау іс-әрекетінің әр түрін қолдану және т.б қажет» - деп тұжырымдайды [3].

Н.К. Смирнов «білім берудегі денсаулық сақтау технологиясы - бұл балаларға денсаулық мәдениетін үйрететін, оны сақтауға мүмкіндік беретін жеке қасиеттерді дамытатын, денсаулықты құндылық деп түсінуді қалыптастыратын, салауатты өмір салтын ұстауға ықпал ететін, бағыттайтын педагогикалық-психологиялық технология, бағдарлама, әдіс. Бұл бала денсаулығына зиян келтірмеуге бағытталған білім беру мен тәрбиелеудің жүйелі әдістемесі» - деп есептейді [4].

Зерттеу мәселесін тереңірек зерделеу барысында баланың денсаулығы, оның әлеуметтік-психологиялық бейімделуі, дұрыс өсуі мен дамуы өмір сүру ортасы арқылы анықталатыны айқындалды.

А.А. Никольская бала дамуының мынадай жалпы жағдайларын бөліп көрсетеді:

- даму жайымен және біртіндеп жүзеге асады;
- эмоционалды, ақыл-ой, ерік әрекеттері арасында қандай байланыс болса, рухани даму мен физикалық даму арасында да тығыз байланыс бар. Сол себепті оқу мен тәрбиені қаншалықты дұрыс ұйымдастырса, соншалықты үйлесімді, жан-жақты даму жүзеге асады;
- даму үрдісі кезінде психологиялық әрекеттің барлық бағыты бір мезгілде қатыспайды және олардың даму жылдамдығы мен энергиясы біркелкі емес: даму орташа болып немесе әртүрлі себептермен жылдамдауы мүмкін;
- бала дамуын жасанды жылдамдатуға болмайды, әр жас кезеңіне тән «өз күшін толық жұмсауы қажет» [5].

В.Д. Сонькиннің пікірі бойынша «білім берудегі денсаулық сақтау технологиясы - бұл мектепте баланың оқуына жағдай жасау (стресстің болмауы, талаптың дәлдігі, оқыту мен тәрбиелеу әдісінің дәлдігі); оқу үрдісін тиімді ұйымдастыру (жас ерекшелігі, жыныстық, жеке ерекшелігіне сәйкес гигиеналық талаптар); оқу және физикалық жүктеменің жас мүмкіндігіне сәйкестігі; қажетті, жеткілікті, тиімді ұйымдастырылған қозғалыс тәртібі» [6].

Бүгінгі таңда адамның денсаулығына әсер ететін сыртқы факторлар (экологиялық қауіп, демографиялық жарылыс, соғыс, табиғи катаклизмдер және т.б.) мәселесі жан-жақты зерттелінген.

В.И. Ковалько оқушылардың денсаулығы мен күшінің әлсіреуіне әсер ететін мынадай факторларды бөліп көрсетеді: қатал педагогикалық тактика; оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес келмейтін оқыту әдістері мен технологияларын қолдану; оқу үрдісін ұйымдастыруға қойылатын гигиеналық және физиологиялық талаптардың сақталмауы; ата-аналардың бала денсаулығын сақтау жөніндегі сауатының төмендігі; дене тәрбиесі жүйесінің әлсіздігі; оқу үрдісінің қарқындылығы; педагогтың оқушы денсаулығын сақтау, нығайту мәселесіндегі кәсіби сауатының төмендігі; мектептегі медициналық бақылау қызметінің төмендігі; денсаулықты, салауатты өмір салтын қалыптастыратын жүйелі жұмыстың аздығы [7].

Қорыта келгенде, адам денсаулығы ежелден қай халықта болмасын өзекті болған, ХХІ ғасырда да өз құндылығын жоғалтқан жоқ. Халық арасында «денсаулық – зор байлық, адам бақытының бастауы» - деп оған ерекше мән берілгені мәлім.

Сонымен бірге, «Адам ұрпағымен мың жасайды» - дейді дана халқымыз. Ата-бабаларымыздың дана ой-пікірі талай ғасырлар белесінен өтіп бізге жетіп отырған ақиқат шындық. Олай болса, әр баланың бойына өз денсаулығы үшін жауапкершілікті ерте жастан қалыптастыру керек. Сонда ғана денсаулықты сақтау бойынша берілген білім, білік, дағды жүзеге асады. Бүгінгі білім беру саласының мамандары осы технологияны жете меңгеріп, басты назарда ұстаса жеткіншек ұрпақ денсаулығына алаңдарлық қауіп азаяр еді деп тұжырымдаймыз.

1 Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010 ж.

2 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007. -36 б.

3 Петров В.О. Здоровьесберегающие технологии в деятельности учителя сельской школы // Сельская школа как личностно-ориентированная образовательная система: Материалы научно-практической конференции (май 2004г.). Вып. 1. - Ростов-н/Д.: РГПУ, 2004.

4 Смирнов Н.К. Здоровьесберегающие образовательные технологии в современной школе. – М.: АПК и ПРО, 2002. - 121 с.

5 Никольская, А.А. Задачи разработки истории детской и педагогической психологии //Вопросы психологии. 2008. - №4. - С. 134.

6 Безруких М.М., Сонькин В.Д., Безобразова В. Здоровьесберегающая школа. - М.: Педагогический университет "Первое сентября", 2006. - 72 с.

7 Ковалько, В.И. Здоровьесберегающие технологии в начальной школе: 1-4 классы. - М.: ВАКО, 2004. - 296 с.

Резюме

Состояние здоровья населения - важнейший фактор устойчивого развития общества и индикатор потенциальных возможностей государства. Выдвижение проблемы здоровья в число приоритетных задач общественного развития обуславливает актуальность теоретической и практической ее разработки, определяя необходимость развертывания соответствующих научных исследований и выработку методических и организационных подходов к сохранению здоровья населения.

В этой связи особую роль приобретает проблема здоровьесбережения в системе образования. Здоровьесберегающие технологии – это технологии позволяющие педагогу добиться наибольшей эффективности обучения с наименьшим причинением вреда психологическому и физическому здоровью обучающихся.

Наблюдения показывают, что использование здоровьесберегающих технологий в учебном процессе позволяет учащимся более успешно адаптироваться в образовательном и социальном пространстве, раскрыть свои творческие способности.

Ключевые слова: здоровье, физическая и психологическая здоровья, технология, здоровьесберегающие технологии

Summary

The health status of the population - a key factor for sustainable development of society and potential indicator of the state. Nomination of health problems among the priorities of social development determines the relevance of the theoretical and practical development, determining the need for the deployment of relevant research and the development of methodological and organizational approaches to preserve the health of the population.

In this regard, a special role is the problem of health preservation in the education system. Health-technology - a technology enabling the teacher to achieve the most efficient training with the least injury to the mental and physical health of students.

Observations show that the use of health-technology in the educational process allows students to adapt more successfully in the educational and social space to unleash their creativity.

Key words: physical and psychological health, technology, technologies will

УДК 371.212.08

ҰЛТТЫҚ ӨЗІНДІК САНА СТУДЕНТТЫҢ ҚОЗҚАРАСЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ КОМПОНЕНТІ РЕТІНДЕ

Н.Н. Хан – п.ғ.д., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ,

Ш.Ж. Колумбаева – п.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ-нің профессоры

Адам бойындағы ұлттық өзіндік сана оның тұлғалық қалыптасуы және әлеуметтік-психологиялық тұрғыда нақты бір деңгейге жетуі үшін қажетті маңызды өлшемдердің бірі болып табылады. Ұлттық өзіндік сананың дамуы «сана» және «ұлттық өзіндік сана» ұғымдарын анықтаумен тығыз байланысты.

Сана-адамның жануарлардан айырмашылығын білдіретін басты белгі. Бұл ұғымдар туралы әртүрлі анықтамалар берілген, бірақ олардың өзара ұқсастығын және оларды біріктіретін жалпылама түсініктер де баршылық. Саналы адамды төмендегідей сипаттауға болады:

- өзін қоршаған ортада объективті шынайылық түрінде бөліп көрсете алады, өзінің «менін» сыртқы заттардан бөліп қарастырады, ал заттардың сипатын, ерекшеліктерін олардың өздерінен ажырата біледі. Яғни, «Мен-бұл Мен емес» типін ажыратады;

- бұл әлеммен өзара әрекеттестікте болып, онымен нақты қатынас қалыптастыруда мақсатты түрде өзгерістер енгізе алады;

- алдына өмірлік мақсаттар қойып, оған жетуде қабілеттілік танытады, іс-әрекетте өз мінез-құлқын жоспарлай алады, олардың нәтижесін көреді және салдарын бағалай біледі;

- әлемге асқан құштарлықпен қарайтынын эмоциясында, сезімінде, тілегінде, ойында және ішкі

күйзелістерінде көрсете алады; өзінің ойы, сезімі, тілегі, ішкі күйзелістерінде сезіп-білгендері бойынша есеп береді;

- өзінің жеке даралық және тұлғалық ерекшеліктерін біледі.

Саналы адам ғана өзіндік санаға ие. Өзіндік сана – бұл табиғи бейнені көрсететін сананың ерекше формасы. Егер адам сана арқылы қоршаған әлемді қабылдап түйсінетін және оған нақты бір бейне арқылы бағытталады болса, онда өзіндік сана тұлғаның өзіне бағытталады. Яғни, тұлғаның өзі, өзіндік ойы, сезімі, қажеттіліктері және оның барлық ішкі жан дүниесі өзіндік сананың нысаны болып саналады.

Психологияда өзіндік сана тұлғаның жеке даралық ерекшеліктерінің көпқырлылығын және оның көптеген қоғамдық байланыстардағы өзіндік мәні мен орнын көрсететін процесс ретінде түсіндіріледі.

Адам сана және өзіндік сана арқылы әртүрлі қарым-қатынас және іс-әрекетке белсенді араласу нәтижесінде тұлға болып қалыптасады. Адам болу – сана ғана емес, сонымен қатар өзіндік санаға да ие болу дегенді білдіреді. Яғни, өзін-өзі тани отырып, әлемді тану, өзін қоршаған ортадағы шынайылықтан ажырата білу, бұл әлеммен нақты қарым-қатынас орнату, онымен өзара әрекеттестікте болу, оған өзгерістер енгізе алу және өзінің тұлғасын жетілдіру болып табылады.

Өзіндік сананың жас ерекшеліктері, діни, кәсіби, таптық, ұлттық және басқа да түрлері бар. Әлеуметтік ғылымдарда «ұлттық өзіндік сана», «этникалық өзіндік сана» және «таптық өзіндік сана» терминдері қолданылады. Олар әртүрлі әлеуметтік топтардың мүшелерінің өзіндік сананың ерекшеліктерін, мақсатын және әлеуметтік ортадағы орнын түйсінуді білдіреді.

«Ұлттық өзіндік сана» ұғымы 60-жылдардан бастап ғылыми этнографиялық, философиялық еңбектерде, ал 80-жылдардың орта кезінен бастап Ю.В. Бромлей, Л.М. Дробижева, Р.Г. Абдулатипов, Джунусов, К.Н. Хабибуллин, А.Г., Агаев, Д.Кадыржанов және т.б. ғалымдардың ұлттық өзіндік сана мәселелеріне арналған еңбектерінде көрініс бере бастады [1].

Қазіргі уақытта ұлттық өзіндік сананың мәні мен даму факторларын оқып үйренуде бірыңғай тұрғылар жоқ. Кейбір зерттеушілер оны ұлттың сана-сезімімен байланыстырады, кейбіреулері оның мазмұнын ұлттық стереотиптермен ұштастырады, ал үшінші біреулері оны тұлғаның ұлттық өзіндік сәйкестендіруімен бірге қарастырады. Көптеген авторлар «ұлттық сана» және «ұлттық өзіндік сана» ұғымдарының шекарасын, ара-жігін ажыратудан қашқақтайды. Дегенмен, ғалымдардың басым көпшілігі бұл ұғымдардың айырмашылықтарын ашып айтады. Мәселен, ғалым П.И. Гнатенконың пікірінше, егер ұлттық өзіндік сана индивидтің деңгейінде және ұлттың деңгейінде қарастырылса, онда ұлттық өзіндік сана тек қана ұлттық деңгейде болады [2].

Ұлттық сана – қоғамдық сананың бір формасы, онда қоғамның этникалық өмірі көрініс береді; бұл этникалық процестердің табиғи өзіндік ерекшеліктерін түсінудегі теориялық және қарапайым көзқарастардың жиынтығы.

Өзіндік сана арқылы әр ұлт өзінің көпұлтты әлемдегі жалпы, түпкі тектік қызығушылықтары, мақсаты мен мұраты, өзіндік «бет-бейнесін», сонымен қатар өзге ұлттар мен мемлекеттерге деген қатынасын түсінеді.

Сол себепті көптеген ғалымдар ұлттық өзіндік сананы халықтың рухани мәдениетінің ұлттық деңгейі деп пайымдайды.

«Этникалық, ұлттық өзіндік сана» ұғымы «этнос», «ұлт» категорияларын түсіндіре білумен байланысты. Ұлтты локальды (этникалық) және әмбебап (ұлттылықтан жоғары, жалпыадамзаттық) ауыспалы құбылыс ретінде анықтай отырып, ұлттық өзіндік сананың « этникалық өзіндік сана-ұлттық өзіндік сана-жалпыадамзаттық өзіндік сана» ретінде түсінік құрайтын жүйелі байланыстар тізбегі екенін бөліп көрсетуге болады (П.Е. Астафьев, Б.Т. Лихачёв, В.М. Межуев және т.б.) [3; 4; 5].

Әр халықтың ұлттық санасы ұзақ тарихи дамудың жемісі болып табылады. Ұлттық сана теориялық және қалыпты деңгейде көрініс береді.

Ұлттық өзіндік сана ұлттық сананың ядросы ретінде тұтас бір ұлттың, этностық топтардың және жеке тұлғалардың да қызығушылықтарын бейнелейді.

Ұлттық өзіндік сана көпұлтты қоғам деңгейінде этникалық өзіндік санамен өзара әрекеттестік үдерісінде пайда болады. Тарихи тұрғыда халықтың ұлттық өзіндік санасы ұлттық мәдениеттің тарихи құндылықтары және әлемдік мәдениеттің даму бағыттарының негізінде қалыптасады. Оны ұлттық территория, мәдениет, тіл және өткен тарих туралы көзқарастар мен пайымдаулар құрайды.

Ұлттық өзіндік сана шындығында әр халықтың өзінің әлеуметтік-этникалық мәнін, адамзат баласының даму тарихында қандай рөл атқарғанын және жалпыадамзаттық өркениетке қосқан үлесін түсініп, түйсінуді болып табылады. Ұлттық өзіндік сана әртүрлі қызмет атқарады. Зерттеуші К.Н. Хабибуллиннің пікірінше, ұлттық сананың қызметі оның қоғам өмірінде, ұлттың тіршілігінде және ұлтаралық қатынастарда «рөл атқару» қабілеттілігінен көрінеді. Әдетте, оның бейімделу, қорғаныш,

танымдық, өзін-өзі бақылау, тұрақтылық, жасампаздық, әлеуметтенушілік және жобалаушылық сияқты қызметтерін бөліп қарастырады [6].

Бұл қызметтер мына жағдайларда көрініс табады:

- «бейімділік» - ұлттық дәстүрлерді және басқа да ұлттық элементтерді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуді қамтамасыз етеді, сөйтіп ұлттың, халықтың ынтымақтастығына, бірігуіне «жұмыс істейді» (М.С. Джунусов);

- қорғаныштық – ұлттық мәдени құндылықтарды жойылып кетуден, ұлттық жетістіктерді сырттай және іштей шектелуден сақтауға және ұлттық қызығушылықты қорғауға байланысты болады;

- танымдық-рухани мәдениетті, тарихи жәдігерлерді, салт-дәстүрлерді ұрпақтан ұрпаққа жеткізу механизмі ретінде қатысады;

- өзін-өзі тексеру және жауапкершілік қызметі теңдік, әділеттілік ұстанымдарын бұрмалауда кедергілерді болдырмауға, ұлттық дандайсұға, әр түрлі көзқарастарға, наным-сенімдерге жол бермеуге қызмет етеді.

Қазіргі адамзатта 3000-нан астам халық бар, сол сияқты әлемде тәуелсіз мемлекеттер саны-200-ге жуық. Л.Н. Толстой «бұл өмірден өзінің ұлттық мақтанышын іздемейтін адам жоқ шығар», - деп жазған.

Әлемдегі әр халықтың өзінің тарихы, ұлттық-этникалық өзіндік ерекшелігі, өзінің салт-дәстүрі, ұлттық жетістіктері және ұлт ретінде мекен ететін өз территориясы болады. Оның «ұлттық өзіндік санасы өз көзқарасында, идеяларында, сезімдерінде, көңіл-күйінде көрініс тауып, ұлт мүшелерінің өзінің басқа қауымдастық мүшелерімен сәйкестігінің және өзгешелігінің мазмұны мен деңгейін анықтай алуынан білінеді; ұлттық құндылықтар мен қызығушылықтар, ұлт тарихы, оның қазіргі даму бағыты мен болашағы, мемлекет ішіндегі әлеуметтік-этникалық қауымдастықтағы, мемлекетаралық және ұлтаралық қатынастардағы орны арқылы айқындалады» (*Этнопсихологиялық сөздік, 1999 ж.*).

Ұлттың барлық өкілдері өзара бөлісе алатын мәдениет ұлттық өзіндік сананың негізі болып саналады. Ғалымдар арасында халықтың ұлттық өзіндік санасының құрылымын анықтауда қалыптасқан нақтылық жоқ.

Дей тұрғанмен, төмендегідей ортақ компоненттерді атауға болады:

- экономикалық және мемлекеттік факторлар;
- ұлттық қажеттіліктер және қызығушылықтар;
- ұлттық өзіндік сәйкестік ;
- ұлттық стереотиптер (басқа халықтар туралы көзқарастар);
- өткен тарихтың жалпыламалығы;
- тарихи жады;
- мәдени құндылықтар, тіл;
- дін;
- табиғат, жалпы территориялық;
- өзге ұлттарға құндылықты бағдарлы қатынас (толеранттылық);
- ұлттық құндылықтар жүйесі;
- ұлттық рәміздер, мұраттар, салт-дәстүрлер.

Мысалы, тарихи жады-ұлт қауымдастығының және ұлттық жауапкершіліктің көзі. Өткен өмір сабақтарын есте сақтау, ата-бабаларды пір тұту, қателіктерден аулақ болу және ұрпақ алдында жауапкершілікті сезіну-бұлар тарихи жадының ұлтты біріктіретін маңызды қызметтері болып табылады.

Халықтың ұлттық өзіндік санасының қалыптасуына мынадай әртүрлі факторлар әсер етеді:

- ұлттың өмір сүруінің әлеуметтік-экономикалық және тарихи жағдайлары;
- этникалық орта, этноәлеуметтік жағдайлар;
- этномәдени салт-дәстүрлер, құндылықтар;
- мемлекеттің экономикалық дамуындағы әлеуметтік идеялар, оның институттары және қарым-қатынастары;
- саяси сезімдер мен топшылаулар;
- діни көзқарастар;
- халықтың көш-қоны;
- этникааралық белсенді байланыстар;
- мемлекет және оның институттары, отбасы;
- білім беру жүйесі (оқыту және тәрбиелеу);
- БАҚ, мәдени мекемелер және т.б.

Әлеуметтік-тарихи тәжірибе әр ұрпақтың өз халқының өткенін саралай отырып, нақты бір уақыт аралығына тән ұлттық дамудың мақсаты мен міндеттерін анықтайтынын, болашағын болжайтынын,

саяси, идеологиялық, экономикалық, мәдени бағдарлар құратынын және қазіргі әлемге сәйкес ұлттық өзіндік сана қалыптастыратынын көрсетеді. Бұл үдеріс ұлт тарихының аса күрделі, шешуші кезеңдерінде жылдамырақ өтеді.

Ұлттық өзіндік сана ұлт пен адамның қауымдастығын және олардың осы қауымдастықтың мүшесі екендігін сипаттайтын фактор болып табылады.

Тұлға өзінің ұлттың ажырамас бір бөлігі екендігін сезіне отырып, өз халқының тарихын, ұлттық құндылықтарын (жазу, ұлттық тіл, рухани мәдениеттегі жетістіктер және т.б.) түйсінеді, халқының әлемдік мәдениетке қосқан үлесін бағалайды, ұлттық жетістіктермен бөліседі және олардың дамуына ықпал етеді.

Ұлттық өзіндік сананың дамуы индивидтің халқының салт-дәстүрлерін, яғни этникалық шыққан тегін білуімен, сонымен қатар бұл үдерістегі адамгершілік жалпыадамзаттық құндылықтарды мойындауымен байланысты. Сөйтіп, ұлттық өзіндік сананың дамуының маңызды тұстары ондағы этникалық, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың біркелкілігі болып табылады.

Адамның тұлға болып қалыптасуы нақты бір қоғамдық жағдайларда ғана өтпейді, өйткені «тұлға – дегеніміз белгілі бір тарихи жағдайларда өмір сүретін және психологиялық дамудың, ұлттық өзіндік сананың қажетті деңгейіне жеткен, өзінің қоршаған ортамен өзара әрекеттестігін басқара алатын нақты адам». Сондықтан ұлттық өзіндік сана оны жеткізуші, яғни индивидтің арқылы көрініс беріп, өзара бірегейлік құрайды және тұлғаның көзқарасының маңызды компоненті болып табылады.

Тұлғаның өзіндік ұлттық санасы субъектінің өзінің этникалық ерекшелігін позитивті қабылдай алуымен, халқының өткен өміріне, оның бүгіні мен ертеңіне тарихилық тұрғыда қатынас жасай алуымен, ана тілін меңгеруде белсенділік танытуымен, халқының мәдениетін оқып-үйренуімен, ұлттың талап-тілегін, құндылықты бағдарларын түйсініп қабылдауымен және өзге этникалық қауымдастықпен жағымды қарым-қатынас қалыптастыра алуымен, өзінің территориясын сақтап қалуымен және оның байлығын толықтыруымен дәйектеледі.

Ұлттық өзіндік сана – бұл тұлғаның өзінің белгілі бір ұлттық қауымдастықтың өкілі екенін түсінуіне, өзге ұлт өкілдерінің мәдениетін дұрыс бағалай алуын реттейтін, сонымен қатар оның тіл, мәдениет, өз қауымдастығының ерекшеліктерін білетін және діни, территориялық, мемлекеттік қоғамдастықтағы ұлттың өткен тарихы туралы өз көзқарастары бар индивидтің тұлғалық дамуының интегративті сипаты. (Левитская, Д.В. Ефимова) [7].

Зерттеуші Д.В. Ольшанский «ұлттық өзіндік сана - белгілі бір ұлттық-этникалық қауымдастық өкілдерінің өзіндік ерекшеліктерін білдіретін, оның тарихи, қазіргі жағдайы және болашақ дамуының мазмұнын көрсететін, сонымен қатар басқа өзі тектес қауымдастықтармен өзара қарым-қатынаста нақты бір ұлттың орны мен мәнін сипаттай алатын көзқарастар, ой-пікірлер және қатынастардың жиынтығы деп түсіндіреді. Түптеп келгенде, ол оның (өзінің белгілі бір ұлтқа жататынын ұғынуы) туралы рациональды, сол сияқты (өзінің басқа этникалық-ұлттық қауымдастықпен бірлігін түйсіне алмаудан қамығу түріндегі) эмоциональды компоненті болып табылады [8].

Ұлттық өзіндік сана тұлғаның құндылықты-мәнді негізін құрайтын құрылымдық маңызды компонент деп саналады. Ұлттық өзіндік сана когнитивті, эмоциональды және мінез-құлықтық компоненттердің жиынтығындағы күрделі құрылымға ие. (Дробизева Л.М., Квитковская В.И., Ондар Л.М.). Бұл компоненттердің мазмұнын мынадан көруге болады:

- *когнитивті* – өзінің және өзге де этникалық топтардың арасындағы айрмашылықтарды ажырата отырып, тарихты, салт-дәстүрлерді, мәдениетті, тілді (мемлекеттік) және өз елінің этникалық, ұлттық өзіндік сәйкестігі туралы көзқарастарының болуы;

- *эмоциональды-бағалық компонент* - бұл өз тобына, өзге этностарға тән сапаларды, өзінің этникалық тобының, ұлтының қамын ойлай отырып, осы мүшеліктің адам үшін маңыздылығын түсінуі және өз елінің мәдениеті, тарихи және рухани бірегейлігін бағалай алуы;

- *мінез-құлықтық* мінез-құлық әрекетінде өзінің нақты бір этнос мүшесі екенін көрсете алуы, өзінің этностық тілінде сөйлеуі, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде ұлттық (мемлекеттік) мәдени дәстүрлерді қолдауы, әлеуметтік ұйымдарға қатысуы және т.б.

Сөйтіп, ұлттық өзіндік сананың даму деңгейі осындай компоненттердің өзара сабақтастығына байланысты болады.

Қазіргі уақытта мемлекеттердің барлығын көпұлтты деп атауға болады. Қазақстан 130-дан астам этнос өкілері тұратын көпэтносты мемлекет болып саналады [9].

Мемлекет құраушы ұлттың өзіндік санасы тек мемлекеттік тілді меңгеруімен ғана емес, сонымен қатар өз халқының салт-дәстүрлерін, ұлттық мәдениетін, ұлт ретінде қалыптасу тарихын және елінің болашақ дамуын білетін, сол сияқты бірге тұратын халықтар мен нәсілдердің ұлттық тілі, мәдениеті, салт-дәстүрлеріне құрметпен қарайтын «МЕН-ҚАЗАҚПЫН» деген көзқарасқа құрылады. Мен өзімнің елімнің бейбіт-

шілігі, және Қазақ елінде тұратын өзге халықтардың бірлігі мен ынтымақтастығы үшін жауаптымын. Қазақ жерінде өмір сүретін басқа ұлт өкілдерінің ұлттық өзіндік санасы қазақ мемлекетінің өкілінің «Мен-мемлекеттік тілді меңгерген, қазақ халқының салт-дәстүрлерін, ұлттық мәдениетін, ұлт ретінде қалыптасу тарихын және сол елдің болашақ дамуын білетін, сол сияқты барлық Қазақстан халықтарының бірлігі мен ынтымақтастығына жауапты және «Қазақстан-бұл менің туған елім, мен өзімнің құқықтарым мен бостандығымды сақтауға әрқашан дайынмын» деген көзқарасқа құрылады (Н.А. Назарбаев).

Сөйтіп, Қазақстанның азаматы, студент, болашақ маманның ұлттық өзіндік санасының мынадай элементтерін бөліп көрсетуге болады:

- тұлғаның нақты бір этникалық азаматтық қауымдастықтың топтың мүшесі екендігін түйсініп, өзінің азаматтық құқықтары мен міндеттерін түсініп қолдана алуы;
- елінің өткен тарихы, территориялық («туған жер»), мемлекеттік қауымдастығы туралы түсінігінің болуы;
- өзінің ұлттық (оның тарихы, тілі, діні, тіршілік етуі) туралы жоғары мәртебе, мақтаныш сезімін көрсетіп, өз халқын құрмет тұтуы;
- өз халқының тағдырына жауапкершілікпен қарауы, ұлттық мүддені түсініп қорғай алуы, патриоттық сезімінің қалыптасуы;
- барлық азаматтарға міндетті шешімін табуы тиіс мемлекеттік маңызды мәселелерде демократиялыққа ұмтылуы, әлеуметтік белсенділік, мәдениетаралық ықпалдастық жағдайында жастардың тәртібін реттей алуы; - жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды жинақтап меңгеруде, ұлттың рухани және материалдық байлықтарына және жетістіктеріне түсіністікпен қатынас жасауы;
- ұлттық мәдениеттің құрамдас бөліктерін (тарих, тіл , дін , дәстүрлер халықтың өмір салтын) білуі;
- басқа ұлт өкілдерінің мәдениетіне толеранттылық таныту, ұлтаралық қарым-қатынаста жоғары мәдениеттілік көрсетуі;
- сол ұлттың өкілі ретінде өзін-өзі бағалай алуы;
- тұлғаның кәсіби қызметінің өсуіне қажетті кәсіби құзыреттіліктердің маңыздылығын оның ұлтына қатыссыз түйсіне алуы;
- ұлттық мәдениет туралы өзінің ой-пікірлері, оны қалай есестетуі бойынша әрекет етуге дайын болуы;
- өзінің ана тілінде, сонымен қатар ұлтаралық және халықаралық тілдерде қарым-қатынас жасай алуы;
- ұлттық мәдениет аясында шығармашылыққа бейім болуы [10].

Сөйтіп, болашақ маманның ұлттық өзіндік санасын қалыптастыру «МЕН-БІЗ – ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ, БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ – «ҚАЗАҚ ЕЛІМЕН» БІРГЕМІЗ » деген идеямен ұштасып жатуы тиіс.

1 Золотова Н.П. Национальное самосознание как объект философского анализа. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата философских наук. 09.00.11. - социальная философия, - М., 1997. Режим доступа: <http://cheloveknauka.com/natsionalnoe-samosoznanie-kak-obeikt-filosofskogo-analiza#ixzz3Ke1bLuF2>

2 Гнатенко П.И. Национальный характер: мифы и реальность. – К.: Вища школа, 1984.

3 Астафьев П.Е. Национальность и общечеловеческие задачи // Вопросы философии. - М., 1996 - №12. - с. 84-102.

4 Лихачёв Б.Т. Национальное самосознание смыслообразующее начало воспитания // Известия Российской Академии образования. - 1999. - №2, - 39-45 с.

5 Межуев В.М. О национальной идее // Вопросы философии. - М., - 1997. - №12. - с. 3-9.

6 Хабибулин К.Н. Национальное самосознание и интернационалистское поведение. - Л., 1989.

7 Кумыков А.М. Национальный идеал российской государственности: социально-философский анализ Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора философских наук. 09.00.11 – социальная философия, - Ростов-на-Дону – 2008.

8 Ольшанский Д.В. Основы политической психологии. - Екатеринбург: Деловая книга, 2001. - 496 с.

9 Акылбаева И.М. К вопросу об этнических процессах современного казахстанского общества <http://repository.enu.kz/handle/123456789/8279>

10 Колумбаева Ш.Ж., Хан Н.Н. Формирование национального самосознания студентов в педагогическом процессе вуза // Bulletin d'EUROTALENT-FIDJIP, 2014, N 3, 59-63.

Резюме

Наличие у человека системы национального самосознания является важным критерием того, что он стал личностью, поднялся до определенного уровня социально-психологической зрелости. Однако в настоящее время нет единого подхода к изучению сущности, структуры, факторов развития национального самосознания. В статье национальное самосознание рассматривается как важный компонент мировоззрения личности, составляющий ее ценностно-смысловую основу. Обращение к сфере самосознания личности обусловлено кризисом духовно-нравственной сферы, в значительной степени затрагивающим студенчество, которое призвано быть интеллектуальной, прогрессивной частью молодежи, важным фактором преобразования казахстанского общества. В связи с этим возрастает роль

высшей школы в создании обновленной образовательно-воспитательной среды, нацеленной на формирования личности студента с высоким уровнем национального самосознания на основе национальных и общечеловеческих ценностей, гражданина и патриота Республики Казахстан.

Ключевые слова: сознание, национальное самосознание личности, этнос, нация, формирование национального самосознания студента

Summary

The presence of national identity is the important criterion for the fact that a human has become a person, and reached a certain level of social and psychological maturity. However, at present there is no unified approach to the study of nature, structure, development factors of national identity. The article examines the national identity as an important component of world outlook, which belongs to its value-semantic basis. Appeal to the field of self-consciousness is due to the crisis of spiritual and moral sphere, largely affecting the student body, that are meant to be intellectual, progressive part of the youth, an important factor in the transformation of Kazakhstan society. In this regard, the role of higher education in the creation of updated educational environment is increasing, aiming at student's personality formation with a high level of national identity on the basis of national and universal human values, citizen and patriot of the Republic of Kazakhstan.

Key words: consciousness, national identity personality, aethniscus, nation, at student's personality formation of national identity

УДК 378.035:39

РАЗВИТИЕ ЭТНОЦЕННОСТНОЙ ПОЗИЦИИ ВЗРОСЛЕЮЩЕЙ ЛИЧНОСТИ В КОНТЕКСТЕ СОЦИАЛЬНОЙ РАБОТЫ

Ж.Х. Кендирбекова – *Карагандинский государственный университет им. Е.А. Букетова, Караганда,*
М.Т. Баймуканова – *Карагандинский государственный университет им. Е.А. Букетова, Караганда*

Современное строительство государственности в Республике стремлением к поиску наиболее эффективных путей поддержания сложившихся основ межнационального согласия. Выбор интеграции, как стержня политической стратегии и тактики современного Казахстана, основывающееся на принципах демократизации, характеризуется Казахстана, позволяет изначально судить о приоритетности государственной заботы о сохранении социальной целостности общества. Первостепенную роль в данном процессе играет определение основ формирования этнокультурной позиции взрослеющей личности.

Статья посвящена исследованию проблемы формирования межкультурной толерантности современной молодежи посредством определения сущности этносоциальной работы. Рассматриваются вопросы выявления зависимости стабильных межэтнических отношений от содержания процесса этносоциализации молодежи. Убедительно доказана взаимосвязь институционального и внеинституционального компонентов этнокультурной среды при формировании этносоциально-культурной идентичности молодежи. Выявлена сущность решающего влияния внеинституционального этнокультурно-образовательного компонента. Представлен анализ опыта работы в данном направлении. Определено его содержательное наполнение в контексте подготовки социального работника.

Ключевые слова: открытая этнокультурно-образовательная среда, социальная работа, этносоциальная работа

Modern state building in the Republic of Kazakhstan, which bases on the principles of democratization, characterizes by the quest to find the most effective ways of maintaining the existing foundations of the interethnic consent. The choice of integration, as the mainstay of political strategy and tactics of the modern Kazakhstan, allows initially judge the priority of the state care about the preservation of the social unity of the society. A primary role in this process is the determination of the basis for the formation of ethnic and cultural position of the individual.

The problems of identifying stable ethnic relations depending on on the content of the process ethnic socialization of youth. Convincingly established institutional linkages and uninstitutional component in the formation of ethnic and cultural environment of ethno-social-cultural identity of young people. The essence of decisive influence of uninstitutional ethnocultural education component. The analysis of experience in this field is determined by its content filling in the context of a social worker.

Key words: uninstitutional ethnocultural-educational environment, social work, ethnosocial work

В условиях определения сущности процесса организованной этносоциализации молодежи современного общества внимание акцентируется на роли этнопедагогической деятельности, способствующей сохранению и дальнейшему развитию этнической культуры. В этой связи учеными обозначена относительность возможностей институционального образования в его включенности в целостную этномикросреду личности (В.А. Тишков, М.С. Сужиков и др.). Ж.Ж. Наурызбай, выявляя особенности структурных компонентов этнокультурного образовательного пространства, относит к содержанию внеинституциональной этнокультурно-образовательной среды влияние всей социально-культурной системы. Он подчеркивает ее детерминированность внеинституциональной средой личности как особенной составляющей, которая в своем воздействии является наиболее решающей в формировании ценностной позиции взросле-

ющей личности. Мы разделяем это мнение и считаем возможным повышение эффективности работы в данной части этнокультурного образовательного пространства через определение сущности социальной работы в ней как особого профессионального направления, реально содействующей как формированию, так и коррекции иерархически ценностного восприятия мира современного молодого человека с точки зрения влияния последнего на процесс социального развития.

Выделение социальной работы как особого вида деятельности, обеспечивающего «лечение» и профилактику социальных проблем личности, подчеркивает возможность решения на основе индивидуального подхода представителями данной профессиональной категории проблем, связанных с включением индивида в широкие этносоциальные связи, с оказанием максимального содействия их успешности. При этом социально-педагогическое направление этносоциальной работы позволяет оказать значительное воздействие на этносоциальную микросреду личности, ее расширение, либо сужение, посредством активного влияния на ее агентов и их максимального использования в этносоциально-позитивном плане, параллельно содействуя процессу этносоциализации данных агентов. Оно также способствует одновременно целенаправленной профилактике негативных тенденций этноповедения (этнокультурные маргинальность, центричность) и их «лечению». В этой связи актуализируется проблема выявления сущности открытой этнокультурно-образовательной среды в процессе становления этнокультурной позиции современной молодежи.

Стихийность внеинституционально-образовательного влияния может заметно снизиться и стать значимой средой личности молодого человека при выявлении принципов соответствующего педагогического управления. Позиция достаточно детально обосновывается результатами изучения сущности потенциального использования условий внеинституциональной этнокультурно-образовательной среды.

Внеинституциональное образовательное пространство характеризуется определенной педагогической организацией внеинституциональной среды, выбором средств, методов, способствующих социально-приемлемой активности личности (В.Д. Семенов). Педагогическая работа в нем реализуется при условии опоры на развитие сферы интересов и актуальных субъективных потребностей индивида, направления их в общественно значимое русло (Н.В. Голубева, Ю.С. Бродский). Обращение к этому виду образовательной среды связано с потребностью активизации потенциальных способностей личности, не всегда проявляющихся в условиях институционального образовательного пространства в силу таких факторов, как: ограниченность времени общения, специфические личностные черты и т.д. (Е.А. Мясоедова, А.Г. Калашников). Результат зависит и от организации взаимного переноса в деятельности официальных институтов социализации и внеинституционального социализирующего пространства, включающего весь комплекс социального воздействия. В последнем закрепляется основа формирования ценностных ориентаций и установок молодежи. Определяется это большей степенью свободно-осознанного выбора индивидом того, что представляет собой значимость в его взаимоотношениях в обществе, в том числе в области ценностного отношения к культуре.

Теснота институционального и «свободного» средового влияний (А.Е. Выгорбина) актуализирует взаимное использование их условий в определении направлений педагогической деятельности в этнокультурно-образовательной среде. Показательно, что именно открытость позволяет повысить эффективность всей совокупности образовательных действий и скорректировать их институциональную часть, содержание которой предполагает выявление базовых потребностей конкретного общества в области структурирования социально-значимых качеств формируемой личности. Сущность внеинституциональной части во многом более отражает целостность межличностного взаимодействия и направлена на «практическое закрепление» субъективной позиции, создание условий включения в реальную ситуацию общественных отношений. Открытое средовое воздействие, проявляясь на всех уровнях индивидуально-социальных связей, воспроизводит наличие подлинной потребности социума в отношении взаимодействия. При этом система образования должна представлять собой достаточно устойчивую основу в определении специфики трансляции ценностей культуры.

В современной ситуации осознание молодежью своей причастности к определенной этнокультуре, принадлежности к общечеловеческой культуре в целом представляет собой довольно неравнозначную степень их оценивания. Очевидно, что этнокультурная и общечеловеческая идентифицированность без целенаправленного, комплексного воздействия на этот процесс формируются отдельно друг от друга – вне понимания индивидом их взаимосвязи; либо сформированность одной исключает другую.

Вместе с тем, современному молодому человеку характерно возможное отсутствие целенаправленного влияния институтов образования. Систему внеинституциональных связей современной молодежи составляет среда потенциальной либо реальной профессиональной деятельности. Это в немалой степени детерминировано относительной сформированностью сферы интересов. Последние в своем содержании в

рассматриваемых условиях полностью опосредуются определенной для личности доминантой деятельности в системе социального взаимодействия, что отражается на возможности дальнейшего культурного воспроизводства общества, особенно его духовного компонента. Данные обстоятельства подчеркивают необходимость расширения культурно-средовых контактов молодежи и актуализируют педагогическое управление в открытом этносоциуме. Нами особенно выделяется решающая роль внеинституционального образовательного компонента в становлении и влиянии на культурно-ценностную ориентированность взрослеющей личности, поскольку этот возрастной период характеризуется началом широкой средовой опосредованности ее поведения.

Открытая этнокультурно-образовательная среда играет немаловажную роль в целостном осмыслении индивидом культурного наследия общества. Это объясняется наибольшей возможностью актуализации ценностной направленности личности, «ненасильственного» включения ее в данный процесс. Напомним, что она представлено в существующей системе этнокультурного образования национально-культурными центрами, кружками при воспитательных учреждениях и т.д. в тесной взаимосвязи с другими компонентами: институциональным и окказиональным. Мы считаем, что это пространство обеспечивает основу осознания индивидом этнокультурного своеобразия, составляющего культуру в целом; формирования причастности к определенной этнической культуре, и способствует пониманию равнозначности всех этнокультур через «практическое» ознакомление с их ценностями. Включенность личности в сферу открытой этнокультурно-образовательной среды, организованная посредством актуализации ее интересов, установок и ценностных ориентаций, может гораздо эффективнее способствовать активизации культуротворческой деятельности индивида. Это подтверждается широким спектром условий, содействующих удовлетворению потребностей в познании этнической и общечеловеческой культуры. Схематично эта связь выглядит следующим образом (рисунок 1).

Следует подчеркнуть, что для молодежи, по-прежнему, в числе приоритетных остается среда сверстников и референтных лиц. Практически для всех молодых людей в числе значимой находится неформальность общения. Данная сфера связей обеспечивает анализ полученных в семье представлений о нормах внутри- и межэтнического поведения; возможность закрепления или отказа от тех или иных ценностных ориентиров. Повышается вероятность отрицательных проявлений в поведении в контексте личностных этновзаимоотношений через столкновение в обществе полярных этнопозиций либо посредством целенаправленной гипертрофированной выраженности какой-либо одной, что происходит в силу неустойчивости социально-структурного поведения молодежи.



Рисунок 1 - Структура открытой этнокультурно-образовательной среды

Представляется важной необходимостью сочетания преемственности возрастных связей с одновременной организацией внутрипоколенных этновзаимоотношений. По нашему мнению, этому в значительной мере может способствовать совместная деятельность национально-культурных центров (НКЦ) и молодежных общественных объединений независимо от наличия либо вхождения последних в структуру НКЦ.

Молодежные общественные объединения обладают достаточно сильной воспитательно-развивающей системой, имеющей значительный потенциал, оказывающий непосредственное влияние на процесс социализации, основными звеньями реализации которого выступают:

- социально-ориентированная деятельность;
- правовые нормы жизнедеятельности объединения, обеспечивающие приоритетность поиска, диалога, творчества;
- субъектность позиции каждого члена.

Они оптимизируют процесс осознания роли, смысложизненных ориентаций личности, актуализируют возможности, ценностные установки, устраняют дефицит содержательного общения [1].

Анализ опыта такого рода деятельности показывает действительную вероятность построения и функционирования молодежных объединений этнокультурно-образовательной направленности. В частности, в Карагандинском государственном университете им. Е.А. Букетова при непосредственном участии кафедры социальной работы и социальной педагогики и студентов специальности «Социальная работа» создан и действует Межнациональный молодежный культурный центр. Его деятельность основана на реализации следующих принципов:

- равенство прав всех граждан Республики Казахстан в развитии этнической культуры; приоритет общечеловеческих ценностей и свободного развития личности; уважение прав и свобод человека как представителя определенной этнической культуры;
- добровольность членства;
- возможность удовлетворения субъектности, причем не только личностной, но и связанной с будущей профессиональной деятельностью;
- возможность участия в деятельности центра всей молодежи, проявляющей к ней интерес, независимо от того, являются ли они студентами КарГУ;
- стимулирование раскрытия творческого потенциала личности; развития этнокультурных интересов на основе создания комфортных условий взаимодействия представителей различных этнических культур;
- синтез научного и профессионального знания и социокультурных аспектов развития общества.

Анализ многолетнего опыта работы данного молодежного объединения позволяет свидетельствовать об определенной эффективности реализации социально-педагогического направления социальной работы в условиях открытой этнокультурно-образовательной среды, а также подчеркивает результативность разработанного содержания подготовки социальных работников к данному виду профессиональной деятельности.

В системе открытой этнокультурно-образовательной среды становится возможным осуществление следующих направлений социально-педагогического аспекта этносоциальной работы:

- содействие личности в средовой адаптации (этнической, межэтнической и межконфессиональной) с опорой на сферу ее интересов;
- организация социальной и социально-педагогической работы по профилактике и разрешению этнических конфликтов;
- оказание социальной, в том числе и социально-педагогической помощи в реабилитации (в частности, этнически полярно настроенной молодежи (маргиналы, этноцентристы и др.).

Обозначается приоритетность этносоциальной работы, основная направленность которой характеризуется организацией и расширением открытых этносоциальных связей личности на основе включения в открытую этнокультурно-образовательную среду.

Таким образом, отмечаемая относительность влияния институтов образования на становление индивидуальной этносреды взрослеющей личности при отсутствии включенности в сферу открытого общения, по нашему мнению, самостоятельно не обеспечивает достижение достаточной эффективности результата этнокультурного образования. Именно включенность открытой этнокультурно-образовательной среды в систему индивидуально-средового взаимодействия во многом может способствовать формированию адекватной позиции личности при условии соответствующего определения его содержания, степени его

гибкости.

1 Прохоров Ю.М. Подготовка студентов университета к социализации детей и молодежи: Автореф.... дисс. канд.пед.наук. - Минск, 1998. - С. 15-16.

Түйін

Мақалада этникааралық қатынастардың тұрақтылығының жастарға этноәлеуметтендіру процесінің мазмұнына байланыстылығы мәселелері қарастырылады. Жастардың этноәлеуметтік-мәдениеттік ұқсастығын қалыптастыруында этномәдени ортасындағы институционалдық және институционалдықтан тыс компоненттердің өзара байланысы сенімді дәлелденген. Этномәдени білім беру институционалдықтан тыс компоненттің ең маңызды жүзеге асатын мәні анықталған. Жасалған жұмыстарған жан-жақты талдау жасалған. Әлеуметтік қызметкерді дайындау процесіндегі мазмұны анықталған.

Summary

The problems of identifying stable ethnic relations depending on the content of the process ethnic socialization of youth. Convincingly established institutional linkages and uninstitutional component in the formation of ethnic and cultural environment of ethno-social-cultural identity of young people. The essence of decisive influence of uninstitutional ethnocultural education component. The analysis of experience in this field is determined by its content filling in the context of a social worker.

ОӘК 37(091)

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ОТАНСҮЙГІШТІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ӘСЕРІ

Қ.Ә. Сыздықов – п.ғ.к., Сулейман Демирель Университеті

Бүгінгі күні қалыптасып отырған ақпараттық технология дамыған, өркениеттер алмасып, құндылықтар күнде өзгерген жаһандану заманында Қазақстан Республикасының саяси-әлеуметтік, экономикалық тұрғыдан қайта өркендеуі жағдайында жас ұрпаққа ұлттық рухани құндылықтар негізінде тәлім-тәрбие беру ісін кешенді, жүйелі түрде жүзеге асыру қажеттілігі бұрынғыдан да артып отыр.

Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл ең алдымен елге және оның игіліктеріне деген мақтаныш сезімін ұялатады», дей келіп, Патриоттық құндылық дегеніміздің өз – елі мен туған жерін, Отанын сүю мемлекеттің тәуелсіздігі мен бейбітшілігін, әлемдік тыныштықты сақтау үшін күресу, өзінің ана тілін, ділін, салт-дәстүрін бүгінгі заман талабына сай ұлттық мүдде негізінде жетілдіру, қоғамдағы ізгілік қарым-қатынасты, табиғат пен адам арасындағы мейірімділікті, ұлтаралық мәдениетті дамыту. Отансүйгіштік рух – тәуелсіз еліміздің әлемдік өркениет көшіне қосылып, дүниежүзілік қауымдастықтан лайықты орнын алуы на мүмкіндік беретін бірден-бір күш [1].

Отансүйгіштік – өзінің азаматтығын мақтан тұту, өз ұлтын, халқын, елін, жерін, ана тілін, дәстүрін, мәдениетін шексіз мақтанышпен сүю, оны үлкен белестерден, биіктен көруге ұмтылу, әрбір ұлт өкіліне сыйластықта құрмет көрсету деп білеміз.

Жастарға отансүйгіштік тәрбие берудегі шетелдіктердің тәжірибесін біз үлгі ретінде қарастырамыз. Мысалы: 20 ғасырдың 30 жылдардағы ағылшын педагогикасында өз Отанының патриоттарын тәрбиелеу мәселесіне айрықша ден қойылды. Бұған көптеген тарихи жағдайлар себеп болды. Ең бастысы Германияның дүние жүзін жаулап алу саясатындағы басқыншылығы еді. Сондықтан да төніп келе жатқан жауға қарсы тұрып, туған жері мен елін жат жаудың қанды тырнағынан қорғай алатын отаншыл азаматтарды тәрбиелеу күн тәртібіне қойылды [2].

Ал, Германия елі капиталистік қоғамның тұсында төмендегідей отансүйгіштік өсиеттерді насихаттады:

1. Азғана шығыс шығарсаң да, ол Отанымның игілігі деп түсін.
2. Басқа елдің қандайда бір тауарын пайдаланған кезінде ұмытпа, сен өз еліңнің отандық құндылықтарының сапасына азда болса зиян келтіргенің.
3. Сенің ақшаң тек өз ұлтыңның өніміне және өз халқыңа пайда әкелуі тиіс.
4. Ешқашанда неміс жеріне, неміс үйіне, неміс өнеріне, неміс тауарына жаманат келтіруіне мүмкіндік берме.
5. Өз дастарханыңды ешуақытта басқа елдің етімен, асымен т.б безендірме, бұл өз еліңнің отандық өнеркәсібіне және отандық тауарына әкелер зақымың болады.
6. Әркез неміс қағазын, неміс қаламын, неміс шаруашылық заттарын пайдалан.

7. Өркез неміс матасын, неміс киімін, неміс шикізатын пайдалан.

8. Базарлық жасағанда тек неміс ұнын, неміс көкөнісі мен жемісін сатып ал.

9. Егерде саған неміс кофесі ұнамасы, онда неміс колониясында өсірілген кофені іш. Жұбайыңа және балаларыңа неміс колониясында өсірілген кофені ішуді ұйғар.

10. Ешқашан да басқа елдің тауарын сүйсінбе, мынаны жадында ұстан, тек Германия азаматтарына қажет нәрсенің барлығын Герман елі өндіреді [3]. Осылайша отансүйгіштік тәрбиенің сан алуан қырлары мен әртүрлі әдіст-тәсілдері айқындалады.

Дегенмен, көптеген шетелдіктер отансүйгіштік тәрбие берудегі тәжірибесіне ден қойсақ, бастауыш мектеп жасындағы балаларға туған жер, өскен өлке, халқы, табиғаты т.б. туралы халық шығармаларының берер тағылымы зор екенін және олардың жас жеткіншектердің бойында отансүйгіштікті қалыптастыруға үлкен әсері бар екендігін анықтаған.

В.А. Сухомлинский ұстаздың барлық білімін, күші мен шеберлігін жас ұрпақтың азаматтық сезімін тәрбиелеуге жұмсау керек дейді. Ғалым мектеп және отбасында балаларды ата-анасына, туған жеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеуден бастап, Отанға деген махаббаттың қалыптасуына ықпал жасау қажет екендігін айтады [4].

Көптеген шетелдердің отансүйгіштікке баулудағы тәжірибелеріне назар аударсақ, бастауыш сынып жасындағы оқушылардың бойында отансүйгіштікті қалыптастыруда туған жер, өскен өлке, Отан туралы көркем шығармаларды оқып таныстырудың ықпалы үлкен екенін дәлелдейді.

Көрнекті педагог А.С. Макаренко “Балаларды тәрбиелеу туралы лекциялар” атты еңбегінде: “Біздің балалар – біздің келешек ата-аналар, олар да өз балаларын тәрбиелейді. Біздің балалар тамаша азаматтар, жақсы ата-аналар болып өсуі тиіс. Бірақ мұнымен іс тынбайды. Біздің балалар – біздің қарттығымыз. Жақсы берілген тәрбие – біздің бақытты қарттығымыз. Жаман – тәрбие бізге келешек қайғы, бұл біздің көз жасымыз, бұл – басқалар алдындағы біздің кінәміз” – деп балаға берілетін тәрбиенің нәтижесі туралы көрегендікпен ой қозғаған [5,3 б.].

Біз отансүйгіштікке тәрбиелеудің мәні туралы мәселені теориялық тұрғыда қарастырған соң зерттеу тақырыбымызға байланысты тәрбие жұмысының бағытын анықтау барысында бастауыш сынып оқушыларының ерекшеліктеріне тоқталуды жөн көрдік.

П.М. Якобсон: «бастауыш сынып оқушысы, әсіресе бірінші сынып оқушысы өзіне әсер еткен оқиғаларға қызу жауап қайтарады. Намысына тиетіндей құбылыстарға қолма-қол эмоционалдық тұрғыда жауап береді» [6] - деп тұжырым жасайды.

Қазақ халқының үлкен мәдени мұрасының бірі – халықтың ауыз әдебиеті. Ерте кезде-ақ ата-бабаларымыз өздерінің тұрмыс-тіршілігі, қоғамдық өмірі, шаруашылығы мен кәсібі, қуанышы мен күйініші, дүниетанудағы көзқарасы жайында неше түрлі өлең-жыр, ертегі-әңгіме, мақал-мәтелдер, аңыздар ойлап шығарған және оларды ауызекі айту арқылы атадан-балаға мұра етіп қалдырып отырған. Әуел баста ауыз әдебиеті үлгілерін жеке адам шығарғанымен, ертеде жазу-сызу болмағандықтан ауызба-ауыз айтылып, өзгерістерге ұшырап, халық туындысына айналып кеткен. Бұл шығармалардан біз халықтың тұрмыс-тіршілігін ғана көріп қоймаймыз, сонымен қатар халықтың асыл арманы, мұң-мұқтажы, ұшқыр қиялының да орын алып отырғанын айтып кетуге болады. Бұл туындылар халық өмірімен тығыз байланысты. Оның кейбір үлгілері ескі дәуірде, рушылдық қоғамда туған. Бертін келе – қоғамдық, экономикалық жағдайлардың, адам баласының дүниетанудағы ой-өрісінің ұлғайып өсуіне қарай ауыз әдебиеті де дамып отырған. Демек, халықтың қоғамдық өмірі, тұрмыс-тіршілігі, әлеуметтік көзқарасы ауыз әдебиетінің тууына және қалыптасып дамуына әсер еткен, мазмұн берген. Мінеки, осы асыл мұра біздің заманымызда да жас жеткіншектерімізді тәрбиелеу барысында өзінің мән-мағынасын жойған жоқ және де оқу үдерісінде ұтымды пайдаланылып жүр [7,80 б.].

Фольклорист-ғалым М.Ғабдуллин: “Атадан қалған мұра біздің ұлттық әдебиетіміздің жаңа кезеңнің XX ғасырдың басындағы дәуірдің шындығы, қоғамдық ой-пікірдің дамуын түсінуіміз үшін аса маңызды. Ұлы адамдар пікірі қашанда ойды қозғайды, жанға азық береді, ой-пікірге талғам дарытады” [7] – деп ұлт тағдырын тілге тиек етеді.

Біз енді шешендік өнерінің туын тіккен дана да ақылман қазақ билерінің, топ алдында сөз бастаған ұшқыр ойлы, өткір тілді шешен айтқыштардың, ел бастаған көсемдердің шығармашылығынан үлгілер келтіріп, даналықтың ұйытқысы – Мақал-мәтелдердің “Көненің-көзі, дананың-сөзі” болғандығына біршама тоқталуды жөн көрдік.

Ауыз әдебиеті үлгілерін жинап зерттеуші ойшыл-философ М.Қашқари “Диуани Лұғат ат-Түрік” деген еңбегінде халық педагогикасының өзекті мәселелерін арқау етіп, халық ауыз әдебиеті үлгілерін-аңыз, ертегілер, мақал-мәтелдер, нақыл сөздерді кеңінен пайдаланады. Шығармасында қолданған фольклор үлгілері жеке тұлғаны ақылдылыққа, адамгершілікке, парасаттылыққа, кеменгерлікке, көпшілдік пен

әділдікке үндейді [8].

Г.Н. Волков халық мақал-мәтелдерін этнопедагогиканың маңызды құралдарының бірі ретінде ерекше-лейді және олардың түпкі мақсаты әрқашан тәрбие болған деп есептейді. Мақал-мәтелдерді «педагогика-лық миниатюралар» ретінде қарай отырып, педагог «Олардың мазмұнында екі көзқараспен қарастыру керек: бірінші, оларда педагогикалық идея бар, екінші жағынан - педагогикалық ықпал білдіреді» - деп көрсеткен [9., 289 б.].

Мақал-мәтелдердің педагогикалық идеяларын Г.Н. Волков былайша түсінеді:

Тәрбиелік әсер ету құралдары туралы баяндау – «Жылы сөз қамал алар».

Балаларға күнделікті көңіл бөлу керектігі туралы ата-аналарға кеңес – «Балалар гүл сияқты, күтімді жақсы көреді»

Жеткіншектерге әсер ету әдістері туралы ақпарат – «Жай әңгімемен емес - үлгі көрсету арқылы үйретесің».

Жеке адамды сипаттап бағалау, оны жеке тұлғаның қалыптасу мақсаты деп түсіну қажет – «Білекті бірді жығар білімді мыңды жығар», «Күшті болған жақсы, ақылды болған екі есе жақсы».

Тәрбиелеуге, өзін өзі тәрбиелеуге және қайта тәрбиелеуге үндеу – «Тәрбие – баға жетпес байлық», «Ақылға баға жетпейді, ал тәрбиеге шек жетпейді».

Біздің пайымдауымызша, қазақ халық мақал-мәтелдерінің тәрбиелік мүмкіндіктерімен оның жас жеткіншектердің отансүйгіштік қасиетін қалыптастырудағы қуатты күші мынада:

Оның құндылығы сол, ол ерекше Отанды, туған жерді, елді, ана тілін, табиғатты, дос-жаранды, туыс-бауырды құрметтеуге, сүйуге шақырады.

Ол баланың саналық түсінігіне жеңіл және оқушыларының жас ерекшелігіне жақын.

Ол баланың өзінің психологиясының, соның ішінде осы жастағының шығармашылық психологиясы-ның бейнесі болып саналады.

Қазақ халық мақал-мәтелдері өзінің педагогикалық сұрыптамасы бойынша сонылы болып келеді: ұлттық тәлім тәрбиенің негізі болып ұлттық дүниетанымды қарастырады. Балаға белсенді түрде мақал-мәтелді меңгерту, оның эмоционалдық тұрғыда жетілуіне мүмкіндік береді. Отаншылдық мазмұндағы халық мақал-мәтелдерін жас-жеткіншектердің отансүйгіштік сезімдері мен эстетикалық талғамын қалып-тастыруда және бағыт-бағдар беруде тәрбиенің қайнары ретінде қарастырған жөн.

Балаларды халық мақал-мәтелдерімен таныстыру және оларды тәрбие құралы ретінде пайдалану мектепке дейін басталуы керек, деп есептейді О.М. Валяева [10, 20 б.]. Оның пікірі бойынша, мектеп жасына дейінгі балалар үшін фольклордың меңгеруге жеңіл әрі қолайлы жанрлары болып ертегілер мен мақал-мәтелдер саналады. Педагогикалық үдерісте оларды дұрыс пайдалану балалардың ойы мен сезімі-не пәрменді әсер етеді, оларды мектепте мақал-мәтелдермен жұмыс істеуге дайындайды. Психологтар-дың мектепке дейінгі балалардың тәрбие жұмысын бақылап зерделеген жұмыстарына сүйене отырып, О.М. Валяева, мақал-мәтелдер балалардың осы даму кезеңінде аналитикалық-синтетикалық ойлауын жетілдіреді деп пайымдайды. Жүргізілген зерттеу еңбектері нәтижесінде зерттеуші, бастауыш мектеп балаларын тәрбиелеу мәселелерін халықтың шығармаларын пайдалана отырып шешуге болады деген қорытынды жасайды.

Өзіміздің зерттеу жұмысымыздың барысында біз, бастауыш сынып оқушыларының өзіндік шығарма-шылыққа және ұжымдағы жағымды іс-әрекетінде белсенділік көрсетуге деген ұмтылысын белгіледік. Оқушылар адамгершілік мінез-құлықтың мәртебелік жақтарын әңгімелеумен бірге, өздерін шын мәнінде жақсы көрсеткісі келді. Оларда бағдарлама арқылы жүргізілген әрекеттерден кейін, қоршаған адамдар, табиғат, барлық тіршілікпен байланысты, күнделікті іс-әрекетке ендіруге қажетті көптеген ұсыныстар мен жобалар пайда болды.

Оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеуде халық мақал-мәтелдерін пайдаланғанда, біз оның әрбір сөзін басшылыққа алдық. Халық мақал-мәтелдерінің осы жастағы оқушыларға эмоционалдық ықпалы өте зор: олар айшықты және түсінікті бола тұра балаға оның өзінің мінез-құлқының мәнін, талаптарының маңызын ашады; сергектілік пен сенімділік баланың күшін шоғырландырады, оның күмәндануына тосқа-уыл болады, күшін жинақтайды; мазмұндылық пен бейнелілік балалардың ой-өрісін кеңейтеді, заттарда-ғы, болмыстағы адамдардағы жаңалықты ашуға үйретеді; тапқырлық пен дәлдік баланың ойы мен шығар-машылық рухын белсендендіреді; ақ пейілділік пен сезімталдық балаға өзінің жан дүниесін сенімділікпен ашуға, өзінің көптен бері арманында жүрген сезімі мен ойларымен бөлісуге итермелейді.

Мақал-мәтелдерді үйрену, оқушылар бойында таңдану, қайран қалу, толғану сезімдері сияқты әсер тудырады. Халық мақал-мәтелдері бастауыш сынып оқушысының сезіміне, ойлауына, еркі мен зейініне, қиялына, тілегі мен түрткісіне психологиялық ықпал етудің түрлі тәсілдерін қолдануға мүмкіндік береді.

Туған өлкенің бүгінгісі мен келешегі Отанның қуатына, оны қорғаушылардың сақтығы мен қырағылы-ғына байланысты. Осыны терең түсіне отырып, халық жауынгерлерге талап қояды, олардың отансүйгіш-

тік сезімдерін оятуға шақырады, олардың қырағылығын мақтан етеді, оларға әрдайым көмек көрсетуге дайын: «Асқар тауға жарасар, басындағы обасы, Айдын көлге жарасар, сылдыраған бұлағы, Ер жігітке жарасар қолындағы найзасы», «Ұйқы деген дұшпан бар, тұла бойды талдырар, Жолдан, істен қалдырар, дұшпаныңа алдырар», «Отаның үшін отқа түс күймейсің», «Сақтық та батырлық», «Жауға жаныңды берсең де, сырыңды берме». Отанды қорғау, батырлық, ерлік туралы туындаған халық мақал-мәтелдері негізінен халықтың ой-тілегі, арман-мүддесі, отансүйгіштік сезімі қандай екенін байқатады. Осындай өнегесі мол бала бойына қуат, күш-серпін беретін мәуелі сөздердің отаншылдық рухта тәрбиелеуде алар орны ерекше.

Мақал-мәтелдегі туған жер, оның байлығын жоғары бағалап ардақтаған халық, енді оларды қорғау әрбір азаматтың борышы деп санаған. Егер туған жерге ойран салуға көздеген шапқыншы жау болса, оған қарсы аттану ер жігіттің азаматтық парызы деп бағалаған. Сондықтан да, «Ер еліне, гүл жеріне», «Батыр мың қол бастайды, шешен тар жерде сөз бастайды» - деп келтірген. Ерлік іс жасау тек Отанын, ел-жұртын сүйген адамдардың ғана қолынан келеді. Олар қандай қиыншылықтар кездесе де үрейленбей, мұңаймай ажалға қарсы шабады. «Жауынгер ұрысқа өлу үшін емес, Өмір сүру үшін кіреді».

Отаншылдықпен интернационалдық тәрбиені өте ерте бастау керек деп санаған, осы мәселені іске асыра отырып, жақыннан алысқа, белгіліден белгісізге жол жүруге шақырған.

Еліміздің жас буындарын яғни болашақ қазақ елінің аманатын арқалайтын азаматтарын Отансүйгіштікке тәрбиелеу бүгінгі күннің кезек күттірмес міндеті. Сол себепті мектеп оқушыларын ұлттық құндылығымыз фольклор жанрлары арқылы жеткіншектерімізді отаншылдық сезімде тәрбиелеуде соның ішінде мақал-мәтелдердің қазіргі жастардың бойына ұлтжандылық және елжандылық белсенділігін арттыруға, олардың Отансүйгіштік қабілеттерін қалыптастыруға молынан демеу болары хақ.

Жас-жеткіншектерді мақал-мәтелдер арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеудің қазіргі жай-күйі мен мүмкіндіктері зерттелінді. Халықтың тағылымды асыл мұралары – мақал-мәтелдерді мектептің оқу-тәрбие үдерісіне енгізу арқылы біз елжанды, ұлжанды азаматтарды тәрбиелеп, жас-жеткіншектеріміздің отансүйгіштік сезімдерін күшейтеміз деген байламға келдік.

1 Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Халқына Жолдауынан. 17 қаңтар 2014 жыл // Егемен Қазақстан. 18 қаңтар. 2014 жыл. 1-3 бб.

2 Бейсенбаева А. Жастарға патриоттық тәрбие берудегі шетелдіктердің тәжірибесі. // Ізденіс, Гуманитарлық ғылымдар саласы. - 2003. - №4. - 225 б.

3 Ахметова Л.С. Патриотизм пословицы и изречения. – Алматы, 2002. - 32 с.

4 Фомичев В.Т. Патриот: Литературно-художественный историко-публицистический альманах. - М., 1991. - Вып. 1.

5 Макаренко А.С. Балаларды тәрбиелеу туралы лекциялары. – Алматы: Санат, 1995. - 352 б.

6 Яковсон П.М. Эмоциональная жизнь школьника. – М.: Просвещение, 1966. - 291 с.

7 Габдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Жоғары оқу орындарының студенттеріне арн. - Алматы: Мектеп, 1974. - 320 б.

8 Қашқари М. Диуани Лұғат Ам Түрік. – Алматы: Kitap, 1973. – Б. 117-130.

9 Волков Г.Н. Этнопедагогика. / Под ред. чл. кор. АНН СССР проф. И.Т. Огородникова. – Чебоксары: Чуваш. книжн. изд-во, 1974. - 375 с.

10 Валиева О.М. Молдавское устное народное творчество как средство нравственного воспитания и его использование в современной практике учебно-воспитательной работы начальных классов: дисс. ... канд. пед. наук. – Казань, 1974. - 256 с.

Резюме

Проблема патриотического воспитания подрастающего поколения является актуальной на всех этапах развития человеческого общества. Патриотическое воспитание, являясь составной частью общего воспитательного процесса, представляет собой систематическую и целенаправленную деятельность по формированию у молодежи высокого патриотического сознания, чувства верности своему Отечеству, готовности к выполнению гражданского долга и конституционных обязанностей по защите интересов Родины.

История казахского народа имеет яркую, богатую событиями историю, ставшую результатом жизней и деятельности многих поколений. Именно в пословицах и поговорках, составляющих богатую сокровищницу мудрости казахского народа, отражена глубокая многовековая взаимосвязь человека и природы, которая легла в основу культуры и философии казахов. Особенность, оригинальность жизни, быта, истории и культуры народа особенно выражены в пословицах.

Ключевые слова: патриотическое воспитание, подходы, сравнительно-опытный воспитание, пословицы

Summary

The problem of patriotic upbringing of the younger generation is relevant at all stages of development of human society. Patriotic education as an integral part of the overall educational process is a systematic and purposeful activity on the

formation of the young people of high patriotic consciousness, a sense of loyalty to the fatherland, readiness to perform their civic duty and constitutional responsibility to protect the interests of the homeland.

History of Kazakh people has a bright, eventful history, which is the result of the lives and activity of many generations.. In proverbs and sayings that make up the rich treasury of wisdom of the Kazakh people, reflected by a deep long relationship between man and nature, which formed the basis of culture and philosophy of the Kazakhs. Peculiarity, originality of life, history and culture of the people especially are expressed in Proverbs.

Keywords: patriotic education, approaches, comparatively-experienced upbringing, proverbs

УДК. 614.25:373.9

ПРОБЛЕМЫ ПОДГОТОВКИ МЕДИЦИНСКИХ СЕСТЕР НА КОМПЕТЕНТНОСТНОЙ ОСНОВЕ

- бастауыш мектеп мұғалімдерін дайындаудың әлеуметтік маңызының ұлғаюы мен оларды кәсіби даярлау жүйесін реформалаудың жоғары оқу орнындағы маман даярлауға деген талаптардың артуына тәуелділігі;
- түрлі педагогикалық жағдайлардағы іс-әрекеттің ерекшеліктерін меңгерген, білім берудің мақсатына жету әдістерінің тиімділігін анықтайтын себеп-салдарлық байланыстың жалпы заңдылықтарын түсінетін бастауыш мектеп мұғалімінің белсенді шығармашыл тұлғасының маңызының артуы;
- бастауыш мектеп мұғалімінің кәсіби білім деңгейінің, тәжірибесі мен қабілетінің, өзін-өзі жетілдіруге, өз ісіне шығармашылықпен және жауапкершілікпен қарауға деген ұмтылысының артуы;
- болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық іс-әрекетке даярлау жүйесін құру қажеттілігі.

Педагогикалық мамандар дайындау жоғары оқу орындарының өзекті мәселесі ретінде бірқатар ғылыми жұмыстарға арқау болып, зерттеу кезеңдеріндегі алынған ғылыми нәтижелер жоғары білім беру жүйесін жетілдіру мақсатына тәжірибеге енгізіліп отырған. Қазақстанда бастауыш мектеп мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлаудың әртүрлі кезеңдері көптеген психологиялық, педагогикалық, тарихи-педагогикалық және әдістемелік сипаттағы еңбектерде зерттеу мәселесі ретінде қарастырылған. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда жоғарыда аталған бағыттарды оқушылардың барлық мүмкіндіктері мен жеке ерекшеліктерін, практикалық тапсырмаларды орындатуда ескеру қажеттігі туралы мәселелер қамтылған.

Қазақстанның білім беру жүйесіндегі бастауыш мектеп мұғалімдерін даярлаудың басымдық бағыттары сараланды. Қазақстандық білім беру жүйесінің жаңару жағдайындағы бастауыш мектеп мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлау тиімділігін арттырудың жолдары айқындалды.

«Кәсіби-педагогикалық даярлық» ұғымының түсінігіне деген қазіргі кездегі көзқарастарды қарастырып өтсек, ол бірнеше бағытты қамтиды.

Бірінші бағыт – «кәсіби-педагогикалық даярлық» ұғымы жеке тұлғаның дамуы, оның білімділігі мен тәрбиелілігінің нәтижесі болып табылатын «мәдениет» түсінігімен байланысы. Ю.Г. Фокин «кәсіби-педагогикалық даярлық» түсінігін адам танымының, практикасының жаңа ашылымдары және жаңалықтарының мазмұндарымен ассимиляциялау арқылы байланыстырады, сонымен қатар білім беру жүйесінің әр типі, саласы мен сатысы үшін білім беру талаптарын анықтауға болатын перспективалық сипат береді. Жалпымәдени тұрғыда «кәсіби-педагогикалық даярлық» үш аспектілердің жиынтығы ретінде қарастырылады: мағыналық (мәдени мағынада жағдайды дұрыс түсінумен тұрады, яғни түсінудің, қарым-қатынастардың, бағалаудың қолда бар мәдени үлгілері мағынасында); проблемалық-практикалық (жағдайды дұрыс анықтай білуді, арнайы жағдайда мақсаттарды, міндеттер мен нормаларды дұрыс қойып, оларды тиімді орындауды қамтамасыз ету); коммуникативтік (мәдени мағынада дұрыс қарым-қатынас жасай білуге, қарым-қатынастың және өзара әрекеттесудің тиісті мәдени үлгілерін ескеретін жағдайларға назар аудару) [1]. Бұдан автордың болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-педагогикалық даярлығы жалпымәдени қарым-қатынасынан туындайтын құрамдас бөлік болып табылады, – деген тұжырым жасағанын көруге болады.

Е.В. Бондаревская да кәсіби-педагогикалық даярлықты «мәдениет» түсінігімен байланыстыра оның мәнін анықтайды. Мәдениет «мұғалімнің іс-әрекетінің және кәсіби қызметінің тәсілдері, құндылықтарының динамикалық жүйесі», - болып табылады деп тұжырым жасаған [2]. Авторлардың пікірін түйіндейтін болсақ, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-педагогикалық даярлығының негізі оның жалпы адамзаттық және жеке тұлғалық мәдениеттілігі құрайтынын айта келе, болашақ маман ретінде оқушылармен субъектілік тұрғыда мәдени қарым-қатынас жасау, қойылған проблеманы шешуде теория мен практиканы үйлестіре білу, кәсіби іс-әрекетті шешудегі педагогикалық шеберліктің қажеттігін көрсеткен.

Екінші бағыт – кәсіби-педагогикалық даярлықты қасиеттер мен шеберліктердің жүйесі ретінде түсіну. Б.Т. Лихачёв кәсіби-педагогикалық даярлық философиялық, психологиялық, әлеуметтік, мәдени және жеке тұлғалық мағынадағы аспектілерден тұратын тұтас жүйе ретінде түсіндіреді. «Адам – адам» (педагогтар, дәрігерлер, заңгерлер, қызмет көрсету еңбегінің қызметкерлері) жүйесінде істейтіндердің кәсіби даярлығы тек базалық (ғылыми) білімдерімен және шеберліктерімен ғана емес, маманның құндылық бағдарлығымен, іс-әрекеттерінің дәлелдігімен, дүниеде өзін және өзінің айналасындағыларды түсінуімен, өзі жұмыс істейтін адамдармен қарым-қатынасының стилімен, ортақ мәдениетімен, өзінің шығармашылық әлеуетін дамытуға деген қабілеттілігімен анықталады. Педагог мамандығында бұл тізімге пәнді оқыта білу әдістемесі, өз тәрбиеленушілерінің рухани өмірін түсініп, ықпал ете білуі, оларды құрметтеуі, өзінің жеке кәсіби мағыналы қасиеттері кіреді. Осы құрамдас бөліктердің біреуі жоқ болса, онда бүкіл жүйе бұзылып, педагог қызметінің тиімділігі төмендейді» [3]. Қорыта келе, кәсіби-педагогикалық даярлықты қамтамасыз ететін терең теориялық білімді меңгеруде тұтас жүйе ретіндегі қарастырылатын педагогикалық шеберліктерді меңгеруі, педагогикалық үдерісті ұйымдастырудағы құндылық бағыттары, тілдік және қарым-қатынасы стиліндегі мәдениеттілігі, бастауыш сынып мұғалімінің шығармашылық іс-әрекеті және оны жүзеге асырудағы әдіскерлік шеберлігін атауға болады.

Э.Зеердің пікірі бойынша, кәсіби-педагогикалық даярлық дегеніміз – «арнайы деңгейде кәсіби міндеттерді орындауға мүмкіндікті қамтамасыз ететін тұлғаның кәсіби маңызды қасиеттері, білімі, шеберліктері мен біліктілігінің жүйесі», - болып табылады [4]. Автордың пікірін түйіндейтін болсақ, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-педагогикалық даярлығы кәсіби білімі, кәсіби іскерлігі, кәсіби біліктілігі, кәсіби шеберлігі, кәсіби құзыреттілігін қамтуы тиіс.

Үшінші бағыт – кәсіби-педагогикалық дайындықты ұйымдастыру мәселесінен бөліп қарастырады. Бұл бағыттағы зерттеушілер кәсіби-педагогикалық даярлық мазмұнына біртұтастық элементтерін беріп, қандай да бір жиынтықты құрайтын инварианттық (тұрақты) және вариативтік (өзгемелі) бөліктерді біріктіреді. Инварианттық (міндетті) бөлігі философиялық, психологиялық-педагогикалық және әдістемелік ғылымдар саласындағы іргелі білімдерді, кәсіби-педагогикалық шеберліктерді құрайды. Вариативтік бөлігі білім алушының ғылыми дайындығы жөніндегі ерекшеліктерін, оның жеке қызығушылығы мен бейімділігін қатамасыз ететін таңдау пәндерін құрайды. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-педагогикалық дайындығын іске асыруда педагогикалық үдерісті ұйымдастыруда бұл бағыттың басшылыққа алатын нормативті құжаты жалпыға міндетті жоғары кәсіптік білім беру стандарты болып табылады. Ал стандарт негізгі екі бөліктен тұратынын ескерсек, ол инварианттық (тұрақты) және вариативтік (өзгемелі) бөліктер болып табылады. Бірін-бірі толықтыратын екі бөлік 6B010200-«Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығына да қатысты іске асырылады.

Кәсіби-педагогикалық даярлықты еңбектегі өзгергіш заттардың (адам, топ, ұжым) қасиеттерін толық білумен, өндіріс құралдарын еркін меңгерумен, орындалатын жұмыстың сипаты, еңбектің нақтылы заттық мазмұнының мұғалімнің кәсіби маңызды қасиеттерімен, оның өзін-өзі бағалауымен, еңбексүйгіштігімен анықталатыны педагогикалық іс-әрекеттерді жүзеге асыру формасы ретінде талданады. Мұнан шығатын қорытынды, кәсіби-педагогикалық даярлық болашақ мұғалімдерінің педагогикалық кәсіби іс-әрекеттерді іске асыру әрекеттері, шеберліктері мен ізденімпаздық еңбектерінің нәтижесі болып есептеледі.

Төртінші бағыт – «кәсіби-педагогикалық даярлық» пен «кәсіби іс-әрекетке деген дайындық» түсініктерінің ара қатынасын ажырату. «Кәсіби іс-әрекетке деген дайындық» категориясы түсінігі психологиялық-педагогикалық әдебиетте бір мағыналы емес: қырағылық жағдайы; мұғалімге деген кәсіби шартты талаптар жиынтығы; күрделі құрылымды білім беру; кәсіби маңызды қасиеттердің, себептердің, құзыреттіліктің, шеберліктің жүйесі; кәсіби құзыреттіліктің мағыналық компоненті; кәсіби дайындықтың нәтижесі. «Кәсіби іс-әрекетке деген дайындық – субъектіде арнайы әрекеттің құрылым бейнесі бар және оны орындауға сананың тұрақты бағытталғаны сияқты ерекше психикалық жағдай. Ол педагогикалық міндеттерді сезінудің әр түрлі нұсқауларынан, мінез-құлықтың мүмкін моделінен, іс-әрекеттің арнайы тәсілдерін анықтаудан, болашақтағы қиындықтарға қатысты өзінің мүмкіндіктерін бағалаудан және арнайы нәтижелерге қол жеткізу мүмкіндіктерінен тұрады». Бұл бағытта кәсіби іс-әрекетке деген дайындық болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің тұлғалық сапаларының қалыптасуында кәсіби құзыреттіліктер-

ді меңгеру нәтижесінде қалыптасқан мұғалім үлгісі алға шығады.

А.В. Либин кәсіби-педагогикалық даярлық оның педагогикалық ойлауға теориялық әзір екендігін, педагогикалық әрекет етуге практикалық дайындығының тұтастығы ретінде түсіндіріп, кәсіби-педагогикалық даярлықты субъект іс-әрекетінің жеке интегралдық сапалы сипаты, біртұтас жағдайы мен оны жүзеге асыруға жеке тұлғаның әзір екендігінде тоқталады. Педагогикалық мамандықтар арасында кәсіби іс-әрекетке деген дайындық «кәсіби-педагогикалық даярлықтың құрамдас бөлігі болып табылады және мұғалімнің педагогикалық мамандыққа рефлекстелген бағыттылығынан, дүниетанымдық көзқарасының жетілгендігінен; өзін-өзі үнемі кәсіби және жеке тұлғалық жетілдіру нұсқауларынан, өзін-өзі жүзеге асыру мен өзін-өзі тәрбиелеуден; оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің авторлық технологиясын жобалаудағы болжам мен қарқындылықты мақсат етуден тұрады» [5]. Авторлар пікірлерін қорытатын болсақ, кәсіби-педагогикалық даярлық кәсіби іс-әрекетке еркін түсе алатын, мұғалім ретінде тәжірибеде өзін өзі іске асыруындағы шығармашылығы, шеберлігі, кәсіби құзыреттілігін құрайды.

Бесінші бағыт – А.И. Панарин, М.К. Кабардов кәсіби-педагогикалық даярлық бастауыш мектеп мұғалімінің жеке тұлғасының сипаты мен оның мазмұнына нәтижелі компоненттерді енгізу ретінде психологиялық жағынан қарастырады. А.И. Панарин кәсіби-педагогикалық даярлықты шеберліктердің жиынтығымен түйістіре отырып, жеке тұлғаның білімі мен білгендігін есепке алмай, кәсіби құзыреттілікті «мұғалім дайындығының маңызды сипаты, коммуникативтік, іскерлік, ұйымдастырушылық шеберліктері, сондай-ақ осы шеберліктерді өз жұмысында практика жүзінде қолдануға дайындығы мен қабілеттілігі», - деп санайды [6]. Авторлар пікірлері бірін бірі толықтыра отырып, қажетті біліктілік пен шеберліктердің қалыптасуы оларды меңгеру деңгейлері, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін негізі болып табылатын коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру қажет, - деп есептейді.

Алтыншы бағыт – Р.Х. Шакуровтың пайымдауынша, кәсіби-педагогикалық даярлықты бір жағынан, оқушыларды тәрбиелеу мен оқытуға тікелей қатысатын педагогқа қажетті, ал екінші жағынан, өзінің және оқушы іс-әрекетіне басшылық жасап, оны бағалайтын жеке тұлғаның қасиеті ретінде қарастырады [7]. Автор болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-педагогикалық даярлығы педагогикалық үдерісті ұйымдастырып қана қоймайды, сонымен қатар оны басқаруды да іске асыратынын ескерте келе, оқушы тұлғасын қалыптастыруға жауапкершілікпен қарауды ұсынған.

Жетінші бағыт – Б.С. Гершунский, А.Д. Щекатуновалардың пайымдауынша, маман білімділігінің деңгейі ретінде кәсіби-педагогикалық даярлықты талдау қажет. «Кәсіби-педагогикалық даярлық» ұғымы ең алдымен, өзіндік кәсіби білім деңгейімен, адамның жеке қабілетімен және тәжірибесімен, өздігінен білім алу мен өзін-өзі жетілдіру деген ұмтылысы, іске деген шығармашылық қарым-қатынасымен анықталады. Б.С. Гершунский кәсіби-педагогикалық даярлықты «танымдық және практикалық іс-әрекеттерде теориялық тәсілдерді меңгерумен сипатталатын жеке тұлғаның білімділігі мен жалпы мәдениеттілігі деңгейі» ретінде талдайды [8]. Автордың пікірін тұжырымдайтын болсақ, теориялық білім мен практиканы байланысыра қарастырып, оны мәдениеттелікпен бірлікте қарастырғанын көруге болады.

Сегізінші бағыт – кәсіби-педагогикалық даярлықты іс-әрекет тұрғысынан анықтаған ғалымдар: Н.В. Кузьмина, М.И. Лукьянова, А.К. Маркова және т.б. А.К. Маркованың пікірінше, кәсіби-педагогикалық даярлық мұғалімнің еңбек қызметінің бес түрінің жиынтығы болып табылады: педагогикалық қызмет, педагогикалық қарым-қатынас, педагогтың жеке тұлғасы, білімділігі, тәрбиелілігі [9]. Бұдан автордың педагогтың тұлғалық сапасы мен кәсіби білімі, тәрбиесімен бірге педагогикалық үдерістегі қарым-қатынасқа түсе білуіне басымдық беріп отырғанын байқауға болады.

Ғалымдардың айтқан пікіріне сүйене отырып, өз тұжырымдарымызды қорытып, төмендегіше түйіндік: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда жоғарыда аталған бағыттарды оқушылардың барлық мүмкіндіктері мен жеке ерекшеліктерін, практикалық тапсырмаларды орындатуда ескеру қажет деп санаймыз.

1 Фокин Ю.Г. *Преподавание и воспитание в высшей школе: Методология, цели и содержание, творчество: Учеб.пособие для студ. высш. учеб. заведений.* - М.: Издательский центр "Академия", 2002

2 Бондаревская Е.В. *«Воспитание как возражение человека культуры // Основные положения концепции воспитания в изменяющихся условиях.* – Ростов н/Д.: РПИ, 1993.

3 Лихачев Б.Т. *Теория эстетического воспитания школьников.* – М.: Просвещение, 1985.

4 Зеер Э.Ф. *Психология профессий: учеб. пособие.* - Екатеринбург: Изд-во Урал. гос. проф.-пед. ун-та, 1997.

5 Либин А.В. *Дифференциальная психология: на пересечении европейских, российских и американских традиций* – М.: Смысл, 1999.

6 Панарин В.И. *Образовательная политика как социально-философская проблема: дис. канд. философ, наук.* – Новосибирск, 2005.

7 Шакуров Р.Х. *Социально-психологические основы управления:руководитель и педагогический коллектив* – М.: Просвещение, 1990.

8 Гершунский Б.С. *Философия образования для XXI века.* – М.: Совершенство, 1998.

9 Маркова А.К., Матис Т.А., Орлов А.В. *Формирование мотивации учения: книга для учителя.* – М.: Просвещение, 1990.

Summary

The article deals with consideration of modern directions of the concept «professional pedagogical training».

In the condition of intensive development of the society are figured out following circumstances to the teachers of primary school between the necessity of developing professional pedagogical training and the demand of the society:

- the increasing social relevance in the training of primary school teachers and their relationship to increases requirements to prepare specialists of higher educational institutions during the reform of professional training;

- the increasing importance of active creative personalities of the teachers of primary school who have studied in the variety of pedagogical situations, and understanding the general laws of the communication of the consequences that investigate methods of achievements in the field of education;

- the increasing aspirations of teachers in primary school to achieve the level of professional knowledge, to take the experiences and abilities, to improve itself, to keep track of their own affairs, creatively and more responsible;

- the necessity of create the system of training professional pedagogical action to the future teachers of primary school.

Training of educational professionals as the main task of higher education institutions with the support of several scientific works, including the practice of obtained scientific results at the research stage in order to improve the system of higher education. Different several stages of professional pedagogical training of primary school teachers in Kazakhstan are considered as research task from psychological, pedagogical, historical-pedagogical and methodological point of view. In this article is considered the training of future teachers of primary school using the tasks which have already said above, so the objectives about all the abilities of pupils and individual characteristics, considering them at making practical exercises.

Preferential directions were selected in the training of teachers of primary school in the education system of Kazakhstan. The increasing of effective ways of professional pedagogical training of primary school teachers are determined in the condition of intensive development of the system education in Kazakhstan.

Keywords: vocational pedagogical training, individual, education, knowledge, aspiration, prospect, general culture, aspect, type, conclusion

УДК 7(574) (09)

ДӘСТҮРЛІ КИІЗ ӨНЕРІ – КӨШПЕНДІЛЕР МӘДЕНИЕТІНІҢ КӨРСЕТКІШІ

С.М. Крыкбаева – *ө.ғ.к., қауым.проф. м.а., ҚР мәдениет саласының үздігі, ҚазМемҚызПУ*

Киіз өңдеу өнері - дүниежүзілік мәдениеттің өзіндік тұрмыстың айқын көрсеткіші. Дәстүрдің тұрақты кезеңімен жаңа технологияның дамуының маңызды әлеуетінде көрініс табады. Қазақтың киіз бұйымдарының үлгілері, типтері және нұсқалары әр алуан бай түрлермен сипатталады, бұл киіз өндірісінің даму деңгейінің өзгешелігін көрсетеді. Киіз бұйымдарының дәстүрлі тұрмысқа қатысы және тәжірибеде кеңінен қолдану деңгейі сондай-ақ, оның сәндік өнердегі рөлі қазақтың заттық-материалдық саласында тұрақты орынға ие.

Тірексіз сөз: киіз, киіз үй, көшпенділер, көркем, сырмақ, мәдениет, дәстүр

Көшпелілердің ұлы өркениетін, мәдениетін сөз еткенде оны ешқандай айғақсыз, дерексіз баяндай берудің мүмкін еместігіне көз жеткізе отырып, оны халықтың рухани байлығының жемісі, заттық (тұрмыстық) мәдениеттің айқын айғағы ретінде зерттеудің маңызы зор. Көркем киіз өнері жайлы алғашқы деректер мен зерттеулер XIX-XX ғасырларда шет ел ғалымдарының еңбектерінде пайда болды. Қазақ халқының көркем мәдениетін зерттеген тарихшы, этнограф, археолог, филолог, өнертанушы ғалымдардың С.Дудин, Р.Карутц, А.Миллер, Б.Куфтин, Е.Шнейдер, Е.Клодт, В.Чепелев еңбектерінде киіз өнері жайлы мол мағлұматтар береді. XIX ғасырдың басында қазақ халқының дәстүрлі қолөнерінің толассыз даму нәтижесінде айтарлықтай жоғары деңгейге көтерілді.

Еуразия далаларындағы киіз өндірісінің бастау алуын ғылымда қола дәуірінің соңғы кезеңімен дәлелденді деп белгілейді, бұл кезде көшпенділер салтпен мал өсіру өндіргіш шаруашылықтың басым түріне айналды.

Біздің дәуірге дейінгі VII-V ғасырларда, сақ кезеңінде көшпенділік тұрмыста қолданылатын жабдықтардың типтік көрінісі қалыптасты. Олар киізбен жабылған, жорыққа ыңғайлы итарқалар, жиналмалы шатырлар мен күректер, киізді, тері мен ағашты пайдалана отырып жасалған қару-жарақ пен ат әбзелдерді, салт аттыға тән киім-кешек және тасымалға қолайлы жеңіл бұйымдар болып табылады [1]. Бұл жайында мәліметті археологиялық материалдар мен жазба дерек көздер, атап айтқанда, Страбон, Гиппократ, Геродот деректері арқылы пайымдауға болады. Көрші Таулы Алтайдағы Пазырық обасында, Жетісудың Бесшатыр обаларында, Шығыс Қазақстанның Берел обаларында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары кезінде көптеген киіз бұйымдары табылды. Сол археологиялық материалдарды негізге ала

отырып, ежелгі көшпенділердің киіз өндірісі туралы жалпылама қорытынды жасауға болады. Ең алдымен, киіз бұйымдардың әртүрлілігін және өте мол екендігін айту керек, олар: баскиімдер, шекпендер, ұзын шұлықтар, тұрғынжайдың киіз жабулары, еденге төсейтін және қабырғаға ілетін кілемдер, ер-тоқым жабулары және т.с.с. Аталған көне бұйымдарда көзге түсетін ерекшелік сол, бір бұйымда бірнеше материал (былғары, тері, киіз, мата, ат қылы, қола және алтын жалату-плакировка) және түрлі технологиялық тәсілдер(мозаика, аппликация, тігіс салу, кесте) араласып жатады. Бұлардағы мүйіз тәрізді ішіне қарай қайырылған, жиегіне иректөп тігілген әдіптер, өсімдік сабақтары, гүлдер мен пальметталар, қой, арқар, марал, бұғы, қаз, аққу, жылқы, қасқыр, арыстан, жолбарыс және мысық тұқымды басқа да жыртқыштарды, сирегірек – балықтарды да бейнелейтін ою-өрнектік нақыштар баса назар аудартады. Біріне – бірі шабуыл жасап жатқан кейіптегі жануарлардың, аңдар мен құстардың толық бейнелері немесе жекелеген бөліктері салынған. Бұл кезеңдегі тәсілдерді: жануарлардың дене құрылысының бөліктерін, олардың бұлшық еттерін нүкте, үтір, жарты таға, үшбұрыш пішіндес элементтер арқылы көрсету орын алды.

Технологиялық құралдар мен бұйымдар көрнекілігінің сәндік шешімдеріне қарай отырып, біз мынандай қорытындыға келе аламыз: нақ осы Еуразия далаларында, ежелгі көшпенділер дәуірінде киіз басу сәндік-қолданбалы өнердің өзіндік сипаты бар түріне айналды. Киіз өндірісі одан кейінгі тарихи кезеңдерде де өркендеп дамыды, ол үйсіндер мен ғұндардың мәдениетінде орын алған [2]. Еуразияның далалық кеңістіктерінде өмір сүрген сансыз тайпалар киіз өндірісін көркемдік тұрғыда дамытуға өлшеусіз үлес қосты. Біздің дәуіріміздің алғашқы мыңжылдығынан бастап, дала мәдениетінің қалыптасуында түркі тайпалары шешуші рөл атқарды, бұл жайт түркі көшпенділік мәдениетінің өзіндік мәдени құндылығы жайында айтуға мүмкіндік береді. Зерттеушілер ежелгі және қазіргі заманғы киіз бұйымдар туыстық сипаттардың бар екендігін атап айтады. Қазақтардың мәдениеті дала төсінде үш мың жылға жуық уақыт бойы дамып, өркендеген көшпенділік дәстүрлердің тікелей мұрагері болып табылады. Кавказ, Еділ бойы, Оңтүстік Сібір, Орта Азия халықтарының киіз бұйымдарын зерттеумен шұғылданған зерттеушілердің бірқатары қыпшақ, қазақ дәстүрлерінің ықпалы басым болғандығы байқалады. Қазақстанның ұшықиырсыз кең даласындағы көшпенділік тұрмыс салты мен шұғыл континенттік климат жағдайында жүнді көркем түрде өңдеудің ең жоғарғы деңгейі қалыптасты [3].

Киіз басумен Қазақстанның барлық бөлігінің тұрғындары айналысқан. Бір қызық жері, пайдаланылатын зат біреу, ол жүн, осыдан жасалған киіздің әр жүзге, әр руға тән өзіндік ерекшеліктерін анық байқауға болады. Өзгешеліктері киіздің жасалуында емес, безендірілуінде, бірін-бірі қайталанбас өрнектерінде болып табылады [4].

Ерте заманнан келе жатқан қазақтың жылжымалы баспанасы, әрі көшпелі өмірге бейімделген киіз үйі және оның үй жиһаздарында көрінетін қолөнер салалары бір-бірінен ажырамас біртұтас рухани дүниетаным.

Киіз үй интерьеріндегі бау-басқұрлардың ерекше сезімдік талғаммен түрленген айшықты өрнектері түрлі-түсті көрпе жастықтар, сәнді қол өнері бұйымдары киіз үйдің ішіне адамның көңіл-күйіне шабытты серпіліс беретін энергиялық күш-қуат жинақтайды. Киіз үйдің сырт кескіні табиғи ортамен өте үлкен үйлесімділікте көрінгенмен, адам оның ішіне енгенде бөлек дүниеге кіргендей әсер алады. Киіз үй ішіндегі үйлесімді әсем жиһаздар оның көзін демалдырып, көңілін сергітеді. Киіз үй жабдықтарының ерекше бөлігі - киіздері. Киіз үйдің басты жабындары: туырлық, үзік, түндік, және іргелік. *Түндік* - киіз үй шаңырағын жабатын киіз. Төртбұрышты пішіліп, шаңырақ диаметрінен 50-60 сантиметрдей молдау жасалады. *Үзік* - киіз үй сүйегінің шаңырақ қарынан бастап уық бойын тұтас жабады. Уықтың иінін жабатын тұсы киіз үй сүйегіне сәйкес пішіледі. Туырлық - кереге бойын жабады. Іргелік - керегенің аяқ жағын жабады. Ұрпақтан-ұрпаққа жүннен киіз жасау өнерін жеткізіп, жалғастырған - қазақ шеберлері. Киіз басудағы басты құпияның бірі жүн талшықтарының жоғарыдан төмен қарай бағытта орналасуында. Бұл жаңбыр жауғанда судың киіз үйдің ішіне өтіп кетпей не киізге сіңбей төмен ағып кетуіне әсер етеді. Киіз, әдетте, ақ не қоңыр жүндерден басылады. Ш.Уәлиханов «Киіз үйдің ең сәулетті әсемін ақ боз түсті киізбен жабады. Бұл түсті қазақтар басқа түстерден артық бағалайды», - деп жазды. Киіз үйдің киіздерінің ақ жүннен басылуы күн сәулесін өткізбеу үшін, ал қоңыр киіздер жылуды өз бойына көп сақтайды, соған байланысты үй жылы болады [5].

Халқымыздың ежелгі дәстүрінің негізінде – кілем, киіз, киізден оюлап жасаған бұйымдардың әртүрлі байлықтары бар. Соның ішінде сырмақ, текемет, тұскиіздің алуан түрлері, айшықтап кесте тіккен қоржын, әбдіре, сандық тыстары, тағы да сондай үй тұрмысында қолданылатын айна қап, аяқ-қап, кереге қап сияқты заттар кездеседі. Оюлап киіз басу тек қазақтың ғана еншісіне тиген өнер емес, мал шаруашылығымен айналысатын басқа да көшпелі елдерге тән, ортақ нәрсе. Қазақ халқының тұрмысында киізден жасалған бұйымдар барлық кезеңде басты роль атқаруда. Бұл көшпелілік жағдайында киім, күнделікті тұтынатын бұйымдар, киіз үй жабдықтарын дайындау үшін таптырмайтын теңдесі жоқ материал деу

лөзім. Қолайлылығы, функциональдығы мен қолдану аясының кеңдігі жөнінен мұнымен тек тері ғана таласа алады. Бүгінге дейін дәстүрлі қолөнер ең басты түрі – киіз басу болып табылады. Бұл көне заманнан бері әйгілі. Қазақстанның барлық бөлігінің тұрғындары киіз басумен айналысқан. Оның табиғаттық қасиетіне зер салып, тиімділігі мен күнделікті тұрмыста қолайлы жақтарын қарастыра отырып, әдемілік жағына да көңіл бөлінді. Бұрын киізді қара немесе ақ түсті етіп басқан, соңғы кезде оюлап басу кеңінен тарап кетті. Осындай көркемөнер туындыларын жасау арқылы болашақ мамандардың рухани мәдениетін байытып отырамыз [6].

Бір қызық жері, пайдаланылатын зат біреу, ол жүн. Осыдан жасалған киіздің әр жүзге, әр руға тән өзіндік ерекшеліктерін анық байқауға болады. Өзгешеліктері киіздің жасалуында емес, безендірілуінде, бірін-бірі қайталанбас өрнектерінде. Көлемі жағынан киіз үйге тұтастай дерлік төсеуге жететін төсеніш киіздің бір түрі текемет. Текеметтің көлеміне қарай ірілі-уақты сәндік әшекей өрнектері болады. Әлбетте, өрнекті киіздің негізгі түрін ашатын басқа бір айшықты түстен алады. Ол көбінесе "S" ирек болып келеді. Жартылай басылған әлі толық бірікпеген киіз үстіне басқа түсті жүннен созып өрнек салады. Өрнектің көрнекілігі қолөнер шеберінің ой қиялына, суреткерлігіне байланысты әр жерде әртүрлі, оюларды түсіріп болған соң киізді әрі қарай басуды жалғастырады. Пісіре келе өрнектік жүндер киізбен бірігіп белгілі бір нақтылығын, түзулігін жойып, әсем бір суретке айналады. Киіз - қойдың күзем жүнінен қалың, тығыз етіп басылған үй тұрмысы мен шаруашылықта пайдаланылатын бұйым [7].

Күнделікті тұрмыста киізді төсеуге, киіз үйдің туырлығын, уығын, түндігін, есігін жабуға, мал шаруашылығына қажетті тоқым, көпшік, жабу жасауға, баскиім мен сырт киім, аяқкиім түрлерін тігуге, сондай-ақ қап, қапшық т.б. тігуге жиі пайдаланған. Осыған байланысты олардың түрлері көп болды. Ыстық сумен пісірілген, буы бұрқырап шығып жатқан киізді жас киіз деп атайды. Одан әрі киіз қолданылатын орнына, мақсатына қарай бірнеше түрге бөлінеді: өре киіз - үш құлаш шамасындағы ұзын, үлкен киіз. *Ақ киіз* - бірінғай ақ жүннен басылған, сайлау кезінде ханды соған отырғызып, сайлаудың шешімін білдіруге, ұлықтауға қолданылған. Қазақ тұрмысында ақ киізді келін түсіргенде жақсы тілектің белгісі ретінде қолданған. Байырғы салт бойынша келінді үйге кіргізгенде, мінезі жұмсақ болсын деп бөстек, көңілі таза, ақ болсын деген ырыммен аяқ жағына ақ киіз төсеген. Үйге жабылатын киізді кей жерде кесек киіз, кей жерде жабу киіз, туырлықтық киіз деп атайды. Ол киіз жабын деп те аталады.

Зерттеуші Ө.Жәнібеков киіз жабынға туырлық пен үзікті жатқызады. Жабу киізінің түсі көбінесе қара, қара қошкыл болады. Сондықтан киіз үйді кей өлкеде жабылған киіздің түсіне қарай қара үй деп атау қалыптасқан. Жабу киізін дайындау әйелдердің міндетіне жатады. Жауын-шашыннан, ыстық-суықтан қорғап тұратын жабу киіздері үй көлеміне сәйкес келетін ши бойымен басылады. Оны қалыңдау, ширақ етіп басады. Жабу киізді, әдетте, қыркүйек айының ортасына таман басылады.

Төсеніш ретінде пайдаланылатын киіздер откиіз, төркиіз, текемет, сырмақ деп аталады. Үй ішіндегі отқа ең жақын төселетін киізді – откиіз дейді. Төсенішке пайдаланылатын киіз көбінесе ою-өрнекті болады. Киіз басқанда әр түске боялған жүннің өзінен ою-өрнек салып басылған киіз текемет деп аталады. Кейде екі бетіне де түр, яғни ою-өрнек салып басылған текеметтер де кездеседі. Текеметті ою-өрнегіне қарап ала киіз деп айту кездеседі. Оның аяқ астына төселетін шағын түрін аяқ текемет дейді. Бетіне ою-өрнек түсірілген, керегенің ішінен тұтылатын киіз түрін, яғни, сырмақтың сәнді түрін тұскиіз деп атайды [8].

Сырмақ – әртүрлі киізден ойылып жасалатын төсеніш киіздің бір түрі. «Сырмақ» басу негізінде Орта жүзде Арғын, Найман, Керей, батыста Қыпшақ руларында көп тараған. Атадан - балаға таралып дәстүр болып келе жатқан сырмақ жасаудың өзіндік бір салты бар. Әр ұрпақ өкілдері өздерінің жаңалықтарымен, соңғы элементтерімен сырмақ сыру өнерін толықтырып, байытып отырған. Текеметтей емес сырмақ даярлауда алдын-ала өлшеніп, нақты белгілеген үлгілері болады. Ою қатаң тәртіппен орналастырылады. Сырмақты ақ киізді бір бөлек, қара киізді бір бөлек басып, екеуін беттестіріп, үстіне ою үлгілерін салып, бормен сызып екі киізді бірден үлгімен ойып алатын болған. Содан-соң ойылған оюдың ағын қараға, қарасын, аққа келтіріп тігеді. Құрастырылған оюды сол қалпымен тұтас үлкен киізге жапсырады. Оюларды құрастыратын жерінің үстін бастыра жиек басады. Жиектік жіптің иірілуі де, қабатталуы да басқаша, және оның түсі, бояуы да оюды айшықтап тұратын ашық түсті болады. Текеметтей емес сырмақ мықты келеді. Кейбір сырмақтарды жарты ғасырдан артық төсеуге жарайды. Оюларды құрастырып үстінен басып тігіп болған соң сырмақты тұтастай сырады. Ақ киіздің үстін ақ жіппен, қара киіздің үстін қара жіппен ұсақ етіп түгелдей тігіп шығады. Сырмақ сонда шымыр, қатты болады. Оның төзімділігі де осында болса керек. Қазақ қонақжай халық болғандықтан арнаулы бір бөлек қонақ үй өте сәндікпен безендірілген бұйымдар тұтылады. Тұсқа айшықты тұс киіз ілініп, төрге оюлы текемет төселеді. Оюлы текемет көздің жауын алардай айшықты өрнекпен өрнектеліп, әр түсті шашақпен өте әсем безендірулері болады. Оның жасау жабдығы да күнделікті қолданылып жүргендердей емес, ерекшеленетін киіз үй бұйымдарының ішіндегі ең бағалы жасауы. Оюлы текемет тек өте сыйлы қонақтардың құрметіне ғана

ұсталатын болған. Көбінесе оюлы текеметті қызға жасау ретінде дайындайды [9].

Қазіргі кезде киіз бұйымдары нағыз қауырт өркендеу дәуірін бастан кешуде. Бұл икемделгіш және пластикалық қасиетті бар материал іс жүзінде бүкіл әлемге танымал. Негізінен киіздің емдік қасиеті өте зор. Жүннен яғни киізден жасалған бұйымдар, әсіресе, ревматизм, остеохондроз және радикулитпен ауыратын науқастарға ұсынылатын болған. оның табиғи қасиеттерін (жылу ұстап тұрғыштығы, төзімділігі) көптеген әлем елдері мойындаған.

Қазіргі кезде киізді қолданудың аясы барынша кең. Осы замандық дизайн мен сәндік өнерді үйлесімді синтездеу қолданбалы өнердің бұл түрінің шекарасын кеңейте түсті. Киіз бүгінгі күні бірнеше өнерді тоқайластырып отыр. Бұл тамаша материалды модельерлер де өз назарынан тыс қалдырмаған. Олар қазіргі заманғы әртүрлі технологияларды пайдалана отырып, сан түрлі фактуралар мен маталарды – жібек, мақта, кендір, тоқыма заттарды үйлестіре отырып, нағыз өнер жауһарларын жасап жатыр. Киімге арналған киіз бижутерия мен аксессуарларды да кездестіруге болады.

Киізді сәндік бағытта қолданыс тауып келеді. Киізбен жұмыс жасайтын шеберлердің арқасында ол сән трендіне айналды. Қазіргі дизайнерлер оны киім үлгілерінің бөліктеріне қолданып қана қоймай, одан жеке костюмдер тіге бастады.

Киіз басу және өңдеу өнері ұрпақтан-ұрпаққа барған сайын жетілдіріле отырып, қазақтың халық шеберлерінің қазіргі жоғары дәрежедегі ұлттық өнерін қалыптастырады.

1 Масанов Э.А. Казахское войлочное производство во второй половине XIX начале XX веков. // Труды Института истории, археологии и этнографии АР КазССР. Т.6. - Алма-ата, 1959. – С. 104-126.

2 Жанибеков У. Эхо. – Алма-Ата, 1990. – 240 с.

3 Муканов М.С. Казахские домашние художественные ремесла. - Алма-Ата: Казахстан, 1979.

4 Бекқұлова А. Қазақ киізі: кеше және бүгін. - Алматы, 2008.

5 Байжігітов Б.К. Қазақтың қолөнері тарихы. - Алматы, 2012. - 7-124 бб.

6 Тохтабаева Ш.Ж. Серебряный путь казахских мастеров. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 27 с.

7 Оразбаева Н.А. Қазақ халқының сәндік ою-өрнек өнері. - Л.: «Аврора», 1970 – 76 б.

8 Нұрсан Ә. Энциклопедия, 3-том. Қазақтың этнографиялық категориялар ұғымдары мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Қ.Р. Мемлекеттік Орталық музейі, 2012. – 735 б. 99-101 бб.

9 Күнпейіс Ж. Қазақ сәндік қолданбалы өнер түрлерінің иллюстративтік анықтамасы, – Алматы: Дарын, 2006. – 28 б.

Резюме

Войлокование – яркое, самобытное явление мировой культуры, одновременно обладающее устоявшимися традициями и значительным потенциалом развития новых технологий. Казахские войлочные изделия характеризуются богатым разнообразием видов, типов, подтипов и вариантов, что демонстрирует необычайно развитый уровень войлочного производства, смекалку казахских мастериц, сумевших из экологичного, легкого и транспортабельного материала создать в доме практическое удобство и максимальный уют. По количественному уровню присутствия в традиционном быту войлочных изделий, широкому спектру их практического использования, а также их декоративной роли, они занимали доминирующее место в предметной сфере казахов.

Ключевые слова: войлок, юрта, кочевники, художественный, сырмек, культура, традиция

Summary

Vologovaya bright, distinctive phenomenon of the world culture, are simultaneously established traditions and significant potential for the development of new technologies. Kazakh felt products are characterized by a rich diversity of species, types, subtypes and variants, which demonstrates an unusually developed level of felt production, wit Kazakh craftswomen, who managed from eco-friendly, lightweight and transportable material to create in the house a practical convenience and maximum comfort. On the quantitative level of engagement in traditional life felt products, a wide range of their practical use, as well as their decorative role, they occupied a dominant position in the subject area of the Kazakhs.

Key words: the felt Yurt, nomads, art, sermac, culture, tradition

УДК 371.035.6

ЖАСТАРДЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ МӘСЕЛЕСІ

Р.К. Төлеубекова – ғылыми жетекші, п.ғ.д., профессор,

Г.С. Ерсұлтанова – Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану»
мамандығының 2 курс магистранты, Астана қаласы

Жалпы адамзаттық құндылық қасиеттері ұлттық тәрбиемен ұлттық мәдениеттің дамуындағы қозғаушы күші болып табылады. Ұлттық тәрбие мен жалпы адамзаттық құндылық қасиеттерінің мәселесі – адамзат тарихынан ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат. Бұл адамзаттың, өркениеттің өзгеше биігіне көтерілген, үшінші мыңжылдыққа қадам басқан кезеңінде де жас мемлекетіміз үшін рухани асыл мұрат болып табылады.

Тірек сөздер: құндылық, жалпы адамзаттық құндылықтар, ұлттық құндылық, рухани-адамгершілік құндылық

Қазіргі таңда жастардың тәрбиесіне жаңа көзқараспен қарай отырып, жаңа талаптар қою қажет болып отыр, өйткені ХХІ ғасыр ақпаратқа толы, қол жетімді кезең болып отыр. Сондықтан да адамның руханилығы, оның шығармашылық интеллектісі, жаңалықтарға ашықтығы қоғамның негізгі капиталы болып табылады. Қазақстан Республикасындағы қазіргі білім беру жүйесі ұлттық құндылықтарды дамытуға бағдарланғаны анық. Адамгершілік қасиеттер адамның жалпы мәдениетінің көрсеткіші ретінде оның абыройын, жалпыадамзаттық құндылықтарды ұстануын білдіреді. Ұлттық құндылық – адамның рухани құндылығының негізі яғни адам өмірінің рухтық-сезімдік жақтары, адамдардың өзгеше ойлау бейнесі мен тіршілік әрекеті. Бұл құндылықтар өз кезегінде жеке тұлғаның өмірдің мәнін, өзінің өмірдегі орнын түсінуіне көмектеседі.

Аталған мәселе, «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту» тұжырымдамасында да көрініс тапты, онда білім берудің мақсат-міндеттері мен мазмұны ізгіліктік, рухани-адамгершілік пен демократиялық идеяларға негізделген мемлекетіміздің білім беру саясатын айқындайды, деп көрсетілген [1]. Бұл дегеніміз өз кезегінде ұлттық құндылықтың негізін қалайды.

Құндылықтар мәні, тәрбиелік маңызы туралы қазақ ғұламалары, ағартушы-педагогтар да өздерінің ой-пікірлері мен көзқарастарын білдірген (әл-Фараби, Ж.Баласағұн, Қожа-Ахмет-Иассауи, Абай Құнанбаев, Ш.Құдайбердиев т.б.).

Адамзат жинақтаған тәжірибені сапалы сақтай отырып, келесі ұрпаққа беру мақсатында оқытуды ізгілендіру үрдісінде негізгі бағдарды жеке тұлғаның жалпыадамзаттық, ұлттық құндылыққа белсенділігін арттыруға, рухани-адамгершілік қуатын қалыптастыруға басты назар аударылу қажет деп ойлаймыз.

Философиялық, педагогикалық, психологиялық тұрғыда құндылықтар жүйесін дамыту әртүрлі аспектіде қарастырылды. Айталық, құндылықтардың философиялық көзқарастары мен аксиологиялық негізін Сократ, Аристотель, Монтень, Я.А. Коменский, Ж.Ж. Руссо, К.А. Гельвеций, И.Г. Пестолоцци, А.С. Макаренко, В.А. Сухомлинский, К.Д. Ушинский т.б. қарастырса, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердиев, М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов т.б. ұлттық құндылықтарға аса мәнберген. Жалпыадамзаттық құндылықтардың педагогикалық құндылықтарды дамытудағы релін С.Л. Рубинштейн, А.Н. Леонтьев, В.А. Сластенин, И.Ф. Исаев, Е.Н. Шиянов, И.Б. Котова зерттеген.

Құндылықтар, оның негіздері Ежелгі Рим философтарының еңбектерінде кеңінен қарастырылғаны белгілі. Мысалы, Сократ «...бірінші кезекте адам рухы, табиғат, білімділік» дей отырып, өз еңбегінде адамның рухани құндылығына ерекше мән берген мысалы, «мейірімділік пен зұлымдық» жолында дұрыс таңдау жасау және әлеуметтік орада өзінің орнында табу ұғымдарына көңіл бөлген, ал Аристотель болса «Адам өмірінің мақсаты бойындағы рахымшылдық сапаларын дамытса, онда ол мейірімділік мінез танытады» - деген пікірін білдірген. Рухани-адамгершілік, құндылықтар: өмір сүру, денсаулық, махаббат, білім, еңбек, әлем, әдемілік, шығармашылық, т.с.с. адамзат қоғамының даму кезеңдерінде тұрақты болып қала береді. Ал ұлттық құндылықтар тіл, ұлттық киім, ұлттық тағам, салт-дәстүр, қол өнер, рәміздер қазіргі таңда өзектеліп, ұрпақтан-ұрпаққа беруді көзделуде, өйткені ұлттық құндылығы жойылған ел ұлт ретінде де жойылмақ, сондықтанда ұлттық құндылықтарымызды сақтау, беру әрбір адамның негізгі парызы.

Ұлттық құндылықтар, рухани-адамгершілік құндылықтар категориясы адамзат және қоғам өмірінде қолданылады, адамсыз және адамнан тыс жерлерде құндылық ұғымы өмір сүре алмайды, себебі ол заттармен құбылыстардың белгіленетін адами мәні. Құндылықтар дүние мен адамның өзара қатынасынан пайда болады, олар тарихта адамзаттың жасаған нәрселерінің мәнін бекітеді.

Философиялық тұрғыдан құндылықтар:

- витальды: өмір, денсаулық, игілік, экология және т.б.);
- әлеуметтік бағытта: әлеуметтік статус, жағдай, байлық, отбасы, тәуелсіздік және т.б.
- діни негізде: Құдай, сенім, ғұрып, шіркеу және т.б.
- моральдық: қайырымдылық, достық, сүйіспеншілік, парыз, адалдық, әділеттік және т.б.
- эстетикалық: сұлулық, идеал, үйлесімділік және т.б.
- саяси: заңдылық, мемлекеттік, ата заң, азаматтық еркіндіктер және т.б., деп жіктеледі [2].

Құндылықтардың философиялық көзқарастарымен қатар бүгінгі күні әлеуметтік, педагогикалық жіктелуін келесі ғалымдар еңбектерінен көруге болады: әлеуметтік тұрғыдан А.Қаплиева, педагогикалық аксиология негізін С.А. Смирнов, И.Б. Котова, Е.Н. Шиянов, Т.И. Бабаева, В.П. Тугарин және соңғы жылдары отандық ғалымдар Қ.Б. Жарықбаев, С.Қ. Қалиев, С.А. Ұзақбаева, Р.К. Төлеубекова, Қ.Қ. Қожахметова сияқты т.б. бір сыпыра ғалымдар халық педагогикасы, ұлттық тәрбие жайлы зерттеу жұмыстарына тарихи, педагогикалық тұрғыдан мән беріп, өздерінің үлестерін қосуда.

Құндылықтар – тәрбие мен оқытудағы адамгершілікке бағытталған идеалдар. Оларға шындық, қайырымдылық, тұлға, пайда, бостандық, махаббат, шығармашылық т.б. жатады. Құндылықтар – идеал

дарды қабылдау немесе қабылдамау сезамі арқылы айқындалып, ақыл-ой сана арқылы қабылданады. Құндылықтар – құрметтеу, қошеметтеу, қабылдау тәрізді бағдарды білдіреді. Құндылықтар – сезім мен ақыл-ойдың ұштасуын және сол арқылы адамның іс-әрекет бағдарын белгілейді. Ғалымдар жалпы құндылықтарды төмендегі кесте бойынша жіктейді.

Кесте 1. Құндылықтардың жіктелуі

Жалпыадамзаттық құндылықтар	Жоғары сапа деңгейіндегі құндылықтар	Рухани-адамгершілік имани құндылықтар
- адам өмірі, бостандық, отбасы, қарым-қатынас, адам бақыты, ұрпақ жалғастыру, еңбек ету, табыс, ынтымақтастық, белсенділік, тәуелсіздік	- адам конвенциясы, демократия, азаматтық қоғам, өркениет, әлеуметтік мәдениет т.б.	- мәдениет, саясат, әдебиет, Отан, Ана, Жер, дін, діл, ар-ождан, парыз, ерік, жігер, күш, махаббат, қайырымдылық, мейірімділік т.б.

Бүгінгі педагогика тағылымы қоғамдық дамудың объективті заңдылықтарына жүгіне отырып, қоғамдық ілгерлеуге қызмет ету қажеттігін, адамды қоғамның ең жоғарғы құндылығы деп тануды өз міндеті деп санайды. Себебі осы құндылықтардың өмірдегі мәнін түсініп, талдап, саралап қабылдайтын бұл – адам санасы. Адам санасында бірінші құндылықты анықтау үшін белгілі бір себепке байланысты қажеттілік оянады, әрі қарай сол қажеттілікті қанағаттандыру жолында өз алдына мақсат қойып өзі үшін құндылық негізін анықтап алады. Білім беру саласындағы жетістіктер негізінен адамтану саласындағы ғылыми ілімді жинақтау рекетімен қамтамасыз етіледі. Педагогикалық құбылыстардың құндылықты сипатын түсіндіру жалпы аксиология әсерінен қалыптасқан. Педагогикалық аксиология негізінде адам өмірінің, оқыту мен тәрбиенің, педагогикалық қызметтің және жалпы білім берудің құндылықтарын түсіну және бекіту жатыр [3].

Тұлғалық құндылық қарым-қатынас мәдениеті мен шығармашылық қабілеттіліктердің деңгейімен тығыз байланысты (Н.А. Бердяев). Өркениетті даму ұжымдық, іс-әрекетке, ал мәдениеттілік жеке тұлғалық, шығармашылық дамуымен байланысты болады деп. дәлелдейді. Л.И. Анцыферов тұлғалық құндылық желе қасиеттер: икемділік, ұйымдастырушылық, өзінің көзқарасын бақылау мен талдауға тікелей байланысты. Тұлғаның еркін, өз бетімен дамуы, белсенділігі, тәуелсіздігі, танушылыққа білеттілігі, өзін-өзі шығармашыл тұрғыда игеруі, өз көзқарасын, жеке бас мүмкіндіктерін, өз күшін дамыту – үлкен құндылыққа жатады (А.Н. Лук).

Тұлғалық және кәсіби бағыттағы міндеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін коммуникативті іс-әрекет – құндылық қарым-қатынас, құндылық сапалар, құндылық білімдер.

Соңғы жылдары қазақстандық педагог-ғалымдар жас ұрпақ тәрбиесіне мемлекеттік, ұлттық менталитетіміздің негізінде рухани-адамгершілік құнды-қасиеттерді қалыптастырудың теориясы мен әдістемесін жасады.

Атап айтар болсақ: С.Қалиев, Ш.Майғаранова, Г.Нысанбаева, А.Бейсенбаеваның «Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудың педагогикалық негіздері», Р.Төлеубекованың «Қоғам дамуының жаңа кезеңіндегі адамгершілік тәрбиесінің теориялық-әдіснамалық кезеңі», Ш.Майғаранованың «Мектеп оқушыларын рухани дамыту мәселелері», О.Нұсқабаевтың «Мектеп – жас ұрпақты әлеуметтендіру институты» т.б. еңбектері жарық көрді.

Бұл еңбектерде жастардың білім алу барысындағы тұлғалық сапалы қасиеттерін кешенді түрде қалыптастыруға педагогикалық ықпал ету жолдары негізделген. Яғни, құндылықтарды жастардың қалай бағалауы, сақтауы, бойына сіңіруінің жолдары көрсетілген, енді соны дұрыс жүзеге асыру әрбір мұғалімнің, оқытушының, ата-ананың яғни әрбір қоғам мүшесінің міндеті. Қоғам, техника дамуы барысында ұлттық құндылықтарды сақтап, болашақ ұрпаққа беру аса жауапкершілікті талап етеді, олай болса жастарды жауапкершілікке үйрету де маңызды болып табылады.

1 Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. //Білім-образование. №1, - 2004.

2 Нұрмұратов С.Е. Руханиқұндылықтарәлемі: әлеуметтікфилософиялықталдау. - Алматы, 2000. - 61 б.

3 Шиянов Е.Н., Котова И.Б. Идея гуманизации образования в контексте отечественных теорий личности. – Ростов-на-Дону, 1985. - 64 с.

Резюме

Достоинства общечеловеческой ценности являются движущей силой в развитии национального воспитания и национальной культуры. Задача национального воспитания и достоинств общечеловеческих ценностей – великая

цель, передающаяся из поколения в поколение на протяжении всей истории человечества. Это является духовной целью для нашего молодого государства во время перехода в третье тысячелетие, где человечество и цивилизация достигли особых высот.

Ключевые слова: ценности, общечеловеческие ценности, национальные ценности, духовно-нравственные ценности

Summary

The accomplishment of human values are the driving force in the development of national education and national culture. The task of national education and accomplishment of human values is a great goal handed down from generation to generation throughout the history of mankind. This is a spiritual purpose for our young state during the transition to the third millennium, where humanity and civilization reached specific heights.

Keywords: values, human values, national values, spiritual and moral values

ПЕДАГОГИКА ТАРИХЫ **ИСТОРИЯ ПЕДАГОГИКИ**

УДК: 372.878

ОПЕРНОЕ НАСЛЕДИЕ М.П. МУСОРГСКОГО НА УРОКАХ МУЗЫКИ В ШКОЛЕ

Н.П. Шишлянникова – д.п.н, профессор, Хакасский государственный университет
им. Н.Ф. Катанова, г. Абакан, Россия

В статье раскрываются пути решения проблемы знакомства учащихся общеобразовательной школы с оперой «Борис Годунов» русского композитора XIX века М.П. Мусоргского. Показана методика музыкально-педагогического анализа фрагментов оперы в сравнении с историческим первоисточником «История государства российского» Н.М. Карамзина и трагедией «Борис Годунов» А.С. Пушкина. Подчеркнуты своеобразие и интонационная выразительность музыкального языка композитора в раскрытии музыкальных образов персонажей оперы. Показаны возможности современных технических средств обучения в «оживлении» подачи музыкаль-

ного материала на уроках и стимулировании интереса школьников к историческому прошлому своего народа, поиску параллелей с современностью.

Ключевые слова: классическая музыка, урок музыки в школе, опера «Борис Годунов», музыкально-исторический анализ произведения, речевая и музыкальная интонация

Многолетний опыт работы в сфере музыкального образования, изучение практики преподавания музыки в школе показывает, что учителя зачастую избегают давать оперные произведения М.П. Мусоргского по причине сложности работы над ними, боязни, что учащимся, слушающим в повседневной жизни современную поп-музыку, покажутся неинтересными своеобразный музыкальный язык этого композитора и события прошлого.

Недостаток уроков, которые приходилось наблюдать, кроется в информативно-иллюстративном подходе к подаче музыкального содержания. Современные технические средства (мультимедийное оборудование, возможность просмотра видеофрагментов оперы) с одной стороны увеличивают информативную емкость урока, позволяют зрительно погрузить учащихся в атмосферу того времени, тем самым «оживить» события прошлого. С другой стороны – увлечение рассказами и показами событий исторического прошлого в ущерб звучанию самой музыки и обращению к музыкальному языку, в котором воплощено историческое содержание, уводят от главной задачи урока музыки – научить учащихся получать информацию из самой музыки, а не из внемузыкальных источников. Одна из задач учителя – найти меру соотношения музыкального и внемузыкального материала на уроке.

От педагога-музыканта требуется большая предварительная подготовка с тем, чтобы на уроке «говорила» сама музыка, а обращение к историческому и литературному первоисточникам способствовало бы более глубокому осмыслению образов той или иной исторической эпохи, пониманию ее противоречий, развитию способности учащихся осознавать уроки прошлого для современности. «Прошедшее в настоящем – вот моя задача», так определил Мусоргский свои творческие устремления [цит. по: 5, с. 106]. Эта идея, с одной стороны, может стать завязкой и стимулом возникновения интереса к опере, ее литературной и исторической основе. С другой – конечным выводом, к которому учитель подведет учащихся после цикла уроков по знакомству с музыкальными образами оперы Мусоргского «Борис Годунов».

В рамках школьной программы при одном часе музыки в неделю невозможно подробное знакомство с оперой. Но чтобы учащиеся получили более полное представление о той исторической эпохе и ее главных героях, важно взаимодействие с учителем истории и учителем литературы, поскольку основой для исторической хроники «Борис Годунов» А.С. Пушкина послужила «История государства российского» Н.М. Карамзина. Как Пушкин был вдохновлен прочтением истории правления царя Бориса у Карамзина, так, спустя 40 лет, внимание Мусоргского привлекла трагедия Пушкина об одной из самых драматических эпох истории русского народа.

По воспоминаниям современников, сюжет драмы А.С. Пушкина глубоко потряс и захватил воображение композитора, и он взялся за сочинение не только музыки, но и текста, так как пушкинский текст не мог быть передаваем целиком. «Составляя либретто, композитор кое-что изменил, ...некоторые линии развил, подчеркнул, укрупнил, а кое-что убрал совсем, исключая, как неотвечающее его замыслу», – пишет музыковед Л.С. Третьякова [5, с. 106].

Сопоставление с историческим первоисточником показывает, что композитор бережно наметил сюжетную линию, не нарушая хронологической последовательности воссоздаваемых исторических событий. Кроме того, он ввел в оперу сцены, которых нет в литературном источнике, – у Новодевичьего монастыря, под Кромами, монолог Бориса, а также сочинил невероятно выразительную песню Варлаама, беглого монаха, воплотившего в себе различные черты русского народа в его песне о взятии Казани (слова тоже сочинил сам композитор).

Программа по музыке и методическое пособие для учителя лишь в общих чертах рекомендуют проводить знакомство учащихся с оперой по двум направлениям: образ народа и образ Годунова. Интерес учащихся к музыкальному материалу и успех в его освоении зависят от эрудиции и компетентности учителя, от главного его умения – организовать общение учащихся с музыкой, а также с другими внемузыкальными источниками, как дополнительными средствами.

Учителю важно знать «биографию» произведения и те первоисточники, на основе которых сочинена опера. Знать не для того, чтобы пересказать на уроке содержание, а чтобы заинтересовать учащихся, вызвать у них желание ознакомиться с первоисточниками и послушать самостоятельно другие сцены из оперы, которые не будут звучать на уроке в силу недостатка времени.

Покажем один из вариантов уроков с учащимися 8 класса, разработанных студенткой для формирующего этапа опытно-экспериментальной работы по теме «Знакомство с творчеством М.П. Мусоргского как средство формирования образа исторической эпохи у старших подростков», которая выполнялась под

научным руководством автора статьи как выпускная квалификационная работа.

Школьной программой по музыке предусмотрено знакомство с двумя фрагментами оперы: сценой народного бунта под Кромами и сценой смерти Бориса. В рамках эксперимента кроме этих фрагментов нами дополнительно были включены для прослушивания и анализа сцены у Новодевичьего монастыря, у собора Василия Блаженного и монолог Бориса (сцена галлюцинаций) из II-го акта.

На первом уроке под руководством студентки учащиеся пронаблюдали за развитием темы народа в сцене у Новодевичьего монастыря и сцене народного бунта под Кромами. Эпиграфом к уроку, его главной идеей послужили слова композитора: «Я разумею народ как великую личность, одушевленную единой идеей» (из посвящения композитора на клавири «Бориса Годунова»). Урок начался с краткого собеседования об эпохе правления царя Бориса, опираясь на знания учащихся, полученные на уроках истории и литературы.

После прослушивания сцены у Новодевичьего монастыря следует выяснение общего содержания. Ребята отметили, что главный герой этой сцены – народ, т.к. звучал преимущественно хор с отдельными короткими сольными репликами в исполнении мужских и женских голосов. Ребята поняли смысл этой сцены – дубинками, удары которых отчетливо слышны в оркестре, сгоняли народ на площадь звать боярина Годунова на престол.

Затем учитель обращает внимание на отдельные интонации-реплики персонажей этой сцены (исполняет голосом, аккомпанируя на фортепиано), а ребята характеризуют интонации каждого образа: «Митюх, а Митюх, чего орем?» (вопросительная интонация угрюмого мужика); «Вона! Почему я знаю?!» (беззаботный Митюха); жалобная интонация – в причитании бабы; у другой бабы в голосе слышна ворчливость и зависть («Вишь, боярыня какая!»).

Сравнение музыкальных интонаций, характеризующих целую галерею народных характеров, позволяет учащимся сделать вывод о секретах такой музыкальной живописи, которая заключается в близости речевой и музыкальной интонаций, в тонкой и точной передаче оттенков речи музыкой. Учитель обобщает: «В яркой обрисовке действующих лиц, выделение их из общей хоровой массы, – в этом состоит творческое новаторство Мусоргского и его кредо: «Хочу, чтобы звук прямо выражал слово. Хочу правды».

Вывод, к которому пришли учащиеся в результате обсуждения этой сцены – народ предстает забытым, угнетенным и равнодушным к тому, кто сядет на царский престол. Во всей этой сцене выразительно передано вековое подневольное, рабское существование русского народа.

В IV акте в сцене перед собором Василия Блаженного драматизм положения народа нарастает. После прослушивания музыки учитель останавливает особое внимание учащихся на образе Юродивого, представителя народа. Ребята характеризуют его интонацию как нисходящую, напоминающую плач, жалобу обездоленного, глубоко страдающего человека. Юродивый, рассказывая, как у него мальчишки украли копеечку, говорит Борису: «Велика их зарезать, как ты зарезал маленького царевича». Тем самым словами Юродивого в лицо Борису высказано истинное мнение народа о нем, как о царевиче. На просьбу Бориса молиться за него, Юродивый отказывается: «Нельзя молиться за царя Ирода».

У учащихся возник вопрос, почему царь смиренно выслушал обвинение Юродивого и никак не отреагировал на его слова. Учитель рассказал о том, что Юродивый в старину – носитель мирской совести и бескорыстной праведности. К таким людям всегда относились уважительно. Считалось, что юродивые ближе к богу, чем обычные люди. К их словам прислушивались, искали в них тайный смысл. В этой сцене Юродивый выступает как пророк, предсказывающий народу новые несчастья с приходом нового царя.

Далее сравнили интонацию хора с интонацией Юродивого. В хоре она напряженная и даже угрожающая, звучит несколько раз как настойчивое требование: «Хлеба! Хлеба! Это возгласы измученного лишениями и голодом народа. В них уже нет прежнего раболепия, а звучит явная угроза.

Затем прослушивание заключительной сцены под Кромами – хора «Расходилась, разгулялась». В беседе выяснили, что вся сцена объединена единым порывом, единым вихревым движением, сметающим все на свете: музыка стремительная, бурная, безудержная, как взрыв накопившейся энергии, и одновременно напряженная, с отдельными восходящими интонациями возгласа, выкрика. Академик Б.В. Асафьев о сцене стихийного народного бунта пишет так: «Толпа доведена до той стадии злобы и ненависти, за которой уже нет предела и границ для разгулявшейся дикой воли...заключительный стон Юродивого звучит как ужас перед надвинувшимся хаосом» [цит. по: 4, с. 155]. На вопрос учителя: «Кого из знакомых действующих лиц оперы напоминает характер звучания хора», отвечают: «Песню Варлаама», которую они слушали ранее. Находят сходные черты характера в песне и в этом хоре: могучая, необузданная, стихийная сила, размах и удал русского характера.

Далее учитель предлагает сравнить окончание эпохи правления Бориса Годунова в «Истории государства русского» Н.М. Карамзина с окончанием исторической хроники «Борис Годунов» А.С. Пушкина

и окончанием оперы. Если «Историческая хроника» Пушкина следует версии Карамзина и заканчивается ремаркой «Народ безмолвствует!», то Мусоргский завершает оперу сценой народного стихийного бунта. На вопрос, почему так, ребята ответили, что, как им известно из истории, ко времени создания оперы отношения между народом и самодержавной властью сильно обострились.

В конце урока учащиеся ответили на обобщающие вопросы: «Каким предстал перед нами образ народа в трех сценах, которые прослушали? Назовите главные черты собирательного образа народа в опере. Что особенного сделал композитор для того, чтобы мы поняли его замысел, его отношение к народу? Какими средствами музыкальной выразительности он это показал в разных сценах? На дом учащиеся получили задание – послушать фрагменты оперы и подготовить презентацию по теме «Народные сцены в опере» или написать эссе на эту тему (на выбор).

Следующий урок посвящен музыкальному образу царя Бориса в сопоставлении с первоисточниками (сцена коронации, монолог с курантами, сцена смерти). Если у Пушкина Борис произносит свою первую речь в Кремлевских палатах, то в опере он выступает перед народом с паперти собора на площади. Учитель просит учащихся представить торжественную обстановку пышного обряда венчания на царство. После настроя на вслушивание в музыку звучит монолог «Скорбит душа...». Учащиеся обратили внимание на душевное состояние царя, восходящего на престол, на контраст между степенной, величественной, и в то же время наполненной мрачными, тревожными чувствами, мелодией Бориса, и торжественным, ликующим колокольным звоном в оркестре.

Учитель, обобщая рассуждения ребят, подчеркивает, что монолог короткий, но благодаря контрастному звучанию голоса и оркестра, сопровождающего торжественный обряд коронации, возникает ощущение острой напряженности душевного состояния царя Бориса. Музыка передает внутренний облик страдающего и обреченного человека.

Глубоким драматизмом потрясает сцена с курантами. Перед прослушиванием учитель просит ребят постараться понять сложность внутреннего состояния царя. Сопоставляя сцену кошмара в трагедии и в музыке, ребята убеждаются, с каким нарастающим напряжением дана эта сцена в опере, отмечают, как это достигнуто – однообразным, завораживающим боем курантов, зловещим звучанием оркестра в низком регистре и медленном темпе, на фоне которого разворачивается душевная драма царя. В дрожащем призрачном тремоло, в движущихся фигурках часов измученному Борису чудится призрак убитого царевича Дмитрия.

Затем учитель рассказывает о гениальном воплощении этой сцены Ф.И. Шаляпиным, показывает репродукции с изображением певца в роли Годунова, приводит слова Э.Старка, описывающего эту сцену, «...точно под влиянием нечеловеческой силы, Борис страшно выпрямляется, откидывается назад: «Что это?... там в углу...колышется...растет...близится...дрожит и стонет!» Ледяной ужас слышится в каждом слове. Как подкошенный, Борис рушится на колени, мечется по полу, и слышатся вопли: «Чур, чур, дитя! Не я ...не я твой лиходей!» [7, с. 87].

Учитель сообщает учащимся воспоминания современников о том, что когда певец показывал в угол с курантами якобы на царевича, то все зрители, захваченные действием, вставали и смотрели в угол так, словно жаждали увидеть там царевича своими глазами. Музыка с поразительной силой передает ощущение душевных страданий и ужаса кающегося Бориса Годунова: «Господи! Помилуй душу преступного царя Бориса...».

Перед просмотром видеоролика сцены смерти учитель просит ребят вспомнить, как заканчивается история царя Бориса у Карамзина и Пушкина. После просмотра оперной сцены – заключительная беседа о содержании. Учащиеся характеризуют музыку как чрезвычайно драматичную, делают вывод о безумном состоянии царя, о муках нечистой совести, от которой он нигде не может укрыться. А рассказ монаха Пимена о целительной силе могилы убиенного царевича в Угличе повергает царя в пучину новых страданий. Все его существо охвачено безумным беспокойством, лицо выдает муки, которые переживает душа: «Ой, душно!...душно!...свету!». На фоне молитвенного пения хора звучит поминальный колокол. Прощание с сыном, из последних сил восклицание «Я царь еще!», приказание боярам, показывая на сына: «Вот царь ваш!» звучат с истинно трагической силой. Не выдержав мук, Борис умирает. Сцену оканчивает оркестровое заключение торжественно просветленного характера. Ребята воспринимают это как прощение композитором царя Бориса.

Л.С. Третьякова так описывает эту сцену: «Музыка достигает гениальной силы выражения: взволнованно-трепетный оркестровый фон, словно страшный мерцающий призрак, разрозненные реплики объятых ужасом царя, прерываемые частыми паузами и передающие нечеловеческое напряжение всех его душевных сил» [5, с. 110].

На вопрос учителя об отношении к царю Борису, ответы учащихся были разные. Одни говорили, что

самодержец получил по заслугам, другие признавались, что им жаль несчастного Бориса, что он своими страданиями и смертью сполна искупил вину. Итоговый вывод: Борис Годунов – сложный трагический образ. С одной стороны – самодержец, обладающий неограниченной властью, с другой – человек, подозреваемый в преступлении и теряющий разум от угрызений совести.

На вопрос о том, какую главную идею выразил Мусоргский в опере, ребята ответили: «Идею осуждения самодержавия, несовместимости злодеяния и добродетели, неотвратимости наказания». Учитель обобщает: «Мусоргский не стремится сделать из Годунова только злодея. Наоборот, он создал правдивый образ, обладающий сложным характером и глубиной чувств. Далее учитель приводит слова Ф.И. Шаляпина: «...считаю Мусоргского самым гениальным создателем оперного реализма. Его стихией была сценическая правда. В его произведениях не только слово и звук сливаются в одно целое, но это целое сливается с действительностью» [6, с. 319]. На вопрос учителя, актуальна ли в наше время трагедия нечистой совести, ребята привели примеры, известные из жизни и из литературных произведений с выводом о том, что злодеяния рано или поздно наказуемы.

На следующем обобщающем уроке ребята представили подготовленные презентации, эссе и написали небольшое сочинение на тему «Мусоргский – наш современник». Ответы ребят на уроках, дополнительная самостоятельная работа и сочинения позволили нам сделать вывод о том, что учащиеся в достаточной степени освоили музыкальный материал, музыка оперы вызвала у них интерес, они поняли замысел и сделали для себя нравственные выводы. Таким образом, обращение к масштабным историческим личностям, запечатленным в образах искусства, примечательно тем, что окрашивает ту или иную историческую эпоху эмоционально, «оживляет» события прошлого, тем самым способствует сопереживанию событий и стимулирует интерес учащихся к истории Отечества, желание отыскивать в прошлом ответы на актуальные вопросы современности.

1 Карамзин Н.М. История государства российского: коллекционное издание. – М.: РОССОА. – 2012. – 1224 с.

2 Слово о музыке: русские композиторы XIX в.: Хрестоматия / сост. В.Г. Григорович, З.М. Андреева. – 2-е изд., испр. – М.: Просвещение, 1990. – 319 с.

3 Третьякова Л.С. Русская музыка XIX века: Кн. для учащихся ст. классов. – 2-е изд., исправ. и доп. – М.: Просвещение, 1982. – 207 с.

4 Фёдор Иванович Шаляпин. Литературное наследство. В 2-х т. – Т. 1. – М.: Искусство. – 1959. – 767 с.

5 Фёдор Иванович Шаляпин. Литературное наследство. В 2-х т. – Т. 2. – М.: Искусство. – 1960. – 631 с.

Summary

In clause ways of the decision of a problem of acquaintance of pupils of a comprehensive school with an opera "Boris Godunov" of the Russian composer of XIX century M.P. Musorgsky reveal. The technique of the is musical-pedagogical analysis of fragments of an opera in comparison with the historical primary source «History of the state Russian» is shown to N.M.Karamzina and tragedy "Boris Godunov" A.S. Pushkin. The originality and intonational expressiveness of musical language of the composer in disclosing musical images of characters of an opera are underlined. Opportunities of modern means of training in "revival" of submission of a musical material at lessons and stimulation of interest of schoolboys to the historical past of people, search of parallels with the present are shown.

Key words: Classical music, lesson of music at school, an opera "Boris Godunov", the is musical-historical analysis of product, speech and musical intonation

УДК 271(542)

ТҮРКІСТАНДЫҚ ЖӘДИТШІЛЕРДІҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ

Қ.Қ. Базарбаев – Қожа Ахмет Ясауи ат. Халықаралық қазақ-түрік университетінің PhD докторы,
Т.Ә. Данияров – п.ғ.к., Қожа Ахмет Ясауи ат. Халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті

Жәдитшілік қозғалыс XX ғ. бас кезінде Түркістандағы қоғамдық-саяси процестердің барысында патша өкіметінің отарлық билігіне қарсылық ретінде дүниеге келген еді.

Бұл қозғалыстың пайда болуы мен қалыптасуына ықпал етуші факторлар - ресейлік отарлық езгіден құтылу, жаңа заман сұранысына лайық білім мен ғылымды игеру, жеке тұлғаның еркіндігін мойындау, өлкенің мәдени-әлеуметтік және экономикалық тұрғыда артта қалушылығы болатын. Осы факторлар өлкенің қоғамдық-саяси, экономикалық өмірін модернизациялауға үндейтін, жергілікті халықтың қалың ортасынан өсіп шыққан қуатты қозғалысты өмірге алып келді. Әйтсе де, өлкедегі саяси билікті қолға алған большевиктер бұл модернизацияны таптық негізде іске асыруы арқылы жәдитшілік қозғалыстың басты идеяларын теріске шығарды. Содан да кенестік тарихнама жәдитшілік қозғалыстың тарихын бұрмалап, оны біржақты айыптауды мақсат етті. Тәуелсіз тарихы сана қалыптас-

тырудың мақсаты - өткен тарихтың мазмұнын қайта қарап, ондағы бұрмаланған теріс тұжырымдарға түзету енгізу, саяси, әлеуметтік құбылыстарға шынайы баға беру болғандықтан да XX ғ. 90 ж. бергі тарихнамада жәдитшілік қозғалысқа қатысты жаңа көзқарастар жүйелі қалыптасып келеді.

Ұлт-азаттық қозғалыстың саяси дәлелдері мен бағдарламасының міндеттері қандай аймақта, мемлекетте болса да өз бастауын халықты ортағасырлық артта қалушылықтың құрсауынан құтқаратын ағартушылықтан алатындығы белгілі. Жәдитшілік қозғалысты да Түркістандағы «ұлт-азаттық идеологиясын қалыптастырған ағартушылық құбылыс ретінде қарастыру көп мәселеге айқындық береді. Жәдитшілік – ислам құндылықтарын басшылыққа алған, отаршылдыққа қарсы құрылған, білім беру жүйесін реформалауды мақсат еткен Ресей империясына тәуелді түрік мұсылмандарының мәдени-саяси бірлігі.

Түркістан өлкесінің отар ел ретінде экономикалық тұрғыда аяусыз қаналғандығы, патша өкіметінің өлкені дамытуда тек экономикалық мүдде көздегендігі белгілі. Өлкеге орыс отаршылығының енуі өндіріс қатынастарын дамытып, жаңа экономикалық инфраструктура қалыптастырғанымен ол біржақты отарлық сипатымен ерекшеленді. Өлкеге тек арзан шикізат көзі ретінде мән берілгендігін мына деректер айғақтайды: Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдары Түркістаннан 59 млн. пұт мақта, 8,5 млн. пұт мақта майы, 950 мың пұт жібек құрты, 2925 мың пұт жүн және 70 мың жылқы, 12 мыңнан астам түйе жөнелтілді [1, с. 19-22].

Дегенмен, осындай экономикалық қанаушылыққа қарсы отарлық биліктің өлкедегі бірқатар игі ықпал-әсерін біржақты жоққа шығаруға болмайды. Осыған байланысты Д.Алимова өлкеге бай тәжірибесі және технологиялық жетістіктері бар жаңа еуропалық мәдениет, тұтастай еуропалық әлеммен байланысқан кемелденген білім беру жүйесі де келді [2, с. 8-9] деп тұжырым жасайды. Өлке өміріне енген бұндай жаңалықтар жергілікті зиялы қауымның ақыл-ойына ықпал етпей қойған жоқ. Олар алғаш рет өлкедегі әлеуметтік және отарлық езгіні, елдің артта қалушылығы мен қараңғылықтың себептерін көре білді. Өлкедегі ағартушылық идеясы алғаш рет осылай көрініс тапты.

Осыдан аңғаратынымыз, жәдитшілер әрекетінің өзегінде ұлттың болашағын ойлаған патриоттық жатты. Демек, ұлт прогресшілері өз заманының жағары білімді тұлғалары болғандықтан да өз ұлтының болашағын әлемдік өркениетпен байланыстыруға ұмтылған алдыңғы қатарлы өкілдері ретінде тар ұлттық оқшауланудан жоғары тұрды. Содан да жәдитшілердің көпшілігі шығыс пен батыстың білімімен сусындап қана қойған жоқ, сонымен бірге Ресейдің орталық қалаларында, Европада, Түркия мен Иран, Египеттің қалаларында білім алды, ол елдердің қоғамдық-саяси өзгерістерін өз көздерімен көрді. Бұл жағдай олардың өлкедегі қоғамдық-саяси ахуалды салыстыра бағалауына ғана емес, артта қалушылықты жою жолдарын айқындауына да мүмкіндік берді. Осылайша Түркістанда әлемдік өркениеттің жетістіктері алғаш рет жәдитшілердің айтуымен насихаттала бастады және алдыңғы қатарлы мәдени, әлеуметтік құндылықтар өлкені жаңғыртудың үлгі-өлшемі ретінде ұсынылды.

Жәдитшілердің ағартушылық идеялары қоғамдық өмірде өз орнын алған феодалдық тәртіп пен патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы бағытталды. Жәдитшілердің ағартушылық идеялары өлкеде білім беру жүйесін қазіргі заманғы модульдерге лайықтап реформалау қажеттігін туғызды. Әрине, бұндай реформаларды өлкедегі отарлық билік те қолға алған болатын. Білім беру жүйесін реформалауды іске асыруда отарлық мүддені көздеген патша өкіметі ұлыорыстық шовинизмнің қағидасына сүйенді. Остроумов, Ильминскийдің және т.б. ұсынған білім беруді реформалау шараларында орыс-бұратана мектептер жүйесін енгізу, мектептерде оқытуды орыс тілінде жүргізу шаралары өлке халқын орыстандыру саясатынан туындады. Оған қосымша жергілікті халықтың өкілдерін сауаттандырғанда оларды отарлық билікке қызмет етеін мамандықтарға дайындау мақсаты да жәдитшілердің назарынан тыс қалмады.

Орта Азиядағы жәдитшілікті XIX ғ. соңы мен XX ғ. бас кезінде Шығыстың көптеген елдерінде пайда болып қалыптасқан ұлт прогресшілері зиялыларының реформаторлық қозғалыстарының аймақтық көрінісі ретінде бағалаған орынды [2, с. 11]. «Жәдит» ұғымы «усул-и-джадит» («Жаңа тәсіл») мағынасында пайда болып, еуропалық үлгімен жаңаша оқыту дегенді танытады. Жәдитшіліктің осы ағартушылық мазмұны өлкедегі қоғамдық-саяси ахуалдың дамуы барысында ескі әлеуметтік және саяси жүйенің мәртебесін өзгертіп, оған тың сипат беру түрінде өзгеріске түсті. Сонымен, өлкедегі жәдитшіліктің қалып-тасуы мен қызметіндегі сапалы өзгерістерге қарай, оны мәдени ағартушылық және саяси күрес кезеңі деп екіге бөліп қарастырамыз.

Жәдитшілер саяси ұстанымдарында Ресейден бөлектенуге ұмытылған жоқ, мәселе - отаршылық бұғауын бұзудағы мұсылмандық ынтымақтастық туралы болып тұр. Ортаазиялық мұсылмандар үшін Ресейдің басқа аймақтарындағы және дүниежүзіндегі мұсылмандармен өздерінің рухани және мәдени тұрғыдан біртұтастығын сезінуде ислам факторы - олардың саяси сана сезімінің индикаторы болды [3, 26 б.].

Түркістан қоғамында баспасөздің дамуы үлкен маңызыға ие болды. Айталық, жәдиттік хәм түрікшіл-

дік идеяларды насихаттауда әр жылдарды әр түрлі қалалардан шығып тұрған газет-журналдар көп үлес қосты. Түрік мұсылмандарының ұлттық баспасөзін қалыптастыру мен дамытуда жәдиттердің қызметі өте зор болды.

Түркістан өлкесіндегі ағартушылық мақсатты көздеген жәдитшілерге қозғалыстың саяси ағымға айналуы өз кезегінде Түркия қоғамындағыдай мұсылмандық бірлік идеясы саясат сахнасына шығады. Бұл саяси ағымдар алғашқы кезекте өлкедегі отарлық билікті демократияның тәсілдерімен реформалау барысында саяси талаптарды ұлттық идея деңгейіне көтерді.

Еділ бойындағы жәдитшілердің саяси ағартушылық қызметінің басты жемісі түркі халықтары арасында ұлт тіліндегі баспасөзді дамыту болды. Түркі-мұсылман халықтарын ағартушылық арқылы саяси сипаттағы ұлт-азаттық қозғалысын үндеген «Тәржіман», «Уақыт», «Ұлфат» сияқты газеттер болды. Қазақ жерінде ұлт-азаттық қозғалыстың идеологиялық өзегін құраған тұңғыш баспасөз органы «Қазақ» газеті болды. Ол газет белгілі дәрежеде жоғарыда аталған түркітілді басылымдардың саяси күрестегі және баспагерлік тәжірибиесіне сүйенген. Жалпы жәдитшілік жалпыресейлік ауқымдағы ұлт зиялыларының азаттық жолында қарулы күшке емес, ағартушылық әдістер мен саяси күрес тәсілдеріне сүйенген алғашқы қозғалысы болғандығын Мұстафа Шоқай «Жәдитшілік» пен «жәдитшілер» төңкерістен бұрын Түркістанда халықты прогресс жолына салуда қыруар жұмыстар атқарғаны кез-келген түркістандыққа мәлім. Жәдитшілдік - адамдардың жеке басын алааламайтын, таптарға бөлмейтін, жалпыға бірдей саяси еркіндік пен бостандықты мұрат тұтқан ұлттық салауатты алғабасар қозғалыс болатын» [4] деп айқындайды. Отарлық езгі күшейген сайын жәдитшілердің ұстанған рухани-мәдени бағдары саяси сипат алып, Түркістанда «Мұсылмандық Кеңестің» (Шурай Исламия) құрылуына ұласты. Ұлт-азаттық сипат алған бұл ұйымның Бүкілресейлік басшылығын Ә.Топчибашы, С.Мақсуди, Ю.Акчура, С.Жантөрин, Ә.Ибрагимов сияқты қайраткерлер құрады.

Осындай негізде Түркістан өлкесінде ХХ ғ. бас кезінде жергілікті халықтардың түрлі саяси, ағартушылық ұйымдары құрыла бастаған. Ағартушылық бағыттағы бұл ұйымдар қоғамдық-саяси даму барысында қызмет ауқымын кеңейтіп, отаршылыққа қарсы күрес дәлелдерін бағдар еткен саяси, қуатты қозғалыстарға ұласты. Ондай үйірмелердің қуатты қозғалысқа айналуын Түркиядағы жастүріктер, Ирандағы жаспарсылар, Бұқарадағы жасбұқарлықтар сияқты саяси қозғалыстардың ықпал әсері болды. Саяси қозғалыстағы осы шығыстық фактордың басым болуы өлкедегі ұлттық ұйымдардың жәдитшілік, мұсылмандық және түркішілдік деген үш бағытын айқындайды. Ол бағыттардың ұстанған позицияларына қарай сипаттық, мазмұндық ерекшеліктері болды. Мысалы Бехбуди, Мұнауар Қары бастаған жәдитшілердің діни білім беруді реформалауға бағытталған іс-әрекеті қоғамдық өмірді демократиялық жолмен жаңарту бағытына ойыса берді.

М.Бехбудидің 1918 жылы «Турк учоғи» («Түрік ошағы») атты қоғам құрды. Қоғамның мақсаты Түркістан түріктерінің ұлттық дәстүрлерді сауда мен өнерді дамыту және ұлттық тілді және оның рухани өзегін нығайту нағыз түркі мәдениетін қалыптастыру үшін «бір тудың астына біріктіру» болды.

Убайдулла Хожаев (толық аты-жөні - Убайдулла Хожа Асадулла Хожаұлы, 1879-1938) - Түркістан жәдитшілері көсемдерінің бірі. Ташкентте орыс-бұратана мектебінде оқыған Убайдулла Хожаев Саратов университетінде жоғары заңгерлік білім алады.

Ташкент қаласында адвокат болып қызмет істеген Убайдулла Хожаев өлкедегі жәдиттік қозғалысқа белсене араласады. «Садойи Фарғона» газетінің редакторы және «Туркестанский голос» газетінің тіл-шісі ретінде өлкедегі «Таракий парварлар» ұйымының қалыптасуы мен дамуына шешуші ықпал жасады [5, с. 15].

Ақпан төңкерісінен соң, Өлкелік мұсылман депутаттары кеңес төралқасының мүшесі, «Шурои Исламия» Ташкент қалалық ұйымының төрағасы болды.

Ол І-ІІ Бүкілресей мұсылмандары съездерінің делегаты, Бүкілресей мұсылмандары атқару комитетінің («Милли шуро») мүшесі. Түркістан мұхтарияты Уақытша Үкіметінде ішкі істер және әсері министр қызметтерін атқарып, үкіметтің бағдарламалық құжаттарын дайындауға қатысты.

Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының саяси кезеңінің басталуын өлкедегі І Ресей Мемлекеттік думасы сайлауымен байланыстырамыз. Өйткені, осы сайлауға дайындық барысында өлкедегі ұлт зиялылары алғашқы рет саяси идеялар төңірегіне топтаса бастаған. Осыдан кейінгі кезеңде жәдиттік қозғалыс саяси сипат ала бастап, Бүкілресей мұсылмандары Орталық кеңесінің ықпалымен аймақтық деңгейден шығып, қызмет аясын кеңейте түсті. Осы тұрғыда алып қарағанда Түркістан өлкесіндегі ағартушылықтың басты ерекшелігі халықтың ортағасырлық қараңғылықта қалуына себепкер болған ескіше білім беру жүйесіне және патша өкіметінің шовинистік басқыншылығына қарсылық жүйесі болып дүниеге келгендігін атап айтуға болады. Бұл екі фактор Түркістанда ағартушылықтың саяси қозғалысқа ұласуына тікелей ықпал жасады. 1908-1916 жж. өлкедегі саяси қозғалыстың өрлеуі барысында ұлттық баспасөздің қаулап өсуі халықтың саяси санасын жоғары деңгейге көтере алды. Ал 1916 ж. ұлт-азаттық көтерілістің басып-

жаншылуы саяси күресті жаңа сапалық деңгейге көтеріп, оның стратегиялық мақсаттары мен тактикалық тәсілдеріне түзетулер енгізді. Осылайша, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы саяси ұйымдасқандық сипат алып, елдегі жаңа өзгерістерге дайындала бастады.

1 Пяковский А.В. Революция 1905-1917 гг. в Туркестане. – М., 1958. – 615 с.

2 Алимова Д.А. История как история, история как наук. – Ташкент, 2009. – 656 с.

3 Агзамходжаев С.С. Туркистон Мухторияти: борьба за свободу и независимость (1917-1918 гг.): автореф. ... докт. ист. наук. – Ташкент, 1996. – 60 с.

4 Шоқай М. Таңдамалы // 2 томдық. – Алматы: Қайнар, 1998. – Т. 1. – 352 б.

5 Абдуллаев Р.М., Агзамходжаев С.С., Алимов И.А. Туркестан в начале XX века: К истории истоков национальной независимости. – Ташкент: Шарқ, 2002. – 169 с.

Summary

This article throws light upon the history of the national-progressive movement of the late 19th and early 20th century, which is called Jadidism. The history of Jadidism and its evolution from enlightenment to a powerful political movement can be retraced in it. Jadidism became an alternative form of the intellectual renewal of Muslim society. The beginning of the movement was connected with the introduction of the phonetics, so called “usul-i jadid”, method of teaching reading and writing instead of letter and syllabic one in maktab and madrasas, that is a new method. The Jadids criticized religious fanaticism, required the substitution of obsolete religious schools for national secular ones, advocated the development of science and culture, supported the publishing of newspapers in the native language, the opening of cultural and educational establishments, which favoured the consolidation of the democratic forces of the society.

From the very beginning the Jadids were aimed to the reform of the traditional system of education of Muslim religious school, establishing new-method schools, publishing, theatre, social, and political and cultural institutions, which, under their influence, were turning into a powerful ideological weapon in the struggle against economical, moral, and political backwardness of the peoples of Turkestan more and more. They were eager to study the experience and progress of the other people of the world, especially the best practices of the Muslim reformers of the Crimea, the Volga Region, the Transcaucasia, Turkey, and Iran, who had already become aware of the progressive social and political, spiritual and cultural life of Europe.

УДК 37. 017:39

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ТҮРКІЛІК ТӘРБИЕ ИДЕЯЛАРЫ

А.Қ. Дүйсенбаев – п.ғ.к., доцент, Қазақ-Ресей халықаралық университеті,

А.Т. Ақжолова – филол.ғ.к., аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ

Мағжан Жұмабаевтың тағылымдық мұраларының жұрт жанына жакын, жүрегіне жылы тиюінің сыры олар халқының дағды салтындағы, түркілік дәстүрлерді саналы тандау жасау қабілеттілігінен көрінетін оң жасампаз дүниетанымға ие, Отаны, қоғамы, өз иелігіне мақсатталған дербес шешім қабылдай алатын азаматтарды тәрбиелеу, қоғамдық қалпындағы әдет, ырым, этнографиялық көрініс құбылыстарға негізделе жазылды. Қазақ халқының тағылымдық мұраларында өз ұрпағын бесікте жатқан кезінен бастап-ақ өлең-жыр мен әңгіме, ертегі, тақпақ, санамақ арқылы тәрбиелеп отырған. Бала аяғын жерге нық басқаннан-ақ қоршаған ортаның құпиясын ғылыми тұрғыдан сезініп, жұлдыздарға, түрлі белгілерге қарап жол тауып, қаршадайынан-ақ есту, көру сезімдері шынығып, алдағыны болжайтын, жоғалғанды табатын ізшіл де, құралайды көзге атып түсіретін мерген де болған. Оның негізгі халық педагогикасының дәстүрлерін дамыту барысында баланы адамгершілікке тәрбиелеуде отбасы дәстүрлерін, ұлттық қасиетімізді сақтауға байланысты көтерген идеяларының маңызы зор болып табылады.

Ағартушы-педагог Мағжан Жұмабаев «Педагогика» оқулығында әрбір мемлекетте балаға білім беру жүйесі халықтың тарихи дамуымен байланысты екендігіне тоқталып отырады. Сондықтан дене тәрбиесіне этнопедагогика мен этнопсихология идеяларын бастапқы дәрежеге қояды. Сонымен қатар ұлттық мәселелерді орынды көтеріп, ғылыми мәнді пікірлер айта алған. Өмірдің өзекті мәселелерін жүректің нәзік қылымен өрнектей білген ақын ұлттық тіл, ұлттық тәрбие туралы да өрелі ойлар айтқан.

Мағжан Жұмабаевтың пікірінше, педагогика, әсіресе дидактика психология ғылымынсыз дәрежесін жоғалтпақ. Қазіргі жағдайда мектеп мұғалімі психологияны терең білу арқылы әр ұлт баласына өзінің ұлттық болмысы мен танымын ескере отырып білім бере алады. Оның «Педагогика» еңбегінің құндылығы түркілік тәрбиені автордың жан-жақты көрсетуінде. Әсіресе, ұлттық психологияны дұрыс меңгермеу бала тәрбиесінде көптеген қиындықтарға кездесетінін атап өтеді.

Тірек сөздер: түркілік тәрбие, патриотизм, қазақ патриотизмі, халықтық педагогика, қоғамдық тәрбие, отбасы тәрбиесі, бала тәрбиесі

XX ғасырдың басында қазақ халқының бостандығын шынайы азаматтық тұрғыдан сезініп, әділ бағасын берген түркішіл-патриот Мағжан Жұмабаевтың шығармалары түркілік тәрбие бағытындағы проблеманы негізге алады. Оның «Тіршілік көркі – ерік», «Қазағым», «Туған жер», «Батыр Баян» т.б.

шығармаларын шынайы отаншылдық мәні зор еңбектер деп айтамыз. Ақын:

«Жаратылдым топырағыңнан сенің бүгін.

Жалғаны жоқ, бәрі сенен жан-тәнім.

Сенен басқа жерде маған қараңғы,

Жарық болар Шолтан – Айым, сен – Күнім», - деп туған жердің қадір-қасиетін ұлтжандылық тұрғыдан сипаттайды [1, 55-б.].

Ол өзінің «Педагогика» атты еңбегінде ұлттық мәселелерді орынды көтеріп, ғылыми мәнді пікірлер айта алған. Өмірдің өзекті мәселелерін жүректің нәзік қылымен өрнектей білген Мағжан ұлттық тіл, ұлттық тәрбие туралы да өрелі ойлар айтқан. Яғни: «Тәрбиеден мақсұт – адамды һәм сол адамның ұлтын, асса барлық адамзат дүниесін бақытты қылу. Ұлт мүшесі әрбір адам бақытты болса, ұлт бақытты, адамзат дүниесінің мүшесі әрбір ұлт бақытты болса, адамзат дүниесі бақытты», - деп өзінің гуманистік пікірін айтады [2, 99-б.].

Ағартушы-педагог М.Жұмабаев «Педагогика» оқулығында әрбір мемлекетте балаға білім беру жүйесі халықтың тарихи дамуымен байланысты екендігіне тоқталып отырады. Сондықтан дене тәрбиесіне этнопедагогика мен этнопсихология идеяларын бастапқы дәрежеге қояды. Ғылыми еңбектің «Жан тәрбиесі» деп аталатын екінші бөлімінде: «Баланың дене тәрбиесі мен жан тәрбиесін қатар алып бару керек. Себебі, бала өскен сайын тәрбиеші күшінің көбін баланың жан тәрбиесіне жұмсай беруге міндетті. Тегінде берік ұғу керек: адамның қымбат нәрсесі де, жұмсақ нәрсесі де сол жан. Қиын тәрбие тілейтін де сол жан. Жанды дұрыс тәрбие қыла білу үшін жанның жайын баяндайтын ғылыммен таныс болу керек», - дейді [3, 57-б.].

М.Жұмабаевтың пікірінше, педагогика, әсіресе дидактика психология ғылымынсыз дәрежесін жоғалтпақ. Қазіргі жағдайда мектеп мұғалімі психологияны терең білу арқылы әр ұлт баласына өзінің ұлттық болмысы мен танымын ескере отырып білім бере алады. Әр халықтың бала тәрбиелеуде өз әдісі бар. Қазақ халқының арнайы бала тәрбиесімен айналысатын қоғамдық орындары болмаса да, өз ұрпағын бесікте жатқан кезінен бастап-ақ өлең-жыр мен әңгіме, ертегі, тақпақ, санамақ арқылы тәрбиелеп отырған. Бала аяғын жерге нық басқаннан-ақ қоршаған ортаның құпиясын ғылыми тұрғыдан сезініп, жапан дүзге жолсыз жерлермен, жұлдыздарға, түрлі белгілерге қарап жол тауып, қаршадайынан-ақ есту, көру сезімдері шынығып, алдағыны болжайтын, жоғалғанды табатын ізшіл де, құралайды көзге атып түсіретін мерген де болған. Қазақ баласы кең далада, жұлдыздарға қарап ауа райын болжайтын, жануарлардың тілін түсінген, былайша айтқанда олар мал бағатын малшы да, сөзге шебер шешен де, тарихшы да, ботаник та, астроном да бола білді. Оның «Педагогика» еңбегінің құндылығы түркілік тәрбиені автордың жан-жақты көрсетуінде. Әсіресе, ұлттық психологияны дұрыс меңгермеу бала тәрбиесінде көптеген қиындықтарға ұшыратады. Бүгінде ғалымдар арасында «Педагогика» оқулығын атына қарап таза педагогикалық еңбекке жатқызып жүр. Ал, шынында, онда бір-бірімен тығыз байланыста екі пән – педагогика мен психологияның қарастыратын мәселелері ұштастырыла баяндалған. Ағартушы-педагог М.Жұмабаев ХХ ғасырдың басында мәңгірттік мәселесін көтерген болатын. Оның тәрбие процесіндегі тілдің алатын орны жайында: «Тіл адам жанының тілмашы, тілсіз жүрек түбіндегі бағасыз сезімдер, жан түкпіріндегі асыл ойлар жарық көрмей, қор болып қалар еді. Адам тілі арқасында жан сырын сыртқа шығарып, басқалардың жан сырын ұға алды. Тілі кем болса, адамның қор болғаны. Ойын ашып айтуға тілдің жетпесе, ішің қазандай қайнайды да, қысқасы, адамның толық мағынасымен адам аталуы тіл арқасында», - деп келтіреді [4, 48-б.].

М.Жұмабаев тіл жайындағы ойын былайша жалғастырады: «Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жыры, тарихы, тұрмысы, мінезі, айнадай ашық көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сыры сайран даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмысы айнадай ашық көрініп тұрады», - дейді [5, 53-б.].

Тұлғаның жан-жақты дамуына адамгершілік тәрбиесінің қатысы ерекше. Білімі жоғары тұлғаның өзі, егер адамгершілік қасиеті аз болса, ол рухани құлдыруға ұшырайды. Сондықтан да М.Жұмабаевтың «Педагогика» оқулығы моральды бойына сіңірген рухани-адамгершілік тәрбиеге бағытталған еңбек деп айтуға болады. Яғни адамгершілік тәрбиені ұлттық болмысымызға негіздеп берген. Оқытудың әр кезеңін ұлттық тұрғыда бейнелеуге тырысқан. Оның шығармаларынан халық өмірінің әр кезеңі өзекті орын алған, ол ұлт тәрбиесін басты орынға қойған бірден-бір педагог. Ұлттық тәрбиені зерттей келе бес мәселеге баса назар аударады:

- тәрбие негізі – халықтық тәрбиеде. Ол тәрбиелік күші бар жүйе;
- тәрбие жүйесін тек қана іс жүзінде ғана емес, дәріс пен тағылым ретінде қолдану керек;
- әр халықтың өзіндік халықтық тәрбие жүйесі бар. Оны ешқандай халықтың тәрбие жүйесімен алмастыруға болмайды;
- басқа халықтың тәрбие жөніндегі жүйесінен үлгі алуға болады, бірақ дәл сол халықтың көшірмесі

болудың қажеті жоқ;

- қоғамдық тәрбие өмір заңдарын шешіп, соңынан ертпейді, тарихты жасамайды, ал бірақ тәрбие өз жолымен болашаққа бастайды.

Ағартушы М.Жұмабаевтың қай еңбегін алсақ та халықтық педагогиканы негіздей құрылған. Мысалы, баланың сәби кезінен бастап айтылатын бесік жыры, тілашар, жаңылтпаш, жұмбақ, өлеңдер, әженің ертегілері мен төрт түлік малды бағып қағу, өнегелі сөздер, бата-тілектер мен батырлардан сауға сұрау, жауырын қарап бал ашу, бақсылық пен балгерлік, күйшілік пен серілік, жоқтау, естірту, көңіл айту, жұбату сияқты тұрмыстың салт-дәстүрлерге жан-жақты сипаттама беріледі. Сонымен қатар халық педагогикасының інжу-маржандары оның «Педагогика» оқулығында өз орнын алған. Ұлттық болмысымызды қайтарудың бірден-бір жолы халық шығармашылығы мен әдебиеті екені белгілі. Адамгершілік тәрбиесін жетілдіру үшін әдебиеттен мысалдар көп келтіріп отыру қажет. Баланы адамгершілікке тәрбиелеу мәселесіне байланысты әңгімелер әдебиетте көптеп кездеседі. Сол тақырыптарды ретімен қолдану ұстазға байланысты. Бұл пікірдің қазіргі оқыту процесінде алатын орны ерекше. Себебі бүгінгі таңда барлық пәндер арасында әдебиетке деген құлшыныс күннен күнге артуда. М.Жұмабаев эстетикалық сезімді тәрбиелеуде табиғат пен өнерге ерекше көңіл бөледі. Біздің ойымыздың нақтылығын көрсету үшін мына жолдарды келтірелік: «Жаратылыстың һәм искусствоның сұлу заттары адам жанында сұлулық сезімдерін оятады. Үлбіреген гүл, күңіренген орман, сылдырлаған су, шетсіз-түпсіз қара теңіз, түрлі шөптермен толқындалған дала, бұлтпен шағылысқан биік тау, күннің ойыншыл алтын сәулелері, ерке сұлу ай, жұлдызды түн, міне осылар сықылды жаратылыстың сұлу заттары, көріністері, яки искусствоның тылсымдай жанды билеп алып кететін ән, күй, сыйқырлы сөз, сұлу картина сықылды әсерлері адам жанында бір ләззат, бір сұлулық толқынын оятып туғызбай қоймайды» [6, 47-б.]. Автордың «Педагогика» оқулығында айтылған ойы бүгінгі таңда өзекті мәселе. Баланы табиғатта болып жатқан құбылыстарды бағалай білуге, сұлулықты қабылдауға үйретуде аталған еңбегінің орны айрықша зор. Яғни эстетикалық тәрбиені табиғаттың әдемі құбылыстары арқылы ғана жетілдіру аз, сонымен қатар музыка әуені нәтижесінде бала дамуына әсер етуге болатындығын айтады. Баланы өнермен терең таныстыру керек. Бала әр түрлі сұлу әуендерді естісін, түстерді көрсін, сұлу сөздер, сұлу өлеңдер жаттасын. Түрлі музыка құралдарының үндерін тыңдасын, сурет салып үйренсін. Ән салып, музыка құралдарында ойнап үйренсін. Міне, осыларды істесе, баланың сұлулық сезімдері өркендейді. Біздің ойымызша, тәрбие эстетикалық мүмкіндікті пайдалана біліп, оны бағалай білумен тығыз байланысты. Автордың жоғарыда айтқан пікірлері бүгінгі таңда мәдениетіміздің рухани құлдырауы кезінде құнды пікір болып табылмақ. Тарих көрсеткендей, тәрбие мен оқыту процесінің бір-бірінен алшақтауы нәтижесінде адамның рухани құлдырауына әкеліп соғады. Осы орайда қазіргі мектеп практикасында тұлғаны жан-жақты қалыптастыру үшін діни тәрбиенің орны ерекше екендігін атап өтеді. Яғни діни сезім адам бойына аяушылықты, ізгілікті, адамгершілікті ұялатады. М.Жұмабаевтың айтылған ойлары оның дінді ұстанғандығын көрсетеді. Оның дәлелі жазушы С.Мұқановтың еңбегінде, М.Жұмабаев қысқа мерзімге арналған мұғалімдер курсына дін тарихынан сабақ беріп, тыңдаушыларға бес уақыт намаз оқуға үйреткен.

Педагогика тарихында француз ағартушысы Ж.Ж. Руссо былай деп жазған: «Неизменно держите своих детей в тесном кругу заповедей, относящихся к морали. Приучайте их к сознанию, что они всегда находятся перед очами божьими, учите их делать добро без рабства, в надежде получить награду, и всю жизнь быть такими, какими им хотелось бы перед ним предстать» [7, 203-с.].

Ағартушы-педагог М.Жұмабаев бала бойында діни сезімді тәрбиелеу жайында: «Дін сезімдерінің негізі – дүниені жаратушы, дүниеде барлық нәрсені билеп тұрушы бір тәңірі бар деп сыйыну һәм сол тәңірге адам өзін пенде деп білу. Тәңірінің құдіреті алдында адам өзінің әлсіздігін сезіп, біліп, тәңірге құлшылық қылу, яғни жауыздықтан тыйылып, ізгілікке ұмтылу. Барлық кемшіліктен азат тәңірге жағу үшін барлық кемшіліктен безу. Келтірілген пікірлерден мынадай ой қорытуға болады. Дін адамды жоғары рухани деңгейде тәрбиелеп, оның рухани-адамгершілік қасиетін арттыруға көмектеседі» дейді [8, 214-б.].

Сонымен қатар, М.Жұмабаев «Педагогика» оқулығында отбасы тәрбиесін сөз етеді. «Отбасы тәрбиесінде халық педагогикасының элементтерін қолданады. Егер бала кезінде көргендері қызықты; қуанышты болса, онда адам ашық мінезді болып қалыптасады. Бала қайырымдылық пен жауыздықты үлкен адамдардан үйренеді. Жас бала әкесінің ұрлағанын көрсе, онда ол ұрлық жақсы қасиет деп ойлап, өзі де ұрлауға кіріседі. Бала үйінде не көрсе, соны ұшқанда іледі», - дейді [9, 72-б.].

Баланың бойында адамгершілік тәрбиені қалыптастырудың үйдегі психологиялық жағдайдың әсер ететінін М.Жұмабаев ерекше айтқан. Отбасында берілетін өмір сабағының тәрбие процесіндегі қозғаушы күші айтарлықтай, себебі бұл сабақтарды балаға ең жақын адамдар – әкесі мен шешесі береді. Бүгінгі таңда халық педагогикасының дәстүрлерін дамыту барысында баланы адамгершілікке тәрбиелеуде отбасы дәстүрлерін, ұлттық қасиетімізді сақтауға байланысты көтерген идеялары арнайы зерттеуді қажет

етеді. Қоғамда адамгершілігі жоғары, рухани мәдениеті дамыған азаматты тәрбиелеу педагогиканың және психологияның басты мәселесі болып табылады. Сондықтан да тұлғаның бойында қоғамдық мәдениетті дамытуда үлкен рөл атқаратын мектеп мұғалімі екенін ұмытпауымыз керек. Бұл жолда М.Жұмабаев: «Әдет – мұғалімнің қаруы. Жақсы әдетті қалыптастыру-жақсы адамды тәрбиелеу деген сөз. Бала өзін тәрбиелейтін ұстазды жақын адамы ретінде қабылдауы керек. Оның әрбір қадамына қуанатын, ренішіне күйінетін, оның ойларын түсініп, отыруы қажет. Егер бала өз тәрбиешісінен осындай адамды көрсе, онда ол ештемесін жасырмайды. Оқушы мектептегі мұғаліміне сенуі керек», - деп келтіреді [10, 140-б.].

Мағжан Жұмабаев – елім, халқым деп шыққан үркердей ұлтжанды азамат. Пантүркішілдікпен, ұлтшылдықпен айыпталып, бар болғаны ел тарихының негізін зерттеп, өзінің шынайы патриот екенін жырлып, халқын сүйгені үшін жазықсыз жазаға ұшырады. М.Жұмабаевтың тағылымдық мұраларының жұрт жанына жақын, жүрегіне жылы тиюінің сыры, олар халқының дағды салтындағы, түркілік дәстүрлерді саналы таңдау жасау қабілеттілігінен көрінетін оң жасампаз дүние танымға ие, отаны, қоғамы, өз иелігіне мақсатталған дербес шешім қабылдай алатын азаматтарды тәрбиелеу, қоғамдық қалпындағы әдет, ырым, этнографиялық көрініс құбылыстарға негізделі жазылды.

Ағартушы-педагог М.Жұмабаевты Түркістанды, Тұранды жырлағаны үшін түркішілсің деген. Осы орайдағы оның «Жан сырымды түсіндірсендерші, жан даусымды естісендерші» деп өтінген үні абзал ақынды «аһ» ұрғызып, оның «ұлы сиясынан» мұң-зар болып құйылды. Дегенмен Мағжан Жұмабаев өзінің отансүйгіштік идеясынан жаңылыспады, керісінше от боп жанып, «Түркілік рухты» жоғары қойып:

«Тұранға жер жүзінде Жер жеткен бе?

Түрікке адамзатта Ел жеткен бе?

Кең ақыл, отты қайрат, жүйрік қиял

Тұранның ерлеріне Ер жеткен бе?

Тұранда – Түрік ойнаған ұқсап отқа,

Түріктен басқа от боп – Жан туып па?

Көп Түрік енші алысып тарасқанда,

Қазақта – Қарашаңырақ қалған жоқ па?» - деп [11, 125-126 бб.], Мағжан Жұмабаев «түркілік рухтың» негізі қазақ халқында екендігін ашып айтып, сол халықтың құрамындағы тұлғалардың өздеріне тән халықтық рухани-мәдени және материалдық құндылықтарын сақтай отырып, елдің ілгері дамуын, өмір сүруін қамтамасыз етуді көздейтін негізгі нысаналы ортақ мақсатын негізге алады. Сонымен қатар, түркілердің әлем өркениетіндегі орнына объективті сипаттама береді.

Түркі ғұламаларын өзіне пір тұтып айтқан «Қорқыт» поэмасында ежелден белгілі өлімнен қашатын Қорқыт жайын шабыттана жырлауы – өлімнен қанша қашсаң да, алдыңнан соншалықты қабір тұруы ықтимал деген тұжырым жасап өтеді, яғни:

Өмірде арманым жоқ Қорқытқа ерсем,

Қорқыттай жанды жаспен жуа білсем.

Жас төгіп, сұм өмірде зарлап-сарнап,

Құшақтап қобызымды көрге кірсем.

Ажал – хақ, сондықтан да өмір жібінің түйінінде өлімді табиғи кесім ретінде, болмай қоймайтын өмір ақиқаты ретінде уағыздайды.

Ағартушы-педагог М.Жұмабаев қазақ халқының бақытқа жетер жолы тек ұлттық тәуелсіздікке, өз тағдырын өзі шешетін жағдайға жету деп білді. Оның ертедегі ерлер ісіне қайта оралып келе беретін себебі осыдан.

Күңіреніп ойлағанда Алаш жайын,

Жанымды орай берді ұлы уайым.

Кеудеме күннің нұры толғандай боп

Жырлаймын алты алаштың Абылайын...

Халық басынан кешкен қанды оқиғаларының жасырылмайтын жанды рухи тілде қалатынын жақсы түсінген. Оның:

Бірлік, елдік, қайрат, бақ ардың,

Жауыз тағдыр жайды бәрін – не бардың.

Алтын күннен бағасыз бір белгі боп,

Нұрлы жұлдыз – бабам тілі, сен қалдың, - деген бір жол өлеңінде терең мағына сиып тұр. Тіл – тағдыры екенін күні ілгері болжаған кемел ойшыл суреткерлердің негізі қазақ тілінің қадірін арттыру жолында бұл күндері көтеріліп жатқан жұртшылық пікірімен мейілінше үндес екенін атап айту керек.

1 Жұмабаев М. Шығармалар: Үш томдық. – Алматы: «Білім», 1995. – Т.1. – 256 б.

2 Жұмабаев М. Шығармалар жинағы. 3-том. Аудармалар, ғылыми еңбек, мақалалар. – Алматы: «Жазушы», 2008. – 232 б.

- 3 Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: «Санат». – 1993. – 112 б.
- 4 М.Жұмабаевтың өмірі мен шығармагерлігі туралы/ Құрастырған Ф.Қ. Бектұрбекова. – Алматы: «Орталық Ғылыми кітапхана». – 2001. – 314 б.
- 5 Әбдікәрімұлы Б., Байменова Б. Алашорда қайраткерлерінің педагогикалық мұрасы. – Астана, 2008. – 123 б.
- 6 Абильдина С.К., Зейнетоллина У.К. Алаш арыстарының педагогикалық мұралары. Электронды оқу құралы. – Қарағанды, 2009. – 109 б.
- 7 Руссо Ж. Эмиль или о воспитание. – М: «Просвещение». – 2009. – 260 с.
- 8 Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы: «Санат». – 1989. – 300 б.
- 9 Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: «Ана тілі». – 1992. – 118 б.
- 10 Дүйсенбаев А.. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. Оқулық. – Ақтөбе, 2014. – 272 б.
- 11 Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы: 1-том. Өлеңдер, дастандар, әңгіме. – Алматы: «Жазушы», 2008. – 208 б.

Резюме

Секрет близости к человеческой душе, традиционных наследий М.Жумабаева в том, что они нацелены на принятие самостоятельных решений в отношении Родины, общества, гражданского воспитания, обычаев и традиций, сформированных в обществе, основанных на этнографических явлениях. Казахский народ издревле свое будущее поколение воспитывал, начиная с колыбели, на народных преданиях, сказках, эпосах и песнях. Как только ребёнок начал делать свои первые шаги, он знакомился с секретами окружающей среды, чувствовал любые проявления человеческих поступков через свою связь с природой.

Ценным в данном наследии является воспитание ребенка его человечности, сохранение традиций семьи, национальных приоритетов. Просветитель-педагог М.Жумабаев в своем труде «Педагогика» отмечал, что в любом государстве система образования тесно связана с развитием истории народа. На первый план в этнопедагогике и этнопсихологии ставится физическое воспитание. Вместе с тем, поднимая национальные проблемы, он высказал научно-значимые мысли. Актуально-жизненные проблемы он, через посыл своей души, высказывает о национальном языке, национальном воспитании.

По мнению М.Жумабаева педагогика, особенно дидактика, в психологической науке потеряет свою научность в настоящее время учителя через глубокое познание психологии дают образование, учитывая национальные особенности каждой народности.

Ценность труда «Педагогика» всесторонне показан поэтом в особенностях тюркского воспитания. Правильно не освоив национальную психологию, можно столкнуться со многими трудностями в воспитании детей.

Ключевые слова: тюркское воспитание, патриотизм, казахский патриотизм, народная педагогика, общественная воспитание, воспитание детей

Summary

Abstract: The secret of proximity to human soul of traditional heritages of M.Zhumabayev, that they are aimed at adoption of independent decisions concerning the Homeland, societies, the civil education, customs and traditions created in society, based on the ethnographic phenomena. The Kazakh people since ancient times brought up the future generation since a cradle, on national legends, fairy tales, eposes and songs. As soon as the child started taking the first steps, he got acquainted with environment secrets, felt any manifestations of human acts through the communication with the nature. In this heritage education of the child of his humanity, preservation families' tradition, national priorities is valuable. In the work "Pedagogics" the educator teacher M.Zhumabayev noted that in any state the education system is closely connected with development of history of the people. Into the forefront in ethnopedagogics and ethnopsychology physical training is put. At the same time, lifting national problems, he introduced the scientific and significant ideas. Actual and vital problems he, through a message of the soul, states about national language, national education.

According to M.Zhumabayev the pedagogics, especially didactics, in psychological science will waste in the scientific character the present of the teacher through deep knowledge of psychology educate, considering national features of each nationality.

The value of the work "Pedagogics" it is comprehensively shown by the poet in features of Turkic education. Correctly without having mastered national psychology, it is possible to meet many difficulties in education of children.

Key words: Turkic education, patriotism, Kazakh patriotism, national pedagogics, social pedagogics, family pedagogics, children's pedagogics

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА

УДК 378

БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКАНЫҢ ОРНЫ

**Т.М. Баймолдаев – п.ғ.д., профессор,
Ф.А. Абдримова – аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ**

Бүгінгі қоғам жаңа ғасыр талаптарына жылдам бейімделетін, бәсекеге қабілетті жастарды тәрбиелеуді талап етіп

отыр. Сондықтан жоғары оқу орындарының алдына жоғары білікті мамандарды даярлау міндеті қойылуда. Ол үшін студенттер әрқашан жаңа білімдерді игеріп, өзін-өзі жетілдіру жұмысын жүргізуі қажет. Болашақ педагогтарды кәсіби дайындау жүйесінде педагогикалық үрдістің маңызды бір бөлігі болып есептелінетін педагогикалық практика ерекше рөл атқарады. Мұғалімдердің кәсіптік даярлығын арттыруға деген талаптың күшейіп отыруына байланысты, студенттердің педагогикалық практикасын ұдайы жетілдіріп отыру керек.

Жоғары оқу орнындағы педагогикалық практика студент үшін ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістер мағынасын түсінуге мүмкіндік туғызады, яғни педагогикалық байқау әдісін, эксперимент және нәтижеге талдау жасауды және ғылыми ізденіске үйретеді. Педагогикалық практикада студенттер педагогикалық процестің негізін және өздерінің келешектегі кәсіптік қызметінің мәнін түсінеді. Практика студенттердің оқу-зерттеу жұмысы үшін оның базасын жасаудың алғашқы кезеңі болып есептелінеді.

Тірек сөздер: педагогикалық практика, педагогикалық дағды, іскерлік, кәсіби білім беру

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Жоғары оқу орындарының тәрбиелеу міндеттері студенттердің, оқушылар мен қызметкерлердің бірлескен оқу, ғылыми, шығармашылық, өндірістік қызметімен іске асырылады» деп атап көрсетілгендей, болашақ ұстаздарға кәсіптік білім беру жүйесінде педагогикалық практиканың алатын орны ерекше [1].

Жоғары оқу орындарындағы педагогикалық практика студенттердің дүниетанымын кеңейтіп, кәсіби күзінеттілігін жетілдіріп, болашаққа деген мүмкіндіктерін аша түседі және алған білімдерін, іс жүзінде қолданып, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесін жинақтап, эмоционалды құндылықты қарым-қатынас пен әлеуметтік қасиеттерге ие болады.

Педагогикалық практика мамандық бойынша оқу-тәрбие үрдісінде ұйымдастырылатын жұмыс түрлерін саралауға, іріктеуге, алдыңғы қатарлы іс-тәжірибелерді тиімді қолдануға да үйретеді. Мектеп мұғалімдерінің іс-тәжірибесінің оңтайлы, қолайлы, жаңа түрлерін бақылай білуге, анықтауға, бағалауға, талдауға, қорытынды жасауға да көмектеседі. Басқалардың педагогикалық жұмысындағы жақсы жақтарын көре білу үлкен дайындықты, мұғалімдік әдепті, мәдениеттілікті, білімділікті қажет етеді.

Педагогикалық практика студенттердің өзін-өзі дамытуына, ізденуіне, өз икемдігі мен талантын анықтауына да көмектеседі. Себебі, қазіргі таңда педагогтар алдына қойылып отырған талаптардың басты бір саласы – мұғалімнің, жалпы адамның өзін-өзі бағалай білуі. Сырттан біреудің берген бағасынан гөрі адамның ішкі және сыртқы мүмкіндіктерін есептей отырып, өзін-өзі анықтауы, оның бойындағы күш-қуатты шығарып қана қоймай, білімі мен тәжірибесін орынды жерінде, тиімді пайдалануына жағдай туғызады [2; 11].

О.А. Абдуллина педагогикалық практиканың маман дайындаудағы тигізетін әсерін бірнешеге бөледі:

- а) үйретушілік қызметі – бұл теориялық білімдерін пысықтап, біліктіліктерін қалыптастыру;
- ә) дамытушылық қызметі – ұғымдарын қалыптастыру, педагогикалық ойын дамыту, шығармашылық белсенділігін арттыру, зерттеушілік біліктілігін қалыптастыру;
- б) тәрбиелеушілік қызметі – өмірге көзқарастарын қалыптастыру, өздігінен білім алуға талпынушылығын дамыту;
- в) диагностикалық қызметі – студенттердің педагогикалық іске икемділігін байқауға мүмкіндік беру [3; 11].

Жоғары оқу орындарында педагогикалық практика 1 курстан бастап енгізілген. Жоғары оқу орындарындағы үздіксіз педагогикалық практика студенттерді алғашқы тәжірибелік іс-әрекетпен қаруландыратын, педагогикалық дағдыларды қалыптастыруды дәстүрлі түрде қарастыратын, күзінетті маман даярлаудың маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып есептелінеді.

Сонымен бірге, практика студенттерді мектеп өмірімен таныстыратын, оларды мұғалім қызметінің ерекшеліктерін үйрететін, оқушылар ұжымымен жұмыс жасау дағдыларын бақылап үйрететін практика болып саналады. Бұл практикаға дейін студенттер педагогикалық-психологиялық пәндерден біраз теориялық білім алады және практикада мына төмендегідей негізгі мәселелер шешіледі:

1. Студенттер педагогикалық-психологиялық бағытқа қалыптасуы жағынан біраз өседі;
2. Болашақ мұғалімдердің дүниеге ғылыми көзқарасы тиімді және белгілі бағытта қалыптасады;
3. Педагогикалық-психологиялық пәндер бойынша студенттердің оқу-зерттеу жұмыстары практикада іске асады.

Үздіксіз педагогикалық практиканың мақсаты студенттерді жалпы білім беретін мекемелердің шарттарына байланысты оқыту және тәрбиелеу қажеттіліктеріне қарай балаларды психологиялық-педагогикалық бақылауға теориялық және практикалық тұрғыдан даярлау болып табылады. Сонымен қатар, болашақ мамандардың теориялық және практикалық даярлығының бірлігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады және болашақ ұстаздың кәсіби құзырлылығын қалыптастырады.

Ал, үздіксіз педагогикалық практиканың міндеті болып төмендегілер саналады:

- пән бойынша теориялық білімдерін кеңейту, нақтылау;
- балалармен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру;
- оқушылардың ақыл-ой өрісінің дамуын және тәрбиесін байқау, жобалау мақсатында оқушылар ұжымы мен оқушының жеке басын зерттеу;
- оқушылардың ата-аналарымен байланыс орната білуді меңгеру;
- студенттердің мұғалімдік мамандыққа деген қызығушылықтары мен сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу және т.б.

Бірінші курс студенттерінің міндеттерді таңдап алуы нақты оқу-тәрбие процесіне қатысу мүмкіндігіне, әрі оның жоғары оқу орнында оқу пәндерін меңгеру барысында теориялық және практикалық әзірлік деңгейіне байланысты. Студенттердің ең басты міндеті оқу болғанымен, олар алғашқы практикасында пән мұғалімі қызметін атқара алмайды. Бірақта, практикант оқушылармен жұмыс істегенде оларға сабағын оқуға жауапкершілікпен қарау, үй тапсырмасын орындау, кітапты жақсы көру, білімге құштарлану және т.б. тәрбиелейді.

Үздіксіз педагогикалық практика барысында студенттер төмендегідей іскерліктерді меңгереді:

- мектептегі оқу-тәрбие процесінің қазіргі жайымен, озат педагогикалық іс-тәжірибесімен танысу;
- ұжымның жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, нақты оқу-тәрбие міндеттерін анықтау;
- оқу-тәрбие жұмысын бақылау және талдау;
- әдістемелік әдебиетпен, мектеп оқулықтары және бағдарламаларымен жұмыс істеу, сабаққа және сыныптан тыс іс-шараларға көрнекі құралдар дайындау;
- оқушының даму деңгейіне диагностика жасау;
- оқушылардың күнделіктерін тексеру;
- үлгермейтін оқушылармен жұмыс істеу;
- балалармен, оқушылардың жеке топтарымен қарым-қатынас жасау;
- мұғалімдермен, достарымен дұрыс өзара қарым-қатынас орнату.

Әр студент үздіксіз педагогикалық практиканы өту барысында өзінің алған теориялық білімдерін, қалыптастырған кәсіби іскерліктерін практика тексерісінен өткізіп, өзінің таңдаған кәсібіне қаншалықты бейім екенін, жарамды екенін анықтайды. Мектеп ішіндегі тұтас педагогикалық процесте оқушылармен тікелей тығыз қарым-қатынасқа түсу барысында студенттер педагогикалық еңбектің гуманистік бағыттылығын, әлеуметтік құндылығын, бала тәрбиесіндегі мұғалім тұлғасының жетекші рөл атқаратындығын сезінеді [4; 174].

Үздіксіз педагогикалық практика барысында студенттер сынып жетекшісінің көмекшісі қызметін атқарады және олар сынып сағаттарын ғана сынып жетекшісінің көмегімен өткізеді.

Бірінші курс студенттерінің педагогикалық қызметінің объектісі нақты жағдайға қарай бастауыш сынып оқушылары немесе жоғары сынып оқушылары болуы мүмкін. Студенттер оқушыларды өз күштерімен құрылған қоғамдық ұйым өміріне қатыстыруды ұйымдастыра отырып, өзі оқып-үйренген психологиялық-педагогикалық циклдегі пәндерге сүйеніп, оқушыларға педагогикалық басшылық жасаудың ерекшеліктерін жете түсінеді. Сонымен қоса мұғалімнің оқыту жұмысына арнайы бақылау жүргізеді, пәнді оқытудағы күрделі кәсіптік іскерлікті меңгеруге, оқушыларды оқытуға даярлық жасайды.

Екінші курста теориялық білім тереңдетіледі, практикалық педагогикалық қызмет саласын ұлғайтудың, соның басты міндеті болып саналатын сынып жетекшісі жұмысының жүйесін меңгерудің негізі қаланады. Оқушылар ұжымына педагогикалық басшылық жасау мұнда қосымша міндет ретінде енгізіледі. Студенттер мен мұғалімнің қызметін бақылаудан сабақта және сабақтан тыс оқыту жұмыстарының жекелеген элементтерін меңгеруге ауысады.

Бірінші курста қол жеткізген іскерлігіне сүйене отырып, студенттер тәрбие жұмысының алуан түрлерін: сыныптағы, сыныптан тыс, мектептегі және мектептен тыс түрлерін меңгереді. Бұл кезде оқушылармен педагогикалық тиімді қарым-қатынас орнату өте қажет болып саналады, себебі, сынып жетекшісі мен оқушылардың қарым-қатынасы әртүрлі жағдайда бірдей бола бермейді, сабақта оқушы шәкірт ретінде болса, сабақтан тыс уақытта ол үйірме мүшесі болып есептелінеді.

Практиканттар үздіксіз педагогикалық практиканың бірінші күнінен соңғы күніне дейін күнделік жүргізеді. Педагогикалық практиканың күнделігі негізгі жұмыс құжаты болып есептелінеді. Күнделіктің мақсаты – практикант қатысқан сабақтары туралы ғана мәлімет емес, бүкіл педагогикалық іс-әрекет барысында байқаған, ойға түйген, өзін ойландыратын немесе қызықтыратын мәселелердің бәрін де қағазға түсіріп отыру.

Педагогикалық практика нақты педагогикалық ақиқат жағдайында өткенімен, оның тәлім алу сипаты бар. Студенттер қызметінің мұғалімдер қызметінен түбегейлі айырмашылығы болады. Мұғалім күн сайын, сағат сайын тұтастай оқу-тәрбие процесін жасайды, оның қызметінің мақсаты мен міндеті –

оқушылардың жеке басын қалыптастыру. Студент қызметінің мақсаты мен міндеті ең алдымен жеке өзін қалыптастыру, күрделі оқу-тәрбие процесін тұтастай құра білуді меңгеру [5; 9].

Педагогикалық практика оқу сипатында болады, оның барысында оқытушының басшылығымен болашақ мұғалімде педагогикалық іскерлік жүйесі бірте-бірте қалыптасады. Алайда іскерлік жүйесін терең меңгеру әрбір студентте дербес өткенімен, бүкіл практикалық қызмет шығармашылық түрде болады – мұғалім мамандығының басты ерекшелігі қаншалықты түсінсе, педагогикалық қызметті қаншалық жете үйренсе, кәсіптік-педагогикалық даярлық солғұрлым табысты болады.

Қорыта айтқанда, болашақ мұғалімнің кәсіби қалыптасуында үздіксіз педагогикалық практиканың алатын орны ерекше. Себебі практика барысында өз бетінше жаңаша жұмыс істеу қабілеті артады және шығармашылығын дамыту арқылы бәсекеге қабілетті маман болып қалыптасады.

1 ҚР «Білім туралы» Заңы. / Егемен Қазақстан, 11 маусым, 1999, №115-116.

2 Аманқұлов К.І. Педагогикалық практика барысында бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби шеберлігін қалыптастыру. Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2004.

3 Абдуллина О.А. Общепедагогическая подготовка учителя в системе высшего педагогического образования. Для пед. спец. – М.: Просвещение. – 139 с.

4 Берикханова А.Е. Педагогикалық мамандыққа кіріспе. Кәсіби құзіретті ұстаздарды даярлау негіздері: Оқу құралы. – Алматы: 2009. – 240 бет.

5 Шалғынбаева Қ.Қ. Мектептегі педагогикалық практика: Студенттерге арналған оқу құралы. – Алматы: АлМУ, 2001 ж. – 64 бет.

Түйін

Нынешнее общество требует воспитания конкурентноспособной молодежи, быстро адаптирующейся к требованиям нового столетия. В этой связи перед вузами ставится задача подготовки высококвалифицированных специалистов. Для этого необходимо, чтобы студенты все время осваивали новые знания и занимались самосовершенствованием. Педагогическая практика, считающаяся одной из важнейших частей педагогического процесса в системе подготовки будущих педагогов играет особую роль.

В связи с усилением требований к повышению профподготовки учителей необходимо постоянно совершенствовать педагогическую практику студентов.

Педагогическая практика в вузе создает для студента возможность понять значение методов научно-педагогического исследования, то есть обучает методу педагогического наблюдения, эксперименту и анализу результата, а также научному поиску.

В ходе прохождения педагогической практики студенты понимают основы педагогического процесса и значение своей будущей профессиональной деятельности. Практика считается первым этапом создания базы для учебно-исследовательской работы студентов.

Ключевые слова: педагогическая практика, педагогический навык, умение, профессиональное образование

Summary

The current society requires the education of young people to be competitive and adapt quickly to the demands of the new century. In this context, the main task before the universities is to train highly qualified specialists. To do this, it is necessary for the students to learn new knowledge all the time and to cultivate themselves. Teaching practice, which is considered as one of the most important parts of the educational process takes a special role in training future teachers.

In view of the increasing requirements to develop the teachers' professional training it must be constantly improve students' practice skills in teaching.

Pedagogical practice in high school creates an opportunity for the student to understand the meaning of methods in scientific and pedagogical research, that is taught the method of teaching observations, experiments and analysis of results, as well as scientific research.

Students can understand the basics of the pedagogical process and the value of their future careers during the practice. The practice is considered as the first step in creating a base for teaching and research work of students.

Keywords: pedagogical practice, pedagogical skills, abilities, professional education

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІГІ

С.Н. Жиенбаева – ҚазМемҚызПУ, Педагогика және психология факультетінің деканы, п.ғ.д., проф.

Мақалада мектепке дейінгі балалардың танымдық құзыреттілігін қалыптастырудың ерекшелігі талданып, оның бастауыш білім беру сатысымен сабақтастықта жүргізу, ойын іс-әрекетімен байланыстығанда тиімді жүзеге асырылатындығы айтылады.

Түйін сөздер: құзыреттілік тұғыр, мектеп жасына дейінгі балалар, танымдық құзыреттілік, сабақтастық, ойын іс-әрекеті

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында білім берудің негізгі міндеті – білімдік шоғырландырудан нәтижеге бағытталған құзыреттілік тұғырға көшу екені атап көрсетілген [1]. Білім беру нәтижесінің жаңа типі білім, білік, дағдыны, сол сияқты дербес іс-әрекетіндегі тәжірибесі мен жауапкершілігін қалыптастыруға бағытталған. Қазіргі білім беру жағдайында әлемдік деңгейдегі белгіленген білім беру міндеттерін нәтиже ретінде көру мүмкіндігі туындайды. Осыған орай мектепке дейінгі білім берудегі білім беру нәтижесі денсаулық сақтау, танымдық, қарым-қатынас, әлеуметтік және шығармашылық құзыреттіліктерді көздейді. Бастауыш білім беру сатысында баланың жеке тұлғасын дамыту және қалыптастыруда жаңа тұрғымен қарап, білім, біліктерін өмір жағдайларында қолдана алатын қабілеттерін, негізгі құзыреттіліктер: проблеманың шешімін табу, білімнің ақпараттық және коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырып, дамыту көзделіп отыр. Құзыреттілік тұғыры бойынша білім беру прагматикалық сипатта болады және мыналарға бағытталады: тәжірибеден пайдалыны ала білу; өзінің алған білімін өзара байланыстыра білу және оны ретке келтіре алу; өзінің алдындағы міндеттерін өздігімен шешу біліктілігі.

Педагогика ғылымында құзыреттілік тұғыр негізінде тұлға игеруге тиісті таным, тәжірибе, әрекет тәсілдерінен басқа құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталады. Құзыреттілік тұғыр – білім беру үдерісін ұйымдастыру, ол субъектінің іс-әрекеті арқылы (оқу, таным, ойын және т.б.) өзін-өзі жүзеге асыру құқығына, құзыреттілікті меңгеруге және пайдалануға негізделген. Бұл үшін «құзырет» және «құзыреттілік» деген ұғымдардың мән-мағынасын ашып алуды жөн көрдік. «Құзыреттілік» және «құзырет» ұғымдарын, тұлғаның феномен ретінде құзыреттілікке ие болуының мәнін және табиғатын түсінуде А.М. Аронов, Дж.Равен, А.Н. Тубельский, Б.И. Хасан және т.б. пайымдауларының мәні зор. Соның ішінде А.М. Аронов құзыреттілікті тұлғаның белгілі бір әрекетке даярлығы деп қарастыруды ұсынады, құзыреттіліктің іс-әрекеттік негізі қазіргі білімдік және болашақтағы практикалық әрекетті байланыстырады [2]. Ғалымның ойын жалғастырушы. Г.Б. Голуб құзыреттілік тұғырда оқушының белгілі бір өнімі бар іс-әрекеті жатыр, «іс-әрекет – ойлау әрекетінің бөлігі», ал құзыреттілік «бұл – іс-әрекеттің жіктелген, субъектіленген түрі» деп ерекше атап өткен [3]. Бұл құзыреттілікті іс-әрекеттік категория деп түсінуге мүмкіндік береді. Автордың пікірінше, ол субъективтіленген, яғни жеке іс-әрекет тәжірибесінен өткен, субъективті тәжірибеге айналған. Сонымен, құзыреттілік – оқу мен өмір жағдаяттарын шешу кезінде білім алушылардың білімді, біліктілігін, дағдыны және әрекеттің барлық тәсілдерін меңгеруі, білім берудің нәтижесі.

И.А. Зимняя танымдық әрекеттің құзыреттілігі: танымдық міндеттерді қоя алуы және оны шешуі; проблемалық жаяғдаяттан шыға алуы; өнімді және репродуктивтік таным, зерттеушілік қабілеті; зияткерлік тапсырмаларды шешуі және іс-әрекеті, оқи алу біліктілігімен анықталады [4]. М.А. Холоднаяның пікірімен бөлісе отырып, зияткерлік іс-әрекет бұл әрбір баланың зияткерлік мүмкіндігі мен қабілетін дамыту мақсатында көрсетілетін жеке дара көмек берудегі оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру формасы [5]. Зияткерлік дамудың басты белгісі ретінде белгілінің шеңберінен шыға алуы, қоршаған заттардан жаңаны байқауы және олардың арасындағы байланысты түсінуі, жаңаны зерттеу амалын іздеуі. Бұл қабілет тек ойдың қызметі ғана емес, тұтастай танымдық құзыреттілік ерекшелігін көрсетеді.

И.А. Зимняяның пікірімен келісе отырып, құзыреттілік тұлғаның бастамашылық өмір тіршілігі негізінен тұрады. Автордың ойынша, тек тек оқып қана қою емес, жеке танымдық ресурстарды кеңейту және күрделендіру қажет. Тек біліп қою ғана емес, білімді қолдану, ұйымдастыруы және меңгерудің тетігін білгенге тиімді болады. Ойын үрдісінде бұл білімдер жаңа деңгейге көтеріледі: тілдік қарым-қатынасқа түсіп, өзінің ойын жалпылайды, жаңғырады және жетіледі. Ойындағы балаланың қарым-қатынасы олардың өзара білімдерін толықтыруға, пікірлерімен алмасуға ересектердің кеңесіне жүгінуіне, қосымша ақпарат алу көздеріне сүйенуге ықпал етеді [4]. Мысалы: шығармашылық ойындар өздерінің табиғатынан балалардың бұрынғы біліміне сүйеніп, қоршаған өмірден алған әсерлерін бейнелейді. Біздің көзқарасымызша танымдық құзыреттілігін қалыптастыруда оқу іс-әрекетінің алғышарты ретінде ережелі ойындардың орны ерекше. Оған мазмұны мен педагогикалық бағыттағы үстел үсті, қимыл-қозғалыс, ұлттық ойындары жатады.

Бұл ойындар түрлі білімдерді меңгертуге, зейіні мен есте сақтауын дамытуда, арнайы қимыл-қозғалыс, танымдық және зияткерлік қабілеттерін жетілдіруде маңызы зор. Ережелі ойындарда бернеше қатысушылардың қатысуы серіктестерімен бірлесіп әрекет ету біліктілігін дамытуда мәні бар. Мектеп жасына дейінгі балала ойын ережесін жеңіл есте сақтайды, өзінің және басқалардың әрекетін бақылай алады, бірлескен әрекетті реттеп отыру амалын үйренеді. Мысалы: ойындағы балалардың кезегін сақтау үшін санамақ және т.б. тәсілдерді меңгерсе, өздерінің табыстарына және сәтсіздіктеріне адекватты түрде карауға қалыптасады.

Бірлескен ережелі ойында көптеген әлеуметтік түсініктер, оның ішінде шыншылдық және әділетсіздік

туралы түсінік алып, өзіне-өзі баға беруі дамиды. Атап отырған сапалар балалардың оқу іс-әрекетін қалыптастырудың алғышарты бола алады. Бала саналы түрде ережеге бағынуға, оның үстіне олар үшін ішкі түрткімен іске асады. Ережеге бағыну қабілеті және сырқы ереженің ішкіге айналуы оқу іс-әрекетінің қалыптастыруында маңызы зор. А.Н. Леонтьев пікірінше, ережені игеру ол өзінің мінез-құлқын меңгеруі, оның белгілі бір мінездеріне бағынауы дейді [6].

Мектептегі оқуға көшу кезінде бұл қабілеттер баланың оқу міндеттері мен мақсаттарын орындауда белсенділік көрсетуіне негіз болады. Ережелі ойында бала тек өзінің нәтижесіне емес, нәтижеге жетудің амалына мән бере бастайды. Бала мектепке келгеннен кейін де ойын іс-әрекеті арқылы оқыту негізінде танымдық құзыреттілігін қалыптастыруды жасғастырады. В.А. Сухомлинский «Мектеп бала өміріне нұқсан келтірмейтіндей болуы керек. Бала оқушы бола отырып, кешегі жасағанын бүгін жасауын жалғастыруы шарт. Бала үшін жаңа бірте-бірте келіп, әсерін бұзбасын» деп мектепке дейінгі ұйым мен мектептің арасындағы сабақтастықты сақтауды ескертеді [7].

Қазіргі заманның педагогикалық сөздігінде сабақтастық бұл ескі мен жаңаның және жаңа мен ескінің өзара байланысы, тиісті компоненттердің ұйымдасқан өзара әрекетінің арқасында осы байланыс жағдайында туындайтын қайшылықтар ретімен шешіледі.

Сабақтастық мәселелерін шешуде психологтар В.Г. Онушкина, З.А. Мукашева тұлғаның құрылымы мен қажеттіліктеріне, түсіну үшін әр жас ерекшелігіне тән нақты даму жағдайын ескеру қажет деген қағидаларының маңызы зор. Тұлғаның өмірлік жолының тұтастығын, үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін жас кезеңдерін бөле отырып, әр кезеңнің тұлғаны дамытудағы ролін ғылыми түрде негіздеді, әр кезеңнің келесі кезеңге қалай дайындайтынын және оған қалай әсер ететінін көрсетті [8]. Сабақтастық түрде оқу іс-әрекеті адамның ойлау қызметінің психологиялық заңдылықтарына негізделеді. Ол ойлау қызметінің бір кезеңінен екіншісіне күрделі түріне өту қажеттілігін тудырады. Сабақтастық психологиялық деңгейде бала дамуының жас ерекшелігіне және психологиялық заңдылықтарына байланысты болады.

Қазіргі білім жүйесінде, оның құрылымы мен қызмет етуінің негізгі ұстанымдарында сабақтастықты жүзеге асыратын шынайы мүмкіндіктер бар: бұл барлық оқу-тәрбие мекемелерінің мемлекеттік және қоғамдық сипаты ұстанымы, білім беру жүйесінің тұтастығы мен барлық оқу орындарының сабақтастығы ұстанымы.

Қазақстандық С.Смайлов, М.С. Керімбаева, А.М. Мұбараков, Т.О. Оспанов, Ұ.Б. Төлешева және тағы басқалар өз зерттеулерінде білім беру жүйесіндегі сабақтастық мәселесіне, өзіндік көзқарастырын ұсынады. А.М. Мұбараковтың пайымдауынша, үздіксіз білім берудегі педагогикалық үдеріс диалектикалық тұрғыда дамиды. Оның барлық компоненттері өзара шартты және сабақтастық байланыста [9]. Педагогикалық үдеріс үздіксіз және дискреттікті бірлікте: бір жағынан, балалардың дамуында сандық өзгеріс болса, екінші жағынан, басқа сатыға сапалық көшу болады. Соның ішінде Ұ.Б. Төлешева мектеп пен университет арасындағы кіші мектеп жасындағы балалардың танымдық қызығушылығын қалыптастырудағы сабақтастықты «төменгі сатыдағы алған білімін, меңгерген дағдыларын, қалыптасқан тәлімдік нормалары мен ұстанымдарын білуге, үйренуге, түрлі іс-әрекетті орындау әдіс-тәсілдерін меңгеруге деген ішкі сезімдерін (ынта, ықылас, ниет, түрткі, тілек, қажет т.с.с) жоғары сатыда жаңа деңгейде ары қарай дамыту» деп тұжырымдаған. Мұнан шығатын қорытынды: танымдық іс-әрекеті сабақтастық дамудың әр түрлі кезеңдерінің, сатыларының ерекше байланысы, оның мәні жүйе ретінде өзгергенде кейбір бөліктердегі немесе құрылымындағы кей тұстар сақталып қалып, жаңа құбылыста әрқашан алдыңғы даму кезеңінің бөлшектері сақталып, балалардың еңбектегі тәжірибесіне негіз болады.

Үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы сатылары мектепке дейінгі ұйым мен бастауыш мектептегі оқытудың мазмұны, формасы, әдістерінің сабақтастығын К.Р. Исаева, Т.А. Плотникова, Г.В. Быховец, В.А. Завалько дамыту мәселесін Р.Наурызбаева зерттеген. Зерттеулерге жүргізілген теориялық талдау білім беру үрдісіндегі сабақтастықты әрбір сатыдағы оқыту үрдісінің өзіндік ерекшелігі және сабақтастық сипатын әр түрлі қырынан қарағандығын байқадық. Соның ішінде мектепке дейінгі ұйым мен бастауыш мектептің сабақтастығы білім беру мазмұнының құрылымын, компоненттерді, белгілі бір идеяларды немесе білім берудің барлық буынындағы бірзділікті көрсету үшін қолданылады. Мектепке дейінгі ұйым мен бастауыш мектептің бағдарламалары балалардың танымдық құзыреттілігін қалыптастыруда мүмкіндігі сақталған. Бірақ біздің пікірімізше, практикада бағдарламаның әлеуеті толық пайдаланылып отыр жоқ. Оның басты себебі тәрбиешілер мен мұғалімдер танымдық материалдарды оқытуда және қолдануда құзыреттілік тұғырын қолдануы жеткіліксіз. Барлық уақытта оқу-тәрбие үрдісінде ойын әрекеті қолданыла бермейді.

Балалардың танымдық құзыреттілігінің негізін дамытуда Гальперин мен Талызиннің ақыл-ой іс-әрекеті кезеңмен қалыптастыру теориясының түйінді элементтері қолданылды. Гальперин заттық әрекеттің екі бөлігімен шектеді: түсінуі және орындау біліктілігін «бағдарлану» және «орындаушылық». Гальперин

теориясы бірлескен және балалардың өздігімен әрекеті, бұлар балалардың жеке ерекшелігін ескере отырып, дербестігін дамыту амалдары жеткілікті [10]. Аталған, теорияға сүйене отырып, мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық құзыреттілігін дамытудың жаңа әрекеттерді меңгерудің мына кезеңдерін ұсынамыз:

1 кезеңде: “Үйрету”. Әрекет сыртқыдан (материалдық) ішкіге айналуы (ақыл-ой), балаға әрекеттің қалай орындалатынын, әрекеттің бірізділігін алгоритмін көрсету.

2 кезеңде: “Бірлесіп”. Кез келген әрекетті өзі орындай алуы үшін алдымен әрекеттің басшылығымен, көмегімен (нұсқау, жөндеуі), яғни баланың жақына арадағы даму аймағы болып отыр.

3 этап: “Жаса, шығар”. Бала әрекеттің алгоритмі бойынша меңгерген әрекетін өзі орындайды, сосын осы әрекетті орындаудың жаңа жолын іздейді, өзінің қиялын пайдаланып шығармашылығын көрсетеді. Заттық әрекетті меңгерудің бағдарлану бөлігінде ерекше мән берілетіні егер бала әрекеттің қалай орындалатынын көзімен көріп түсінсе, ол одан әрі жаңаны шығырп жсай алады.

Танымдық құзыреттілікті дамытудың мынандай амалдары дайындалды:

1-амалы: Балаларға өзінің әрекеті туралы ауызша дыбыстап айтуын талап ету (не істейін деп жатыр, тағы не істейді). Осындай жолмен бала аяқ астынан орындалатын әрекеттері жоспралы, ұйымдастырылған, реттелген әрекетке айналады. Айтуы арқылы баланың реуттеуші қабілеті дамып, ерікті зейінінің қалыптасуына негіз болады.

2-амал: Меңгерген дағдыларын бекіту және жаңа ұғымдарды енгізу үшін үш сатыны мақсаты қолданылады:

1-саты: затпен оның атауы арасындағы байланыстың болуы. Атауы мен нақты атауы арасын байланыстыру қажет. Зат пен атауының арасы бір-бірімен ассоциирланады. Атауы нақты затпен байланысады. Бұл....

2 саты: заттың атын атайды, ал бала оған сай затты алып педагогқа береді.

3 саты: Педагог затты көрсетеді және баладан оны атауын сұрайды. Маған бер... Бала затты және оның атын атын біледі. Бұл не?

3 амал: Құзыреттілік іс-әрекет негізінде қалыптасатындықтан, танымдық құзыреттілік іс-әрекет арқылы жүреді. Тек балаға айтып қана қою емес немесе бала өзі ғана айтуы емес, оның өзі істей алуы түрлі жағдаяттарда қолдануы керек. Бұл танымдық құзыреттіліктің көрсеткіштері мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту стандартында берілген. Осындай әдістерді қолдану негізінде баланың зияткерлік, танымдық, шығармашылық қабілеттері дамып, танымдық құзыреттілігі қалыптасады. Исходя из выше изложенного, мы можем говорить о том, что сегодня дошкольная педагогика и педагогика начальной школы должна сосредоточить свое внимание на разработке проблем реализации компетентного подхода в обучении детей, используя игровую деятельность и принцип преемственности дошкольной и начальной ступени образования.

1 Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Қазақстан мұғалімі – 20 қаңтар. – 2004. – 3-4 б.

2 Аронов А.М. Предметно-методологические основы компетентности педагога. / Материалы конференции // www.conf.krasu

3 Парадигма актуального образования / Г.Б. Голуб, Е.Я. Коган, В.А. Прудникова // Вопросы образования. - 2007. - №2. - С. 20-42.

4 Зимняя И.А. Компетентностный подход. Каково его место в системе современных подходов к проблемам образования? (теоретико-методологический аспект) // Высшее образование сегодня. - 2006. - №4. - С. 20-27.

5 Холодная М.А. Психология интеллекта. Парадоксы исследования - 2-е изд., перераб. и доп. - СПб.: Питер, 2002.

6 Леонтьев А.Н. Психическое развитие ребенка в дошкольном возрасте. В сб.: «Вопросы психологии ребенка дошкольного возраста». - М.-Л., 1948. - С. 40-44.

7 Сухомлинский В.А. Разговор с молодым директором школы. - М., 1973.

8 Мукашев З.А. Преемственность как момент развития. – Алма-Ата: Мектеп, 1975. – 24 с.

9 Мубаракوف А.М. Научно-методические основы преемственности обучения математике в системе непрерывного образования. 13.00.02-Теория и методика обучения и воспитания. автореф.... дисс.док. пед. наук. – Алматы: 2003. – 47 с.

10 Гальперин П.Я. Введение в психологию. Учебное пособие для вузов. – М.: «Книжный дом Университет», 1999. – 322 с

11. Словарь-справочник по педагогике / Авт.— сост. В.А. Мижериков; Под общ. ред. П.И. Пидкасистого. – М.: ТЦ Сфера, 2004.

12 Современный словарь по педагогике / Сост. Рапацевич Е.С. – Мн.: «Современное слово», 2001.

УДК ОӘЖ 371.132,2

ЖОҒАРЫ СЫНЫП МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ДЕНЕ ДАЙЫНДЫҒЫН ЗЕРТТЕУ

С.А. Абилдабеков – п.ғ.м., аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ

Бұл мақалада әртүрлі конституциялық түрдегі жоғары сынып оқушыларының дене мүмкіндіктері және психикалық даярлықтары, морфофункционалды көрсеткіштері сараланды. Сыналушылардың көпшілігінің бозбалалар (65,2%) және қыздар 84,4%) құжаттық жастары биологиялық жастарымен сәйкестігі анықталды. Жоғары мектеп жасында ағза дамуының қарқыны ақпараттылықты жоғалтады, ал дене бітімінің түрлері дене дамуының көрсеткіші ретінде жасөспірімнің жеке морфологиялық тітіркенушісінің жетекшісі болып қалыптасады.

Кілт сөздер: дене шынықтыру сабағы, соматотип, конституциялық түрлер

Мәселенің көкейкестілігі. Кез келген қоғамның өсіп-өркендеуі, әлемдік өркениеттен өзіндік орын алуы оның білім деңгейіне байланысты. Сондықтан Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялаған күннен бастап білім беру ісін реформалауға кірісті. «Білім туралы» Заң қабылданып, жалпы білім беру жүйесіне бағытталған тұжырымдамалар, мемлекеттік білім стандарты, оқу бағдарламалары мен төл оқулықтардың жазылуы мектеп өміріне қатысты реформалардың жүріп жатқандығының айқын куәсі. Осыған орай халықты, әсіресе, болашақ жастардың дене тәрбиесі жүйесін жақсартуға мемлекет тарапынан жыл сайын көптеген іс-шаралар жүргізіліп заңдар қабылдануда. Мысалы, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан Республикасының 1996-2000 жылдар аралығында жалпы бұқаралық спортты дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» туралы Жарлығына қол қойса (1996 ж.), 1997 жылы «Қазақстан-2030» бағдарламасын жолдады. Ал, 1999 жылы «Қазақстан Республикасының Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңы қабылданса, 2007 жылы «Қазақстан Республикасының 2001-2005 және 2007-2011 жылдар аралығындағы Дене тәрбиесі мен спортты дамытудың мемлекеттік бағдарламасы туралы» Жарлығы дене тәрбиесі бойынша жалпы білім берудің Мемлекеттік стандарты шықты. 17.01.2014 жылғы Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. «Қазақстан-2050» Стратегиясы – барлық саланы қамтитын және үздіксіз өсуді қамтамасыз ететін жаңғыру жолы.

Барлық дамыған елдердің сапалы бірегей білім беру жүйесі бар. Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсарту қажет. Сондықтан оларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсыну маңызды. Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек.

30.09.2013 жылы «Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (Жоба).

Бұл бағдарламалар мен Заңдардың негізгі мақсаты дене тәрбиесі саласын дамытуға әлеуметтік тұрғыда анықтап, жеке тұлғаны дамытуды жаңаша көзқараспен қарап, оған әлемдік ғылым мен прогресс деңгейінде білім мен тәрбие беру. Сонымен қатар, жас ұрпақтың бойында өркениетті қоғамның еркін, өз бас бостандығын қорғай алатын, бүкіл адамзат құндылығын бағалайтын адамгершілік, имандылық, ізгілік мінез-құлқы қалыптасқан азаматтар тәрбиелеу. Сол себепті дене тәрбиесінің бала тәрбиесіндегі әлеуметтік ықпалы зор деп есептеуіміз қажет.

Қазақстандағы мектеп оқушыларының жекелеген денсаулық көрсеткіштері мен дене дайындығының нақты процесінің төмендеуі бұл көрсетілген мәселенің заман талабына сай оқушылардың дене тәрбиесі жүйесінің теориялық негізде ғылыми жүйелеуді қажет етеді.

Дене тәрбиесі теориясы мен әдісінің, медицинаның, психологияның заманауи көрсеткіштері адамның хал-ахуалы және даму ерекшеліктерін жеке есепке алу қажеттілігі жөнінде ғалымдардың ой-пікірлері өте көп.

Солардың ішінде оқушылардың дене шынықтыруға дайындығын бақылаудың педагогикалық негіздерін Қ.І. Адамбеков, Қ.Қ. Закирянов, И.Орехов, И.Ф. Андрущишин, Т.Ә. Ботағариев, Ә.Ж. Тастанов, Ю.Ф. Тлеуғалиев, А.С. Жұманова, Н.Қ. Ерепбаев; жекелендіру бағытын іздестіру біраз уақыттан бері жүргізілуде, бірақ оның бәрі дайындық әдісін кейіптеу негізінде, қимыл-қозғалыс белсенділігі орта есеппен жас-жыныстық мөлшеріне жету мақсатында В.М. Зациорский, Б.Қ. Қаражанов, Х.Ф. Анарқұлов; оқушылардың қимыл-қозғалыс үмкіндіктерінің сипаттамасы, олардың конституциялық мөлшері мен түрлерін бағалау дене дайындықтарының мөлшері мен түрлерін бағалау, дене дайындықтарының әрі қарай жетілуіне педагогикалық және әлеуметтік тиімділігін М.Т. Танекеев, В.В. Зайцева, В.Г. Нинитушкин, В.Н. Сальников, С.І. Қасымбекова т.б. ғалымдар қарастырған. Ғалымдардың ой-пікірі бойынша дене шынықтыру сабақтарының тиімділігінің айтарлықтай жоғарылауына арнайы типтік әдісті және әр адам өзінің жеке конституциялық-типтік мөлшер тиістілігін айқындау негізінде қажетті құралдарды қолдану арқылы жетеді.

Әртүрлі конституциялық-түрлердің өзара ерекшелігі олардың қозғалыс мүмкіндіктерінің құрылымына өзгеріс енгізеді. Бұл жөнінде Б.А. Никитюк соматотип адамның конституциясының табиғаты жөнінде

негізгі «ақпаршы, хабар беруші» болып табылады деген. Бірақ, жеке адамның конституциялық ерекшеліктерінің бәрін есепке алу мүмкін емес, сонда да дайындық, жекелік жағына негізгі адым жасау-бұл жалпы конституциялық түрлерді есепке алу.

Осындай ғылыми еңбектерге талдау жасай келе оқушылардың әртүрлі дене бітімі сипаттамасы және дене дайындығы көрсеткіштерінің өзара байланыс сипаты мен мазмұнын, олардың биологиялық жетілу деңгейі мен қиылысуын анықтау жөнінде қосымша зерттеу жүргізуді қажет етеді.

Зерттеу нысаны: Жалпы білім беретін мектептердегі дене шынықтыру сабағында жоғарғы сынып оқушыларының дене дайындығы процесі.

Зерттеу пәні: Жалпы білім беру мектептеріндегі жоғары сынып оқушыларның дене дайындығын қалыптастыру әдісі мен құралдары.

Зерттеу мақсаты: дене шынықтыру сабағында оқушылардың дене дайындығын жекелендіру әдісін теориялық тұрғыдан негіздеу және практикалық түрде жүзеге асыру.

Зерттеу міндеттері:

- әртүрлі конституциялық түрдегі жоғары сынып оқушыларының психофизиологиялық сипаттарын, дене қабілеттері мен морфофункционалды даму ерекшеліктерін анықтау;
- әртүрлі конституциялық түрдегі оқушылардың дене даярлығы көрсеткіштерінің өзара қатынас құрылымын анықтау;
- мектеп бағдарламасының жеңіл атлетика түрлері бойынша әртүрлі конституциялық түрдегі оқушылардың дене даярлығының алғышептік компоненттерін анықтау;
- әртүрлі конституциялық түрдегі оқушылардың дене даярлығын жекелік әдісін айқындап эксперимент түрінде негіздеу.

Зерттеу әдістері:

- теориялық талдау және әдеби деректер жинақтау;
- алдыңғы қатарлы тәжірибелерді жинақтау;
- педагогикалық бақылау;
- хронометраждау;
- антропометрлік өлшемдерді алу;
- конституциялық түрлерді бағалау;
- жыныстық жетілуді анықтау әдістері;
- бақылау сынақтары;
- зерттеудің медициналық- биологиялық әдістері;
- психикалық күйлерін зерттеу;
- педагогикалық тәжірибе.

Мектеп жасындағы балалардың дене тәрбиесінің міндеттері балалардың анатомиялық-физиологиялық, психологиялық ерекшеліктерін ескерумен нақтыланады және жан-жақты даму міндеттері мен мақсаттарынан шығады. Мұның бәрі балалардың дене тәрбиесінің жалпы жүйесі балалардың денсаулығын жақсартуға, ағзаны шынықтыруға, оны дұрыс қалыптастыруға бағытталған. Осы кезеңде әдебиет деректерін, эксперименттік материалдарды жинақтау, спорттың алдыңғы қатарлы тәжірибелерін біріктіре отырып жас спортшылардың дайындық жүйесінің негізгі ережелерін тұжырымдадық.

Бірінші нұсқау – жасөспірім спортшылардың дайындығын басқару жүйесі бағытының мақсаттылығы жас жағынан бір топтан екінші топқа ауысу негізінде шынығу және жарыс жүктемелерін бірқалыпта қамтамасыз етуді және шынығу үдерісінің мазмұнына уақтылы түзетулер енгізуді жүзеге асырады. Бұл мәселе Қ.І. Адамбеков, И.Ф. Андрущишин, С.І. Қасымбекова, Л.И. Орехов, Т.А. Ботағариев, Ғ.М. Сәрсекеев, М.А. Артықов, Ә.Ж. Тастанов, Э.Қ. Оспанова және т.б. ғалымдардың еңбектерінде шешімін табады.

Екінші нұсқау – дене сапаларының тиімділігін жүзеге асыру.

М.Я. Наботникова, Ю.В. Верхошанский, С.И. Хаустов, Х.Ф. Анарқұлов және басқа ғалымдардың деректерінше дене сапаларының даму деңгейін жоғарылату және негізгі жаттығуларды орындауды жүзеге асыру – бұл екі өзара байланыс әдістемелік бағыт болып табылады.

Үшінші нұсқау – спорттық көрсеткіштер деңгейінің арақатынас тиімділігін болжау және спорттық жетілдіруді пайдалы дамыту үшін әртүрлі қабілеттерді қажет етуші, негізгі дене сапаларының даму үйлесімділігі.

Төртінші нұсқау – жас ерекшеліктерінің және спорттық қызмет тәжірибесінің әсерінен дене дайындығының құрылымы мен әртүрлі көрсеткіштерінің мәні елеулі өзгереді, сол себепті көп жылдық дайындықтың әртүрлі кезеңдерінде спорттық дайындықтың алдыңғы қатарлы шарттарын ерекшелеу қажет.

Бесінші нұсқау – келешек техникалық шеберлікті қалыптастыру үшін, жарыс қызметті қозғалыс дағдыларының биодинамикалық құрылымдарын бірқалыпты игеру, меңгеру қажет болады.

Біздің пікірімізше, жалпы білім беру мектептеріндегі дене тәрбиесі сабағында оқушылардың дайындық жүйесінің әдістемелік ерекшелігін анықтау қажет. Осыған байланысты 15-17 жастағы оқушылардың дене қабілеттері мен қозғалыс аппаратының заңдылығы жөнінде ғылыми көзқарастарға талдау жасауды қажет етеді.

Жоғарғы сынып оқушыларының дене дамуы мен дайындықтарының сипаттамасы. Жоғарғы сынып оқушыларының ағзасының өсуі мен даму үрдісі үздіксіз өмір сүреді. 15-17 жас аралығындағы оқушыларды (151 бозбала, 142 қыздар қатысқан) терең зерттеу мәліметтері олардың дене дамуы мен дайындығының көрсеткіштерінде жүзеге асқан жас ерекшеліктік-жыныстық заңдылықты өзгерістерін анықтауға мүмкіндік туғызды. Тәжірибелік мәліметтерге талдау бірнеше деңгейде өткізілді.

Алдымен (х, σ, m, A, E, ε) статистикалық көрсеткіштер бойынша морфофункционалды дамуы мен қимыл-әрекеттік дайындығының көрсеткіштеріне талдау жасалынды. Содан кейін талдаудан өткізілген көрсеткіштердің өзара байланысы зерттелді. Бой ұзындығының көрсеткіштері жас ерекшелігіне қарай өлшеусіз ұлғайып отырады.

Жоғарғы сынып оқушыларында, негізінен нәтижелерді бөлу сызығының оңжақтық асимметриясы бар екендігі анықталды ($A=0,57-1,40$). Бозбалаларда көбінесе бөлу сызығының жалпақ биіктігі кездессе ($E=0,33-0,73$), қыздардың бой ұзындығының көрсеткіштері, әсіресе, 17 жаста, үшкіл биіктілігімен (сұңғақтылығымен) сипатталады ($E=1,40$).

Дене салмағының көрсеткіштері жасының өсуіне қарай арта береді. Бозбалаларда бұл көрсеткіш қарқынды түрде 16 жаста 6,8%, $p<0,01$ болып өзгерсе, 17 жаста 6,9%, $p<0,01$ болып өзгереді. Вариациялық коэффициенттер он пайыздық деңгейден біршама артық түседі. Зерттеу жүргізілгендердің бойында берілген көрсеткіштерді бөлуде асимметриялық байқалады: бозбалалар мен қыздарда көбінесе оңжақтық асимметрия кездеседі ($A=0,55-1,02$). Жоғарғы сынып оқушылары денесінің даму көрсеткіштерінің талдауы берілген сипаттамалардың көбісі бірқалыпты бөлінетіндігін айқындап берді.

Дене дайындығының көрсеткіштері де жас ерекшелігіне қарай өзгеріп отырады. Негізінде, жасқа байланысты нақты өзгерістер бозбалаларда болатындығы анықталды. 16 жаста анықталған заңдылыққа сәйкес ұзындыққа секіру көрсеткіші - 3,0%, $p<0,05$; нығыздалған допты лақтыру - 6,2%, $p<0,05$, ал 6 минуттық жүгіру көрсеткіші - 3,8%, $p<0,05$ болса, ал 17 жастағы нығыздалған допты лақтыру көрсеткіші - 5,8%, $p<0,05$, ал 6 минуттық жүгіру көрсеткіші - 3,8%, $p<0,05$, жылдамдылыққа шыдамдылықты дамыту деңгейі 2,8%, $p<0,05$ болып көрініс тапты. Қыздарда тек ұзындыққа секіруде ғана жас ерекшелігіне қатысты динамикалық көрсеткіште аздаған ауытқу байқалады.

Биологиялық жетілудің әр түрлі деңгейіне тән оқушылардың дене құрылымдарының түрлері жоғарғы сынып оқушыларының морфофункционалды дамуы мен қимыл-әрекет мүмкіндіктерінің көрсеткіштері кластерлік сипаттаманың көмегімен жіктеліп сұрыпталды. Зерттеуге қатысқан оқушыларға талдау жүргізу 4 класқа бөлінді, олардың әрқайсысы үшін дене дамуының жеке ерекшеліктері, көрсеткіштері, саны мен өкілеттілігі анықталды. Зерттеу нәтижелері бозбалалар мен қыздарға жеке-жеке жүргізілді.

Бірінші кластерға торакальды дене құрылымды түрдегі оқушылар кірсе, екіншіге бұлшық еттері дамыған дене құрылымды түрдегі оқушылар кірді, үшіншісіне астеноидты, ал төртіншіге дигестивті түрдегі дене құрылымды оқушылар енді. Сыннан өтушілер арасында торакальды дене құрылымды түрге жататын 256 қыз (57,9%) бен 254 бозбала (56,3%) анықталды; бұлшық еттері дамыған дене құрылымды бозбалалар 106 адамды (23,5%) құраса, қыздардың саны 66 (14,9%) болды. Астеноидты түрдегі дене құрылымды бозбалалар 14,0% бен қыздар 16,3% құраса, ал дигестивті дене құрылымындағылар континенттің 6,2% мен 10,9% құрады (**1-сурет**).

Қорытынды: әртүрлі конституциялық түрдегі жоғарғы сынып оқушыларының дене мүмкіндіктері және психикалық даярлықтары, морфофункционалды көрсеткіштері сараланды. Көп жағдайларда бұлшық етті оқушылардың шапшаңдық, күш, шапшаңдық - күш мүмкіндіктерінің даму деңгейі басым болды. Торакальды түрдегі оқушылардың ептілік және төзімділік мүмкіндіктерінің даму деңгейі жоғары сипатталды. Дигестивті түрдегі дене бітімді оқушылардың қозғалыс әрекеттерінің нәтижелері тетелес балалардан әлдеқайда төмен.

Сыналушылардың ішінде торакальды түрдегі дене бітімді бозбалалар - 56,3% - ды, қыздар - 57,9 % - ды құрады. Бұлшық етті түрдегі дене бітімді бозбалалар - 23,5 % ды, қыздар - 14,9 % ды құрады. Астеноидты түрдегі дене бітімді бозбалалар - 14,0 %- ды, ал қыздар - 16,3 % - ды құрады, дигестивті түрдегі дене бітімді бозбалалар - 6,2 % - ды, қыздар - 10,9 % - ды құрады. Сыналушылардың көпшілігінің бозбалалар (65,2 %) және қыздар (84,4 %) құжаттық жастары биологиялық жастарымен сәйкестігі анықталды. Жоғарғы мектеп жасында ағза дамуының қарқыны ақпараттылықты жоғалтады, ал дене бітімінің түрлері дене дамуының көрсеткіші ретінде жасөспірімнің жеке морфологиялық тітіркенушісінің жетекшісі болып қалыптасады.

1 сурет. Дене құрылымының түрлері бойынша 15-17 жас аралығындағы оқушылар санының арақатынасы

1 Адамбеков К.И. Педагогические основы физического воспитания учащихся: автореф.дисс. докт. пед. наук: 13.00.04. – Алматы, 1995. – 38 с.

2 Телеугалиев Ю.Г., Абилдабеков С.А. Изменения показателей удовлетворенности занятиями и смыслодержащих мотивов при обучении физическим упражнениям. // Актуальные проблемы теории и практики физической культуры. - Алматы, 2001. - 242 с.

3 Телеугалиев Ю.Г., Абилдабеков С.А. Взаимосвязь показателей воспитания в процессе физического образования, воспитания и обучения. // Теория и методика физической культуры. – 2001. - №2. – С. 67.

4 Телеугалиев Ю.Г., Абилдабеков С.А. Проблема активизация взаимосвязи двигательной познавательной деятельности в процессе физического воспитания и обучения. // Международная научная конференция. Каз ГАСТ, – Алматы, 2001.

5 Адамбеков Қ.І., Тастанов Ә.Ж., Абилдабеков С.А. Теоретические основы физической культуры и спорта. - Алматы: «Полиграфия Сервис К», 2010. – 309 б.

6 Бальсевич В.К. Концепция альтернативных форм организации физического воспитания детей и молодежи // Физическая культура: воспитание, образование, тренировка. – 1996. - №1. – С. 23-25.

Summary

Electronic textbook "Engineering Graphics" was created with the main principles of didactic training and especially the impact of the above e-textbook as the training program. It is known that the foundation of the training program system comprise some programs, which are subject to a number of psychological and pedagogical requirements in terms of achieving the goals of learning through diversity training actions with regard to the provisions of pedagogy, psychology and didactics; as well as stimulation of the high activity of the learner, providing developmental effect of training and its individualization, conducting pedagogical orientation of the dialogue with the possibility of modifications and adjustments.

УДК 373.1

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕГІ ДАМЫТА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қ.Е. Ағыбай – аға оқытушы, Абай ат. ҚазҰПУ, «Жалпы педагогика және психология» кафедрасы

Қоғамның дамуы оқу мазмұнына жаңа білім беру үрдістерін алып келуде. Осыған байланысты бастауыш сынып оқушыларының танымдылық оқу белсенділіктерін қалыптастыру, оны тиімді басқару және дамыту, әдістемелік, ұйымдастырушылық және моральдік-психологиялық тұрғыдан қамтамасыз ету күрделі педагогикалық мәселе ғана емес, маңызды әлеуметтік мәселе де болып табылады. Оқушының әлеуметтену ортасы ол оқыту үрдісі. Оқытудың жаңа технологиясын пайдалану - сапалы білім негізі. Ал сапалы білім болашақ мамандарды қалыптастырудың негізгі ірге тасы болып табылады.

Тірек сөздер: оқыту үрдісі, технология, дамыта оқыту технологиясы, сабақ, оқыту сапасы

Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің қазіргі кезеңіндегі қоғамның түрлі салаларының құрылуы мен тұлғаның белсенділігінің жоғарлауы арасында байланыс айқындала түсуде. Осыған байланысты балалардың танымдылық әркетін белсендендіру, оны тиімді басқару және дамыту, әдістемелік, ұйымдастырушылық және моральдік-психологиялық тұрғыдан қамтамасыз ету күрделі педагогикалық мәселе ғана емес, маңызды әлеуметтік мәселе де болып табылады.

Оқыту технологиясы оқыту мазмұнын жүзеге асыру жолындағы алға қойған мақсатқа жетудің тиімділігін қамтамасыз ететін оқыту әдісі, құралы және түрлерінің жүйесі болып табылады. Оқыту технологиясында мазмұн, әдіс және құралдардың өзара байланысы мен себептілігі жатыр, соған байланысты қажетті мазмұнды, тиімді әдістер мен құралдарды бағдарлама мен білу мағалімнің педагогикалық шеберлігіне байланысты.

Оқытудың жаңа технологиясын пайдалану - сапалы білім негізі. «Адам ұрпағымен мың жасайды»- дейді халықымыз. Ұрпақ жалғастығымен адамзат баласы мың емес миллиондаған жылдар жасап келеді. Жаксылыққа бастайтын жарық жұлдыз – оқу. «Надан жұрттың күні – қараң, келешегі тұман», деп М.Дулатов айтқандай, егеменді еліміздің тірегі - білімді ұрпақ. Сусыз, құрғақ, таса көленке жерге дән ексең өнбейтіні сияқты, жас ұрпақтарымызды тәрбиелемесек өспейді, өнбейді. Қазіргі мектеп мұғалімдерінің алдында тұрған басты міндет – оқушылардың шығармашылық білім дағдыларын қалыптастыру, міне, өз ұрпағының өнегелі, өнерлі, еңбексүйгіш, абзал адамзат болып өсуі үшін халық педагогикасының негізгі мақсатын шығармашылықпен оқу-тәрбие үрдісіне тиімді пайдалану әрбір ұстаздың міндеті болып табылады. Оқушы қабілеті дегеніміз оның педагогикалық ықпал аясында білім алу әркеті, жеке тұлғаны дамыта оқыту әдістері, оның шығармашылық қабілеінің дамуына әсерін тигізеді. «Қазақстан-2030» атты еліміздің стратегиялық бағдарламасында ең негізгілерінің бірі- жоғары интеллектуальды жастарды жан-жақтылыққа тәрбиелеу, олардың потенциалдық деңгейінің көтерілуіне үлес қосу. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа пәнді тиімді ұғындырудың бірі - жаңа технология негіздері болып табылады. Берілген анықтамалардан «технология» techne - өнер, шеберлік және logos - ғылым, заң, яғни технология дегеніміз шеберлік (өнер) туралы ғылым екенін білуге болады. Педагогикалық технология дегеніміз – тәжірибеде жүзеге асырылатын белгілі педагогикалық жүйенің жобасы, ал педагогикалық жағдайға сай қолданатын әдіс, тәсілдер – оның құрамды бөлігі ғана деп тұжырымдайды [1].

Педагогикалық технологиялар сипатын айқындайтын көптеген оқыту технологиялары: білімді ізгілендіру, дәстүрлі технологиялар, бағдарламалап оқыту және проблемалы оқыту технологиялары, дамыта оқыту технологиясы, әр деңгейлі оқу, толық меңгеру, ұжымдық ықпалдаса оқу, икемдесе оқу, жобалап оқу, авторлық оқыту технологиясы (мысалы, В.Ф. Шаталов технологиясы), интерактивтік оқыту, қашықтан оқыту, ақпараттық оқыту және тағы басқа түрлерін айтуға болады.

Сонымен технология астарында не жатыр?

Оқу технологиясы жөніндегі идея қай заманда пайда болған?

Мұнда ғылымдық мәні бар ой жаңалық емес. Я.А. Коменский де дәріптеген. Ұлы педагог-ғұлама XVI-ғасырда-ақ оқытудың «техникалық» яғни технологиялық болатынын уағыздап, оның мүлтіксіз тиімді

нәтиже беретін жолдарын іздестіріп бақты.

Я.А. Коменскийдің еңбектеріне үңіле түссек, педагогикалық технологияға бастау берген даналық пікірді табамыз: «Дидактикалық машина үшін қажет нәрсе:

1. Түбегейлі ойластырылған мақсаттарды;
2. Сол мақсаттарға жетуге дәл икемдестірілген жабдықтарды;
3. Мақсаттың орындалуына мүмкіндік бермейтін нақты жабдықтарды қолданудың мызғымас ережелін табуымыз керек».

Коменский заманынан бастап, оқуды мүлтіксіз әрекеттегі механизмге сәйкестендіру ұмтылысының талайы күні бүгінге дейін басылған емес. Кейін оқу технологиясы жөніндегі көптеген тұжырымдар толықтырылып, нақтыланып отырды. Әсіресе, техникалық прогрестің әрқилы теориялық және практикалық қызметтер аймағына енуімен оқуды технологизацияластыру идеясы нығайып, іске асырыла бастады.

Осы заманғы дидактикада әрқилы оқу технологиялары көрніс беріп жүр. Олардың көп түрлі болу себебі - әр автор мен орындаушының педагогикалық процеске өзінше азды-көпті жаңалық қосып, технологияға өзгеріс ендіруіне байланысты.

Оқу технологиясының топтастырылуы сонымен бірге, нақты кезеңде басым болған мақсаттар мен міндеттерге, оқуды ұйымдастыру формасының қолданылуына, дәл кезеңде қажет болған әдістерге және басқа да негіздемелерге тәуелді келеді.

Оқу технологиясы педагогикалық шеберлікпен өзара байланысты. Оқу технологиясын жете білудің өзі – шеберлік. Бір технологияны әрбір оқытушы жеке іске асырып отыруы мүмкін, ал осы іске асырудағы технологиялық

Жоғарғы қиыншылық деңгейіндегі оқу принципіне орай білім мазмұны және оны құрастыру реті анықталады. Оқу материалының мазмұн қарқыны ұлғаяды, әрі тереңдейді, жетекші рол теориялық білімдерге беріледі, дегенмен, оқушылардың практикалық ептіліктері мен дағдыларының маңызы жойылмайды.

Дамытушы технология талаптарының бірі – оқу ілгерілі жедел қарқынды жүреді. Өткендерді жиі әрі бір беткей қайталаулар оқу процесінің кедергісіне айналып, оқуды жоғарғы қиыншылық деңгейінде өтуге мүмкіндік бермейді. Дамытушы технологияны іске асыру сонымен бірге оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты жүйелі іс-әрекеттік оқу бағытын ұстануды қажет етеді (Д.Б. Эльконин).

Дамытушы технология идеяларының қатарын сондай-ақ оқу қызметінің әрқилы жағдайларында оқушылардың қажет болғанды өзіншетанып, содан өздігінен жауап әрекет орындауға (рефлексия) ынталандыру идеясы да кіреді. Жауап әрекетке (рефлексия) келу дегеніміз баланың өз әрекеттерін тәсіл, әдістерін өзінше байқап, тануы.

Рефлексиялық әрекет-қимылдар әрқашан өзіндік қадағалау және бағалаумен тығыз байланысты болатындықтан дамытушы технология шарттарына орай оларға да көп мән беріледі.

Дамыта оқыту – адамның психикалық дамуының формасы, элементі. Кез келген оқыту белгілі бір мөлшерде адамды дамытады.

«Даму» ұғымы сөздікте «...мөлшерлік өзгерістердің белгілі бір өлшем шегінен шығып, сапалық өзгерістерге айналуы» - деп түсіндірілген.

«Даму» ұғымының психологиялық анықтамасы – жаңарту процесі, жаңаның өмірге келіп, ескінің жоғалуы деген мағынаны береді. барлық табиғат құбылыстары сияқты бала психикасы да үнемі диалектикалық жолмен дамып, өзгеріп, бір деңгейден екінші деңгейге өтіп отырады.

Оқыту мен даму арасында тығыз байланыс бар екенін психология ғылымы жеткілікті дәрежеде дәлелдеп береді деп айтуға болады. Бұл мәселені түбегейлі зерттеп, бала дамуындағы оқытудың рөлін, алар орнын анықтаған көрнекті психолог Л.С. Выготский.

Ол дамуды оқыту мен тең, керісінше оқу мен даму екі бөлек процесс деген көзқарастарды қатты сынға алады. Ең алғаш рет бала дамуының төмендегідей екі аймағының болатындығы жайлы теория ұсынады:

1. Бала дамуының жақын аймағы – баланың тек үлкендердің көмегі арқылы атқара алатын істер.
2. Бала дамуының қол жеткен аймағы- баланың үлкендердің көмегінсіз істей алатын қаракеті.

Баланың дамуы бірінші аймақты меңгеру арқылы жүзеге асады. Дамудың қол жеткен аймағы жақын аймақпен өзара қызметтесе отырып, оны игерген кезде дамуға өріс ашады.

И.Я. Лернер «даму» деген ұғымды педагогикалық заңдылықтарға негіздей отырып, адамның әртүрлі қиындықтардағы мәселелерді шеше білуге дайындығы деп түсіндіреді. Мұндай анықтама интеллектуалдық іс-әрекетті жоғарғы орынға шығарады. Мәселе қаншалықты күрделі болса, оны шешуге жұмсалатын ақыл-ой қызметі де соншалықты кең, аумақты, демек, даму деңгейі де жоғары болады.

Л.В. Занков ақыл-ой қызметінің төмендегідей көрсеткіштері дамуды іске асырады деп есептейді. Оларға байқампаздық, өз ойын еркін жеткізе білу, практикалық іс-әрекеттер атқара білуі.

В.В. Давыдов ақыл-ойдың дамуының көрсеткіші ретінде жинақтай, қортындылай алу дағдысын

есептейді [2].

Тұтас алғанда барлық зерттеуші ғалымдар даму туралы ойлары оқыту барысында баланың психикасының жаңа сапалық деңгейге көтерілуі дегенге келіп саяды және оның басты шарты етінде әрекеттер аланады.

Бастауыш мектеп оқушыларының танымдылық қызығушылығын дамытудың негізгі факторы олардың білімі мен дағдыларының дәрежесі ғана емес, сонымен бірге баланың маңызды психикалық қызметтерін, ақыл-ой жұмысының тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу процесін жолға қою керектігі саналады. Оқушының шығармашылық қабілеті де оның ойлау мен практикалық әрекеттері арқылы ғана дамиды. Ойлауға үйрететін сабақтарды дымытта оқыту сабақтары деп білеміз. Дамыта оқытуды ұйымдастыру, балаларға ақыл-ой әрекетін меңгеруге жағдай жасау деп қарастыру керек. дамыта оқыту сабақтағы ерекше ахуал, мұғалім мен оқушы арасындағы ерекше қарым-қатынас. Жүйенің авторлары «дамыта оқыту деп – оқыту мақсаты, міндеттері, әдіс-тәсілдері баланың даму заңдылықтарына сәйкестендірілген оқытуды» атайды. Оқыту арқылы баланың психикасында жаңа құрлымдар пайда болуы яғни жаңа сапалық өзгерістер болуға тиіс деп есептейді. Жүйенің басты мақсаттарының бірі- баланы оқыта отырып жалпы дамыту, оның еркіндігін қалыптастыру, өз бетінше ізденуге, шешім қабылдауға дағдыландыру, жекелік қасиеттерін ескеру, басшылыққа алу, әр қарай ұшқырлау, тұлғалыққа бағыттау. Дамыта оқытуда баланың ізденушілік – ойлау әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің бұған дейінгі білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екендігін сезетіндей жағдайға түсуі керек. Сонда барып оның білім алуға деген ынта-ықыласы артады, білім алуға әрекеттенеді. Сабақ мұндай жағдайда төмендегідей үш құрамдас бөліктерден тұратын болады:

1. Оқу мақсаттарының қойылуы.
2. Оны шешудің жолын бірлесе қарастыру.
3. Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу.

Бұл – үш бөлік дамыта оқытудың Д.Б. Элконин мен В.В. Давыдовтың жасаған жүйесінің негізгі компоненттері.

Оқушы алдында оқу мақсаттарын қоюда ешқандай дайын үлгі берілмейді. Мақсатты шешу іштей талқылау, сосын жинақтау арқылы жүзеге асады. Мұғалім сабақ процесін ұйымдастырушы, бағыттаушы адам ролінде шешім табылған кезде әркім оның дұрыстығын өзінше дәлелдей білуге үйретіледі. Әр оқушыға өз ойын, пікірін айтуға мүмкіндік беріледі, жауаптар тыңдалынады. Әрине, жауаптар барлық жағдайда дұрыс бола бермейді. Дегенмен әр бала жасаған еңбегінің нәтижесімен бөлісіп, дәлелдеуге талпыныс жасайды, жеке тәжірибесін қортындылауға үйренеді.

Дамыта оқыту жүйесінде оқушылардың ойларын жетілдірудің маңызы зор. Біріншіден, дамыта оқытуда білім даяр күйінде берілмейді, оған оқушы өз оқу әрекеті арқылы қол жеткізеді. сабақтың алғашқы ізденіс кезеңінде жаңа ақпарат жайлы не білетіндіктерін ортаға салып, мәселені өз беттерінше шешуге талпынады. Сөйтіп олар осы мәселе туралы өз білімдерінің жеткіліксіз, таяз екенін сезіну арқылы сабаққа деген қызығушылықтары оянады, ішкі түрткілер пайда болады.

Екіншіден, дамыта оқытуда оқушы жоғарғы қиындықтағы мәселелерді шеше отырып, өз санасының саңылауларын ашады. Әр оқушы өзіне тән биік деңгейіне дейін дамуға қол жеткізе алады. «Жақсы оқушы», «Жаман оқушы» ұғымының болмауы, балаларды танымдық әрекеттерге ұмтылдырады, құштарлығын арттырады.

Үшіншіден, оқушының жеке басын дамытатын басты құрал – ол өзінің әрекеті. Сол себепті дамыта оқытудағы оқыту әдістері оқушыны белсенді жұмыс жағдайына қоя отырып, мәселелерді, қайшылықтарды шешу мақсатын қояды [3].

Төртіншіден, дамыта оқыту жүйесінің нәтижелі болуы оқушы мен мұғалімнің арасындағы жаңаша қарым-қатынасы арасында ғана өз жемісін береді. Сол себепті дәстүрлі жүйедегі әміршілдік ұстаным бұл жерде тиімсіз, оқушыға «орындаушы», «мұғалімнің тасасындағы» объект ретінде емес, педагогикалық ынтымақтастықта шығармашылық жұмыс жасайтын тұлға – субъект ретінде қарау парыз. Ол өз пікірін ашық айта, ойын дәлелдей алатын, сонымен қатар басқаның да ойын тыңдап, көзқарасын құрметтей білуге үйренген жаңа сападағы оқушы. Оқытудың осындай жаңа педагогикалық технологияларын сабаққа ендіру бүгінгі таңда әрбір ұстаздың басты мақсаты болуы керек. Өйткені, елімізге қазіргі заман талабына сай қалыптан тыс шығындап ойлай алатын, оңтайлы әрі шұғыл шешімдер қабылдай алатын, белсенді, шығармашыл азаматтар қажет.

1 Тұрғынбаев Б. Дамыта оқыту технологиялары - Алматы, 2000 ж.

2 Самойлов З. Дамыта оқыту технологиясының жеке тұлғаның дамуына әсері // Бастауыш мектеп - №9. 2004.

3 Аяпова Ж. Білім беру технологиясын жетілдірудің психологиялық және педагогикалық сипаттары. // Бастауыш мектеп. - №5. 2003 ж.

Резюме

С развитием общества в содержания обучения приходят новые тенденции образования. В связи с этим формирования познавательной учебной активности у учеников начальных классов, и эффективное управление и развития, обеспечения методической, организационной и морально-психологической стороны является не только педагогической сложной проблемой, но и важной социологической проблемой. Социальная среда ученика это процесс обучения. Использование новых технологий обучения - качественная основа знания. А качественное знание является основным фундаментом формирования будущих специалистов.

Ключевые слова: учебный процесс, технология, технология развивающего обучения, урок, качество обучения

Summary

With the development of society in the learning content comes new trends in education. In this regard, the formation of cognitive learning activity in primary school students, and the effective management and development, ensuring methodical, organizational and moral-psychological aspect is not only teaching a challenge, but also an important sociological problem. The social environment is the student's learning process. The use of new learning technologies - high-quality knowledge base. A qualitative knowledge is the basic foundation for the formation of future professionals.

Key words: the learning process, technology, technology development training, lesson, the quality of education

ӘОЖ 373.3.016.026. 52(574)

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ДИДАКТИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Н.С. Алпысбаева – І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті

Мақалада бастауыш мектепте оқу үдерісінде дидактикалық құралдарды қолдану әдістеме-сі баяндалады. Онда дидактикалық құралдардың түрлері мен мазмұны, олардың жіктелуі жан-жақты қарастырылады. Дидактикалық материалдарды қолданудың әдістемелік ерекшеліктері көрсетіледі.

Кілттік сөздер: бастауыш мектеп, оқу үдерісі, дидактикалық құралдар

Оқушының жеке тұлғасын, рухани әлемін, ынтасы мен қабілетін дамыту бүгінгі күннің негізгі мәселелердің бірі. Себебі, оқушылар өз бетімен ізденіп жұмыс істеуге, өз бетінше білімді тәжірибеде, өмірде пайдалануға дағдыланбаған. Осы мәселені шешу жолында оқу материалын түсіндіру кезінде оқушылардың сезіміне ықпал ету арқылы ынта-ықыласын, қызығушылығын күшейту қажет. Осылайша ұйымдастырылған оқу үдерісі барысында оқушылардың ойлау қабілеті кеңейеді және де оқушылардың сабаққа деген ынтасы артады.

Оқу әдістері белгілі оқу (дидактика) құралдармен іске асырылады. Дидактикалық құралдар білім алу, білікті қалыптастыру көздері. «Оқу құрал-жабдықтары» ұғымы кең және тар мағынада қолданылады. Тар мағынада бұл ұғым оқу және көрнекі құралдары, техникалық құралдар және т.с.с. Ал кең мағынада оқу құрал-жабдықтары деп білім мақсатын іске асыруға көмекші жағдайлардың бәрін түсінеміз, яғни оқу әдісі, түрі, мазмұны, сонымен бірге оқудың арнайы құрал-жабдықтарының бәрі осы оқу жабдықтарын құрайды. Оқу құралдарының көмегімен дүниені тікелей де жанама тану жеңілдетіледі. Олар, әдістер сияқты оқу, тәрбиелеу және дамыту қызметтерін атқарып, оқушыларды ынталандыруға, оқу-танымдық іс-әрекетті басқару мен бақылауға пайдаланылады.

Дидактикалық құралдар мынадай болады: көру (визуалды) құралдары; есту-көру құралдары; сөздік құралдар; оқу үдерісін автоматтастырушы құралдар.

Оқушы назарын аудару, оның ойына түрткі болатын қызықты материалдар, әр түрлі қызықты тапсырмалар, викториналар, ойындар сабақ үстінде өзінің орнын алады. Әсіресе, бастауыш сынып оқушылары бірсарынды есеп шығарудан шаршамайтындай, оларға әр түрлі жарыстар, эстафеталар және ойындарды ұйымдастырған тиімді болады.

Оқу құралдары деп мағлұмат жеткізу үшін, сондай-ақ оқушылардың оқу іс-әрекеттерінің кез келген түрінде өз еркінше жұмыс істеуді ұйымдастыру және оқу материалының меңгерілуін тексеру үшін мұғалім қолданатын оқу жабдықтарына қажетті материалдарды таңдай білу керек. Оқу құралдары оқу жабдықтарының құрама бөліктері болып табылады. Оқу жабдықтарына оқу құралдарынан басқа оқудың техникалық құралдары, құрал- аспаптар (экран, сынып тақтасы және т.с.с. кіреді.

Мағлұматтарды ұсыну және оларды дайындау технологиясы бойынша оқу құралдарының түрлері мынадай болады:

- басылымдар (оқулықтар, анықтамалар, есептер жинағы нұсқаулар, инструкциялы-технологиялық карталар, плакаттар, карточкалар);

- экрандық (депозитивтер, диафильмдер, транспарант, кинофильм, компьютерлік әр түрлі ойындар);
- дыбысты (грамм. және магниттік жазулар, радиотеледидар хабарлары).

Оқыту құралдары – адамның табиғи тұрғыдан ойлап тауып, білім берудің алға қойылған мақсаттарына жету үшін және оқушыларды оқытып-тәрбиелеуді жүзеге асыру үшін мұғалім мен оқушылардың қызмет құралы мен оқу информациясы ретінде оқу-тәрбие үдерісінде қолданылатын материалдық объектілері мен табиғаттың табиғи заттары



1-сурет. Оқыту құралдары

Оқыту құралдары мазмұндылық, әдістер, ұйымдық формалар сияқты оқыту жүйесі (жобадағы үлгі) мен оқу-тәрбие үдерісінің, сонымен бірге кез келген оқу орнының материалдық оқу базасының басты базасының да компоненті болып есептеледі.

Сонымен қатар білім берудің мақсаты да, оның мазмұны да белгілі бір өзгерістерге ұшырайды. Дәлірек айтсақ, жаңа құралдар мен техникалық жаңалықтардың туындауына байланысты ғана оқу бағдарламаларында оқушылардың бұрынғы кездерде танысып-білуге мүмкіндік ала алмаған ғылым салаларының материалдары батыл түрде енгізілуде. Ал бүгінгі таңда оқушылар жаңа техниканың арқасында білім алудың жаңа әдістері мен технологиясын меңгере отырып, өздерінің шығармашылық потенциалының көзін ашуға, табиғи қасиеттері мен қабілеттерін одан әрі дамытуға толық мүмкіндік алып отыр [1].

Ал оқыту құралдарын белгілі бір жүйемен қолданғанда, оларды оқу үдерісіне мүмкіндігінше тезірек енгізгенде, оқушылар мен мұғалімнің жұмыс орнын тиімді жобалап, тиісті оқу жабдықтарымен қамтамасыз еткенде ғана олар пәрменді болмақ. Бұл тек арнайы даярланған бөлемде – математика кабинетінде ғана жүзеге асырылады, басқаша айтқанда, математика кабинетіндегі ең ұсақ нәрселердің өзі мұғалім мен оқушылардың өнімді еңбегін арттыруға ықпал етуі керек.

Оқыту құралдары белгілеріне қарай шартты түрде былай жіктеледі:

- қолданылатын материалдарға байланысты сөздік және бейнелік;
- қабылдау түрлеріне орай көру, есту, көру- есту;
- материалды беру тәсіліне қарай техникалық ақпарат көмегімен немесе техника көмегінсіз, дайын кестелер, кинотаспа.

Оқытудың техникалық құралдарының ішінде қабылдау үшін жиі қолданылатындары:

- оқытудың экрандық құралдары;
- оқытудың дыбыстық құралдары;
- оқытудың экрандық-дыбыстық құралдары.

Оқыту үдерісінде әр алуан оқыту құралдары пайдаланылады.

Дидактикалық тұрғыдан алып қарастырғанда оқу құралдарын жіктеудің С.Г. Шаповаленко [2] ұсынған жобасы:

1. Табиғи нысандар нақты зерттеп - ілу мақсатында объективтік шындықтың заттарын қамтиды. Олар: түрлі материалдардың, шикізаттардың, құралдардың, бөлшектердің, өсімдіктердің, гербарийлердің, жануарлардың, және т.б. үлгілері мен коллекциялары. Оқу құралдарының бұл тобына табиғи көрнекі құралдар, өндірістік-оқу, демонстрациялық, зертханалық құралдармен қоса оқушылардың кәсіби тәжірибелері мен шеберліктері шыңдалатын өндірістік-оқу құрал-жабдықтарын да жатқызуға болады.

2. Материалдық нысандар суреттер мен бейнелеу тобына жататындар: үлгілер, муляждар (бедерлер), макеттер (үлгілер), кестелер, иллюстрациялық материалдар (фотосуреттер, суреттер, портреттер), экрандық-дыбыс құралдары (диафильмдер, диапозитивтер (слайдтар) сериялары, кинофильмдер, дыбыс және видео жазбалары, күй табақтары, радио және теледидар хабарлары).

Бұл құралдар бірегей үш топтан тұрады: 1) мұғалімдерге арналған құралдар; 2) оқушыларға арналған оқулықтар мен оқу құралдары; 3) пән кабинетіне арналған жабдықтар (1-кесте).

1-кесте Оқыту құралдарының жіктелуі

Оқыту құралдары			
Мұғалімге арналған құралдар		Оқушыларға арналған оқулықтар мен оқу құралдары	
Әдебиеттер	Көрнекі құралдар	Оқытудың техникалық құралдары	Пән кабинетіне арналған жабдықтар
1. Ғылыми философиялық және жалпы педагогикалық 2. Ғылыми-бұқаралық 3. Анықтамалық 4. Әдістемелік 5. Журнал мақалалары 6. Оқулықтар 7. Дидактикалық материалдар	1. Кестелер 2. Модельдер 3. Бұйымдар 4. Аспаптар	1. Кодопозитивтер 2. Диафильмдер 3. Диапозитивтер 4. Кинофильмдер 5. Кинофрагменттер	1. Сынып тақтасы 2. Интерактивті тақта 3. Сызба аспаптары 4. Компьютер 3. Шкафтар 4. Үстелдер 5. Орындықтар

Сабақты жаңаша өткізу оқушылардың білім сапасын арттырып қана қоймай, олардың ойлау қабілеттерін дамытады. Сондықтан да мектептегі оқу үдерісінің негізгі мақсаты – арнайы педагогикалық әдістермен мақсатты және жүйелі түрде оқушылардың белсенділігін қалыптастыру, оқушының табиғи қасиеттерін, білім деңгейін тереңдету үшін оқытуды жоспарлы түрде ұйымдастыру, өз бетінше білім алу дағдыларының дамуына негізін салу болып табылады.

Бастауыш мектепте оқушылардың білім деңгейін көтеруде көрнекілік принциптерінің рөлі ерекше.

Көрнекілік әдісі. Әл-Фараби «Оқытудың негізгі әдісі- көрнекілік» деп, оның мақсаттарын, тәсілдерін (түсіндіру, әсерлендіру, есте қалдыру) ұсынады [3]. Оқу материалын меңгеру көп жағдайда оқыту үдерісінде қолданылатын көрнекі құралдарға және техникалық құралдарға байланысты.

Көрнекілік әдісі оқытудың сөздік және тәжірибелік әдістерімен өзара байланыста қолданылады және құбылыстармен, объектілермен оқушыларды таныстырғанда олардың сезім мүшелеріне әсер етіп, алуан түрлі сурет, көшірме, сызба арқылы құбылыс, процесс, объектілердің символдық бейнелерін немесе оларды табиғи күйінде қабылдайды. Қазіргі мектепте осы мақсатпен экрандық және техникалық құралдар кең қолданылады. Көрнекілік әдістерін шартты түрде екі үлкен топқа бөлуге болады: иллюстрация және демонстрация.

Иллюстрация әдісарқылы оқушыларға иллюстрациялық құралдар - атап айтсақ: плакат, кесте, картина, карта, тақтадағы суреттер, үлгілер көрсетіледі.

Демонстрацияның (көрсету) оқыту әдісі ретіндегі ерекшеліктері демонстрация әдісі арқылы заттар мен құбылыстар тәжірибе жасау арқылы немесе техникалық құралдардан, кино-фильмдерден, диафильмдерден көрсетіледі.

Оқу үдерісіне жаңа техникалық құралдарды енгізу (теледидар, видеомагнитофондар) оқытудың көрнекілік әдісінің мүмкіндіктерін кеңейтеді. Қазіргі уақытта көрнекі құралдың жаңа түрі - жеке тұлғалар қолданатын компьютерлерге ерекше көңіл бөлініп, мектептерде электронды-есептегіш техникасы кабинеттерін құру міндеті шешілуде, оқу үдерісіне белгілі бір жағдаяттарды және процестерді үлгілеуге мүмкіндік беретін компьютерлерді енгізу міндеті қолға алынуда. Олар оқушыларға бұрын оқулық мәтінінен меңгерілген көптеген процестерді қозғалыста, көрнекі түрде көруге мүмкіндік береді. Компьютерлер, көрнекілік әдістерінің оқыту үдерісіндегі мүмкіндіктерін елеулі түрде кеңейтеді.

Көрнекі түрде оқыту – оқушылардың тиісті бақылауларына сүйеніп оқыту, бірақ көрнекі оқыту дегенді тек көрнекі құралдарды пайдаланып отыру деп түсінбеу керек. Алдыңғы айтқандай көрнекілікпен оқыту арқылы білім сапасын арттырамыз, материалды жетік терең әрі тез, жеңіл түсінуіне ықпал жасаймыз.

Экрандық оқу құралдарына диафильмдер, нысандар, сондай-ақ үнсіз көрсетілетін киноүзінділер мен кинофильмдер жатады.

Статикалық экрандық оқыту құралдары

Статикалық экрандық құралдар экранға нақты өмірдегі заттардың қозғалмайтын көріністерін шығарады. Бұл құралдардың ішіндегі ең кең таралғандары - *диафильмдер мен диапозитивтер*. Бұларда бірдей айқындылық құралдары қолданылады, бірақ құрылымы бойынша олар айтарлықтай ерекшеленеді.

Диафильм кадрлары белгілі бір қатаң реттілікпен орналасқан және бір-бірімен ортақ логикамен тығыз байланысты болады. Диапозитивтер кадрлары арасында мұндай логикалық байланыс көрініс таппайды. Олар тек ортақ тақырыпқа біріктірілген. Диафильмдер статикалық оқу құралдарының қатарына жатады. Диафильмдер өте әсерлі экрандық құрал болып табылады.

Сабаққа қажетті кинофрагменттерді жинақтау. Мұны IV сыныптағы ана тілі сабағындағы шығармашылық жұмыс жазу үшін экранды-дыбыстық құралдар жинақтау мысалын қарастыруға болады. Фильм тақырыбын таңдау тікелей шығармашылық жұмыс түріне байланысты болады.

Егер оқушыларға шағын шығарма, эссе немесе шығарма-баяндама жазу, яғни бейнелі ойлау қабілетін дамытуға септігін тигізер жұмыс атқару қажеттілігі туса, онда бұл жағдайда мүмкіндігінше әртүрлі түрлі-түсті фильмдерді пайдалану ыңғайлы және қолайлы болатыны анық. Бұл фильмдердің жарқын көркем бейнелері белгілі бір тілдік нысандарға материал береді, қажетті тілдік үлгілердің және синтаксистік құрылымдардың қолданылуына жағдай жасайды, көргендігі туралы айтуға ниетін тудырады, оқушының өз бетімен шешім қабылдап, өз ойларын толық жеткізуге мүмкіндік береді.

Оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытуға әсерін тигізетін шағын шығарма, эссе жазу барысында, қысқа-метражды, сюжетті-ойынды және фильм-экскурсияларды қолдануға да болады.

Фильмнің көрсетілген материалға эмоционалды қатынасын арттырудың маңызы зор, себебі эмоционалды жағдайды қамтығанда ғана экрандық материал ойлауға, елестетуге, сөйлеу мәнеріне және көргенді сөзбен жеткізу қажеттілігін туғызады.

Сабаққа оқыту фильмін таңдай келе мұғалім сабақта шешуге қажетті білім беру және тәрбиелік мәселелерін нақты түрде анықтап алуы қажет, иелігінде бар оқыту кинофильмдерінің **дидактикалық мүмкіндіктерін таразылап**, оларды басқа оқыту құралдарының мүмкіндіктерімен **салыстырып**, ұтымды **нұсқасын** таңдау шарт. Егер **фильм** көрсетілген бейнені немесе тәжірибені сабақта көрсету мүмкіндігі болса, онда берілген фрагмент пайдалану тиімсіз болып келеді. Ал егер экранизация **құралдары** арқылы тікелей бақылау немесе тәжірибе нәтижесінде қол жетпейтін ішкі процесстердің мәні ашылса, онда берілген фрагментті таңдау педагогикалық тұрғыдан ұтымды және орынды болатыны сөзсіз.

Тәжірибелік әдістер: жаттығулар, зертханалық және практикалық жұмыстар. Жаттығу көмегімен ақыл-ой және тәжірибелік іс-әрекет меңгеріледі. Ол барлық пәндерді оқуда, оқу үдерісінің түрлі кезеңдерінде қолданылады. Оның сипаты және әдістемесі оқу пәнінің ерекшелігіне, нақты оқу материалына, оқушылардың жасына байланысты. Жаттығу сипатына қарай ауызша, жазбаша, графикалық және оқу-еңбек деп бөлінеді.

Ауызша жаттығулар логикалық ойды, есті, тілді, оқушылардың зейінін дамытуға көмектеседі.

Жазбаша жаттығулар білімді бекіту және оны қолдану білігін қалыптастыруда қолданылады. Оларды қолдану логикалық ойды дамытуға, жазбаша тіл мәдениетін, сөздікті дамытуға көмектеседі. Әрбір оқу пәнінің міндетті бөлігі- ана тілінен шет тіліне аудару, берілген тақырыпқа шығарма жазу, суретпен жұмыс, өз бетімен мысалдар және есептер, кесте құрастыру, диаграмма, баяндама, көрініс әзірлеу.

Жазбаша жаттығуларана тілі, шет тілі, математика және т.б. пәндерде орындалады. Оқушы оқуға үйренгенде, мәтінді мәнерлеп оқып, грамматикалық ережелерді қолданып, көптеген жаттығулар жазады.

Дидактикалық материалдарды қолданудың **әдістемелік ерекшеліктері** мұғалім әрбір өтілген материалдан кейін, оқушылардың меңгеру деңгейін анықтай отырып, белгілі бір жоспармен жүйелі түрде жұмыс істейді:

- оқу пәні бойынша әртүрлі бақылау жүргізу үшін білім алушылардың оқу жетістіктерінің өлшеуіштерінің жинағын жасау;

- білім алушылардың оқуға, өзіндік іс- әрекеттерге, күнделікті жүйелі жұмыстарға деген ынталарын арттыру;

- оқушы табыстарының негіздері ретінде олардың сыни ойлануын және өзін-өзі бағалау қабілеттерін дамыту;

- сыртқы және ішкі бақылау негізінде оқу жетістіктерінің өсу динамикасын қадағалау.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі - білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау керек» - деп көрсетілген [4]. Солардың бірі білім беруді ақпараттандыру барысында дидактикалық және оқыту құралы болып табылатын компьютер. Бүгінгі мектепке келіп жатқан техникалық жаңалықтардың ішіндегі айрықша орын алатыны – интерактивті тақталар - педагогтардың оқыту үдерісін көрнекі және анық етеді, сондай-ақ кері байланысты сапалы жүзеге асырады.

Интерактивті тақтаны пайдалану сабақты жаңаша әдіспен түсіндірумен оқушылардың назарын аударады, жалпы пәнге қызығушылығын арттырады. Оқушылар сабаққа дайындалуға белсенді түрде кіріседі, бұл олардың оқу-зерттеу жұмыстарын да шығармашылықпен жұмыс жасауға дағдыларын дамытады.

Бастауыш сынып мұғалімі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсібін шыңдауға бағытталған рөлі атап көрсетілген: «педагог қызметкерлер оқушылардың мемлекеттік білім беру стандартында көзделген деңгейден төмен емес білім, білік, дағды алуын қамтамасыз етуге, жеке шығармашылық қабілеттерінің көрініп, дамуы үшін жағдай жасауға міндетті», - делінген [5].

Білім беру жүйесіне компьютерлік технологияны енгізу оқытудың алғы шарттарының бірі. Олар тәжірибеде білімді механикалық меңгеруден жаңа білімді өз бетімен алу дағдысын меңгеруге көшуді

камтамасыз ететін психологиялық- педагогикалық өңдеулерді кеңінен қолдануға мүмкіндік береді.

Оқу үдерісінде компьютерді тиімді пайдалану және қолдану мектеп оқушыларының өз бетімен ізденісі, пәнге деген қызығушылығын арттырып, дербес жұмыстарын ұйымдастыруға ерекше қолайлы жағдай туғызып отыр.

Біріншіден, компьютерде отырып оқушылар тапсырманы өз бетімен орындауы жоғары дәрежеде болады.

Екіншіден, компьютердің мультимедиялы мүмкіндіктерін барынша көп қолдану.

Үшіншіден, сабақта психологиялық қолайлы жағдай тудыру. Бұған қарапайым оқыту және дамыту программалары жатады. Балалар өз қателерінен қорықпайды, жақсы нәтижеге жету үшін басынан бастап бірнеше рет қайталайды.

Төртіншіден, мектептегі пәндерден алған білімін жан-жақты қолдану.

Оқушылар сабақта жігерлі жұмыс жасау үшін оқытудың белсенді әдістерін қолдануды талап етеді. Ондай әдіс оқыту үдерісінде оқушылардың белсенділігін арттыру мақсатында жоғары қызығушылығымен өзгешеленеді. Оқытудың белсенді әдісін сабақта қолданғанда оқушы есепті өз еркімен шешуді талап етеді. Оқытудың көрсетілген әдістері оқушылардың пәнге қызығушылығын тудырады және өз бетімен білім алуға ұмтылуға дағдыландырады.

1 *Өстеміров К. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары, - Алматы: «КАЗПРОФТЕХ». 2007. – 144 б.*

2 *Шатоваленко С.Г. Вопросы теории методов обучения в средней школе. - М., 1967. - 17 с.*

3 *Әл-Фараби. Философиялық трактаттар, - Алматы, 1973.*

4 *Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. - Астана, 2000. – 336 б.*

5 *Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007.*

Резюме

В работе рассмотрены методические особенности применения дидактических средств в процессе обучения в начальной школе. Анализируются виды, содержание дидактических средств и произведена их классификация. Изложена методика применения дидактических средств в процессе обучения в начальной школе.

Ключевые слова: начальная школа, учебный процесс, дидактические средства

Summary

This article deals with methodological peculiarities of applying didactic means in the process of teaching in elementary school. Types and contents of didactic means are analyzed, classification of them is introduced. Methodology of applying didactic means in the process of teaching in elementary school is presented.

Keywords: elementary school, educational process, didactic means

УДК:373.016:51

МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫ КОМБИНАТОРЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРУҒА ҮЙРЕТУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

М.Ж. Мынжасарова – п.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ-нің аға оқытушысы

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басты мақсаттарының бірі: «жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене бітімі және рухани дамыған азаматын қалыптастыру, тез өзгеретін әлемде оның табысты болуын қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттілігін қанағаттандыру, еліміздің экономикалық әл-ауқаты үшін бәсекеге қабілетті адами капиталды дамыту» екендігі айтылған [1].

Мектептегі математикалық білім мазмұны ғылымның осы саласының ақпараттар ағыны мен даму деңгейіне тәуелді екендігі және өскелең ұрпаққа берілетін деңгейі қоғамдық сұраныстан туындайтыны белгілі. Осыған орай білім мазмұны үздіксіз жаңғырып және жаңарып тұрады.

Қазіргі жеке тұлғаны қызықтыратын саласына өмірдің жаңа жағдайларына бейімделе білу енеді, яғни әр түрлі ақпараттарды табу және пайдалану, жағдайды талдау, туындалған жағдайдан шығу жолдарын сыни бағалау және табу, өзінің іс-әрекетін ұйымдастыруды бара-бар өзгерту, коммуникациялық құралдарды меңгере білу. Осындай тұрғыда математиканың басқа тарауларына қарағанда стохастиканың әлеуеті жоғары.

Мектеп біліміне комбинаторика, ықтималдық-статистикалық мазмұнды енгізу қажеттілігі оның білімділік және әлемдік көзқарастағы бағалылығына негізделген. Академик Б.В. Гнеденко ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистиканың маңыздылығын ерекшелеп, назарын мынаған аударды: «болашақ азаматтарды бала кезінде немесе жас шағында табиғат құбылыстарындағы заңдылықтарды

ізвестіруді кең қарастыруға мүмкіндік беретін ғылымның үлкен тарауы ретінде статистикалық тұжырымдармен таныстыру маңызды» [2].

Комбинаторлық әдістер транспорттық есептерді шешуде, кестелер, өндірістік жоспарлар құрастыруда және өнімді өткізу мәселесінде қолданылады. Комбинаториканың негізгі ұғымдары көптеген ықтималдық есептердің, сызықтық бағдарламалаудың, статистиканың негізі болып табылады. Сонымен қатар, комбинаторика автоматтар теориясында, экономикалық есептерде, биология және генетикада қолданылады.

5-6 сыныптарда математиканы оқытуда комбинаторикалық материалды қандай түрде ұсынуға болатынын қарастырайық.

Бесінші сыныпта комбинаторлық есептерді шешу үшін бәрінен бұрын осы жастағы балаларға табиғи, түсінікті мүмкін нұсқаларды тікелей жүйелі теру әдісі пайдаланылады. Бұл әдіс нұсқалардың саны көп болмаған жағдайда ғана мақсатты. Менгерудің алғашқы кезеңінде комбинаторлық есепті шешу – есептің шартына жауап беретін сандардан, сөздерден, заттардан және т.б. құрастыру, барлық мүмкін комбинацияларды жазуды білдіреді. Мақсаты оқушылар есептер жүйесін шешу үдерісінде өзінің мағынасы мен комбинациялау құрамы бойынша әр түрлі терудің қажеттілігімен кездесуден тұрады.

Комбинаторлық материалды бұлай мазмұндау «формулалы» комбинаторика курсымен салыстырғанда орналастыру, алмастыру және теру саны үш негізгі формула ғана әкелмейтін, сондай-ақ қайталамалы байланыстар және шектеулі теруді ендіретін, сонымен қатар комбинаторлық есептерді шешудің ең қиын бөлігіне – оны формалдау және бара бар модель тұрғызуға екпін беретін анағұрлым кең комбинаторлық есептер класын, қарастыруға мүмкіндік береді.

Жүйелі теруді ұйымдастырудың әр түрлі тәсілдерін мысалы, өсуі бойынша (сан), алфавит (әріптер) бойынша талдау жүргізіледі. Сондай-ақ жүйелі теру үшін ыңғайлы тірек сызбасын беретін мүмкін нұсқалардың арнайы граф-ағаш көмегімен теру қарастырылады. Сонымен бірге келешекте оқушыларға жүйелі теру тәсілін өз бетімен таңдауға құқық беріледі. Егер оқушылар қандай тәсілді пайдаланса да теру логикасын және барлық мүмкін нұсқаларын ұсынса, бұл кезеңде комбинаторлық есептерді шешу дұрыс және толық деп саналуы мүмкін.

Ұсынылған жүйеде маңызды әдістемелік қадам оқушылардың кодтауды ақпараттарды ұсыну және олармен бұдан кейінгі жұмыс тәсілі ретінде менгеруі болып табылады. Сызбаны мен кодтауды пайдалану жазуды қысқартуды ғана емес, сондай-ақ модель тұрғызу және математикалық тәсілдердің жан-жақтылығы сияқты математика үшін маңызды сұрақтарды қозғайды [3].

Алтыншы сыныпта кодтау әдісімен таныстыру үшін келесі тапсырманы ұсынуға болады.

1-тапсырма. Кездескенде 8 таныс қол алысып амандасты. Барлығы қанша қол алысу болды?

Есепті шешуде екі баспалдақты кодтау пайдаланылады. Алдымен танысу үшін әрқайсысы 1-ден 8-ге дейінгі өз нөмірін алады. Әрбір қол алысуды 1-ден 8-ге дейінгі цифрлардан құралған екі мәнді нөмірмен кодтауға болады. Кодтауда «кодпен жазылғанды ашу» тәсілі не үшін пайдаланылатыны мағынасынан айрылмауы маңызды. Мысалы, оқушы 47 саны төртінші және жетінші таныстар арасындағы қол алысуды білдіретінін түсінуі қажет. Бұдан кейін қол алысу кодтары арасында келесілердің болмауын айқындап алу қажет. Мысалы, 33 саны - достардың біреуі өзінің қолын өзі қысқанын білдіреді. 68 бен 86 кодтары бір және сол таныстардың қол алысуын білдіреді, яғни мұндай сандардың біреуін ғана алу керек және кішісін ескеру қажет [4].

Оқушыларға келесі кезеңде бірінші цифры екіншісінен кіші, 1-ден 8-ге дейінгі цифрлардан құрастырылған қанша екі таңбалы сандар барын есептеу қалады. Оларды өсу ретімен жазсақ, нәтижесінде қол алысулар санын табуға мүмкіндік беретін «үшбұрыш» алынады.

12	13	14	15	16	17	18
	23	24	25	26	27	28
		34	35	36	37	38
			45	46	47	48
				56	57	58
					67	68
						78

Бір есепті шешуде әр түрлі оқушылармен ұсынылған терудің әр түрлі тәсілдерін салыстырып көруге болады. Қағазда бейнеленген немесе ойша ұсынылған мүмкін нұсқалардың ағашы, сондай дәлелденген пайымдаулар көмегімен біруақытта баланың бейнелік, қабылдау және логикалық ойлауын белсендіруге мүмкіндік береді. Нұсқаларды жүйелі теруде кодтаудың рациональды тәсілін және терудің ең ыңғайлы тәсілін таңдауға екпін жасалады.

2-тапсырма. Қонаққа келген адам кіреберістің есігін ашатын кодты ұмытып қалды, бірақ ол код нөлдер мен бірліктерден құралғанын және төрт цифрдан тұратын есінде сақтаған. Есікті ашу үшін мұндай жағдайда оған кодтың қанша нұсқасын теруге тура келеді.

Оқушылардың көпшілігі код нұсқаларын өсу ретімен тұрғызады:

0001, 0010, 0011, 0100, 0101, 0110, 0111, 1000, 1001, 1010, 1011, 1100, 1101, 1110.

Бірақ та, алдымен бірліктен тұратын кодтар, одан кейін - екі бірліктен, одан кейін - үш бірліктен тұратын кодтар жазылатын теру түрі тиімді болады:

0001, 0010, 0100, 1000

0011, 0101, 0110, 1001, 1010, 1100

0111, 1011, 1101, 1110.

Келесі қадам комбинаториканың негізгі классикалық формулалары – орналастыру, алмастыру және теру сандарының формулаларымен, комбинаторикалық көбейту ережесімен көрнекі-мазмұндық деңгейде танысу болып табылады. Бұл барлық мүмкін нұсқаларын толық теруді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін нысандардың көп емес санынан тұратын есептерден шешімдердің үлкен санды нұсқаларымен ағаш тұрғызу немесе басқа тікелей теру техникалық қиындық тудыратын есептерге өтуде табиғи түрде болады.

Жалпы әдістемелік нұсқау есептердің мазмұндық аспектісін ашу және бара-бар математикалық модель іздеуден тұратынын атап кетейік. Бұл комбинаторикаға дәстүрлі «формулалы» оқыту ережелері мен формулаларды механикалық пайдаланудан бас тарту үшін қажет. «Көбейтінді ережесі» есептер жүйесіне дұрыс емес стереотипті қалыптастыруды ескерту үшін көбейтуді заңсыз механикалық пайдаланатын есептер енеді. Бұл ережені қолданушылық шекарасын сұрайды және ойсыз формалдаудан бас тартуға септігін тигізеді.

3-тапсырма. Турнирге 16 шахматшы қатысты. Олар бір-бірімен 1 партиядан ойнады. Барлығы қанша партия ойналды?

Бұл есепті шешу барысында келесі пайымдаулар жасалады. Әрбір партияды екі шахматшы кездеседі. Олардың біріншісі турнирдің 16 қатысушының кез келгенімен, ал екіншісі қалған 15-тің кез келгені болуы мүмкін. Көбейту ережесін пайдаланып $16 \cdot 15 = 240$ партия ойнағанын табуға болады. Бірақ іс

$$\frac{16 \cdot 15}{2} = 120$$

жүзінде ойналған партиялар саны екі есе аз, яғни барлығы 120 партия болады.

Қорыта келе, осындай комбинаторлық есептер оқушылардың:

- комбинаторлық материалдардың тәрбиелік мәні де зор, оны оқуда баланың интеллектуалдық қабілеті дамиды, математика курсының қолданбалы аспектісі артады, осы пәнге қызығушылықтарын дамыта түседі;

- әртүрлі нұсқаларды іздестіруді іске асыру барысында тұлғаның шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға және дамытуға ықпал етеді;

- күнделікті тұрмыста кездесетін қарапайым комбинаторлық есептерді шешу үшін база жасайды.

1 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы – Астана, - 2010.

2 Гнеденко Б.В. Формирование мировоззрения учащихся в процессе обучения математике. – М.: Просвещение, 1982. – 144 с.

3 Мынжасарова М.Ж. Бастауыш және негізгі орта білім беру деңгейлерінде стохастика элементтерін оқытып-үйретудегі сабақтастық: Монография. – Алматы: Lem, 2013. – 162 б.

4 Босова Л.Л. и др. Занимательные задачи по информатике. - М.: Бином. Лаборатория знаний, 2006. – 119 с.

Резюме

В данной статье рассматриваются особенности обучения решению комбинаторных задач на уроках математики. Необходимость внедрения в школьное образование элементов комбинаторики, теории вероятностей и статистики основана на ценности их образовательного и мировоззренческого потенциала.

Методы комбинаторики используются при решении транспортных задач, при составлении таблиц и графиков, производственных планов и при реализации продукции. Основные понятия комбинаторики являются основой многих вероятностных задач, линейного программирования и статистики. Также комбинаторика используется в экономических задачах, биологии и генетике.

В пятом классе для решения комбинаторных задач используется прежде всего естественный, доступный детям этого возраста метод непосредственного систематического перебора возможных вариантов. Этот метод целесообразен в тех случаях, когда число вариантов невелико. На первоначальном этапе освоения материала решить комбинаторную задачу означает выписать всевозможные комбинации, составленные из чисел, слов, предметов и других данных, отвечающих условиям задачи. Цель состоит в том, чтобы в процессе решения системы задач учащиеся встретились с необходимостью перебора различных по своей сути и составу комбинаций.

Такое изложение комбинаторного материала позволяет, в сравнении с курсом «формульной» комбинаторики, рассмотреть гораздо более широкий класс комбинаторных задач, не сводящихся к трем основным формулам числа перестановок, размещений и сочетаний, а включающих также соединения с повторениями и перебор с

ограничениями, при этом перенести акцент на самую трудную часть решения комбинаторных задач – ее формализацию и построение адекватной модели. В шестом классе для знакомства с методом кодирования предлагаются специальные задания.

В статье приведены конкретные примеры решения комбинаторных задач и даны различные приемы их решения.

Ключевые слова: стохастика, комбинаторика, комбинаторные задачи, систематический перебор, график, кодирование, математическая модель

Summary

In this article are considered the teaching solution of combinatory tasks at mathematics lessons it needs introduction in school education the elements of combination, probability theory and statistics are based on the value of their educational and world approach.

Methods of combination are used at the solution of transport tasks, by drawing up schedules, production plans and at product sales. The main concept of combination theory bases many problems of probabilities, linear programming and statistics. Also the combination theory is used economic tasks, biology and genetics.

In the fifth class for the solution of combinatory tasks first of all the method of direct systematic search of possible options natural, available to children of this age is used. This method is expedient when the number of options is small. At an initial stage of development to solve a combinatory problem – means to write out the various combinations made of the numbers, words, subjects, etc. answering to statements of the problem. The purpose consists in that in the course of the decision of system of tasks pupils met need of search various in essence and to structure of combinations.

Such statement of combinatory material allows to consider, in comparison with a course of "formular" combination theory, much wider class of the combinatory tasks which aren't reduced to three basic formulas of number of shifts, placements and combinations, and including also connections with repetitions and search with restrictions thus to transfer emphasis on the most difficult part of the decision combinatory tasks – its formalization and creation of adequate model. In the sixth class for acquaintance to method of coding the task is offered.

In article concrete examples of the solution of combinatory tasks are given and various receptions of their decision are given.

Keywords: stochastic, combination theory, combinatory tasks, systematic search, schedule, coding, mathematical model

ӨОК 372.851

ОҚУШЫЛАРДЫ МАМАНДЫҚТЫ ТАҢДАУҒА ДАЯРЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қ.Ж. Альменбетова – магистр, аға оқытушы,

А.С. Дюсенбекова – магистр, аға оқытушы,

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

Мамандық – «professio» - деген француз тілінде ресми түрде жариялаймын деген мағынаны білдіреді. Мамандық таңдауға бағдар беру - әр адамның жекелік қасиеттеріне, қызығушылығына, қабілетіне, қоғамдық қажеттілікке байланысты мамандық таңдай алуына ықпал жасау. Мамандыққа бағдарлау барысында осы қабілеттердің түрлерін нақты анықтап, іс-әрекеттің қандай түрлерінде адам ерекше табысқа тезірек жететінін болжамдауға мүмкіндік туады. Интеллектуалдық қабілетті зерттеуге арналған әдістемелер өте көп.

Е.А. Климовтың зерттеулерінде мамандықтардың бүкіл саналуандығы адамның айналасындағы табиғат, адамдар, техника әлеміне және т.б. қатынасының схемаларымен көрсетілген. Еңбек құралдары бойынша барлық мамандықтар – биономикалық (табиғат), техномикалық (техника), сигноникалық (белгілер), артономикалық (көркем бейнелер) және социномикалық (адамдардың өзара әрекеттесуі) болып бөлінеді. Кәсіби іс-әрекеттің бес схемасын анықтайды: «Адам-табиғат», «Адам-Техника», «Адам-Белгі», «Адам-Бейне», «Адам-Адам».

Мамандықтар - бұл қоғамға қажетті, тарихи қалыптасқан іс-әрекет формалары, оны орындау үшін адам білімдер мен дағдылар қосындысына сәйкес, қабілеттер мен кәсіби маңызды сапаларға ие болуы керек.

Мамандықты дұрыс таңдаудың әр адамның өз өмірінде табысты болуына және әлеуметтік ортада барлық қабілетін толық ашуға негіз болатындығын көптеген ғалымдар өз еңбектерінде дәлелдеп шыққан. Мамандыққа бағдарлаудың негізін құрушылар Ф.Гальтон, А.Кершенштейнер, Г.Мюнстерберг, П.П. Блонский, Ю.П. Сокольников, Т.Н. Мальковская, Г.А. Уманов т.б. ғалымдар әлеуметтік-кәсіби бағдарлау идеяларын қалыптастырды.

Кілт сөздер: мамандық, кәсіби бағдар беру жұмысы, зерттеу, таңдау, қажеттілік, қабілет, қоғам, еңбек, іс-әрекет

Мамандық – «professio» - деген француз тілінде ресми түрде жариялаймын деген мағынаны білдіреді. Мамандық таңдауға бағдар беру - әр адамның жекелік қасиеттеріне, қызығушылығына, қабілетіне, қоғамдық қажеттілікке байланысты мамандық таңдап алуына ықпал жасау.

Мамандықты дұрыс таңдаудың әр адамның өз өмірінде табысты болуына және әлеуметтік ортада барлық қабілетін толық ашуға негіз болатындығын көптеген ғалымдар өз еңбектерінде дәлелдеп шыққан. Мамандыққа бағдарлаудың негізін құрушылар Ф.Гальтон, А.Кершенштейнер, Г.Мюнстерберг, П.П. Блонский, Ю.П. Сокольников, Т.Н. Мальковская, Г.А. Уманов т.б. ғалымдар әлеуметтік-кәсіби

бағдарлау идеяларын қалыптастырды. Осы идеяларға сүйене отырып, барлық ізгіниетті мемлекеттер өз ұрпақтарын тәрбиелеу барысында оларға кәсіби бағдар беру, кәсіп беру мәселелерін өз халқында қалыптасқан дәстүрлерге сүйене отырып, ғылыми негізде шешу жолдарын іздестіруде [1].

Жалпы білім беру мектептерінің тұжырымдамасында оқушыларды қандай да бір іс-әрекет түріне баулу және әр баланың психофизиологиялық ерекшеліктерін, қабілеті мен білімділігін анықтауға мүмкіндік беру қажет екені анықталған. Бұл мәселені шешу әр мектепте әр түрлі жолдармен жүргізіліп жатыр. Психологиялық қызмет ұйымдастырылған мектептерде балалардың жекелік психикалық қасиеттерін анықтаумен шектелуде. Ал, шын мәнінде бұл қызмет көпқырлы және көпсырлы болуға тиісті.

Оқушыларды алдын-ала кәсіби диагностикалаудан өткізу проблемасын зерттеу үшін көптеген арнайы және жалпы диагностикалық әдістемелер жасалған. Оның ішінде Айзенк пен Стреляудың темпераментті өлшеу тестері, Бине-Симон жасаған интеллектуалдық қабілеттілікті анықтау шкаласы, Айзенктің интеллекті зерттеу тестерінің вербалдық, математикалық және техникалық субтестілері, Филипстің баланың мазасыздану деңгейін анықтау тесті, коммуникациялық және ұйымдастырушылық қабілетті зерттеу тестері тағы сол сияқты көптеген әдістемелер. Олардың нәтижесін кәсіби бағдарлауда қолдану ережелерін Айзенк, Лейтес т.б. анықтаған [2].

Бұл жұмыстың мазмұны жеке адамның психофизиологиялық қасиеттерін жан-жақты зерттеп, келесі компоненттер бойынша мағлұмат алудан тұрады:

- мінез-құлқының жеке-даралық ерекшеліктерін анықтау;
- жүйке қызметінің жеке-даралық ерекшеліктерін анықтау;
- қызығушылығы, бейімділігі, қабілеті, кәсіби ниеттері туралы мағлұматтар алу;
- құндылық бағдарлануы;
- білімі, іскерлігі және дағдылары.

Кәсіби бағдарлауды жүргізуге негіз болатын идеялар жастарға білім беру тұжырымдамасында анықталады. Біздің мектеп тұжырымдамасында кәсіби бағдарлау идеясы әр адамға мамандықты дұрыс таңдауға қажетті қабілеттері мен қызығушылығын анықтауды ұйымдастыру. Әдіснамалық сипатта бұл проблема оқушылардың өмірлік және кәсіби бағдарлау жұмысын жүргізудің даралық ұстанымы жатады. Бұл ұстаным бойынша оқушылардың өмірлік және кәсіби жоспарларына байланысты топтау арқылы, сыныптастыру жұмысын жүргізу негізінде оларға бағдар беру бағдарламасы анықталады.

Е.А. Климовтың зерттеулерінде мамандықтардың бүкіл саналуандығы адамның айналасындағы табиғат, адамдар, техника әлеміне және т.б. қатынасының схемаларымен көрсетілген. Е.А. Климов ұсынған әдіс оларды еңбек пәні, оның мақсаттары, әрекеттер сипаты, еңбек қаруы және оның шарттары бойынша бөлуге мүмкіндік береді. Еңбек құралдары бойынша барлық мамандықтар – биономикалық (табиғат), техномикалық (техника), сигномикалық (белгілер), артономикалық (көркем бейнелер) және социномикалық (адамдардың өзара әрекеттесуі) болып бөлінеді. Е.А. Климов кәсіби іс-әрекеттің бес схемасын анықтайды: «Адам-табиғат», «Адам-Техника», «Адам-Белгі», «Адам-Бейне», «Адам-Адам» [3].

Кәсіби бағдарлау жұмысын негізгі екі кезеңге бөліп қарастыруға болады:

Бірінші кезең - әлеуметтік-кәсіби бағдарлау. Бұл кезеңде балаларға жалпы мамандық, мамандық бойынша қызмет атқару, табыс көзі, мамандық шеберлік және сондай жалпы мағлұматтар беріледі. Бұл кезеңнің міндеттері:

- мамандық туралы жалпы ұғымды меңгерту, мамандықтар әлеміне саяхат жасау арқылы баланың мағлұматтылығын қалыптастыру;
- шебер адамдардың құрметке бөленетінін, олар материалдық және рухани байлыққа өз шеберлігі арқылы жеткендіктерін көрсету;
- мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму тенденциясына байланысты қандай мамандықтардың болашағы мол деп болжамадауға болатындығын көрсету;

Туыстарының, таныстарының, достарының мамандықтарын, олардың перспективасын көрсету;

- еңбектің шығармашылық сипатымен таныстыру;
- еңбек романтикасы туралы мағлұмат беру;
- еңбектің материалдық және рухани байлықтың көзі екенін көрсету.

Кәсіби бағдар беру жұмысын ұйымдастыруда құндылықтардың қалыптасуына үлкен әсерін тигізетін нәрсе - мотивтер екенін ескеру қажет. Мамандықтарды таңдау мотивтерін алты топқа бөлуге болады:

- жалпы мотив беру;
- мамандықтың романтикасы;
- танымдық сипатындағы мотивтер;
- қоғамдық мәні бар мамандық таңдау мотиві;
- беделге, үлгіге сүйену;

- мотивацияланбаған таңдау.

Барлық мотивтері сипаты бойынша төрт топқа бөлеміз: а) нақты еңбекке бағытталған, мақсаты анықталған, дәлелге негізделген мотивтер; б) нақты емес, жеткіліксіз себептестірілген мотивациялар; в) сенімсіз, негізсіз мотивациялар; г) ешқандай негізі жоқ мотивациялар.

Өзінің қажеттілігін қанағаттандыруға ұмтыла отырып, адам өз алдына нақты бір мақсат қояды, бірақ бұл мақсат өз бетімен жүрмейді, ол адамның бағыттылығымен тығыз байланысты жүреді де оның барлық іс-әрекеттерінің бағдарламасын болжамдайды. Қажеттіліктерді, қызығушылықтарды қанағаттандыру мақсатын жүзеге асыру нақты бір мәселелерді шешусіз, сәйкесінше жұмысты орындаусыз мүмкін емес. Сондықтан әрбір жағдайда адам, объект, құбылыс немесе іс-әрекет түрлерін таңдайды. Осылайша таңдау жеке адамның қажеттілігін өтейді [4].

Мамандық таңдау мотивтерін анықтауға арналған көптеген әдістемелер бар. Оларды қолданып зерттеу жүргізу нәтижесінде балалардың мектеп бітіру шағында мотивациялық сферасы өте нашар көрініс беретіндігі анықталған. Бұл жағдай мектеп түлектерінің қалаулары анықталмастан, болашақ өмір жолын анықтауға өздері үлес қосуға шамасы келмейтіндігін көрсетіп отыр.

Жеке адамның басқа психикалық қасиеттері де өзара тығыз байланыста болады. Осы байланыстылықты былайша көрсетуге болады: қажеттіліктер - қызығушылықтар - объективті құндылықтар - мотивтер - мақсат - таңдау.

Кәсіби бағдар беру барысында балалардың іс-әрекет түрлеріне қабілеттілігін анықтаудың орны ерекше. Осы заңдылықты ескере отырып, біртіндеп бейімділікті тәрбиелеу керек. Бейімділік деген адамның тіршілік объектісіне ықыласымен, жасампаздықпен, шығармашылықпен қарауы және оны меңгеруге белсенділік білдіру. Әдетте оқушының тапсырмаға деген бейімділігі болса, оны орындауға бала уақытын үнемдемейді және өз тілегін сапалы орындалғанын талап етеді. Осы әрекет барысында бала табысты болса, ол қабілетінің бар екенінің кепілі [5].

Мамандыққа бағдарлау барысында осы қабілеттердің түрлерін нақты анықтап, іс-әрекеттің қандай түрлерінде адам ерекше табысқа тезірек жететінін болжамдауға мүмкіндік туады. Интеллектуалдық қабілетті зерттеуге арналған әдістемелер өте көп. Солардың ішінен Айзенк тестерін атап өтуге болады. Айзенк тестері сегіз субтесттен тұрады. Әрқайсысы 50 тапсырмадан құрылған. Олардың ішінен вербалдық, математикалық, техникалық қабілетті анықтау субтесттері деп әр түрін жеке дара қолданып, іс-әрекеттердің қай түрінде адам өзінің қабілеттерін толық ашуға мүмкіндіктері молырақ екені анықталады.

Мамандық бағдар беру барысында балалардың психикалық ерекшеліктерін жан-жақты диагностикалау арқылы олардың болашақта қай салада табысты болуға мүмкіншіліктері молырақ екенін анықтауға көмек көрсетіледі. Зерттеу нәтижелері бойынша балалармен кеңес жүргізіліп, олардың пәндерге қызығушылығы, мектептен тыс қызығушылығы, мамандық таңдау мотивациялары, ата-аналарының мамандықтары, мамандықтар туралы мағлұмат алу көздері тағы көптеген мәселелер анықталады [6].

XIX ғасырдан бастап, кәсіби бағдарлау қоғамдық процеске айналып кәсіби диагностика, кәсіпке жарамдылықты анықтау аяқ ала бастайды. Сонымен қатар кәсіби ағарту, кәсіби кеңес беру, әлеуметтік кәсіби адаптация және кәсіби тәрбиелеу ғылыми жағынан байыпталып зерттеліне бастады.

Бұл жұмыс әр адамның жекелік психикалық ерекшеліктерін анықтап, әр адамның тіршілік түрлеріне икемділігін анықтаумен ұштастыру мәселелері қарастырылады. Ағылшын ғалымы Ф.Гальтон жеке тұлғаның психикалық ерекшеліктерін ғылыми тұрғыда анықтаудың іргетасын құрушылардың бірі болды. Осы айырмашылықтарды зерттеу мақсатымен Ф.Гальтон Лондонда 1888 жылы халықаралық медициналық және денсаулық сақтау әдістерін қолдану көрмесін ашты. Көрмеге келушілер өздерінің тән қабілетімен қатар психикалық ерекшеліктерін 17 көрсеткіштер бойынша анықтап алуға мүмкіндіктер жасалды.

1908 жылдың қаңтар айында Бостон қаласында жастарды кәсіби бағдарлау жұмысының алғашқы бюросы ашылып, мұнда талапкерлердің өмірлік еңбек жолын анықтауға көмек беретін әдістемелер қолданыла бастады. Бұл бюроның іс-әрекеттерін ғылыми тұрғыда негізделген кәсіби бағдарлаудың бастамасы деп айтуға болады. Көп ұзамай осыған ұқсаған бюролар Нью-Йоркте ашылды. Оның міндетіне әр түрлі мамандықтардың адамға қоятын талаптарын зерттеп, мектеп оқушыларының қабілетін анықтау болды. Осы және көптеген әлеуметтік психологиялық зерттеулердің нәтижесінде 1911 жылы Англияда 17 жастан төмен оқушыларға мамандық таңдауға міндетті түрде көмек көрсету туралы Заң қабылданды.

Кәсіби жарамдылығы бойынша мамандарды таңдаудан өткізуге АҚШ-та ерекше көңіл бөлінді. Психотехникалық зерттеулердің негізін құрушылардың бірі, Гарвард университетінің психологиялық зертханасының директоры Г.Мюнстерберг, кәсіби таңдау жүргізу технологиясын анықтап, зертханада көптеген әдістемелер жасады.

Кәсіби бағдарлаудың ғылыми педагогикалық негізін қалауға, халыққа білім беру жүйесін бұрынғы Кеңес жерінде құруға А.В. Луначарский, П.П. Блонский өз үлестерін қосты. Кәсіби кеңес беру бюросы 1927 жылы Санкт-Петербургте ашылды. Бұл жерде мамандыққа баулу тәжірибесімен қатар ғылыми

зерттеу жұмыстары жүргізілді. 1928 жылы П.П. Блонскийдің "Педагогика негіздері" деп аталатын еңбегі жарық көрді. Тәжірибелік психологиялық білімді ол кезде педагогика деп атады. Осы еңбекте жеке адамның тұлғалық қасиеттерін жан-жақты зерттеу және ағзаның физиологиялық ерекшеліктерін анықтау әдістемелері жүйеге келтіріліп берілді [7].

Бұл тәжірибе Батыс Еуропа елдерінде өте кең тараған. Адамдардың жекелік қасиеттерін, интеллектуалдық іс-әрекеттерге икемділігін, жан мен тәннің бір-біріне тәуелділігін т.б. көптеген проблемаларды зерттеу жолдарын анықтап, оларды психологиялық кеңес беруде қолдану жолдарын еуропалық ғалымдар К.Айзенк, Кеттел, Бине, Симон т.б. зерттеді.

Кәсіби бағдар беру проблемалары Қазақстанда педагогика ғылымдарының докторлары, профессор А.П. Сейтешов, Г.А. Уманов, Л.К. Керимов, және олардың шәкірттері жан-жақты зерттеді. Кәсіби бағдар беру - психологиялық, педагогикалық және медициналық іс-шаралар жиынтығы. А.П. Сейтешов баланың дүниеге көзқарасының қалыптасуына негіз - мамандыққа баулу және кәсіби бағдарлау болады деген. Бұл жұмыс жастардың тілегі, ықыласы мен олардың мүмкіндіктерін бір-бірімен үйлестіруге бағытталған. Сонымен қатар халықтың тұрмыс шаруашылығы мен жалпы қоғамда мамандарға деген қажеттілікті ескере отырып, еңбекке жарамдылық процесін оңтайландыруға бағытталған.

Қорыта келе, мамандыққа бағдарлау проблемасын шешуге арналған іс-шараларды қанша ерте бастаса, оның нәтижесі сонша тиімді болады. Қазіргі кезде мектептердегі мамандыққа баулу және мамандық бағдар беру жұмысы жүйеге келтірілмеген екендігі анық байқалады. Бұл жұмыс мектепте психологиялық қызметті ұйымдастырудың негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Психологиялық қызметті ұйымдастыру барысында балаларға кәсіптік бағдар беру жұмысын қанша ерте ұйымдастырса, оның нәтижесі сонша тиімді болады. Сондықтан мектеп психологы тарапынан жүргізетін мамандыққа баулу жұмыстарын орта буын оқушыларынан бастағаны орынды екені дәлелдеуді талап етпейді.

1 Абрамова Г.С. *Практическая психология*. - М., 2001.

2 Алдамұратов Ә. *Жалпы психология*. - Алматы, 1996.

3 Жарықбаев Қ. *Жалпы психология*. - Алматы, 2004.

4 Золотнякова А.С. *Проблемы психологии общения (социальный и личностные типы общения, их профессиональные, познавательные и генетические аспекты)*. – Ростов-на-Дону, 1976.

5 Кристофер Э., Смит Л. *Тренинг лидерства*. Питер, 2001.

6 Петровский А.В. *Способности и труд*. - М., 1996.

7 Зимняя И.А. *Педагогикалық психология* - М., 2005.

Резюме

Термин профессия с французского языка переводится – «profession» – официально «объявляю». Помощь в выборе профессии осуществляется через влияние на выбор профессии в соответствии индивидуальных качеств, способностей, интересов и социальных потребностей человека. В процессе ориентации на профессию, нужно точно определять виды способностей, и появляется возможность предположить какие виды деятельности помогут достичь желаемого результата. Есть множества методик для исследования интеллектуальных способностей.

В исследовании Е.А. Климова показаны схемы отношений разнообразных профессий человека, такие как: природа, человек, мир техники и др. По предмету труда все профессии делятся на биомимические (природа), техномимические (техника), сигномимические (знаки), артомимические (художественные образы) и социомимические (взаимодействие с людьми). Профессиональная деятельность определяется в пяти схемах: «Человек-Природа», «Человек-Техника», «Человек-Знак», «Человек-Образ», «Человек-Человек».

Специальность – это форма необходимая для общества, исторически сформированный вид деятельности, для исполнения человеку кроме знаний и навыков, также необходимо иметь важные профессиональные качества и способности.

Выбор профессии является очень важным в жизни каждого учащегося. Если правильно сделать выбор, то в социальной среде есть возможность раскрыть все свои способности. Основателями данной проблемы занимались такие как Ф.Гальтон, А.Кершенштейнер, Г.Мюнстерберг, П.П. Блонский, Ю.П. Сокольников, Т.Н. Мальковская, Г.А. Уманов и т.д. Использовались различные профессиональные диагностики, среди них тесты - измерения темперамента Айзенка, Стреляу, шкала интеллектуальных способностей Бине-Симона.

Ключевые слова: профессия, профориентационная работа, исследование, выбор, потребность, способность, общество, труд, деятельность

Summary

The term profession from French means "professio" officially "declare". Help in choosing a profession carried through the influence on the choice of a profession under the individual qualities, abilities, interests and social needs of man. In the process of orientation to the profession, it is necessary to accurately determine the kinds of skills, and appearing the opportunity to suggest what types of activities will help to achieve the desired result. There are a variety of techniques for the study of intellectual abilities.

In the study E.A. Klimova shown diagrams of human relations varied occupations such as: nature, people, the world of

technology and others. By subject-matter of labor the all profession are divided into bionomic (nature), technomical (technique) signomical (signs) artonomical (artistic images) and socionomical (interaction with people). Professional activity is defined in the five schemes: "Man - the Nature", "Man - Technique", "Man - Zodiac", "Man - image", "man - a man."

Specialty is the form required for a society, historically formed an activity, for execution of a person except knowledge and skills to necessary also have important professional qualities and abilities.

Choice of profession is very important in the life of every student. If correctly to make a choice, there will be the opportunity to discover all abilities in social I environment. .Esli right to make a choice, the social environment have the opportunity to discover their abilities. The founders of this problem are F.Galton, A.Kershenshteyner, G.Myunsterberg, P.P. Blonskii, Yu.P. Sokolnikov, T.N. Malkovskaya, G.A. Umanov etc.A variety of professional diagnostic tests were used, including measurements of temperament of Eysenck, Strelyau., range of intellectual abilities of Binet-Simon.

Keywords: speciality, professionally oriented work, research, selection, needs, abilities, society, work, activities

ӘОЖ 371.3:373.2.016

ПРАКТИКАЛЫҚ МАЗМҰНДЫ ЕСЕПТЕР АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ДАМУ

А.С. Стамбекова – І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті

Мақалада практикалық мазмұнды есептер арқылы бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын дамытудың әдістемелік жолдары қарастырылады. Графиктерді салу, есептеулер жүргізу және т.б., яғни практикалық мазмұнды есептерді шығаруға қажетті теориялық білімдерін қолдану барысында тәжірибе алып, танымдық қызығушылығының дамуына қажетті зейінді, қабылдауды, ойлауды, қиялды, еске сақтауды дамытуға болатыны туралы баяндалған. Бастауыш сынып оқушылардың танымдық қызығушылығын дамыту бағыттары қарастырылған: оқушыларды практикалық мазмұнды есепті қысқаша жазуға (модель құруға), оған сызба сызуға, кесте толтыруға, сурет салуға үйрету; практикалық мазмұнды есептердің мәтінімен және сөздікпен жұмыс істеу; оқушыларды практикалық мазмұнды есептерді құрастыруға үйрету. Практикалық мазмұнды есептің мәтінін сызбамен көрсету есептің мазмұнының жақсы түсінуге әсер ететіні жазылған. Оқушыларды сурет бойынша практикалық мазмұнды есепті шығаруға дағдыландыруда мұғалім жүргізілетін жұмыс түрін алдын-ала жан-жақты ойластырып, дұрыс ұйымдастыра білуі қажеттігі айтылған. Есептің бала өміріне жақындығы және онда айтылған оқиғаны түгелдей қиялда елестете алатын-алмайтыны сияқты жағдайлар жан-жақты ойластырыла отырып, әр сыныпта қандай есепті ұсынуға болатындығы алдын ала анықталатыны қарастырылған. Есепті шығаруға алғашқы және ең маңызды қадам оның мәтінін оқып, есеп шартын және сұрағын саналы түрде қабылдау, есепте не туралы айтылғандығын анық, дәл, тұтас елестету, шартындағы ең мәнді элементтерді бөліп алу, берілген шамалардың және шарты мен сұрағы арасындағы байланысты ашу қажеттігі жазылған. Практикалық мазмұнды есептердегі сөздік жұмыстың 4 бағыты сипатталған. Практикалық мазмұнды есептерді құрастыру кезеңдері қарастырылды. Бастауыш мектеп математика курсындағы практикалық мазмұнды есептерді пайдалану әдістемесі баяндалады.

Кілттік сөздер: практикалық мазмұнды есептер, бастауыш сынып оқушылары, танымдық қызығушылық

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын дамытуға негіз болатын оқу стандарттары [1] анықтаған теориялық біліміне және олардың практикалық дайындық деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкес қажетті білім, іскерлік және дағдыларын қалыптастыру қажет. Практикалық мазмұнды есептерді шығару барысында оқушыларда туындайтын қиындықтарды азайту шарттарының бірі жаңа материалды енгізуден кейін басталатын бірқатар іскерлікпен жұмыс істей отырып олардың кейбіреулерін дағдыға дейін жеткізу.

Оқушылардың танымдық қызығушылығының дамуы оқушыларда практикалық іскерлігі қалыптасатын есептерді талдаумен қамтамасыз етіледі. Мысалы, графиктерді салу, есептеулер жүргізу және т.б., яғни практикалық мазмұнды есептерді шығаруға қажетті теориялық білімдерін қолдану барысында тәжірибе алып, танымдық қызығушылығының дамуына қажетті зейіні, қабылдауды, ойлауды, қиялды, еске сақтауды арттады.

Есептерді таңдау барысында оқушылардың меңгерген білім мен тәжірибесіне сүйене отырып, олардың жүйелі қолданылуына көңіл бөлу қажет. Осыған байланысты оқушылардың танымдық қызығушылығын дамыту жұмысын мынадай бағыттарда жүргізген тиімді болады.

1. Оқушыларды практикалық мазмұнды есепті қысқаша жазуға (модель құруға), оған сызба сызуға, кесте толтыруға, сурет салуға үйрету.

Оқушылар қиялдай білуге дағдылануы тиіс. Оқушылардың ойымен қатар қиялды дамыту жолдардың бірі - сызбаны, кестені, суретті орындау іскерлігін дамыту. Сызба, кесте, сурет қажет болған жағдайда оқушылардан оларға үйреншікті тәсілмен емес, өздерін қиялдата отырып, олар үшін жаңа, дұрыс көрінетін тәсілмен кесте толтыруды, сызба сызуды, сурет салуды талап етеді. Практикалық мазмұнды есептерге

сызба сызу, кесте толтыру, сурет салу есеп мазмұнының бейнелі түрде нақтылауына, оның шарты мен сұрағын дұрыс қабылдап түсінуіне көмектесіп, оқушылардың қиялдай алуларына мүмкіндік береді.

Ең бастысы сызба, кесте, сурет орындатқанда оқушылардың естеріне мынаны салған жөн: сызба, кесте, сурет практикалық мазмұнды есептің мәтініне сәйкес болуы тиіс; орындалған сызба, кесте, сурет басқаларға да түсінікті, яғни көрнекі, нақты болуы тиіс; сызбада, кестеде, суретте практикалық мазмұнды есептің шартына енген барлық сан мәндер бейнеленген болуы тиіс.

1-сынып математика оқулығында берілген практикалық мазмұнды есептерге сурет салу, сызба сызу, кесте толтыру тапсырмалары кесдеспегенмен олар қысқаша жазуды орындайды, ал сурет бойынша тек есептер құрастырады. Соның өзінде мұндай жұмыстарды 1-сыныптың 4-ші тоқсанынан бастап өткізуге мүмкіндік жасауға болады. Ал 2, 3, 4 сыныптарда бұл жұмыстарды әрбір қолайлы сәт туған кезде тиімді орындатқан жөн. Өйткені кейбір практикалық мазмұнды есептерді түсіну үшін осындай жұмыстарды орындаған пайдалы. Оқушыларда өз бетімен кесте толтыру, сызба сызу, сурет салу іскерлігін дамытуда мұғалімнің кесте, не сурет, не сызба орында деген тапсырмалары жеткіліксіз, оған арнайы қосымша тапсырмалар қажет. Оқушылардың практикалық мазмұнды есептің мәтіні бойынша сызба сыздыруды үйрету үшін тек сызбаны сызуды талап ететін тапсырманы беруге болады. Мысалы, оқушыларға практикалық мазмұнды есептің мәтіні бойынша сызба орындау тапсырмасы берілді: «Хабар жеткізуші Афиныдан Олимпқа жедел хабар жеткізуі керек болды. 4 сағат бойы ол атпен 36 км/сағ жылдамдықпен шауып отырған, қалған жолды 8 км/сағ жылдамдықпен жүруге мәжбүр болды. Афины мен Олимптың арасы 168 км. Ол Афиныдан таңғы сағат 9-да шықса, Олимпқа сағат нешеде жетеді?».

Практикалық мазмұнды есептің мәтінін сызбамен көрсету есептің мазмұның жақсы түсінуге әсер етеді. Әсіресе 2-3 белгісізбен шығарылатын есептер үшін үлкен мәні бар.

Мұғалім практикалық мазмұнды есепке негіз болатын суретті тактаға іліп, оқушыларға зейін сала карауға, мазмұнына терең бойлап, әрбір бейненің сурет мазмұнын ашудағы рөлін анықтауға тапсырма береді. Аса зейінділікпен қараған алғашқы минуттардан-ақ сурет бала сезіміне әсер етіп, қиялына қанат бітіреді. Біраз ойланғаннан кейін алған әсерлерін, қорытқан ойларын, сәтті қиял ұшқындарын ортаға салады. Мұғалім сурет мазмұнын оқушыларға талдақызды. Оқушылардың пікірлерін тыңдап, ой қорытындыларын бағалап, олардың ойын суреттегі негізгі іс-әрекетке нұсқау бере бағыттады.

Оқушыларды сурет бойынша практикалық мазмұнды есепті шығаруға дағдыландыруда мұғалім жүргізілетін жұмыс түрін алдын-ала жан-жақты ойластырып, дұрыс ұйымдастыра білуі қажет. Әсіресе, оның сурет мазмұнын ашуда, әр бөлігін талдауда бала сезіміне әсер ететіндей қызықты болуы тиіс.

Сонымен қатар практикалық мазмұнды есептің мазмұнын толық түсіну үшін есептің мәтіні мазмұны бойынша сурет салуға болады. Егер сурет дұрыс салынса, онда практикалық мазмұнды есептің мәтіні бойынша сурет салу оқушыға көрнекі түрде есепте берілген сан мәндерінің арасындағы байланысын, сұрағын толық көре алады.

Практикалық мазмұнды есепке қосымша сурет салғызып, қиялда елес туғызу арқылы шығарту үшін кез-келген практикалық мазмұнды есеп ұсына беруге болмайды. Есептің бала өміріне жақындығы және онда айтылған оқиғаны түгелдей қиялда елестете алатын-алмайтыны сияқты жағдайлар жан-жақты ойластырыла отырып, әр сыныпта қандай есепті ұсынуға болатындығы алдын ала анықталады.

2. Практикалық мазмұнды есептердің мәтінімен және сөздікпен жұмыс істеу.

Есепті шығаруға алғашқы және ең маңызды қадам оның мәтінін оқып, есеп шартын және сұрағын саналы түрде қабылдау, есепте не туралы айтылғандығын анық, дәл, тұтас елестету, шартындағы ең мәнді элементтерді бөліп алу, берілген шамалардың және шарты мен сұрағы арасындағы байланысты ашу.

Бастауыш мектепте математика сабағында практикалық мазмұнды есептердің мазмұны әр алуан болып келеді. Соған сәйкес есепте жазылған сөздер де түрліше келуі мүмкін. Кей жағдайда оқушылардың есептерді шығара алмау себептерінің бірі осыған байланысты. Өйткені бастауыш сынып оқушыларының тәжірибесіне, сөздік қорына байланысты есепте кездесетін кейбір сөздерді түсінбейтін жағдайлар да кездеседі. Сондықтан мұғалім практикалық мазмұнды есептің мәтінін мұқият оқытып, оның әр сөзіне немесе оқушыға таныс емес сөзге, не мағынасы күңгірт сөзге оқушылардың көңілін бөліп, сөздік жұмысын жүргізу керек. Өкінішке орай, көптеген мұғалімдер осы жұмысты өз орнында дәл және дұрыс қолдануға көңіл бөле бермейтіндігі байқалады. Ал мұндай олқылықтардың орын алуы бастауыш сынып оқушыларында кейбір ұғымдар жайында айқын түсінік қалыптаспай, сол ұғым келесі бір есепте кездесетін болса, оқушылар бірінші реттегідей ұғымның мағынасын білмей есепті қате, не мүлде шығармауына, есепке қызығушылығының жоғалуына алып келеді. Практикалық мазмұнды есептерде жиі кездесетін, бірақ тиісті көңіл бөлінбей жүрген осындай олқылықтар кейбір таныс емес, не мағынасы күңгірт ұғымдарды айқындау, анықтау және нақтылай түсуді талап етеді.

Мұғалім оқушылардың зейінін есептің құрылымына, есептің шартына, сұрағына, есептің ерекшелікте-

ріне аударарды, мүмкін жағдайда есепте берілген заттардың суреттерін немесе өзін көрсетіп, заттардың әр түрлі қасиеттеріне зейіндерін шоғырландырады. («Мына доптарды санашы». «Көк доптар көп пе, қызыл доптар көп пе?» деген сияқты)

Мұғалім оқушыларды практикалық мазмұнды есепті талдауда алғашқы кезеңдерде өзі жетелеп, кейін оқушылардың өздерінің талдауларына жол береді және практикалық мазмұнды есепті оқи сала оларға түсініксіз сөзге сөздік жұмысын жүргізуді сұрауға үйретіп, айтушының да, тыңдаушының да байқампаздықтарын қалыптастырады.

Мектепте оқу барысында олардың байқампаздық қабілеті онан әрі жетілдіріп, бірте-бірте ажырата қабылдау қасиеті дамиды.

Оларды ажырата қабылдауға үйрету үшін бастауыш сыныптарда қолданатын қолайлы әдіс - талдау-жинақтау әдісі.

Демек, психологиялық көзқарас тұрғысынан келсек, оқушылардың ажырата қабылдауы да бұрыннан қалыптаса бастаған математикалық тілін, ұғымдарын жетілдіреді, тілдерін дамытады, керісінше тілдің дамуы балаларды ажырата қабылдауға жаттықтырады.

Бастауыш мектептегі сөздік жұмыс ол тек қазақ тілі, оқу сабағында ғана емес, бүкіл оқу-тәрбие жұмыстарының бәрінде де жүргізіледі. Әсіресе, оның математика сабағында қолдану оқушыларға математикалық терминдер мен ұғымдардан мағлұмат беріп қоймай, практикалық мазмұнды есептерде кездесетін таныс емес сөздердің мағынасын ашып, оқушылардың қиналмай есеп шығаруына көмегін тигізеді.

Есепті шығаруда қолданатын оқушылардың сөздері жайында Ж.Т. Қайыңбаев былай дейді: «... Есеп және оны шешуді үйренумен байланысты оқушыдан талап етілетін мәселелер шектеулі ғана екенін ескеру керек. Атап айтқанда оқушының сөздік қорында мынандай сөздердің болуы тиіс: есеп, есептің шарты, есептің сұрағы, есептің шешуі, есептің жауабы, бір амалмен шығарылатын есеп, кері есеп, өзара кері есептер. Ал басқадай, әдістемелік тұрғыдағы сөздерді әрі білу, айту әрі қолдану оқушыдан талап етілмейді, мәселен есептің түрге бөлінуі (қалдықты және қосындыны табуға берілген, бірнеше бірлікке артық немесе кем санды табумен байланысты, айырмалық салыстыруға берілген), жай есеп және т.б.» [2].

Практикалық мазмұнды есептердегі сөздік жұмыс 4 бағытта жүргізіледі:

- балалардың сөздігін байыту, яғни оқушыларға олар бұрыннан білмейтін жаңа сөздер үйрету, олардың мағынасын түсіндіру;

- сөздіктерін анықтау, яғни бұрыннан білетін сөздерінің мағынасына түсініктерін тереңдете түсу (мағыналарындағы түрлі сәл айырмашылықтарды синонимдер мен антонимдер арқылы көп мағыналылықты, басқа мәнділіктерді талдау арқылы т.б.);

- сөздіктерін қолдануға мүмкіндік туғызу, яғни әрбір оқушы сөйлегенде, есеп құрағанда, мүмкіндігінше, ыңғайына қарай есепке қатысты көбірек сөз қосып отыру;

- математикалық терминдерді, сөздерді түзету, сөздердің дұрыс айтылуын қадағалау. Әрине бұл көрсетілген бағыттар бір-бірімен өзара тығыз байланыста жүргізіледі.

Практикалық мазмұнды есептің мазмұнын түсініп шешу үшін: оның шартындағы жасырын байланысты түсіну; шамалардың өзара байланысын ұғындыру; есепке тиісті амалды таңдап ала білу дағдыларын үйрету қажет.

Кейбір оқушылар есептің берілгенін жазғанда сұрағын белгілемей қалдырып кетеді. Осыдан шығатын қорытынды оқушыларды практикалық мазмұнды есепті талдау барысында оның шартын және сұрағын бөліп көрсету іскерлігін дамыту қажеттігі туындайды. Өйткені практикалық мазмұнды есептің сұрағындағы қандайда бір сөзін түсінбеу бүткіл сұрақты толық түсінуге кедергі жасайды, ал бұл өз кезегінде бүткіл есепті түсінбеуге әкелуі мүмкін, соның нәтижесінде практикалық мазмұнды есепті шешуде бірқатар қиындықтарды тудырады. Ең негізгісі оқушылар практикалық мазмұнды есептің сұрағын тауып, оның есеп шешімі үшін маңызын түсіну. Сондықтан мұғалім оқушылардың зейінін практикалық мазмұнды есептің сұрағын толық және нақты түсінудің маңыздылығына бөліп отыруы қажет.

Сонымен оқушылардың қабылдауын дамыту оқушылардың практикалық мазмұнды есептің шарты мен сұрағын бөліп көрсету іскерлігін арттыру керек. Әр оқушы практикалық мазмұнды есеп шарттан және сұрақтан тұратынын, сұрақсыз есеп болмайтынын, сұрақ шартқа сәйкес келетінін білуі тиіс.

3. Оқушыларды практикалық мазмұнды есептерді құрастыруға үйрету. Есеп құрастыру оқушылардың танымдық қызығушылығын дамыту бағыттарының құрамды бір бөлігі ретінде қарастырылады. Практикалық мазмұнды есептерді құрастыру басқа есептерді құрастырудан ерекше. Өйткені практикалық мазмұнды есептерге енетін сан мәндер, сюжеттер шынайы, қоршаған өмірден алынып, танымдық маңызы зор болуы тиіс [3]. Сондықтан бір практикалық мазмұнды есепті құрастыру үшін оқушы көп ізденуі керек. Ол үшін ол мерзімді басылымдардан, анықтамалардан, ақпараттық құралдардан және т.с.с.-дан

практикалық мазмұнды есепті құрастыруға қажет деген мәліметтерді жинап есіне сақтап немесе арнайы дәптерге жазып қоюы қажет. Бір жағынан практикалық мазмұнды есептепді құрастыру оқушылардың ойдауын, қиялын, еске сақтауын, сөйлеуін дамытса, екінші жағынан есеп шығара білу іскерлігін қалыптастырып дамытады, үшінші жағынан оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп республикамызда, әлемде болып жатқан жаңалықтардан хабардар етіп, олардың өмірмен байланысын нығайтуға көмектеседі. Сонымен қатар басқа да сабақтармен пәнаралық байланысты қамтамасыз етіп, оқушылардың танымдық қызығушылығын дамытуға жағдай туғызады.

Бастауыш сынып оқушылары практикалық мазмұнды есепті құрастыру барысында есепті құрастыратын бөліктерін жақсы біліп, олардың айырмашылықтарын айқын түсінулері керек, есептің сюжетіне қолданатын өмірлік процестерді білу, есептің мазмұнындағы мағлұматтардың сандық жағын бейнелейтін сан мәндерді білулері қажет.

Практикалық мазмұнды есептерді құрастыру кейбір даярлықтан кейін орындалады: есеп түрімен, теориялық сұрақтармен, алған білімдерге тікелей негізделетін практикалық жаттығулармен танысу.

Дайын практикалық мазмұнды есептерді шығаруға қарағанда практикалық мазмұнды есептерді құрастыруда оқушылар теориялық білімді көбірек қолданады. Оны құрастырғанда олар белгілі материалға сүйеніп, білімді қажетсінеді. Осыдан барып берілген теориялық материалдың мәні ашылады. Есептерді құрастыруда есепті шешуге қарағанда синтез процесі анализге қарағанда басымырақ болады. Бұл оқушылардың талдау мен синтезді дұрыс қолдана алу іскерліктерінің дамуына ықпал етеді.

Практикалық мазмұнды есептерді құрастыру кезеңдерін әр автор түрліше береді.

З.П. Матушкина ұсынған есепті құрастырудың кезеңдері [4]:

1. Құрастырған есептің математикалық жағдайын белгілеп алу. 2. Есептің сюжетін таңдау. 3. Есептің сұрағын табу. 4. Сан мәндерді таңдау. 5. Есептің мәтінін қалыптастыру. 6. Есептің мәтінін жазу.

Осы кезеңдерге сүйене отырып практикалық мазмұнды есептерді құрастыруды қарастырайық.

1. Оқушы практикалық мазмұнды есепті «құрастыр» тапсырмасын алғаннан кейін құрастырылатын практикалық мазмұнды есептің түрін, оның құрылымын елестетіп, математикалық жағдайды табу керек. Берілгені мен ізделінетіннің арасындағы байланыстарды тұрақтандырып, оның математикалық мазмұнын анықтайды.

2. Осының барлығын есте сақтай отырып, практикалық мазмұнды есептің сюжеттік жағын түсінеді.

3. Келесі кезеңде практикалық мазмұнды есепті шешу мақсаты анықталады, есептің сұрағы құрастырылады.

4. Оқушылар анықтама, мерзімді басылымды материалдарынан, өз тәжірибесінен, қоршаған орта жайында өздерінің мағлұматтарын қолданып, сан мәндерін таңдайды.

5. Есеп құрастыру кезеңінде практикалық мазмұнды есептің мәтіні құрастырылады.

6. Практикалық мазмұнды есептің мәтіні ауызша айтылады немесе жазбаша жазылады.

Математика оқулығында көбінесе дайын құрастырылған есепке қосымша тапсырма ретінде есепке кері есеп, өзара кері есеп құрастыру тапсырмалары беріледі [5, 6]. Осындай тапсырмалар оқушылардың есеп шығарудың кері жолын толық көруге мүмкіндік береді, есеп шығару процесі мен есеп құрастыру арасындағы тығыз бірлікті қамтамасыз етеді. Оқушылардың ойлауын дамыту мен есеп шешімінің дұрыстығын тексеруде кері есеп құрастыру және оны шығару әдісі тиімді болады.

Егер оқушыларға есептің жазылуы берілсе немесе есептің шешу тәсілі оларға таныс болса, онда есептің шешу тәсілі белгілі болады.

Мысалы, есептің шешімі бойынша есепті құрастыр. $26 + (125 : 25) = 31$

Есептің сұрағы толық немесе жартылай құрастырылып берілуі мүмкін, кейде мүлдем болмауы да мүмкін.

Мысалы, Жердің ең құрғақ континенті Австралияның территориясы 7682 мың шаршы км. Оның 5182 шаршы мың км жерді таулар мен шалғынды-жайылымды жерлер алып жатыр, қалғаны құмды жер. Құмды жерлер қанша шаршы км?

Есептің сұрағын құрастыр және шығар: «Эвкалипт ағашының ұзындығы 150м, ал папоротниктікі одан 10 есе кем. _____».

Егер олардың түрлі жағдайларда бірлесіп келуін қарастырсақ, онда оқушылардың танымдық қызығушылығын дамытуға бағытталған математикалық жаттығулардың түрлерін пайдаланамыз. Практикалық мазмұнды есептердің математикалық жаттығулардан ерекшелігі, кейбір математикалық жаттығуларды орындау үшін алдын ала даярлық немесе математикалық жаттығуды орындауға қажетті анықтама болуы қажет, өйткені онда берілген мағлұматтар өмірден алынып, сандық мәндері нақты болуы тиіс.

Әрине практикалық мазмұнды есептерді шешу барысында оқушылардың алған білімдерінің есте берік сақталуы мұғалімнің жұмыс әдістемесімен толық қамтамасыз етілуі керек. Қорытып айтқанда,

оқушылардың танымдық қызығушылығының дамуына олардың түйсінуі, қабылдауы, еске сақтауы, ойлауы, қиялдауы, сөйлеуі ықпал етеді, яғни солар арқылы біз оқушылардың танымдық қызығушылығын дамыта аламыз.

1 Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. Жалпы бастауыш білім. - Алматы: РОНД, 2003. - 136 б.

2 Қайыңбаев Ж.Т. Бастауыш мектепте математиканы оқытудың мазмұны мен оның құрылымының ерекшеліктері: п.ғ.к. дисс. - А., 1998. - 187 б.

3 Нугусова А. Задачи с практической направленностью: Учебно-метод. Пособие для учителей математики V-VI кл. Сред. Общеобразоват. Шк. Б.: ИЦ «Техник». 2002. - 36 с.

4 Матушкина З.П. Проблема формирования умений решать задачи у будущих учителей математики / З.П. Матушкина. - М.: Просвещение. 1996.

5 Математика: Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған оқулық / Т.Оспанов, Ш.Құрманалина, Ж.Қайыңбаев, Б.Қосанов, К.Ерешева. - 2-басылымы. - Алматы: Атамұра, 2003. - 208 б.

6 Математика: Жалпы білім беретін мектептің 4-сыныбына арналған оқулық / Т.Оспанов, Б.Қосанов, Ж.Қайыңбаев, К.Ерешева, Ш.Құрманалина. - 2-басылымы. - Алматы: Атамұра, 2004. - 272 б.

Резюме

В работе разработаны основные методические направления развития познавательного интереса учащихся начальных классов путем использования задач с практическим содержанием в процессе обучения математике. Изложены возможности развития внимания, восприятия, логического мышления, памяти учащихся в процессе изучения теоретических материалов, необходимых для развития познавательных интересов учащихся путем решения задач с практическим содержанием как построение графиков, выполнение различных вычислений и т.п. Рассмотрены основные направления развития познавательных интересов учащихся: обучение учащихся составлению модели задач с практическим содержанием, построению чертежей к ним, заполнению таблиц, обучение рисованию; приучить учащихся к работе с текстом задач с практическим содержанием, а также со словарем; приучить учащихся к составлению задач. Изложена эффективность проделанной работы. Отмечена необходимость правильной организации работы учителя по формированию навыков учащихся решения задач с практическим содержанием по готовым рисункам. В работе говорится о том, что задачи с практическим содержанием, используемые в учебном процессе подбираются заранее для каждого класса с учетом жизненного опыта, возрастных и психологических возможностей учащихся. Отмечается, что первым и главным шагом решения задач является анализ текста задачи: понимание и осознание содержания задачи, выделение основных элементов задачи, известных и искомых в условии задачи и установление взаимосвязи между известными и неизвестными величинами. Охарактеризованы 4 направления работы с текстом задачи. Рассмотрены этапы составления задач с практическим содержанием. Изложена методика использования задач с практическим содержанием в процессе обучения математике в начальной школе.

Ключевые слова: задачи с практическим содержанием, учащиеся начальных классов, познавательный интерес

Summary

In the work basic methodological directions of developing students' cognitive interest of elementary grades are developed by using tasks with practical content in the process of learning mathematics. Opportunities for developing attention, perception, logical thinking, memory in students are outlined in the process of studying theoretical material needed for development of students' cognitive interests by solving problems with practical content such as graphing, performing various calculations, etc. Main directions of developing students' cognitive interests are examined: teaching to make up models of tasks with practical content, making drafts to them, completing tables, teaching to draw; to train students to work with texts of tasks with practical content as well as with a dictionary; to train students to make up their own tasks. The efficiency of finished work is presented. The necessity of right organization of teacher's work for forming students' skills in solving the tasks with practical content in prepared pictures is justified. In the work it is said that the tasks with practical content, used in teaching, are chosen due to students' life experience, age features and psychological abilities in each classroom. It is noticed that the first and main step in solving tasks with practical content is the analysis of task text: understanding and awareness of the task content, finding the main elements of the task, known and unknown in the task, establishing the interrelationships between unknown and known. 4 directions of working with the task text are characterized. Stages of making tasks with practical content are considered. Methods of using tasks with practical content in the process of teaching mathematics in elementary school are presented.

Keywords: tasks with practical content, elementary schoolchildren, cognitive interests

УДК: 373.3.016:81

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Г.Т. Сәдуақас – п.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ-нің аға оқытушысы

Бастауыш сыныптарға арналған бағдарламаларда «Ана тілі» пәнінің мақсаты – жас буынды дұрыс, шапшаң және мәнерлі оқуға үйрету, оқырмандық мәдениетін қалыптастыру» деп атап көрсеткен [1]. Осы мақсатқа сәйкес, оқушының оқу дағдысын қалыптастыру – бастауышта білім берудің құрамдас бөлігі.

Бастауыш саты – оқушы тұлғасы мен дамуы қуатты жүретін ерекше құнды, қайталанбайтын кезең. Осының нәтижесінде ұғымдармен түсініктердің дағдыларды меңгере отырып, оқушының психикалық үдерістері мен қасиеттері қалыптасады.

Психологтардың зерттеуі бойынша бастауыш сынып жасындағы оқушылардың оқуға деген ынтасы, қызығушылығы ең алдымен, оқу әрекетімен тығыз байланыста туады. Демек баланың оқуға деген қызығушылық жеке пәндердің мазмұны бойынша емес, оқу әрекетінің түрлері бойынша жүреді.

Бұл кезеңнің осындай мүмкіндігін толық пайдалану арқылы оқушының жалпы және психикалық дамуының жеткілікті деңгейіне қол жеткізу үшін бастауыш сатыдағы білім берудің приоритеті, ең алдымен оқушы дамуы мен тәрбиесіне беріледі, ал білім, білік, дағды осыған қызмет етеді.

Оқу – мектеп жасындағы балалардың негізгі таным әрекеті.

Баланың оқу әрекеті мазмұнына мыналар кіреді: ғылыми ұғымдар мен ғылыми заңдарды түсіну және практикалық міндеттерді шешуге бағытталған ойлаудың жалпы амал-тәсілдерін меңгеру. Осыған орай, балалардың ғылыми білімді және дағдыларды меңгеруі олардың оқу әрекетінің негізгі мақсаты мен нәтижесі болып табылады.

Жеке тұлғаның дамуында, қабілеттілігін жетілдіруге дағды маңызды рөл атқарады. Іс-әрекет жасауда, білім алып біліктілікті меңгеру үшін алдымен дағдыға үйретудің рөлі ерекше. Адамда білім туа пайда болмайды, бірінші белгілі бір қабілеттіліктің нышаны болады, сонан соң өсе келе ғана білім алуға деген құштарлық пайда болады.

Баланың мектепке келуі оның дағдыларының белгілі бір жүйемен дамып отыруына мүмкіндік туғызады. Мұғалім балаға, жазу, оқу, есептеу сияқты күрделі дағдыларды үйрете бастайды. Осы айтылғандарға дағдыландырудың бастапқы жолы жаттығу жұмыстарынан басталады. Жаттығу жұмысында ережелер түсіндіріледі. Бұдан кейін бала ережені іс-жүзінде қолдана білуге үйренеді. Мұғалім сан алуан әдістермен арнаулы жүйелердің ең тиімді дегендерін тандап, оны бала дағдысын қалыптастыруға қолданады. Мұғалімнің бар шеберлігі мен өнерін салатыны да осы жер. Өйткені дағдының іргетасы дұрыс қолданса, соғұрлым жақсы, тыңғылықты бекитін болады. Баланың ережені жақсы түсіне алуы практикада қателеспей пайдалану, онда дағдының орныға бастағанының белгісі.

Бастауыш мектеп мұғалімдерді оқушылардың оқу, жазу, есептеу дағдыларын (мұғалімнің айтқанын тыңдау, сабақта тыныш отыру т.б.) әрбір баланың дара ерекшеліктеріне қарай қалыптастырылып отырады. Оқушыларды дағдыландырғанда мұғалімнің үйрету әдістерінің артуы, балалардың қатесін үнемі сезе біліп, жөндеп отыруы, олардың білім нәтижесін дұрыс бағалауы, қатаң талап қоя білуі бастаған істі аяқтауын үйрету т.б. ерекше маңыз алады.

Дағдылануға қажетті жағдайдың қолайлы және қолайсыз болуының да маңызы зор. Мысалы, оқу әдісі жақсы балалардың алдында мақсат болғанымен, балалардың оқитын сыныбы қараңғы, суық, оқу құралдары нашар, қағазы жаман болса, мұндай жағдайларда дағды тез қалыптаса қоймайды.

Оқушының дұрыс, түсініп, мәнерлеп оқу дағдылары жетілмей тұрып, ана тілі сабақтарында шығармашылық жұмыс жүргізу оң нәтиже бермейтіні сөзсіз. Аталған дағды тармақтары өзара байланысты, бір біріне тәуелді, дұрыс оқу оқушыны түсініп оқуға, түсініп оқу мәнерлеп оқуға жетелейді. Бастауыш сынып оқушысы дұрыс, түсініп, шапшаң, мәнерлеп оқу дағдыларын дауыстап және іштей оқу арқылы меңгереді. Біз бақылауымызда сынып өскен сайын оқушының іштей оқуға деген талабы күшейіп, дауыстап оқу қарқыны біртіндеп төмендеп отыратын байқалды.

Оқу сабағына, оның ішінде оқушыларды дұрыс оқуға, оқу мәдениетіне қалыптастыру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Оқу арқылы балалар табиғат құбылыстарының, құпия сырларынан хабардар болып, өмірде өз көзімен көріп-білмеген алыс елдер, ғарыш туралы мәліметтерді біледі. Бастауыш сыныптардағы оқу сабағында оқылып отырған шығарманы өмірмен байланыстыру негізінде оқушының сезімі мен еркіне ақыл-ойына әсер ету көзделеді.

Оқушының дүниеге көзқарасын қалыптастыру мақсатында, шығарманың білімдік, тәрбиелік маңызына, баланың жас шамасына даму ерекшелігіне көңіл бөлініп, олардың ұғымына сай келуі ойластырылуы керек.

Оқыту – өте күрделі психологиялық үдеріс. Ал, бастауыш сыныптарда оқушылардың білім мен тәрбие алуына қажетті оқу дағдылары қалыптасады. Сондықтан, оқушының оқу дағдысын қалыптастыра отырып әдеби сөз байлығын дамыту, жазбаша сауаттылығын арттыру, түсіну әрекетімен де күрделі жұмыстар жүргізіледі.

Кейбір жағдайда оқушы мүдірмей, шапшаң оқыса оқу дағдысын қалыптастырдым дейтін мұғалімдер

кездеседі. Ал, шындығына келсек, бала шапшаң оқығанымен, оны саналы түрде түсіне, дауыс ырғағына келтіре мәнерлеп оқи алмауы мүмкін. Бұл – мұғалімде теориялық білімнің жеткіліксіздігінен болатын жағдай. Өйткені, оқу дағдысын қалыптастыруда мұғалім алдымен өзі теориялық жағынан толық дайын болмаса, практикалық жағын меңгермесе, оқу дағдысын қалыптастыра алмайды.

Оқу сабағындағы басты кемшілік мұғалім өзі мәнерлеп оқып, содан кейін ғана оқушыға оқытып, сол оқығандарын оқушыға айтқызады, мұғалім жұмысын осымен ғана шектейді. Егер мәтін көлемдірек болса 2-3 оқушыға оқытады.

Бұл жерде оқушының оқу дағдысын ескерілмейді емес, әйтсе де мәтін бойынша көмекші құралдар арқылы түрлі жұмыстар ұйымдастырылып, тапсырмаларды түрлендіріп беру арқылы қайталап оқыту, сол арқылы оқу дағдысын қалыптастыру жағы жеткіліксіз. Оқушының түсінгенін айтқыза беретін, мұғалімнің өзінің тәптіштеп түсіндіре беруі түрінде өткізілетін сабақтан оқушы тез жалығады. Мұндай сабақтарда негізгі ойды анықтау, оқушы өзі қорытынды жасай алатындай әдістемелік жұмыс іске асырылмайды. Дұрыс оқу дағдысын қалыптастыру үшін мәтінді оқу кезінде жіберген қатесін елеусіз қалдырмай, қателерді түзету жолын қарастыру қажет.

Кейбір оқушылар бір буынды немесе көп буынды сөздерді қайталап оқи береді. Мұндай жағдайлар төменгі сыныптарда жиі кездеседі. Мұның себебі: оқушы оқу сатысының алғашқы кезеңін меңгеруде қабылдау процесі мен оны ұғуы бірдей болмағандығынан. Бала бір буынды немесе көп буынды сөзді бірнеше қайталап оқығаннан кейін ғана мәнін ұға бастайды. Баланың тіл байлығын, сөздік қорын дамытуда ешқашан оған түсініксіз сөз үйретілмеуі тиіс.

Балаларды оқу дағдысына қалыптастыратын мұғалім ең алдымен оқу сапасына әсер етуші басты факторларды (ақпаратты қабылдау жылдамдығы мен сапасы, мағыналық өңдеу, шешім дайындау, кері байланыстың нәтижелілігі) айқындап, оларды мақсатты түрде басқаруды меңгеруі тиіс. Оқу үдерісінің типті кемшіліктеріне (артикуляция, көру аймағының тарлығы, регрессия, оқудың қолайлы стратегиясының болмауы, зейіннің төмендеуі (О.А. Андреев пен Л.И. Хромов бойынша) көңіл аударылуы керек [2].

Оқушының оқу дағдысын қандай әдістермен, қалайша қалыптастыруға болады деген сұрақ – мұғалім үшін өте қажет мәселе. Өкінішке орай, бұл мәселеге арнайы тоқталып, оны іске асырылу жолдарын нақты көрсеткен ғылыми еңбектер өте аз.

Оқушылардың оқу дағдысын қалыптастыруға қажетті тапсырмалар тек мұғалім тарапынан оқуға басшылық жасаудың ережелері мен заңдылықтары меңгерілген кезде ғана мүмкін болады, яғни тақырыпты дұрыс ашу, оқушыларды қызықтыратын тақырыптарды таңдауды үйренгенде ғана іске асатын жұмыс.

Бастауыш сынып оқушыларына алғаш мектеп табалдырығын аттағаннан бастап оларға кітапты қалай оқып, онымен жұмыс істеуді үйретіп, олардың ойларына сіңіру қажет.

- біріншіден, оқушыларды оқуға психологиялық тұрғыдан айқындау, яғни өздеріне деген сенімділігін арттыру;

- екіншіден, оқу еңбегіне ынталандырып, дағдыландыру;

- үшіншіден, оқушылардың ой-өрісін дамыту, саналы ойлана білуге үйрету;

- төртіншіден, оқушылардың қабылдау іс-әрекетіне басшылық жасау;

Оқушылар өмір тәжірибесі бойынша бойынша айналасындағы дүние мен құбылысты негізінен кітаптан оқып білу арқылы тани бастайды. Бала кітапты оқымас бұрын оны жалқаулықты жеңуге, өз қабілетіне, күшіне сендіру, өзінің мүмкіндіктерін еркін пайдалануға, яғни, «менің қолымнан келмейді», «бәрібір ештеңе шықпайды», «үлгере алмаймын» деген ойдың орнына өзіне сенім беретін «қолымнан келеді», «үлгеремін», «орындаймын», - деген оқушылардың ынта-ықыласын талаптану, құштарлық сезімдерін ояту – бастауыш сынып мұғалімдерінің негізгі міндеті.

Оқушылардың оқу дағдыларын қалыптастыру жалпы тіл дамытумен, оның ішінде әдеби жазба тілімен де, сөйлеу тілімен де тікелей қабысып жатыр. Оқу барысында көру, есту, сөйлеу мүшелерінің қызметі қатар жүргізіліп, ол түсіну әрекетімен тығыз байланысады. Оқушымен жүргізілетін оқу дағдысын қалыптастыруға қажетті жаттығулар тек мұғалім тарапынан тілдің заңдылықтары, қасиеті, ережелері меңгерілген кезде ғана мүмкін болады.

Психологтардың пікірі бойынша оқушы үлгеріміне 200-ден артық әртүрлі жағдайлар әсер етеді екен. Ал осы жағдайлардың ішінде ең күшті орын алатыны балалардың оқу шапшаңдығы болып шыққан.

Егер оқушы нашар оқыса, мысалы оқу үлгерімі нашар 3-сынып оқушысы минутына 37 сөз оқыса, орта есеппен үй тапсырмасы сол күнгі дайындалатын барлық пән бойынша 4 бет, яғни 3000 сөз болады екен. Сонда 3000 сөзді 37-ге бөлсек, 80 минут мәтінді оқу керек. Әрине бұдан кейін оқушының оқуға ынтасы өзінен-өзі төмендейді [3].

Оқу жылдамдығы артқан сайын, есте сақтау қабілеті де, ақыл-ой еңбегіне ынталылығы да арта түседі. Көптеген педагогтар шапшаң оқудың маңызына, оның ғылыми, тәрбиелік мәнін аша келе, жылдам оқи

білуге үйрету жолдарын, оның мүмкіндіктерін толық қарастыра жүргізілген тәжірибе жұмыстарының негізінде түрлі ұсыныстар жасайды. Бұл ұсыныстарды кез келген мектеп жағдайында пайдаланып жұмыс істеуге қолайлы. Оқуға жаттығу жұмыстары бірден ұзақ жүргізілгеннен гөрі жиі жүргізілгені тиімді.

1.5 минуттық оқу.

Біздер әдетте үйде, отбасында баланы отырғызып (ертегіні, әңгімені) оқып болмай тұрмайсың деп міндеттеп қоямыз. Егер бала нашар оқитын болса, тұтас ертегі, не әңгімені оқу үшін бір сағаттан артық уақыт керек. Ал бұл жағдай біріншіден, баланы жалықтырып шаршатады, екіншіден, оның оқуға деген ынтасын жояды. Онан да 5 минуттан бірнеше бөліктерге бөліп оқыту тиімді. Бұл жағдайда бала мәтіннің бір бөлігін оқып мазмұнын айтады. Содан кейін үзіліс жасайды. Біраз тыныққаннан кейін мәтінді одан әрі жалғастырады.

Себебі адамның есі күнделікті көз алдында көріп жүрген нәрседен гөрі сирек те, жылдам көріп қалған нәрсені есте сақтап қалуға бейімделген. Сондықтан белгілі бір дағдыны қалыптастырғанда оған жаттығуды ұзақ уақыт жүргізгеннен гөрі, жиі, бірақ тым қысқа жаттыққан дұрыс.

1. Егер баланың оқу темпі нашар болса, оқығысы келмесе не істеу керек?

Мұндай жағдайда үзіп-үзіп оқу тиімді. Бала бір-екі жол оқып, суретін көреді де, дем алады. Мұндай суретті кітапшалар, ертегілер балаларға арналған республикалық «Ерке» журналында жиі шығады.

3. Сондай-ақ ұйқы алдындағы оқу өте тиімді. Оның мәні мынада, адам ұйықтар алдында оқиганың, жағдайдың әсерімен ұйықтайды. Сегіз сағат ұйқы бойы ол әсер адамның миынан кетпейді, адамның ағзасы бұған үйреніп қалыптасқан.

4. Ата-ана бақылауы.

Ата-ана үйде баласының оқу шапшаңдығын бір уақыт тексеріп, қадағалап, жазып отырса, баланың оқу шапшаңдығы арта түсері сөзсіз.

Бастауыш сынып оқу сабағында оқушының оқу дағдысын қалыптастыру негізінде оқығанды қабылдау, түсіну мүмкіндігін арттыру мақсаты көзделгенімен, оны іске асыру әсіресе бірінші сыныпта өте қиын. Өйткені өмір тәжірибесі аз кішкентай алты жасар баланың бар ынтасы дыбысты тану, таныған дыбыстарының басын құрап буын жасау, буыннан сөз, сөзден сөйлем құрап оқуда болады да, оқығанының мазмұнын бірден меңгеріп кете алмайды.

Оқуға жаттығудың алғашқы сатысында ең оңай деген мәтіннің мазмұнын қабылдап, түсінгенін айтып шығу балаға ауызша сөйлеуден әлдеқайда қиынға соғады. Өйткені ауызша айтылған сөзді бала тұтас қабылдайды да, қабылдау үстінде үннің, дауыс ырғағының қалай шыққанына көңіл бөлінеді. Ал жазудағы мәтінде бұл айтылғандар жоқ. Ендеше ол оқушының ұғуын да қиындатады. Қандай ұғым болмасын жеке сөз немесе сөздер тобы мен өзара байланыстағы бірнеше сөздерден құралған сөйлем арқылы беріледі. Оны ұғыну үшін жеткілікті сөздік қоры болуы шарт. Өмір тәжірибесінің аздығынан бастауыш мектептердегі баланың сөздік қоры тым аз болып келеді. Міне осы себепті және тілдік қорда бар сөзді пайдаланудың жолын білмеу мәтіннің мазмұнын қабылдауды қиындатады.

Мәтінді оқушының тезірек меңгеріп кетуі үшін мұғалім әрбір жеке сөздің мән-мағынасына баланың көңілін үнемі аударып, оған сөйлемдегі сөздердің ара қатынасын, байланысын, мәтіндегі негізгі ой бағытын аңғартып отыруы керек.

Балаға сапалы білім беру ұстаздың күнделікті жұмыстарды пәрменді атқаруына тікелей байланысты. Мұғалім бұл орайда кіріспе әңгіме, сөздік жұмысы, сурет салғызу, жоспар құру, сұраулар мен тапсырмалардың түрлендірілуі, қорытында сабақты ұйымдастыру, буынға бөліп оқыту, пәнаралық байланысты пайдалану, экскурсияға шығу, мәтінмен жұмыс істеу т.б. шараларды ыждахаттылықпен жүзеге асыруы тиіс.

Бұларға қоса бастауыш сыныптарда оқушылар әдебиет материалдарын оқудың, оған талдау жасаудың алғашқы қарапайым әдістерін меңгеріп, әдебиет теориясынан кейбір мағлұмат алады. Ж.Аймауытов айтқандай, «Ана тілін үйрену – сөздерді жаттау, олардың жүйесін өзгеру заңдарын білу ғана емес, тіл үйренумен қатар, бала тілдің сансыз көп ұғымдарын, ойларын, сезімдерін, сұлу үлгілерін меңгереді» [4].

Ендеше, оқушылардың оқу дағдысын қалыптастыру және жетілдіру – бастауыш ана тілі оқыту курсының негізгі міндеті болып келеді және бола бермек.

1 Жалпы орта білім беретін мектептің 2-4-сыныптарына арналған Әдебиеттік оқу бағдарламалары. – Алматы: ROND, 2003. – 16 б.

2 Психология: Адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10-томдық. Т 2. Л.С. Выготский: Мәдени-тарихи тұжырымдама. – Алматы: Таймас, 2005. – 512 б.

3 Быстрова Н.Л., Маркова Н.И. О культуре чтения, что нужно знать каждому. – М.: Педагогика, 1990 - С. 124.

Резюме

Цель уроков по родному языку – обучение правильному, беглому, выразительному чтению и формирование читательской культуры младших школьников. Успешное овладение навыком чтения – один из показателей общего уровня развития познавательной деятельности ребенка. Главной задачей обучения чтению является выработка у детей навыков чтения, и эта задача чрезвычайно актуальна, так как чтение играет огромную роль в образовании, воспитании и развитии человека.

В связи с поступлением в школу ребенок начинает учиться таким сложным навыкам, как письмо и чтение. В процессе работы формируются навыки осознанного чтения и умения самостоятельно работать с текстом с помощью упражнений и способов действий, активно влияющих на основные параметры чтения: осмысление, технику, выразительность. В работе над упражнениями объясняются правила. После этого ребенок учится применять эти правила на практике. Работу по обучению чтению следует проводить часто.

Учитель использует разные методы при формировании навыков. Правильное чтение ведет к осознанному чтению, а осознанное чтение ведет к выразительному чтению. По мнению психологов из всех этих случаев очень важное место занимает беглое чтение учеников. По мере того как возрастает быстрота чтения, возрастает и способность запоминать все прочитанное. Ученик начальных классов усваивает навыки правильного, беглого, сознательного, выразительного чтения с помощью чтения "вслух" и "про себя". В первом классе чтение "вслух" проводится часто. С помощью чтения "вслух" учитель быстрее находит ошибки учеников. В старших классах в основном внимание уделяется чтению про себя. Формирование навыков чтения учеников является одной из основных задач курса обучения родному языку.

Ключевые слова: навык, навыки чтения, качество чтения, беглость чтения, выразительное чтение, осознанное чтение, виды чтения, чтение "вслух", чтение "про себя", упражнения, правила, формирование читательской культуры

Summary

The purpose of the lesson "Native language" – teaching the correct, fluent, expressive reading, formation of reader's culture of younger school students. Successful mastering skill of reading - one of indicators of the general level of development of cognitive activity of the child. The main task of teaching the reading is development at children skills of reading, and this task is extremely actual as reading plays huge role in education, education and development of the person.

Due to the receipt in school the child starts studying to such difficult skills as the letter, reading. In the course of work skills of conscious reading and ability independently to work with the text by means of exercises and ways of the actions which are actively influencing key parameters of reading are formed: judgment, equipment, expressiveness. In work on exercises rules speak. After that the child learns to apply these rules in practice. More effective to carry out works on training of reading often.

The teacher uses different methods when forming skills. Not совершенствовав the correct, expressive, intelligent skills of reading pupils, carrying out creative works at the lessons "Native language" certainly won't yield positive results. The correct reading conducts to conscious reading, and conscious reading conducts to expressive reading. According to psychologists from all these cases takes very important place - fluent reading pupils. On a measure as speed of reading increases, also ability to remember everything read increases. The pupil of initial classes acquires skills of the correct, fluent, conscious, expressive reading by means of reading "aloud" and "silently". In the first class reading is "aloud" carried out often. By means of reading "aloud" the teacher finds mistakes of pupils quicker. In the senior classes generally the attention is paid to silent reading. Formation of skills of reading pupils is one of the main objectives of a course in the native language.

Keywords: skill, skills of reading, quality of reading, fluency of reading, expressive reading, fluent reading, conscious reading, types of reading, reading "aloud", reading "silently", an exercise, rules, formation of reader's culture

А.Ш. Ахаева – педагогика магистрі, І.Жансүгіров атындағы ЖМУ, ППФ

Баланың даму үрдісі барысында пайда болатын психологиялық денсаулықтың бұзылыстарының кең тараған көріністері қарастырылды. «Психология здоровья» атты еңбегінде В. А. Ананьев, балалардың психологиялық және психикалық денсаулығын айтқанда, «психологиялық денсаулық» түсінігін қолдануды ұсынды, өйткені балалық шақта бала тұлғасы қалыптасу үстінде болады. Сондай-ақ, автордың пікірінше: «Психикалық денсаулықтың қалыптасу жағдайы – адамның қоғамдағы бейімделуіне кедергі болатын патологиялар мен симптомдардың болмауы, ал психологиялық денсаулық нормаларын анықтау үшін нақты тұлғалық сипаттамаларының болуы маңызды». Осылай, «психолог әрекеті, адамның табысты бейімделуге септігін тигізетін пайдалы қасиеттерді иемденуге бағытталады. Психологиялық денсаулықтың нормасы – бұл белгілі бір идеал, бұл бейнеге жету жолында өзіндік дамуы мен психологиялық әсер етудің жаңа бағдарларын табуға болады. Бағдарлар әр түрлі өмірлік жағдайына байланысты өзгеріп тұрмай, жас ерекшелігіне байланысты өзгереді» [1]. Шындығында, әр жас ерекшелігіне тән міндеттер мен қызығушылықтар болады, бұл міндеттерді шешу табыстылығы қолданатын әдістердің адекваттылығы және оқушылардың өз қызығушылықтарын есепке алу деңгейіне тәуелді болады. Басқа сөзбен айтқанда, балалардың жас ерекшеліктерін есепке алу алдын-алу жұмысының табысты өтуіне әсер етеді. Өйткені, В.А. Ананьев айтқандай, баланың әлеуметке бейімделуі, индивид пен қоршаған орта арасындағы үйлесімді тепе-теңдіктің негізгі көрсеткіші болып табылады.

Тірек сөздер: Психологиялық денсаулық, психологиялық қызмет, дағдарыс, рефлексия

Қазіргі таңда психологтардың арасында психологиялық қызметінің мақсатын ашуда әр түрлі түсініктер қалыптасқан. Мектептегі психологиялық қызметінің мақсаты – мектептегі оқу үрдісі барысында оқушылардың жарасымды дамуына жағдай жасау. Бұл анықтамада негізгі сөз «жағдай» болып табылады. Біз тек қана жағдай жасау мәселесін қарастыра аламыз, өйткені тұлғаның дамуына мектептен басқа отбасы және әлеуметтік ортасы әсер етеді. Егер отбасыға белгілі бір ықпал жасау қолымыздан келсе, тіршіліктің экономикалық және мәдени шарттарының балаға әсерін жұмыс барысында ғана есепке ала аламыз. Қандай тұлғаны жарасымды дамыған адам деп айта аламыз? Біздің түсінігімізде бұл өзіне және өзінің айналысына разы адам. Өмірлік қиыншылықтардан психологиялық жарақаттарсыз өтіп, өзінің кейінгі өмірінде тәжірибе ретінде қолданады. Ол өз дамуын мектеп бітіргеннен кейін де тоқтатпай, аталмыш қоғам мен мәдениет шегінде жалғаса береді. Сонымен қатар, ондай адам оның жасерекшелігі мен сыртқы жағдайларға сәйкес әлеуметтік және отбасылық қызметтерді табысты орындай алады, өйткені ол қоршаған ортаға бейімделуімен қатар, оны шығармашылықпен өзгерте алады. Сондықтан жарасымды даму – бұл: - Ішкі және сыртқы астасудың бар болуы; Өмірлік қиыншылықтардан өтіп, оларды өзінің дамуы үшін қолдану; Тіршілік әрекеті үрдісінде кейінгі даму алғышарттарының болуы; Толықтай қызмет жасау мүмкіндігі, яғни адамның жасерекшелігіне байланысты әлеуметтік және отбасылық қызметтерді орындау.

Сонымен, жарасымды дамуды қамтамасыз ететін психикалық қасиеттердің динамикалық жиынтығын психологиялық денсаулық деп атауға болады [2].

Психологиялық денсаулықтың моделі. Психологиялық денсаулықтың жалпыланған моделіне *аксиологиялық, құрал-технологиялық, қажеттіліктік-мотивациялық, дамытушы, әлеуметтік-мәдени компоненттер* жатады.

Аксиологиялық компоненттің мазмұны адамның өзіндік «Мені» және басқа адамдардың «Мендік» құндылықтарынан тұрады. Адамның құндылықтарды, өзінің және басқалардың бірегейлігін саналы түсінуді, дүниемен біртұтастық сезімін болжайды. Осыдан жағымды «Мен» бейнесі пайда болады, өзін-өзі жеткілікті түрде тану арқылы адамның өз өзін жағымды қабылдау, сонымен қатар басқа адамдарды жасына, жынысына, мәдени ерекшеліктеріне тәуелді емес қабылдау. Әрине оның алғышарттары тұлғалық біртұтастылық болып табылады.

Құралдық компонент рефлексияны өзін-өзі тану тәсілі, сананы өзіне, ішкі әлеміне және басқа адамдармен қарым-қатынасындағы орнына тұрақталу қабілеті ретінде пайдалануды көздейді. Осыған адамның өзінің және басқа адамдардың эмоционалдық күйлерін түсіну және сипаттау, сезімдерді басқаларға зиян келтірмей, ашық әрі еркін білдіру мүмкіндігі, өзінің және басқалардың мінез-құлқының себеп-салдарларын түсіну жатады.

Қажеттіліктік-мотивациялық компонент адамның өзіндік даму қажеттілігін, яғни тұлғалық өсу мен өзгеруін анықтайды. Оның мәні, адам өзінің тіршілік әрекетінің субъектісі, дамуын алға жылжытатын белсенділіктің ішкі көзі болады. Ол өз өміріне деген жауапкершілікті қабылдап, «өз өмірбаянының авторы» болып табылады.

Дамытушы компонент психосоматикалық ауруларға соқтырмайтын, берілген мәдени және тарихи шарттар нормаларына сай, тұлғалық, әлеуметтік және дене даму динамикасын анықтайды.

Әлеуметтік-мәдени компонент адамның қоршаған әлеуметтік-мәдени жағдайында табысты қызмет жасау мүмкіндігін, адамның ұлттық рухани құндылықтарды игеруді анықтайды. Оның мәні, адамның әр

түрлі мәдениет адамдарын түсініп, олармен қарым-қатынасқа түсе білу дағдысының болуында [3].

Басты өлшемдері. Психологиялық денсаулықтың басты өлшемдері ретінде төмендегі өлшемдерді айтуымыз болады: - Жағымды өзіндік сезім (көңіл-күйдің жағымды эмоционалды негізі), әлемді жағымды қабылдау; Рефлексия дамуының жоғарғы деңгейі; Ис-әрекеттің негізгі түрлерінің сапасын жақсарту ұмтылысы; Жасерекшелік дағдарыстарынан жақсы өту; Социумға бейімделу (егер ол бала болса – онда отбасына, мектепке), негізгі әлеуметтік және отбасылық қызметтерді орындау дағдылары [3].

Әрине, ұсынылып отырған психологиялық дені сау адам бейнесі идеалды, эталон ретінде қарастыруымыз қажет. Көп жағдайда балаларда осыдан кейбір ауытқулар байқалады - ол қалыпты жағдай. Кей кезде психологиялық денсаулықтың маңызды ауытқулары да кездеседі, оларға тоқталып өтейік.

Психологиялық денсаулықтың бұзылу типологиясы. Психологиялық денсаулықтың бұзылу түрлерін анықтау үшін, баланың ішкі жан-жалға жауап қайтару стилін: белсенді немесе енжар басымдылығын қолданамыз.

Кесте 1. Психологиялық денсаулықтың бұзылу типологиясы

Белсенді стиль	Пайда болу мерзімі және ішкі жан-жал мазмұны	Енжар стиль
Қорғаныс агрессиясы	Нәрестелік шақ. Қауіпсіздік сезімінің болмауы - қауіпсіздікке ұмтылу	Жою (өлу) үрейі
Деструктивті агрессия	Балалық шақ. Еркіндік және тәуелсіздік сезімінің болмауы - дербестікке ұмтылу	Әлеуметтік үрей (тәртіп нормалары мен үлгілеріне сәйкес келмеу)
Демонстративті агрессия	Мектепке дейінгі шақ. Жалғыздық сезімі - жақындастыққа, араласушылыққа ұмтылу	Өзін көрсету үрейі
Өтемшілдік агрессиясы	Кіші мектеп жасы. Олақтық, олқылықтық сезімі – өзіндік маңызды әрі құндылықты сезіміне ұмтылу	Есею үрейі
Жоққа шығару агрессиясы	Жасөспірімдік шақ. «Мен» бейнесінің айқындалмауы, диссоциациялық үрей сезімі – «Мен» бейнесінің тұтастығын сезінуге ұмтылу	Өзіндік анықталу үрейі (дербес шешім қабылдау үрейі)

Кестеде көрсетілген психологиялық денсаулықтың бұзылыстарының қысқа мазмұнын қарастырайық.

Егер нәрестелік шақтағы бала дамуында қауіпсіздік сезімінің болмауы, қоршаған әлемнен үрейленуі пайда болса, онда баланың тәртібіндегі белсенді позицияда қорғаныс агрессиясы анық байқалады. Бұл жағдайдағы агрессияның негізгі қызметі – балаға қауіпті көрінетін сыртқы ортадан қорғаныс. Сондықтан, осындай балаларда белгілі бір түрдегі өлім үрейі болады, бірақ бала осы үрейді жоққа шығаруы мүмкін. Егер баланың ішкі жан-жалға жауап беру түрі енжар болса, онда қауіп сезімі мен оның салдарынан пайда болатын беймаздық сезімі әр түрлі үрейлерді тудырады, мысалы, қараңғыдан, үйде жалғыз қалудан қорқу және т.б.

Балалық шақтағы психологиялық денсаулықтың бұзылу себептері қандай болуы мүмкін. Егер баланың автономдылық, өз бетімен таңдау жасау, пікір айту, бағалау қабілеті жоқ болса, онда белсенді нұсқасында оның демонстративтілік агрессиясы байқалады, енжарлық жағдайында – тәртіптің жалпы қабылданған нормалары мен үлгілеріне сәйкес келмеу әлеуметтік үрейлері пайда болады. Екі нұсқада ашу-ызаға берілу мәселесі бар, өйткені бастамасы ерте балалық шаққа тән.

Әлеуметтік үрейі бар балаларды айқындау жеңіл – олар жуас, ұқыпты, қоршағандарға жағымпаздынып, мақтау сөздерін естуге тырысады. Ал деструктивті агрессия көп жағдайда байқалмайды, өйткені жанама сипатта: қоршаған адамдарға мысқылдау, басқаларды агрессивті әрекетке итермелеу, ұрлық жасау немесе жақсы тәртіп үстінде ашудың тұтанғыштығы түрінде көрініс табады. Бұл жағдайдағы агрессияның негізгі қызметі – өзінің тілектері, қажеттіліктері жайында жариялау, әлеуметтік ортаның қамқорынан шығу ұмтылыстары, негізгі түрі – қирау, жою.

Мектепке дейінгі жаста бала дамуының бұзылу салдарынан, баланың өзі үшін мәнді ересек адаммен жақын эмоционалды қарым-қатынасқа түсу мүмкіндігінің болмауынан пайда болатын жалғыздық сезімі қалыптасады. Осындай жағдайда белсенді жауап беретін бала демонстративті агрессияға сүйенеді – кез-келген қол жетімді әдістермен өзіне көңіл аударады. Енжар нұсқасында өзін көрсету үрейі қалыптасады. Бала тұйықталып, ересектермен өзінің мәселелері жайында сөйлесуден бас тартады. Әдетте, біраз уақыттан кейін дене өзгерістері байқалады: қимылдары қысыңқы, даусының бірсарындылығы, көзқарастардан жалтақтау. Бала қорғаныс бетпердесін киіп алғандай болады.

Егер мәселенің бастауы кіші мектеп жасына байланысты болса, бала әдетте, өзінің олқылықтылығын, толымсыздығын сезінеді. Бұл жағдайда, белсенді нұсқасында, ол өз сезімдерін өзінен әлсіздерге агрессия көрсетіп толықтырады. Олар құрбы-құрдастары, кейде ата-аналары, тіпті мұғалімдері болуы мүмкін. Көп жағдайда агрессия мысқылдау, мазақ қылу, жаман сөздерді қолдану түрінде болады. Басқа адамдарды төмендету ерекше қызығушылық тудырады, ал қоршағандардың жағымсыз реакциясы баланы осындай әрекеттерге итермелейді, өйткені оның толымдылығының дәлелі болып табылады. Асоциалды мінез-құлық түрлерінің негізінде өтемшілдік (компенсаторлық) агрессия жатыр деген болжам жасауға болады. Енжар нұсқадағы олқылықтылық сезімі есею үрейіне айналады, жасөспірім дербес шешім қабылдаудан бас тартып, инфантильді позиция мен әлеуметтік есеймеуді танытады.

Жасөспірімдік шақтағы психологиялық денсаулықтың бұзылуы қалыпты жасөспірімдік дағдарыстың өтуімен қиындатылады. Ұқсастық дағдарысы деп аталатын бұл дағдарыс – жасөспірімнің өзі жайында, өзінің күші, мүмкіндіктері, қоршаған ортадағы орны жайында пікірлер дағдарысы болып табылады[4]. Бұл жағдайда, жасөспірім өзіндік «Мен» бейнесінің тұтастығын сезіне алмауынан мазасызданып, үрей сезімін бастан кешіреді. Белсенді позицияда – бұл жас шағында ең көп кездесетін позиция – жасөспірім кез-келген әлеуметтендіру әсерлеріне қарсы болады: оқудан, тәртіп сақтаудан, психологқа барудан бас тартады. Ол «менде бәрі жақсы» деген бет перде киіп алып, тереңде жатқан үрей сезімін, ең бірінші, өзінен жасырып жатқандай болады. Күрделі жағдайларда, жасөспірімдер болашаққа деген бағдарын толығымен жоғалтып, бір күндік өмір сүреді. Енжар нұсқасында сырттай тәртіпке бағынса да, болашағына бас тарту байқалады: өзіндік анықталу қорқынышы, отбасылық және кәсіби ролін таңдау жайында ойланбауы, ата-анасына «жабысу» ұмтылысы, дербес шешім қабылдаудан қорқу.

Кез-келген жас дағдарысы адам бойында күшті жағымсыз – жалғыздық, қорқу, ашу сияқты сезімдердің пайда болуынан басталады. Сондықтан жасөспірім өз сезімдерін білдіру мүмкіндігін алуы қажет. Егер болмаса, олар өз сезімдерін шығару әдістерін іздей бастайды, ересектермен, құрдастарымен, әсіресе құрдастары арасынан әлсіз әрі шеттетілгендерді айырықша бөліп, жан-жал шығарады. Бұл сезімдер жасөспірімнің өнімді іс-әрекет түрлері толықтай жойылуына дейін бұзуы мүмкін. Сондықтан да бұл кезеңде оқу мотивациясын жоғарылату нәтижесіз болады [5].

Бесінші сынып оқушыларына ең алдымен қажеттісі – өз сезімдерін сеніп көрсететін адаммен қарым-қатынас жасау болып табылады. Психолог жасөспірімді сезімдерін білдіруге итермелейтін әдіс-амалдарды игеруі тиіс, бірақ көптеген психологтардың ондай тәжірибесі болмайды. Біздің мәдениетіміздің ерекшелігінің бірі – сезімдерді жоққа шығару. Отбасында бұл әлсіздіктің белгісі деп қабылданады. Жасөспірімнің ішкі жан дүниесі өзіне нәзік, тұрақсыз көрінеді және оны ересектер тарапынан баса кіруден қорғаштап жүреді. Психологтың алдында тұрған қиын міндет – жасөспірім үшін үйреншікті әрі қауіпсіз әдістер – сурет салу, жапсыру және т.б. – арқылы сенімін аулау, сезімдерін білдіруді үйрету. Ол үшін идеалды түрде, барлық бесінші сынып оқушылары психологпен жеке кездесуге мүмкіндік алуы қажет. Бұндай кездесулер жұптасып, кейде үш-үштен – бір-біріне сенім артатын құрдастармен жүргізілуі мүмкін. Кейде жасөспірімдер жеке кездесулерден бас тартып, біреумен келеді. Бұл жағдайда онымен келісуге тура келеді. Сонымен, жасөспірімдермен жұмыс жүргізудің алғашқы бөлімі, әсіресе ерте жасөспірімдік шақта – өз сезімдерін білдіру мен саналы түсінуде көмек көрсету.

Осы сабақтарда жасөспірім дағдарыстан өтудің маңызды біліктігін иеленеді – яғни ересек адам ретінде қабылдау мүмкіндігін алады. Көп жағдайда жасөспірімнің өзі туралы пікірі төмен болып, ал ересектер оның бойындағы өзгерістерді жоққа шығарып, қабылдамайды. Жасөспірім өзін қабылдап, қолдайтын адамды қажет етеді. Сондықтан жұмыс жүргізудің екінші саласын жасөспірімнің мүмкіндіктері мен біліктілігін жоғарылату болып табылады.

Жұмыстың үшінші саласы – жасөспірімге өзінің жағдайын түсінуде көмек беру. Өмірінде болып жатқан өзгерістер барлық құрдастарына тән және олар қалыпты жағдай болып табылатынын түсіну жасөспірім үшін өте маңызды. Осындай көмекті психолог жеке кездесулерде немесе топтық жұмыс түрлері барысында бере алады. Жасөспірімдік кезеңдегі дағдарыс – рефлексияны дамытуды қажет етеді, ал нақты айтқанда ішкі диалогты ұйымдастыруды үйрету. Оның алғышарттары сыртқы диалог болады. Жасөспірімдік кезең бойы психолог осындай диалогтың ұйымдастырушысы болып табылады. Жоғары сыныптарда оқу барысында жасөспірімдердің психологпен жеке кездесулер мүмкіндіктері болуы қажет. Мысалы, егер бесінші сыныпта бұл кездесулер ересектердің бастауымен өткізілсе, алтыншы сыныптан бастап, жасөспірімдердің психологиялық кездесулер тәжірибесі молайып, психологқа деген сенім артқан-да, оқушылардың өздерінің қалауымен немесе қажеттілігімен жеке кездесулер ұйымдастырылуы мүмкін.

1 Ананьев В.А. Основы психологии здоровья. Книга 1. Концептуальные основы психологии здоровья. — СПб., 2006.

2 Прихожан А.М. Психологический справочник, или Как обрести уверенность в себе: Кн. для учащихся - М., 1994.

3 Битянова М.Р. Организация психологической работы в школе. - М., 2000.

4 Дольто Ф. На стороне подростка. - СПб., 1997.

5 Лазарев В.А., Родионов В.А., Ступницкая М.А. Трудности периода адаптации // Первое сентября. – 2006.

Резюме

В работе «Психология здоровья» В.А. Ананьев, говоря о психическом и психологическом здоровье детей, предложил использовать понятие «психологическое здоровье» в связи с тем, что в детском возрасте личность ребенка еще только формируется. При этом автор отмечает: «Если для психического здоровья норма – это отсутствие патологии, симптомов, мешающих адаптации человека в обществе, то для определения нормы психологического здоровья важно наличие определенных личностных характеристик». Таким образом, «направление действий психолога идет в сторону приобретения человеком полезных свойств, способствующих успешной адаптации. ...Норма психологического здоровья – это некий идеал... и на пути к этому идеальному образу можно находить все новые и новые ориентиры для саморазвития и организации психологических воздействий. Эти ориентиры меняются не только в зависимости от всего разнообразия жизненных ситуаций, но и в каждой из ситуаций – в зависимости от возраста» [1]. Действительно, каждому возрасту присущи свои задачи и интересы, и успешность решения этих задач во многом зависит от адекватности применяемых средств и степени учета интересов. Иными словами, учет возрастных особенностей детей является необходимым условием успеха профилактической работы. Рассмотрим особенности возраста, учет которых способствует успешности работы по социальной адаптации, так как именно адаптация ребенка к социуму, отмечал В.А. Ананьев, становится ключевым критерием динамического равновесия между индивидом и средой.

Ключевые слова: Психологическое здоровье, психологическая служба, кризис, рефлексия

Summary

In "Health Psychology" V.A. Ananьев talking about mental and psychological health of children, suggested the use of the term "mental health" due to the fact that as a child the child's personality is still being formed. The author notes: "If the rate of mental health - is the absence of pathology, symptoms, preventing the adaptation of man in society, to determine the rate of mental health is important to have certain personality characteristics." Thus, the "course of action psychologist goes toward acquiring person beneficial properties that contribute to successful adaptation. ... Norma psychological health - is a kind of ideal ... and on the way to this ideal image, you can find more and more new landmarks for self-organization and psychological effects. These guidelines vary not only depending on the variety of life situations, but also in each of the situations - depending on age" [1]. Indeed, every age has its own objectives and interests, and the success of these tasks depends on the adequacy of resources and the degree of consideration of interests. In other words, age-appropriate children is a prerequisite for the success of prevention efforts. Consider the features of the age, the account of which contributes to the success of the social adaptation, as it is the child's adaptation to the society, noted V.A. Ananьев becomes a key criterion of dynamic equilibrium between the individual and the environment.

Keywords: psychological health, psychological service, crisis, reflection

БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕ ЕРТЕГІ-ТЕРАПИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

К.Ж. Қожахметова – *ал-Фараби атындағы ҚазҰУ «Жалпы және этникалық педагогика»
кафедрасының п.ғ.д., профессоры,*

А.Ж. Баймұратова – *ал-Фараби атындағы ҚазҰУ «Жалпы және этникалық педагогика»
кафедрасының 2 курс магистранты*

Ертегі-терапиясы тұлғаның шығармашылық қабілеттерін, зейінін дамыту, қоршаған ортамен қарым-қатынасын жетілдіру үшін қолданылатын әдіс. Өз шығармаларында келесі шет елдік психологтар ертегіні зерттеген: Э.Фромм, Э.Берн, Э.Гарднер, Вачков И.В., М.Осорино, Е.Лисина, Т.Зинкевич-Евстигнеева және тағы басқалар. Ертегі-терапиясы «ертегімен емдеу» деген мағынаны білдіреді. Ертегіні дәрігерлер де, психологтар да, педагогтар да қолданады, және әр маман ертегінің өзінің кәсіби мәселелерін шешуге көмектесетін қорын пайдаланады, - дейді Вачков И.В. Т.Д. Зинкевич-Евстигнееваның анықтамасы бойынша, ертегі-терапиясында әртүрлі жанрлар қолданылады: өсиет әңгімелер, мысалдар, аңыз әңгімелер, батырлар жыры, дастандар, ертегілер, анекдоттар және мифтер. Қазіргі таңда жаңа жанрлар да қолданылуда: детектив, махаббат романдары, қиал-ғажайып әңгімелер және тағы басқалар. Әр клиентке оның қызығушылығына сай келетін жанр таңдалынып алынады. Ертегі-терапиясы балаға өмірлік қиыншылықтары мен проблемаларына шешім тауып, баланың дұрыс әлеуметтенуіне көмегін тигізеді.

Кілттік сөздер: әдіс; ертегі; ертегі-терапиясы; тәрбие; педагогика

Сказкотерапия – это метод, использующий форму для интеграции личности, развития творческих способностей, расширения сознания, совершенствования взаимодействия с окружающим миром. К сказкам обращались в своем творчестве известные зарубежные психологи: Э.Фромм, Э.Берн, Э.Гарднер, Вачков И.В., М.Осорино, Е.Лисина, Т.Зинкевич-Евстигнеева и другие. Сказкотерапия – означает «лечение сказкой». Как пишет Вачков И.В., сказку используют и врачи, и психологи, и педагоги, и каждый специалист находит в сказке тот ресурс, который помогает ему решать его профессиональные задачи. По определению Т.Д. Зинкевич-Евстигнеевой, в сказкотерапии использу-

ются разнообразные жанры: притчи, басни, легенды, былины, саги, мифы, сказки, анекдоты. Находят применение и современные жанры: детективы, любовные романы, фэнтези и др. Каждому клиенту подбирается соответствующий его интересам жанр.

Ключевые слова: метод; сказка; сказкотерапия; воспитание; педагогика

Tale therapy - a method that uses a form for the integration of personality, creativity, consciousness expansion, improvement of interaction with the outside world. Known foreign psychologists turned to the tale in his works: E. Fromm, E. Berne, E. Gardner, Vachkov I.V., Osorina M., E. Lisina, T. Zinkevich-Evstigneeva and others. Tale therapy - means "treatment with tales." According to Vachkov I.V., fairytales are used by doctors, psychologists, and educators, and every specialist finds his resource from tales that helps him solve his professional tasks. By definition of T.D. Zinkevich-Evstigneeva in tale therapy are used a variety of genres: the parables, fables, legends, epics, sagas, myths, fairy tales, jokes. Also used modern genres too: detectives, romance, fantasy, and others. Each client is looking for his interest in the relevant genre.

Keywords: method; fairy tale; tale therapy; upbringing; pedagogy

Ертегі-терапия ең көне психологиялық және педагогикалық әдіс болып саналады. Әлем туралы жиналған білімдер ғасырлар бойы ауыздан ауызға беріліп отырды немесе жазылып отырған. Бүгінде біз ертегі-терапиясы арқылы рухани білім туралы және адамның әлеуметтенуі туралы білімдердің берілу әдіс-тәсілдерін түсінеміз. Тап сол себептен біз ертегі-терапиясын адамның рухани табиғатын түсіндіретін тәрбиелік жүйе деп атаймыз. Көптеген адамдар ертегі-терапиясы тек балаларға арналған деп ойлайды. Әрі мектеп жасына дейінгі балаларға арналған деп біледі. Бірақ бұл олай емес. Ертегілер әрбір адамның таза және ұғымтал балалық бастауына негізделгендіктен, ертегі-терапияны «балаларға арналған» әдіс деп атауға болады [1, 5 бет].

Ертегі-терапиясы - барлық жастағы адамдарға арналған тиімді педагогикалық технология. Ертегі балалық шағымыздан бастап біздің өмірімізге сән беріп келеді. Сірә, қызықты, сиқырлы да таңғажайып оқиғалар қызықтырмайтын бір де бір бала жоқ шығар. Ертегілерді қолдану тарихтың тереңінен халық ауыз әдебиетінен алғаш бастау алған. Бүкіл әлемде ертегі оқу сәбилер мен үлкен адамдар арасындағы қарым-қатынастың ерекше түрі бола отырып, білім беретін әрі адамгершілік тәрбие беру түріндегі салт-дәстүр болып табылады. Бүгінгі таңда да, адамдар саналы түрде ертегілерге салынған білім көзіне тартылады. Осы кезде бұл әдіс ертегі-терапиясы деген атауға ие болып отыр. Ертегі дүниені ішкі жағынан ақтарып, кейіпкерді жағымды іс-әрекеттері арқылы, көптеген үрейлі жағдайлардан арылтып, баланың сана-сезіміндегі қайшылықтарды шешуге мүмкіндік береді. Бала ертегі кейіпкеріне ұқсағысы келген кезде ертегі-терапиялық әсер етеді. Ертегі жақсылыққа үміт береді де баланың өмірінде болып көрмеген бірқатар өмірлерде өзін көз алдына елестеткізеді. Ертегіні оқып жатқан уақыттағы елестетіп ойлау арқылы пайда болатын суреттер әр баланың өзіндік жеке екендігіне қарамастан, ертегінің феномені балалардың түсіндіруге мүмкін емес таңғаларлық ғажайып шытырман оқиғаға қызығушылық болып табылады.

Жалпы айтқанда, ертегі терапиясы ертегілер арқылы емдеу немесе адамға ертегілер арқылы тәрбиенің негізгі көздерін беру болып табылады. Ертегілердің барлығының тәрбиелік маңызы зор. Сондай ертегілердің бірі – мысал ертегілер (аполог). Мұнда баяндау белгілі бір моральдық қағида мен тұжырымды дәлелдеуге бағытталады, сол себепті ертегі афоризммен аяқталып отырады. Ертегінің айтылу мақсаты да осы афоризмді дәлелдеуді көздейді [2, 196 б.].

Ертегіде мейірімділік пен зұлымдық, жомарттық пен сараңдық, батылдық пен қорқақтық сияқты т.б. ұғымдар берілген. Бұның бәрі адамгершілік құндылықтар арқылы бала тұлғасын қалыптастырады. Ертегі - баланың ішкі дүниесінің айнаша ақтарылатын символикалық үлгісі деуге болады. Ол балаға мүлде әр түрлі әлеуметтік рөлдерді басынан кешуге, ертегі оқиғалары мен нағыз өмір арасындағы байланысты айыруға мүмкіндік береді. Ертегі тілі түсінікті, кейде сюжетті өз өмірінің ең қиын деген жағдайларын ашады. Бұл жерде балалардың қиыншылықтары мен оларды шешу тізбектерін тауып алуға болады. Ертегіде көзге көрінбейтін ұстаз бар екені сезіледі, ол сездірмей үйретіп отырады, кейіпкердің қателік жасауына жол бермейді. Балаға келіспеушілік жағдайды шешуге болатын жолдарды қарастыруға және де сол немесе басқа таңдап алған жолдың нәтижесін қарастыруға ұсыныс жасалады. Тәрбиелік мағынада бала мен үлкен адам арасындағы жағымсыздықты жеңіп шығуға мүмкіндік беретін байланыстырушы ретінде әсер етеді.

Баланы тәрбиелеуде, ең алдымен бала жанына ұғындыру дәнін себелеу керек. Ал ол үшін баланы ойландыратын белгілі бір сұрақпен қалдыру қажет. Ілгері уақыттағы ертегі-терапиялық үдеріс қалай қалыптасты? Балалар пеш үстіне шығып алып, ертегі тыңдады, ал қыз балалар шүйке иірді және аңыз-әңгімелер айтты... Осылайша аңыз-әңгімелер жинақтала берді, жинақтала берді. Өмірлік баянның қорын жасай, жасырын күштерді оята, жоспарлар мен ниеттерді қалыптастыра өмір туралы білімдер жинақтал-

ды. Бүгінгі күнде де біз ертегілерді айту арқылы балаларға өмір туралы білімді береміз. Кейде біз ертегі тыңдау жасы тез өтіп кетеді деп қате пікірде боламыз. Егер ертегілерді ұғынып тыңдасақ, ертегіні тыңдау жасы өтіп кетпейді.

Қазіргі балаға ертегіні жай ғана оқып беру, оның батырлары және сюжет туралы әңгімелесу жеткіліксіз. Үшінші мыңжылдықтың баласымен ертегілерді ұғып түсіну қажет, баламен бірге ертегідегі жасырын мағыналарды және өмірлік сабақтарды іздеп табу керек. Осындай жағдайда ертегілер ешқашан баланы шындықтан алып кетпейді. Керісінше, ертегілер оның шын өмірде белсенді жасампаз болуына көмектеседі.

«Ертегінің қай түрін алсақ та ол еріккеннің ермегі емес, зор қоғамдық, тарихтың сыры, мәні бар әңгімелер» [3, 117 бет].

Ертегі терапиясы - ертегі оқиғалары мен шын өмірдегі тәртіп арасындағы байланыстың білім үдерісі. Бұл ертегі мағыналарын шындыққа айналдыру үдерісі болып табылады. Ертегілермен жұмыс жасағанда белгілі бір ұстанымдарды қолданады.

Ертегілермен жұмыс істудің ұстанымдары

Әр ертегі өзінше ерекше. Алайда ертегі-терапиясына тәрбие жүйесі ретінде көзқарас ертегілермен жұмыстың жалпы заңдылықтарын ұсынады. Олар:

Түсіндірменің негізгі екпіні

Ұстаным

Ұғыну

Сюжеттің дамуындағы себеп-салдарлық байланыстарын жете түсіну; дамушы уақиғалардағы әрбір кейіпкердің рөлін түсіну. Жалпы сұрақтар: не болып жатыр? Бұл не үшін болып жатыр? Бұның бұлай боларын кім қалады? Оған бұның не үшін керегі болды? Біздің міндетіміз тәрбиеленушілерге бір қарағанда бұл бізге көрінбегенмен, бір уақиғадан екінші уақиғаның туындайтынын көрсету болып табылады. Ертегідегі әрбір кейіпкердің пайда болуы мен мақсатының заңдылықтарын, орнын түсіну маңызды.

Көпшілік

Бір уақиғаның немесе жағдайдың бірнеше мағына мен маңызы болатынын түсіну. Біздің міндетіміз ертегідегі бір жағдайдың бірнеше жағын көрсету болып табылады. Бір жағынан бұл солай, ал бір жағынан басқаша.

Шындықпен байланысы

Әрбір ертегі жағдайы біздің алдымызда қандайда бір өмірлік сабақты келтіретінін түсіну керек. Біздің мақсатымыз тынымсыз және сабырлы түрде ертегі сабақтарын шын өмірде қандай да бір нақты жағдайларда қолдану арқылы ертегі жағдайларын жасап шығу болып табылады [4, 16-17 бб.].

Сонымен, ертегі-терапия – бұл тек емдеу әдісі емес (ертегілердің көмегімен шынында да психологиялық негіздегі мәселелерді емдеуге болады), ертегілер тәрбие беру ортасы ретінде, қандай да бір затты үйрету үдерісінде (дидактикалық ертегілер) және баланың белгілі бір сапасын дамыту үшін қолданылады.

Ертегі-терапиясы - ауыздан ауызға тараған тәжірибе құралы. Бұл белгілі бір қоғамда баланы тәрбиелеу жолы. Ертегі-терапиясы – тұлғаға (көбінде балаға) қажетті адамгершілік қағидалар мен ережелерді беру әдісі. Бұл ақпарат фольклорлық ертегілерде, аңыз-әңгімелерде және мысалдарда берілген. Ертегі – бұл әлеуметтену мен тәжірибе берудің ең ежелгі әдісі.

Осылайша, ертегі-терапиясы педагогикада емдеу емес, тәрбиелеудің бір әдісі ретінде қолданады. Сондықтан да К.Д. Ушинскийдің: «Тіл сияқты ертегі халық мәдениетінің материалдық көріністерінің бірі», - деп айтуы бекер емес.

Дәл осы ертегі арқылы белгілі бір халыққа тән негізгі адамгершілік және этикалық ережелер балаға ешқандай қиындықсыз тиімді түрде беріледі.

Тап осы ертегі арқылы халық мәдениетінде бұрындары болған, бірақ бүгінгі күнде онша таралмаған әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді тани аламыз.

Тап осы ертегі бізге батырлықтың, қажырлы еңбектің, барлық қиындықтарды жеңудің, жеңіске деген сенімнің, адалдықтың және берілгендіктің не екенін көрнекі түрде көрсетіп бере алады [5, 16 бет].

Қорыта айтқанда, ертегілер күдіретті нәрсе: ұйқыға батқызады, қызықтырады, тыныштандырады, көңілдендіреді, қолдайды, үйретеді, сендіреді. Ертегі-терапиясы - педагогикалық және психологиялық тапсырмаларды саны мен сапасы жағынан тіпті ең инновациялық технологиялардан кем қалмайтын ғажап технология. Ертегі – баланы тәрбиелеуге арналса, ертегі терапиясы сол тәрбие арқылы баланы жөнге салу, оның көзқарасын бағдарлау және ішкі әлемінен хабардар болуды көздейді. Ертегінің тәрбие көзі екені аян. Ертегіні құмарта оқыған балалардың бойына адами қасиеттерді мейлінше мол жинауға ұмтылатынын уақыттың өзі дәлелдеуде. Олай болса, өскелең ұрпаққа өз ұлтының ғасырлар бойы жинақтаған асыл қазынасын түпнұсқа күйінде ұсынғанымыз дұрыс деп есептейміз.

- 1 Зинкевич-Евстигнеева Т.Д. Основы сказкотерапии [Текст] / Т.Д. Зинкевич-Евстигнеева. – СПб.: Речь, 2010. – 176 с.
- 2 Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. - Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1984. - 268 бет.
- 3 Әуезов М.О. Қазақ әдебиетінің тарихы. - Алматы, 1960.
- 4 Зинкевич-Евстигнеева Т.Д. Практикум по сказкотерапии. - СПб.: Речь, 2000. – 310 с.
- 5 Ломакина Г.Р. Сказкотерапия. Воспитываем, развиваем, освобождаем ребенка от психологических проблем. - М.: Центрполиграф, 2010. – 81 с.

Түйін

Бұл мақаланың мақсаты – ертегі-терапиясын тек психология саласында емес, сонымен қатар педагогикада да баланы тәрбиелеу құралы ретінде қолдануға болатындығын ашып көрсету. Егер ақпарат көздерінен ертегі-терапиясының анықтамасын іздейтін болсақ, онда белгілі бір қиындықтар туындайды. Әртүрлі мәтіндерде бұл термин әрқалай қолданылады. Ертегі-терапиясын тәрбие беруде де, білім беруде де, дамуда да, тренингтік әрекеттерде де және психотерапия құралы ретінде де қолданады. Сонымен, ертегі-терапиясы – бұл тек емдеу әдісі емес (ертегілердің көмегімен шынында да психологиялық негіздегі мәселелерді емдеуге болады), ертегілер тәрбие беру ортасы ретінде, қандай да бір затты үйрету үдерісінде (дидактикалық ертегілер) және баланың белгілі бір сапасын дамыту үшін қолданылады.

Резюме

Цель этой статьи – показать использование сказкотерапии не только в области психологии, а также ее можно использовать в педагогике как средство воспитания ребенка. Если попытаться найти в информационных источниках определение сказкотерапии, то возникнут определенные сложности. Это будет связано с тем, что в различных контекстах, этот термин используют по-разному. Сказкотерапию используют и в воспитании, и в образовании, и в развитии, и в тренинговом воздействии, и как инструмент психотерапии. Итак, делаем вывод, что сказкотерапия – это не только метод лечения (с помощью сказки действительно можно лечить проблемы психологического характера), сказка может быть использована и в качестве воспитательного средства, и в процессе обучения какому-то предмету (так называемые дидактические (учебные) сказки), и для развития каких-либо качеств у ребенка.

Resume

The aim of this article is to show the use of tale therapy not only in the field of psychology, and it can also be used in pedagogy as a means of child upbringing. If to try to find the information source the definition of tale therapy, then there will be some difficulties. This is due to the fact that, in various contexts, the term is used differently. Tale therapy is used and in upbringing, and in education and in the development and in the training impact, and as a tool for psychotherapy. So, we conclude that tale therapy - is not only a method of treatment (with the help of fairy tales we can really treat psychological problems), the tale can also be used as educational tools, and in the process of learning any subject (so-called didactic (educational) tales), and for the development of any qualities in the child.

ӘОЖ 373.1.02:37.035.6:78(=512.122)

ОҚУШЫЛАРДЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМГЕ ТӘРБИЕЛЕУ – ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРОБЛЕМА

Р.М. Рысбекова – п.ғ.к., аға оқыт., *І.Жансүгіров ат. Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.*

Қазақстан республикасының Егемендігі жағдайында “қазақстандық патриотизм” ұғымы нығайған рухани-саяси фактор ретінде, мемлекет саясаты мен идеологиясының жаңа парадигмасы ретінде қарастырылатын ерекше құнды мәнге ие болуда. Оның пайда болуы мен бекуі Қазақстан тәуелсіздігінің нығаюы мен күшеюіне байланысты. Өйткені өз азаматтарына патриотизмді қажет етпейтін бірде-бір мемлекет болған емес және болмайды да. Қазақстандық патриотизмнің өзіндік ерекшеліктері туралы мақалада мазмұндалады.

Патриоттық тәрбие теориясына педагогика классиктері мен қоғам қайраткерлері (Н.К. Крупская, А.С. Макаренко, М.И. Калинин, В.А. Сухомлинский және т.б.) айтарлықтай үлес қосты. Олардың патриоттық тәрбие мәселесі саласында айтқан құнды пікірлері, қағидалары, оған деген көзқарастары мақалада жан-жақты ашып көрсетілді.

Мақалада жалпы білім беретін мектепте жүзеге асырылатын біртұтас тәрбие беру процесінде патриоттық тәрбие міндеттерін шешуге жетекші орын беріледі. Патриотизмге тәрбиелеу мәселесін қазіргі көзқарас тұрғысында қарастырғанда, біртұтас тәрбие беру процесіндегі патриоттық тәрбие процесінің мәнін, оның орнын, рөлін дұрыс түсіну қажет. Сонымен бірге оқушылардың патриоттық тәрбиесіндегі сабақтастықты да (этнопедagogика, ресми педагогика), олардың оқушылардың патриоттық тәрбиесін жүзеге асырудағы мүмкіндіктерін де, қоғамның осы мәселеге байланысты әлеуметтік тапсырысын да (республикалық, аймақтық) (Сурет 1).

Патриоттық тәрбие еңбек тәрбиесімен де өзара тығыз байланысты, өйткені, «еңбек әрекеті патриоттық сана мен сезімді жүзеге асырудың негізгі формасы қызметін атқарады». Патриоттық тәрбиенің эстетикалық тәрбиеге

де жақындығы мол, өйткені көркем өнер туындылары болмыстың бейнесі, тұлға сезімінің нақты бір көрінісі болып саналады, өмір тәжірибесін берудегі формасы қызметін атқарады.

Тірек сөздері: жалпықазақстандық патриотизм, ұлттық патриотизм, қазақстандық патриотизм, патриотизм, патриоттық тәрбие, отан, атамекен, ел-жұрт, азаматтық борыш, ар-намыс, адалдық пен әділдік, ұлттық парыз, патриоттық сана-сезім

Қазақстан Республикасының Егемендігі жағдайында «қазақстандық патриотизм» ұғымы нығайған рухани-саяси фактор ретінде, мемлекет саясаты мен идеологиясының жаңа парадигмасы ретінде қарастырылатын ерекше құнды мәнге ие болуда. Оның пайда болуы мен бекуі Қазақстан тәуелсіздігінің нығаюы мен күшеюіне байланысты. Өйткені өз азаматтарына патриотизмді қажет етпейтін бірде-бір мемлекет болған емес және болмайды да.

Егемендік пен тәуелсіздікке ие болу жағдайында Қазақстан қоғамында «жалпықазақстандық патриотизм», «ұлттық патриотизм», «қазақстандық патриотизм» ұғымдары жиі пайдаланылады.

Жалпықазақстандық патриотизм – Қазақстанда тұрып жатқан барлық ұлт өкілдерінің Қазақстанды өздерінің ұлттық Отаны деп қабылдауы.

Ұлттық патриотизм, деген өз ұлтының, мәдениеті мен әдебиетінің тілі мен ділінің, салт-дәстүрлерінің бәріне екенін сезіну, жерінің Қазақстан екенін жете түсінуіне байланысты.

Ұлттық патриотизмді қалыптастыруда «отан», «атамекен», «ел-жұрт», «азаматтық борыш», «ар-намыс», «адалдық пен әділдік», «ұлттық парыз» сияқты құндылықтар негіз болған. Мысалы қазақ халқы туып өскен жерін, ата-анасының жерленген жерін ерекше қадір тұтқан, қай жерде болмасын олардың басына келіп, құран оқытып, бата жасатып тұрған, мүмкіндігінше туған жерден кетпеуге тырысқан. Оны «Отан оттан да ыстық», «Басқа елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», «Ер өзі үшін туады, елі үшін өледі» деген мақал-мәтелдерден-ақ көруге болады. Халық балалар мен жастарға өз Отанын, туған елін, халқын, ана тілін, салт-дәстүрін терең сезіммен сүйе білуге баулыған. Әркімге өзінің туып-өскен жері қымбат болатынын «Ер елінде, гүл – жерінде», «Ел іші – алтын бесік», «Елінен безген ер оңбайды» деп ескертіп отырған. Яғни, өз болмыс-бітімін Отанынан жеке бөліп қарамаған. Отанын, елі мен жерін өзінің туған анасындай құрметтеген.

Отанға деген сүйіспеншілік арқылы адамның бойында патриоттық сезімді туындатқан. Оның аясында азаматтық парыз, борыш көрініс алған. Халық жеткіншектерден өз елін, жұртын, Отанын қызмет етуді, азаматтық борыш деп санаған. Отан мен халық алдында борышын адал орындай білген адамды сана-сезімі, дарын-қабілеті жетілген адам деп қабылдаған.

Борышты өтеуде моральдық сенімнің маңызы зор. Парыз бен борышты орындау жауапкершіліктен туындайды. Отан, ата-ана, ел-жұрт алдындағы парызды, борышты атқаруда ар-намыс түсінігінің орны ерекше болған. Ар-намыс деген қазақ халқының бойына сіңісті қасиет, ұлттық әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктің бір көрінісі, отансүйгіштіктің белгісі десе де болады.

Жалпыұлттық патриотизм деген, өзін туған елінің бір бөлігі ретінде сезінуі. *Жалпықазақстандық патриотизм* болса, ол өз Отанына деген сүйіспеншілікпен қатар, қазақстанды мекендейтін ұлт өкілдеріне деген сыйластық сезімді білдіреді. Яғни, басқа халықтарға деген құрмет сезімді, бүкіл адамзат түсінігінен ізгі орын алатын Отанға деген сүйіспеншілікті білдіреді.

Жалпықазақстандық патриотизм деген бірқатар принциптердің негізінде (тең құқықтық, бірін-бірі өзара руханиландыру, еріктілік, өзара көмек, ортақ мақсат-мүдделер, ұлттық және адамзаттық құндылықтарды ұштастыру, қазақ ұлтының республикадағы басқа ұлт өкілдерімен (орыс, ұйғыр, неміс және т.б.) өзара байланысы негізінде қалыптасады. Қазіргі жағдайда жалпықазақстандық патриоттық тәрбие мынадай негізгі бағыттарды қамтиды: егеменді елдің жаңа идеологиясын жасау; азаматтардың осы идеологияны терең меңгеруіне; мемлекеттік қоғамдық ұйымдар тарапынан патриоттық тәрбие жұмысын жүйелі түрде жоспарлау және оның тиімділігін бақылау; патриоттық тәрбие саласында жинақталған тәжірибені зерделеу және оны тарату; республика мекемелерінде, мерзімді баспасөздерде жалпықазақстандық патриоттық тәрбиенің рөлін жетілдіру; әрбір Қазақстан азаматының бойында патриоттық сана-сезімін тәрбиелеу, жалпыұлттық мақтаныш сезімін тәрбиелеу; Отан мүдделерін қорғауда жауапкершілік пен патриоттық парыз сезімін қалыптастыру; ел азаматтарын шовинизмге, экстремизмге, сепаратизмге қарсы күресе білуге тәрбиелеу болып табылады.

Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың стратегиясында қазақстандық патриотизм идеясы халықтың бірыңғай азаматтығын қалыптастырумен тығыз байланыста қарастырылады.

Ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның топтасу стратегиясы мүмкіндіктерінің теңдігіне негізделген бірыңғай азаматтықты қалыптастыру, барлық этникалық топ құқықтарының теңдігін қамтамасыздандыруды, қоғамдағы ауқаттылар мен кедейлердің арасындағы айырмашылықтарды азайтуды, ауыл проблема-

сына ден қоюды, әрбір ұлт өкілдерінің арасында өзара құрмет, сенімді көзқарасты орнықтыруды талап етеді. Бұл шараларды жүйелі түрде іске асыру азаматтардың отаншылдық сезімін нығайтуда оңды ықпал ететін болады.

Президент Республиканың әлеуметтік экономикалық перспективасын болжауға бағытталған «Қазақстан-2050» жолдауы қазақстандық патриотизмді орнықтыруға қолайлы жағдай жасайды. Жолдау халықтың көкейінде болашаққа деген сенімді ұялатады, қоғамды белсендендірудің факторы ретінде қызмет атқарады [1].

Жолдауда Қазақстан елінің міндеті: ұлттық бірлікті нығайту, әлеуметтік әділеттілікті орнату, халықтың экономикалық әл-ауқатын, тәуелсіздігін көркейту, саяси тұрақты мемлекетті құру деп атап көрсетілген.

Қазақстандық патриотизм азаматтардың, қоғам мен мемлекеттің бірлесе атқарған іс-әрекеттері арқылы қалыптасады. Қазақстанның өзінің Елұраны, Елтаңбасы, Туы бар.

Бостандық пен тәуелсіздікті аңсаған халықтар сияқты, қазақ халқының да патриоттық сезімі аса айшықты дамыған және бұл сезімді халық ғасырлар бойы сақтап келген. Оны ежелгі түрік қағандығы кезінде тасқа жазылған Күлтегін ескерткіштерінен қазақ даласының ғұлама ойшылдарының (Фараби, Баласағұн, Қашқари және т.б.) патриотизмдік сүйіспеншілікке толы мұраларынан, елінің тәуелсіздігі мен бостандығын жау шапқыншылығынан сақтап қалған, көрнекті мемлекет қайраткерлерінің (Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Тәуке хан) патриотизмдік істерінен көруге болады.

Ұлы ағартушылар – Шоқан, Ыбырай, Абай да өз шығармаларында туған еліне, Отанына өз сүйіспеншіліктерін көрсете білген. Оған Шоқанның: «Мен, ең алдымен, өз отбасымды, туған-туыстарымды қадірлеймін, одан соң ауыл-аймақ, ел-жұртымды, руластарымды, одан соң халқымды, одан соң Сібір орыстарын, Россия жұртын қадірлеймін» – деген, Абайдың «Әкенің ғана баласы болма, адамның баласы бол» – деген сөздері дәлел болады [2].

Ағартушылардың бұл сөздерінің бүгінгі таңдағы халықтар достығын нығайтуда маңызы өте зор.

Ұлттық патриотизм мен интернационалдық көзқарасты қалыптастыруда Алаш қозғалысының да (А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Дулатов және т.б.), Ұлы Отан соғысы мен бейбіт өмірдегі «Желтоқсан» қозғалысының да рөлі ерекше болды.

Ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың сөзімен айтқанда: «1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы қазақ жастарының сана-сезімінің қаншалықты өскендігін көрсетті. Олар 100 жылға жуық уақыт бойы халықты қазармалық тәртіпте ұстап тоталитарлық жүйенің алдында бірінші болып айылдарын жиған жоқ. Жастар бұдан әрі кез келген ұлтқа тән ұлттық мақтаныш сезімдерін қорлауға жол бермейтінін өз халқының атынан ашық мәлімдеді» [3]. Бұның бәрі қазақ жастарының ұлттық намысының, патриоттық сана-сезімінің туған елге, Отанға деген сүйіспеншілігінің жоғары екенін дәлелдейді.

Сонымен «патриотизм» ұғымына берілген анықтамаларды зерттеп, зерделеу, патриотизм – Отан, туған өлке, ғұлама адамдар туралы терең білімді адамның басқа адамдарға және олардың түрлі іс-әрекеттеріне, қоғамға, оның өткені мен бүгінгісіне, табиғатқа, мәдениетке, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға деген көзқарасында көрінетін, патриоттық сезімдерінің тығыз бірлігінде көрсетілетін күрделі әлеуметтік құбылыс. Бұл қоғам мүддесіне деген белсенді іс-әрекет, қауіп-қатер төнген кездегі оны қорғауға деген даярлық, Отан алдындағы борыш пен жауапкершілікті саналы түрде жете түсіну деп пайымдауға мүмкіндік береді.

Тәрбиенің басты мақсаты, адамдардың адами қасиеттерін ұлттық санасын, идеялылығын, ғылыми дүниетанымын, рухани көзқарасын қалыптастыру болып табылады. Бұл қасиеттер жүйелі түрде ғылыми білімдермен қоғам дамуының объективті заңдарын меңгерту арқылы, жаңа қоғам құрылысы міндеттерінің шешіміне белсенді араластыру нәтижесінде қалыптастырылады. Теорияны оқып-білу саналы түрде меңгеруді талап етеді, себебі тек осы жағдайда ғана білім адамның терең ішкі сенімділігіне айнала алады.

Идеялық сенімділік белсенді практикалық әрекетті болжайды: Отан игілігіне адал еңбек ету, Отанды қорғау. Шынайы тұлғалардың шынайы ойлары мен сезімдерін бір ғана көрсеткіш бойынша бағалауға болады. Нақтырақ айтқанда, осы тұлғалардың қоғамдық әрекеттері бойынша.

Патриоттық тәрбие теориясына педагогика классиктері мен қоғам қайраткерлері айтарлықтай үлес қосты. Патриоттық тәрбие – идеялық-тәрбие жұмыстарының маңызды бағыттарының бірі екендігін, оның негізін мектепте қалыптастыру қажеттігін кезінде Н.К.Крупская өте орынды айтып кеткен. Ол патриоттық және интернационалдық тәрбиенің өзара байланысына тереңірек бойлаған. «Интернационалдық тәрбие жас патриоттардың саяси – идеялық және моральдық дайындығының ажыратылмайтын бөлігі», – деп атап көрсеткен [4, 80-86 бб.].

М.И. Калинин де патриоттық тәрбие мәселесіне ерекше көңіл аударған. «Біз ССРО-ның барлық еңбекшілерін жалынды патриот рухында, өз Отанына деген шексіз сүйіспеншілік рухында тәрбиелеуге тиіспіз. Мен дерексіз, желөкпе сүйіспеншілік туралы айтып тұрған жоқпын, қайсар да белсенді, өмірді құмарта

сүйетін, тасқынды сүйіспеншілік туралы, жауларына ешқандай аяушылық көрсетуді білмейтін, Отан үшін ешқандай құрбандыққа басын тігетін сүйіспеншілік туралы айтамын» – деген [5]. Ол сабақтарда, сабақтан тыс жұмыстарда, жүргізілетін тәрбие әрекетінің бәрі жас жеткіншектердің патриоттық сана-сезімін қалыптастыруға бағытталуы қажет деп ескерткен. Мектеп оқушыларының өмірге деген қызығушылығын дамытып, іс-әрекеттерге белсенді араластыру арқылы, патриотизмге тәрбиелеуге болатынына, пән сабақтарының тәрбиелік мүмкіндіктерін кеңінен пайдалануды ұсынған.


А.С. Макаренко болса жас ұрпаққа тәрбие берудің әр түрлі бағытын қарастырған, мектептегі білімді өмірмен байланыстырған, патриоттық тәрбие беруде қоғамдық пайдалы еңбектің рөліне аса мән берген. Патриоттық тәрбие дегеніміз «социалистік қоғамның белсенді қайраткерін тәрбиелеу, шыныққан, революцияға берілген, мейірімді де қатал қайраткерлердің көптеген ұрпағын тәрбиелеу» деп түсіндірген [6].


В.А. Сухомлинский: «Советтік патриотизм күрделі ұғым. Ол социалистік қоғамда үстемдік етуші, саяси идеялардың мызғымас бірлігі, коммунистік адамгершілік сенімділік, совет адамдарына тән жаңа сезімдер, олардың батырлық ерліктері мен батылдық істері болып саналады. Советтік патриотизм адам тұлғасының барлық жақтарын – оның санасын, сезімдерін, ерік – жігерін қамтиды» – деп ой түйіндеген [7, 3 б.]. «Патриоттық көзқарастармен сенімділікті қалыптастыруда сана мен мінез-құлықтың бірлігін қамтамасыз ету қажеттігін» айта келіп, оқушылардың белсенді практикалық іс-әрекеттеріне, олардың тәжірибесіне социалистік құрылысты қосып, орасан зор мән берген [7, 4 б.]. Өзінің теориялық және практикалық жұмысында патриоттық тәрбиенің әр түрлі бағыттарын, осы саладағы оқу-тәрбие үдерісінің мүмкіндіктерін қарастырады. Мысалы, патриоттық тақырыптарға арнайы сабақтар өткізуді жөн санаған: «Біздің Отанымыз – Советтер Одағы», «Біздің еліміздің тамаша адамдары» және т.б. Тіпті, 1 сынып оқушыларына арнап советтік патриотизмнің негізі ерекшеліктерін ашып көрсететін әңгімелер жүйесін теориялық тұрғыда негіздеген.

Н.В. Савин, патриоттық тәрбие мазмұнын аша отырып, советтік патриотизмнің сезімдік, интеллектуалдық және әрекеттік жақтарының тығыз байланысын атап айтады. «Совет адамдары өзінің социалистік Отанына деген зор сүйіспеншіліктерімен ерекшеленеді – еңбекшілер мемлекеті және оның күш-қуаты мен даңқын нығайтуға бағытталған, нақтылы істерде осы сүйіспеншілікті көрсетеді», сондықтан, жақын адамдарына, туған өлкеге деген сүйіспеншілік сезімдерін дамыту, патриоттық тәрбие ісінде жұмыстардың маңызды бағыттарының бірі болады деп атап көрсетеді. «Балаларды біздің Отанымыздың еңбек және жауынгерлік революциялық өткеніне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу маңызды міндет болып табылады. Осы өткен игілікті дәстүрлер негізінде, біздің еліміздің даңқы мен күш-қуатын арттыруға ұмтылу, қалыптасады», ескертуді де ұмытпайды [8, 209 б.].

Жалпы білім беретін мектепте жүзеге асырылатын біртұтас тәрбие беру процесінде патриоттық тәрбие міндеттерін шешуге жетекші орын беріледі. Патриотизмге тәрбиелеу мәселесін қазіргі көзқарас тұрғысында қарастырғанда, біртұтас тәрбие беру процесіндегі патриоттық тәрбие процесінің мәнін, оның орнын, рөлін дұрыс түсіну қажет. Сонымен бірге оқушылардың патриоттық тәрбиесіндегі сабақтастықты да (этнопедагогика, ресми педагогика), олардың оқушылардың патриоттық тәрбиесін жүзеге асырудағы мүмкіндіктерін де, қоғамның осы мәселеге байланысты әлеуметтік тапсырысын да (республикалық, аймақтық) жақсы білген жөн.

(Сурет-1)





Сурет 1 – Оқушылардың патриоттық тәрбиесінің шартты түрде алынған моделі

Патриоттық тәрбие беру өзінің мазмұны жағынан саяси-идеялыққа, адамгершілікке тәрбиелеу саласының бірі болып табылады, өйткені «оның қалыптастыратын тұлғалық қасиеттері оның саяси сипатына қатысты... Отанға берілгендік адамның жоғары адамгершілігінің жетекші нышанының бірі болып табылады» [9, 18 б.].

Жалпытеориялық сипаттағы жұмыстардың бәрінде адамгершілікке тәрбиелеудің міндеттеріне, патриотизм, ынтымақтастық, қорғанысқа даярлық, еңбекке адалдықпен қарау, жұмысты сапалы орындауға талпыныс, қоғамдық белсенділік сияқты қасиеттерді қалыптастыру қарастырылады. Авторлар адамгершілік тәрбие берудің мазмұнын коммунистік мораль, оның принциптері, ережелері, дәстүрлерін, халықтың рухани өмірінің ажыратылмайтын бөлігі ретінде мазмұндайды. Адамгершілік ережелері адамдардың іс-әрекеттерінің барлық түрлері мен қарым-қатынасында көрініс алатынын айтады. Барлық адамгершілік тәрбие жұмыстарының негізгі бағыттарын анықтай келе, тәрбие компоненттерінің өзара тығыз байланысын атап көрсетеді. «Оқушылардың адамгершілік тәрбиесінің мазмұнында шартты түрде мынадай компоненттерді бөліп қарастыруға болады: адамгершілік санасын қалыптастыру, адамгершілік сезімін дамыту, тұлғаның адамгершілік қатынастары тәжірибесін меңгеруі. Тәрбие үдерісінде осы компоненттердің бірлігі ғана мектеп оқушысы тұлғасының тұрақты адамгершілік қасиеттерін дамытады, оның өмірден өзіне қажетті дегендерін алуына көмектеседі» деген көзқараста болады [10, 168 б.]. Авторлар, сонымен бірге, патриоттық тәрбиеде «оқушыларды адамдармен, олардың өмір сүру ерекшеліктерімен, туған өлкенің тарихи, экономикалық және саяси даму тенденцияларымен таныстыру, ең жақын қоршаған орта туралы терең білімдер беру» ерекше маңызды рөл атқарады дегенді айтады [10, 121-б.].

Патриоттық тәрбие еңбек тәрбиесімен де өзара тығыз байланысты, өйткені, «еңбек әрекеті патриоттық сана мен сезімді жүзеге асырудың негізгі формасы қызметін атқарады».

Патриоттық тәрбиенің эстетикалық тәрбиеге жақындығы сол, көркем өнер туындылары болмыстың бейнесі, тұлға сезімінің нақты бір көрінісі болып саналады, өмір тәжірибесін берудегі формасы қызметін атқарады. Б.Т. Лихачев «балалардың ақыл-ой тәрбиесін меңгертілетін құбылыстағы сұлулық сырын ашып көрсетпей, еңбек тәрбиесін, еңбектің мазмұны мен үдерісіндегі әдемілікті танып білмей, адамгерші-

лікті – әдемі мінез-құлықты қалыптастырмай, денені дамытпай – адамның сымбатты денесін жетілдірмей көз алдыға елестету қиын. Сондай-ақ, эстетикалық тәрбиені де өмірмен байланыссыз, белсенді шығармашылық іс-әрекетсіз, мақсат-мұратқа жетудегі күрессіз көз алдына елестету мүмкін емес» [11, 313 б].

Осы қағидаларды ескере отырып, патриотизмді қалыптастыру *идеялық-тәрбиелік жұмыстардың* барлық жүйесі арқылы жүзеге асырылады, әйтседе, біртұтас тәрбие беру үдерісінің дербес бағыттылығына байланысты ол өзіне тән әдістер мен формаларды пайдалануды қажет етеді деуге болады.

1 Назарбаев Н.Ә. *Қазақстан 2050*. - Алматы: Юрист, 2012, – 65 б.

2 Уалиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1986. – 560 б.

3 Егемен Қазақстан. 12 желтоқсан 2006 ж. – 4 б.

4 Крупская Н.К. *О коммунистическом воспитании школьников: Сб.статей, выступлений, писем / сост. О.И. Грегора, К.А. Гусева, О.Кудрявцева*. - М.: Просвещение, 1978. – С. 80-86.

5 Калинин М.И. *О молодежи*. - М.: Молодая гвардия, 1975. – 335 с.

6 Макаренко А.С. *Воспитание в советской школе. Собр.соч., т.5*. - М.: АПН РСФСР, 1958., – 353 с.

7 Сухомлинский В.А. *Воспитание советского патриотизма у школьников*. – М.: Учпедгиз., 1959. – С. 3-4.

8 Савин Н.В. *Педагогика: Уч.пособие*. – М.: Просвещение, 1972. – С. 208-209.

9 Марьенко И.С. *Воспитание советского патриотизма и учащихся среднего школьного возраста во внешкольной работе. Автореф.дисс. канд.пед.наук. 13.00.01*. – М., 1955.

10 *Педагогика/ под.ред. Ю.К. Бабанского*. – М.: Педагогика, 1984, – 368 с.

11 Лихачев Б.Т. *Теория коммунистического воспитания*. – М.: Педагогика, 1974. – 313 с.

Резюме

В условиях Независимости Республики Казахстан бесценное значение приобретает рассматриваемое понятие «казахстанский патриотизм», как усиливающийся духовно-политический фактор, как новая парадигма государственной политики и идеологии. Его возникновение и утверждение связано с укреплением и усилением независимости Казахстана. Потому что не было и не будет ни одного государства, которому бы не был необходим патриотизм для своих граждан. В статье рассказывается об особенностях казахстанского патриотизма.

Значительный вклад в теорию патриотического воспитания внесли классики педагогики и видные общественные деятели (Н.К. Крупская, А.С. Макаренко, М.И. Калинин, Сухомлинский и др.) В статье подробно раскрыты их бесценные выводы, принципы и взгляды в области патриотического воспитания.

В статье ведущее место отведено решению задач патриотического воспитания в целостной системе процесса воспитания, претворяемого в жизнь в общеобразовательной школе. Если рассматривать проблему патриотического воспитания с сегодняшней точки зрения, то необходимо правильно понять значение, место и роль процесса патриотического воспитания в целостной системе воспитания. Вместе с этим понять и взаимосвязь патриотического воспитания учащихся (с этнопедагогикой, традиционной педагогикой), их возможности в деле патриотического воспитания учащихся, социальный запрос (республиканский, региональный) общества по данному вопросу (Рисунок – 1).

Патриотическое воспитание тесно взаимосвязано и с трудовым воспитанием, потому что «трудовая деятельность выполняет функцию основной формы претворения в жизнь патриотического понятия и чувства». Патриотическое воспитание очень близко и к эстетическому воспитанию, так как произведения художественного искусства считаются конкретным видом раскрытия образа действительности, понятия личности, выполняют функцию формы подачи жизненного опыта.

Summary

In the context of the Republic of Kazakhstan Independence, “Kazakhstani patriotism” discussed notion has a wide importance as strengthened spiritual-political factor, as a modern paradigm of state policy and ideology. Its erasing and confirmation linked with increased Kazakhstan independence. Because there is no government and will not be, which does not need citizens patriotism. The article depicts features of Kazakhstani patriotism.

Educators and public figures (such as Krupskaya N.K., Makarenko A.S., Kalinin M.I., Suhomlinski and others) made the crucial contribution in the theory of patriotic upbringing. Their valuable conclusions, principles and views of the patriotic upbringing scale are discussed in the article.

Also the article explains patriotic upbringing tasks solving as the whole upbringing process system which implements in the high school. If we examine the modern patriotic upbringing, so it is necessary to correctly understand the meaning and role in the whole upbringing system. Moreover to understand the relation of patriotic learners upbringing (ethno pedagogies, pedagogies), its opportunities in the patriotic upbringing deal, social request (republic, regional) concerning this issue (Picture – 1).

Patriotic upbringing is closely related with labour upbringing, so “labour activity is a main form of patriotic notion and feelings implementation”. Patriotic upbringing also is close to esthetic upbringing, thus artistic compositions are considered as specified type of real image revealing, individual notion, life experience admission.

ӨОЖ 373.3.016.026. 52(574)

ҚҰРАЛДАРДЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Н.С. Алпысбаева, Г.Ж. Шатырбаева – *І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті*

Мақалада оқушылардың танымдық қызығушылығын дамытудың теориялық және әдістемелік мәселелері жан-жақты қарастырылған: мектепте оқу үдерісінде оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастырудың құрылымдық элементтері, танымдық қызығушылықты дамытуды жүзеге асыру деңгейлері анықталған. Дидактикалық құралдардың түрлері мен мазмұны, ерекшеліктері және оларды қолдануға әдістемелік жолдары ұсынылған. Әдістемелік ұсыныстар нақты бастауыш мектепте оқыту үдерісіне бағытталып жасалған.

Кілттік сөздер: танымдық қызығушылық, бастауыш мектеп, оқу үдерісі, дидактикалық құралдар

Бүгінде жас ұрпақтың жаңаша ойлауына, дүниетанымының қалыптасуына, білім негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын құру - жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі.

Сабақты заманауи тұрғыда өткізу оқушылардың білім сапасын арттырып қана қоймай, олардың шығармашылық және ойлау қабілеттерін дамытады. Сондықтан да мектептегі оқу үдерісінің негізгі мақсаты – арнайы педагогикалық әдістермен мақсатты және жүйелі түрде оқушылардың шығармашылық ойлауын дамыту, ғылыми көзқарасымен белсенділігін қалыптастыру, әр адамның бойындағы туғаннан пайда болған интуициясын әрі қарай дамытуға ықпал ету, оқушының табиғи қасиеттерін, білім деңгейін терендету үшін оқытуды жоспарлы түрде ұйымдастыру, өз бетінше білім алу дағдыларының дамуына негізін салу болып табылады.

Оқушының жеке тұлғасын, рухани әлемін, ынтасы мен қабілетін дамыту бүгінгі күннің негізгі мәселелердің бірі. Себебі: оқушылар өз бетімен ізденіп жұмыс істеуге, өз бетінше білімді тәжірибеде, өмірде пайдалануға дағдыланбаған. Осы мәселені шешу жолында оқу материалын түсіндіру кезінде оқушылардың сезіміне, эмоцияға ықпал ету арқылы ынта-ықыласын, қызығушылығын күшейту қажет.

Оқушы назарын аудару, оның ойына түрткі болатын қызықты материалдар, әр түрлі қызықты есептер, викториналар, ойындар сабақ үстінде өзінің орнын алады. Әсіресе, бастауыш сынып оқушыларын бірсарынды оқытудан гөрі оларға әр түрлі жарыстар, эстафеталар және ойындарды ұйымдастырған тиімді болады.

Оқыту үдерісінде оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастырудың құрылымдық элементтерін қарастырайық (1-кесте) [1].

1-кесте. Оқу үдерісінде оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру

Компоненттері	Өлшемдері	Көрсеткіштері
Мотивациялық-еріктік компонент	Тұлғаның танымдық қызығушылықты қажетсінуі мен танымдық қызығушылыққа ынтасы	- танымдық қызығушылықтың тұлғалық-құндылық маңызын түсінуі; - өмірде өз орнын табуға деген құлшынысы; - өз мүмкіндіктерін тануға, жетілдіруге деген ұмтылысы; - белгіленген кезеңде атқаратын қызығушылыққа ынтасы, өзгермелі өмірге икемделуге деген құлшынысы; - жаңа ақпарат ағымын үздіксіз меңгеруге деген талпынысы; - «ақпарат-білім-ақпарат» жүйесінде өзінің танымдық қызығушылығын жетілдіруге қабілеттілігі.
Мазмұндылық компонент	Жүйелілік, біртұтастық, игерілген білімнің тереңдігі	- пәндік білімді танымдық қызығушылықты тұрақты және жүйелі қолдануы; - танымдық қызығушылықты шығармашылық тұрғыда меңгеруі; - танымдық қызығушылықты дамытудың тәсілдерін меңгеруі; - танымдық қызығушылықты жүзеге асырудың тәсілі мен мазмұнын түсінуі.
Әрекетті-тәжірибелік компонент	Танымдық қызығушылық негіздерін игеруі және оны тәжірибеде қолдана білуі, құзыреттілік деңгейінің қалыптасуы	- өз бетінше танымдық қызығушылықты жүзеге асыруы; - танымдық жағдаяттарға талдау жасай білуі; - танымдық қызығушылықты атқару барысында дәстүрлі емес шешімдер қабылдауы; - танымдық қызығушылықты қалыптастыру бағытында туындаған жағдаяттарды өз бетінше шеше білуі; - танымдық қызығушылықты жоспарлауы және оны тиімді ұйымдастыру жолдарын таба білуі.
Бақылау-бағалау	Танымдық қызығушылықты	- танымдық қызығушылықты объективті бағалай білуі; - танымдық қызығушылықтың маңызды сипаттамасы ретінде өзін өзі бақылау мен бағалау дағдыларын меңгеруі;

компоненті	рефлексиялау қабілетінің дамуы	- танымдық қызығушылыққа талдау жасай білуі; рефлексия; - танымдық қызығушылықты қалыптастыруда жіберілген кемшіліктерді анықтауы және түзету енгізуі.
------------	-----------------------------------	--

Оқыту үдерісінің алдына қойған мақсат- міндеттерін жүзеге асыру белгілі бір тәртіппен, нақтылы жүйемен жүзеге асырылады, яғни ол оқушылардың танымдық қызығушылығын дамытуға басшылық жасау жүйесі. Оның өзі бірнеше элементтен немесе буындардан құралады.

Оқу материалдарының мазмұны, жан- дүниені қызықтыруға бағытталуы тиіс. Танымдық қызығушылықты дамытудың үш шарты бар:

1) Мазмұнның жаңғыртылуы, бұрын жарияланып өтілген фактілерді жаңаша сипаттау, хабарланып отырған мәліметтерге тарихи бағдар беру, білімнің тәжірибелік мәнін ашып көрсету және ғылымның соңғы жаңалықтарын, табыстарын жүйелі баяндау.

2) Өз бетінше жұмыс істеудің әр-түрлеріне негізделген, оқытудың проблемалық тұрғыда алған мәліметтерді зерттеу негіздеріне және оқушының шығармашылық, тәжірибелік жұмыстарына бағытталған оқыту тәсілдері.

3) Оқушының қабілетін ұштау, оқытушының оқушыға көмек беруге дайын тұруы, олардың мүмкіндіктеріне қолдау көрсету қабілеті, талап қоюшылығы мен адалдығы, оқушыларды көтермелей білу, сондай-ақ оқушылардың өзара бәсекелестігіне көмек көрсете білу қасиеті. Оқушылардың танымдық білімі мен білігін қалыптастыру мақсаты арнайы жүйеге негізделген:

- жаңа білім беруге дайындық;
- жаңа білім беру;
- жаңа білімді бекіту.

Оқушылардың оқу-танымдық қызығушылығын белсенділендіруде оқу материалының маңыздылығы дәрежесіне қарай, оның құндылығын анықтай білу, сабақ беру мен оқу үдерісін ұйымдастыра білудің маңызы зор. Оқытудың мазмұнына да фактілерден, әрекет тәсілдерінен басқа оқытудың шын мазмұнымен бірге оқу үдерісінде қатысушылардың арасында ақпарат алмасу қорын құратын және оқушылардың осы мазмұнды игеруіне және оны тәжірибеде қолдануына қызмет ететін мәліметтер қамтылады.

Қазіргі кезеңгі қоғам талабына сай оқытуда жаңа технологияларды пайдалана отырып, оқушылардың оқу-танымдық қызығушылығын белсенділендірудің шығармашылық әлеуетін көтерудің маңызы зор.

Танымдық қызығушылық үш деңгейде жүзеге асады (2-кесте).

2-кесте. Танымдық қызығушылықты жүзеге асыру деңгейлері

Деңгейлер	Мазмұны
Жоғары	- білуге деген қызығушылық; - іс- әрекетті бағалай білу.
Орта	- танымдық іс-әрекетті өздігінен орындау.
Төменгі	- тапсырманы қайталау; - оқытушы көмегіне жүгіну.

Оқыту үдерісінде білім берудің негізгі принциптері бір-бірімен байланысты жүзеге асады. Мысалы: саналылық, көрнекілік, жүйелілік, беріктік, шамаға лайықтылық және тағы басқалар.

Бастауыш сыныпта математикадан оқушылардың білім деңгейін көтеруде көрнекілік принциптерінің рөлі ерекше.

Көрнекі түрде оқыту – оқушылардың тиісті бақылауларына сүйеніп оқыту, бірақ көрнекі оқыту дегенді тек көрнекі құралдарды пайдаланып отыру деп түсінбеу керек. Көрнекілікпен оқыту арқылы білім сапасы арттырылады, материалды жетік терең әрі тез, жеңіл түсінуіне ықпал жасалады.

Көрнекілік принципінің *мақсаты* оқылатын тақырыпқа сай оқушылардың білім көлемін тереңдету, қызығушылығын орнату және есте сақтау қабілетін шыңдау, мұғалімнің өз ойын оқушыларға нақтылы дәлелдеуі үшін қолдануы.

Көрнекілік принципінің *міндеті*, біріншіден, заттың немесе құбылыстар мен оқиғалардың бейнелерін, көлемін, түр-түстерін көрнекілік құралдарын пайдалану арқылы оқушыларға жеткізу.

Бұл принциптің екінші міндеті оқушылардың алатын білімін нақтылау үшін сабақтар жүйесінде қолданылатын көрнекі құралдары мен оқудың барлық мазмұнын практикамен, өмірмен байланысын қамтамасыз етуді көздейді. Себебі оқушылардың білімді қабылдауында сезім мүшелерінің қызметі ерекше. Оқушылар тікелей түйсіну, көру, есту мүшелері арқылы әртүрлі заттардың формасын, түсін, көлемін, бейнесін көріп, дыбысын естиді. Осылардың негізінде оларда түйсіну арқылы ой пайда болады, нақтылы құбылыстарды байқауға, қабылдауға деген ынтасы оянады, дағды қалыптасады [2].

Дидактикалық құрал білім алушының барлық оқу іс- әрекеттерінің нәтижелілігін анықтайтын

олардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру ретін, формасын және әдістерін белгілейді.

Дидактикалық құралдардың ерекшелігі – мұғалім әрбір өтілген материалдан кейін оқушылардың меңгеру деңгейін анықтай отырып, белгілі бір жоспармен жүйелі түрде мынадай жұмыстар жүргізеді:

- оқу пәні бойынша әртүрлі бақылау жүргізу үшін білім алушылардың оқу жетістіктерінің өлшеуіштерінің комплектісін жасау;

- білім алушылардың оқуға, өзіндік іс-әрекеттерге, күнделікті жүйелі жұмыстарға деген ынталарын арттыру;

- оқушы жетістіктерінің негіздері ретінде сыни ойлануын және өзін-өзі бағалау қабілеттерін дамыту;

- сыртқы және ішкі бақылау негізінде оқу жетістіктерінің өсу динамикасын қадағалау.

Көрнекілік әдісімен оқу – оқушыларды өз бетінше байқауға үйретуге негізделеді. К.Д. Сондықтан сабақта көзбен көру, дыбыс мүшелерімен айту, қолмен жазу, тағы басқа сезім мүшелерінің белсенді қатысуы тиіс. Егер де педагог баланың есінде бірдеңені берік қалдыруды көздейтін болса, ал көз, құлақ, дауыс, бұлшық ет сияқты сезім органдарының, тіпті мүмкін болса, иіс және дәм сезімдерін де есте сақтап қалу әдісіне көбірек қарастыруға тырысуы керек – деген К.Д. Ушинский [3].

Көрнекі құралдар арқылы балалар амалдың идеясын да түсінетін болады, мысалы, тәрелкедегі сүтті жалап жатқан екі мысыққа үшінші бір мысық жүгіріп келе жатқанын көргенде, бала барлығы неше мысық деген сұрауға жауап беру үшін, 2+1 керек деген ой келеді.

Көрнекі құралдарды әртүрлі тәсілмен пайдаланудың маңыздылығы – оны жеткілікті және қажетті пайдалануды көрсету керек. Орынды пайдаланылмаған көрнекілік өзінің сапасын жоғалтады. Мұнда оқу үдерісінің білімділігі де кемиді. Оқушылардың сабаққа ынта-жігері, қызығушылықтары жоғалады. Сондықтан көрнекіліктерді тиімді тәсілмен қолдану керек [4].

Көрнекілік бастауыш мектепте математика сабақтарында білім көзі ретінде қолданылған, ол елеулі мәселеде берілетін білімді нақтылау мақсатында көрнекі құралдар да түрлі тәсілдермен қолданылады.

Оқыту құралдарының дидактикалық мүмкіндіктері: оқу құралдары жүйесінің қалыптасуы – білім беру құралдарының түріне өзіндік белгілері бойынша жіктеу тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар олардың дидактикалық қасиеттері мен функцияларын (қызметін) білуді де қажет етеді.

Оқу құралдарындағы сабақтастық проблемасын шешу процесінде мынадай құралдардың жинақы түрде мынадай бағыттарда – техникалық, психологиялық, дидактикалық-әдістемелік және санитарлық-гигиеналық түрде қарастырылуы көзделеді.

Оқытудың техникалық құралдары мен көрнекілік құралдарының жинақы түрде қолданылуының *бірінші бағыты* – ұйымдастыру және экономикалық мәселелердің шешілуімен байланысты (мысалы, мұғалім мен оқушылардың жұмыс орындарына инженерлік-техникалық шешім беру, оқудың техникалық құралдарын, көрнекі құралдарын жасау, техникалық тапсырмаларды және автоматтандырылған сыныптарды жоспарлауға байланысты техникалық ұсыныстарды жасауға шешім қабылдау және т.б.).

Мұндай құралдардың жинақы түрде қолданылуының *екінші бағыты* – оқушылардың ұғыну және ойлауының психологиялық заңдылықтарымен байланысты. Сенсомоторлық және перцептивтік процестерді қалыптастырудың айтарлықтай үлесі көз анализаторына келетінін психологтардың зеттеулері көрсетті. Әрине, мысалы, сенсомоторлық процестерді қалыптастыруда есту анализаторының алатын орны да бар. Егер адамның әр деңгейдегі (түйсік, қабылдау, елес) көз және есту анализаторларының жұмысын салыстырсақ, онда мұндай салыстырудың пайдасы көз жүйесінде болатынын көруге болады.

Оқу құралдарының жинақы түрде қолданылуының *үшінші бағыты* – дидактикалық шарттармен және олардың ұсынылуының әдістемелік тәсілдерімен байланысты. Қайсыбір материалдар мен құралдарды және басқа да көрнекі материалдар мен оқудың техникалық құралдарын іріктеп алу әр уақытта оқып-білушілердің танымдық мүмкіншіліктеріне сәйкес келуі керек, оқудың мақсаты, міндеті мен мазмұнына, сабақ беру мен сабақ алудың ұйымдастыру түрлері мен әдістеріне сүйену керек.

Оқу құралдарын жинақы түрде қолданудың *төртінші бағыты* – оқу үдерісін ұйымдастырудың маңызды жақтарын бейнелейді (мұғалімдер мен оқушылардың оқу бөлмелеріндегі және оқу-өндіріс шеберханаларындағы жұмыс орындарының лайықты түрде жарықталғандығына қойылатын белгілі нормативтік талаптарды сақтай білу; зерттелетін нысандардың қолайлы қарсыластығы, оқып-білушілердің көз алдында жарықты қолайлы болатындай үлестіру және т.б.).

Оқу құралдарындағы сабақтастықты әбден толық жүзеге асыру, кабинеттері мен шеберханаларының материалдық-кеңістіктік ортасы мен материалдық-техникалық жабдықталуы заманауи инженерлік-психологиялық талаптарды, сондай-ақ жалпы білім беретін және кәсіби-техникалық мектептердің материалдық-техникалық базаларына қойылатын педагогикалық талаптарды қанағаттандыратын оқу орындарында ғана мүмкін болады. Мұндай талаптар мен дидактикалық мүмкіншіліктер зерттеушілердің еңбектерінде толық баяндалған. Оқу құралдары мен техникалық оқу құралдарындағы сабақтастық оқудың материал-

дық-техникалық оза даму принципін, оқудың мазмұны, әдістері мен ұйымдастыру түрлерінің дамуының прогресшіл бағытын қанағаттандыру қажеттігін, ғылым мен өндірістің қазіргі уақыттағы өзара әрекеттесуінің сипатын бейнелеу керек болады [5].

Білім мазмұнын қабылдану мен меңгерту әр алуан көрнекі және техникалық құралдарды (модельдерді, кестелерді, сызбалар мен суреттерді, арнайы диа-кинофильмдерді) тиімді пайдалану арқылы іске асырылады.

Көрнекі құралдар оқушылардың кеңістік жөніндегі түсініктері мен конструктивтік қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Мәселен, математика пәнінен өзара тең екі үшбұрыштан параллелограмм салу есебін шығарғанда сызбаға қарағанда үшбұрыш модельдерінің берері мол. Сонымен бірге, көрнекі құралдар оқушылардың кейбір практикалық іскерліктерін шыңдауға ықпал етеді. Расында, егер оқушы қолына эклиметрді (бұрыш өлшегішті) ұстап көрмесе, қанша айтқанмен оның вертикаль жазықтықтағы бұрышты өлшеу жөніндегі түсінігі қажетті дәрежеге көтерілмейді. Сондай-ақ көрнекі құралдар математикалық нысандарды объектілерді жүйелеуге сараптауға жәрдемдеседі.

Алайда көрнекі құралдарды орынсыз пайдалану оқушылардың абстрактілі ойлауын тежеуі мүмкін, соның нәтижесінде сызба сызғанда, есеп шығарғанда қажет болатын кеңістік жайлы түсініктері тиісті деңгейде дамымай қалуы мүмкін. Сондықтан төменгі сыныпта көрнекілікті басымырақ пайдаланып, сынып жоғарылаған сайын көрнекілікті азайта түсіп, абстрактілі ойлауға, сызбаларды елестету арқылы салуға машықтандырған жөн. Көрнекі құралдарды пайдалану сыныптағы нақты жағдайға қарай анықталады. Мысалы, математиканы оқыту барысында: а) модельдер мен макеттер, ә) кестелер, б) диапозитивтер, слайдтар, кодограммалар және проекциялауға арналған дидактикалық материалдар, диафильмдер, в) кинофильмдер мен кинофрагменттер сияқты көрнекі құралдарды пайдаланады. Сондай-ақ, көрнекі құралдарға әр алуан геометриялық, есептеу және өлшеу аспаптары да жатады [6].

Оқу әдістері белгілі оқу (дидактика) құрал-жабдықтарымен іске асырылады... Оқу құралдарының көмегімен дүниені тікелей де жанама тануды жеңілдетеміз. Олар, әдістер сияқты оқу, тәрбиелеу және дамыту қызметтерін атқарып, оқушыларды ынталандыруға, оқу-танымдық іс-әрекетті басқару мен бақылауға пайдаланылады.

Педагогикалық қызмет әдістері мен жабдықтарын таңдау көптеген объективті және субъективті себептерге тәуелді, олар: оқу заңдылықтары және оларға негізделген принциптер; адамның оқу, тәрбие және дамуына байланысты жалпы мақсаттар; нақты білімдену – тәрбие міндеттері; оқуға болған ынта деңгейі; нақты оқу пәнінің әдістемелік ерекшеліктері; материал мазмұны; материал игеруге бөлінген уақыт; оқу материалының саны мен күрделілігі; оқушылардың дайындық деңгейі; шәкірттердің оқу дағдыларының қалыптасу дәрежесі; дәріс түрі мен құрылымы; оқушылар саны; балалар қызығулары мен ықыласы; оқу еңбегі үдерісінде қалыптасқан ұстаз бен шәкірт арасындағы қарым-қатынас (қызметтестік не әміршіл-әкімшіл); материалды-техникалық қамсыздандырылуы; педагогтың тұлғалық ерекшеліктері мен біліктілік деңгейі.

Аталған жағдайлар мен шарттарды ескере отырып, оқытушы нақты әдіс пен құрал-жабдықты іріктеу, таңдау жөнінде шешім қабылдайды немесе дәріс өткізудің жағдайына орай бірнеше әрқилы әдіс не құралды біріктіре пайдалануды көздейді.

1 Нұғысова А., Алпысбаева Н.С. Студенттерді дидактикалық құралдар арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын дамытуға даярлау: Оқу-әдістемелік құрал. - Талдықорған. І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті. 2014. - 134 б.

2 Оганесян В.А., Колягин Ю.М., Луканкин Г.Л., Саннинский В.Я. Методика преподавания математики в средней школе. - М.: Просвещение, 1980. – 368 с.

3 Ушинский К.Д. Избранные педагогические сочинения. Т.10. – М.-Л.: 1969.

4 Әбденбаев С.Ш., Құдиярова А.М., Әбиев Ж.Ә. «Педагогика». - Астана: Фолиант, 2003.

5 Мұбараков А. Техникалық оқу құралдарындағы сабақтастық мәселесі // Математика және физика, 2008 ж. - №3. - 11-13 б.

6 Бидосов Ә. Орта мектепте математиканы оқыту әдістемесі, 1-ші басылым – Алматы: «Мектеп», 1989. – 224 б.

Резюме

В статье рассмотрены теоретические и методические аспекты развития познавательного интереса учащихся: разработаны структурные элементы формирования и развития познавательного интереса учащихся; определены уровни реализации развития познавательного интереса учащихся. Рассмотрены виды, содержание дидактических средств, необходимых для развития познавательного интереса учащихся начальных классов. Рекомендованы методические пути применения дидактических материалов в процессе обучения в начальной школе.

Ключевые слова: познавательный интерес, начальная школа, учебный процесс, дидактические средства

Summary

The research article considers the theoretical and methodological aspects of development of students' cognitive interests: structural elements of formation and development of students' cognitive interest are developed; levels of development of

students' cognitive interest are defined. Types, content of didactic aids necessary for development of students' cognitive interest in elementary grades are considered. Methodological ways of using teaching materials in the learning process in elementary school are recommended.

Keywords: cognitive interest, elementary school, learning process, didactic means

УДК 373.1.02:008:323.17 (471.46)

ФЕНОМЕН НАЦИОНАЛЬНОГО ВОСПИТАНИЯ

Л.И. Сексенбаева – *к.п.н., ассоциированный профессор*

В данной статье излагается мысль о значении и роли национального воспитания подрастающего поколения, их духовное формирование.

Проблема национального достоинства – это главный вопрос национального воспитания, воспитание национального человека – это носитель свойства и достоинства своей нации. Национальное достоинство – это ценность конкретного человека, конкретной национальности. Речь не идет о национальности, речь не идет о национальном превосходстве одной нации от другой.

Главная цель воспитания ученика как личности национального человека. Главная задача воспитания – это процесс активизации ученика в познании социума. Общая методологическая основа национального воспитания – это любовь к ближнему.

В данной статье указаны педагогические условия национального обучения детей. Далее, говорится о технологичности процесса как интегрированного результата педагогических умений.

Национальное возрождение – это познание культуры и языка ближнего народа. Проблема национального возрождения это наша проблема, решаемая психологами, педагогами, учителями.

Президент Назарбаев. Н.А. отмечает о трех ключах стабильности по – казахстански: это единство, толерантность, общность судьбы народов.

Ключевые слова: национальное возрождение, национальное воспитание, национальный человек, межнациональное общение, национальное достоинство

Исходным пунктом исследования процесса восхождения к национальному воспитанию, на наш взгляд, является проблема национального достоинства личности. Природа не знает человека безнационального, а так как человек – центр притяжения всех общественных отношений, то и национальный человек как носитель свойств и достоинств своей нации невольно выступает в роли связывающего звена в процессе национального общения и межличностных отношений в целом. Научить ребенка одновременно чувствовать и мыслить, жить и творить, причем не только для себя или для других, но и со всеми и для всех, есть родовая черта человека – таково, на наш взгляд, одно из основных направлений методологии формирования национального воспитания учащихся в средних школах.

Понятие «национального достоинства личности» в языке межнационального общения и «адамның ұлттық абыройы» и «кісіні ұлттық намысы» в государственном языке Казахстана часто употребляется сегодня в общественной и политической жизни республики, естественно, связано с общим этимологическим значением слова «достоинство», но будучи производным от него, служит для обозначения относительно самостоятельного и неодновременного социального явления. В самом общем виде национальное достоинство личности можно представить как концентрированное выражение абсолютной ценности любого конкретного человека как носителя конкретной национальности (совокупности качеств и свойств имманентно присущих той или иной нации, народности).

В рамках действия Доктрины национального единства, проблема национального достоинства личности является, на наш взгляд, важной и своевременной, так как она реализуется и обнаруживает себя в межнациональном общении учащихся.

Природа национального, как известно, не содержит единственных в своем роде особенностей, которые были бы присущи только одной нации. Лишь определенная совокупность неповторимо соотносенных самой природой и условиями социального бытия национальных черт позволяет утверждать о национальной самобытности, об отличиях одной нации от другой, но не о национальном превосходстве и исключительности какой-либо из них.

«Человек, как известно, входит в человечество не абстрактно, а через ту или иную нацию». Само всечеловеческое единство, как писал русский философ Н.А. Бердяев, существует в формах национального бытия его частей. В национальной множественности человечества, человек обретает национальную индивидуальность фактов своего рождения и последующего развития. Поэтому, в общественных отношениях он выступает не иначе как национальный человек, соединяющий в себе общеродовую человеческую сущность и личностно-национальные черты. Из выше сказанного следует, что главной целью формирова-

ния личности ученика как национального человека является фактор – как один из путей стабилизации и развития общественных отношений формирования социально зрелой личности. Одной из методологических задач национального воспитания является, на наш взгляд, появление потребности как основного источника активности личности. Все стороны личности проявляются в деятельности, и именно потребности заставляют действовать человека. В процессе деятельности человек познает окружающий мир. Своей деятельностью ученик изменяет окружающий мир. И чтобы осуществить эту деятельность, необходимо учителю, педагогическому коллективу, семье включаться в этот процесс – процесс активизации ученика в познании социума.

Общей методологической основой национального воспитания в многонациональном учебном коллективе, полагаем, должны стать присущие традициям практически каждой нации нашей республики любовь к ближнему, почтение к старшим, забота о младших, уважение к труду, стремление к миру и согласию. При этом должен быть преодолён доминирующий в учебном процессе стереотип формирования одновременного, линейномыслящего и законопослушного индивида, сознательная ответственность которого перед собой и ближним своим подменялась преданностью тоталитарному режиму. Многонациональный учебный и, в особенности, педагогический коллектив, каждый учитель или преподаватель достигнут успеха в национальном воспитании ученика лишь тогда, когда они не только будут в точности выполнять свои служебные обязанности по отношению к очевидному поведению и внешней среде учащегося, но и когда почувствуют и тесно определяют свой долг перед внутренним миром национального индивида и формы воздействия на его психологию, не умаляя национального достоинства личности подростка, ученика.

Феномен национального воспитания достигается за счёт взаимодействия трех составляющих, а, именно это формирование у детей национального достоинства, национальной гордости и национальной совести. Вся учебно-воспитательная работа строится под национальной идеей, идеей «іштесу». Что означает «все постоянное, все сокровенное...» из народной мудрости казахского народа.

Педагогическими условиями национального воспитания в учебном процессе являются:

- создание центров землячества, осуществление культурных связей;
- создание и оборудования национальных кабинетов;
- проведение национальных недель в средних школах в рамках действия Доктрин национального единства;
- обучение детей государственному языку РК, знание эмблемы, флага, гимна своего народа;
- привитие навыков и техники поведения у учащихся согласно правилам этнопедагогики;
- ознакомление и соблюдение обычаев, традиций, национальных ритуалов, знание истории как своего народа так и других народностей;
- воспитание социальной зрелости личности;
- формирование культуры межнационального общения.

Для успешности метода обучения детей практическим навыкам общения целесообразно использовать следующие методы – это метод определения общегрупповой фигуры, метод контраста, метод метафор и метод полярностей. Данные методы особенно эффективны при обучении учащихся для консультирования, психологической коррекции навыкам организации и проведения ролевых игр. Выше упомянутые методы в психологии относятся к методам активного обучения. Они позволяют учителям средних школ согласовать и соединить цели и задачи конкретного занятия с потребностями и интересами учащихся, связанными с его темой. Кроме того, рассматриваемые методы дают возможность осуществить дифференцированный подход к обучению детей и способствуют формированию у них рефлексивной компетентности и рефлексивной культуры.

Любая педагогическая технология должна удовлетворять определенным требованиям (критериям технологичности): системности, управляемости, воспроизводимости, эффективности. В соответствии с данными критериями технологичности в структуру педагогической технологии входят: теоретическое обоснование и процессуальная часть (технологический процесс), которая нами представлена в виде технологической карты (т.е. описания процесса в виде пошаговой последовательности действий, используемых средств, критериев и способов диагностики, вариантов коррекции и т.д.)

Технологичность – это интегрированный результат таких педагогических умений, как аналитические, конструктивные и организаторские.

Самой уязвимой составляющей педагогической технологии является личностная. А потому и конструирование и использование воспитательных технологий в процессе национального воспитания требует от педагогов, учителей высокого уровня психологической, педагогической компетентности, отработанных до автоматизма необходимых технологических элементов. Работа учителя в процессе национального

воспитания должна быть направлена на то, чтобы:

- сформировать на высоком уровне психологические структуры, прежде всего самосознание школьника;
- развить потребности, обеспечивающие содержательную наполненность личности, среди которых центральное место занимают нравственные установки, ценностные ориентации и перспектива;
- создать предпосылки для становления индивидуальности как развития осознания своих способностей и интересов каждым учеником, его социализации.

Национальное возрождение будет тогда плодородящей почвой, когда наряду с естественным нравственным восхождением к совершенству будет идти познание культуры и языка ближнего народа. Накопление положительных качеств нации происходит во всей многомерной повседневности. Чем богаче в ней связи, свободнее общение людей разных национальностей, тем уверенней восхождение к цели, достижение каждой нацией своего человеческого достоинства. Цель эта достигается лишь постоянным единством человека во всем многообразии наций, сообща решающих глобальные проблемы, поставленные перед ними собственной историей. Решать эту проблему – проблему национального возрождения нам, учителям, педагогам, психологам всей образовательной структуры.

«Я верю, - отмечал Президент всех казахстанцев Н.А. Назарбаев по случаю вступления в должность, - что мы сумеем создать на территории Казахстана высокоразвитую полиэтническую цивилизацию, в которой возродятся казахская нация, в которой будут свободно чувствовать себя все входящие в нее нации и народности». (Казахстанская правда. 1991.11 декабря). В этом и есть в настоящее время державное величие Республики Казахстан – независимого государства.

1 Бердяев Н.А. Судьба России. - М.: Сов. Писатель. 1990. - с. 91-92.

2 Середа Е.И. Практикум по межличностным отношениям. Изд. Речь. - СПб. 2006. – 224 с.

3 Казахстанская правда. 1991 г. От 11 декабря.

4 Бодаев А.А., Васина Н.В. Познание человека человеком. Изд. Речь. - СПб. 2008. – 324 с.

5 Осорина М.В. Секретный мир ребенка. Изд. Речь. - СПб. 2009. – 276 с.

Түйін

Айтылмыш мақалада ой туралы мағына және ұлттық тәрбие жеткіншек, оның рухани құрылымы баяндалады.

Ұлттық абзалдықтың мәселесі сол ұлттық тәрбие, басты сұрақ ұлттық адамның тәрбиесі – өз ұлттардың қасиеттері және құндылықтары. Ұлттық қадыр – бұл нақты адамның, нақты ұлттың құндылығы.

Сөз ұлттық артықшылықта бір ұлттан басқа ұлтқа журмейді. Оқушы тәрбиесінің бастапқы мақсаты – ұлттық адамның қалыптасуы. Тәрбиенің басты есебі – ол оқушының социумдық таныстырудағы жандандыру процессы. Ортақ әдістемелік негіздің ұлттық тәрбиесі – бұл жақынға махаббат. Осы мақалада балалардың ұлттық үйренулері мен педагогикалық шарттар көрсетілген.

Бұдан әрі педагогикалық білулер, интеграцияланған нәтиже сияқты технологиялық процесстер айтылып жатыр. Ұлттық қайта туу – жақын халықтың мәдениетін және тілін таныстыру. Ұлттық қайта туу мәселесі – бұл психологтармен, ұстаздармен, педагогтармен шешілетін мәселе.

Біздің Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев қазақ тұрақтылығының үш кілтін анықтады – олар бірлік, толеранттылық, халық тағдырының тұтастығы.

Тірек сөздер: ұлттық қайта туу, ұлттық тәрбие, ұлттық адам, ұлт-аралық қарым-қатынас, ұлттық қадыр

Summary

In this article it states a thought about the meaning and role of national upbringing of our growing generation, their spiritual formation.

The problem of national dignity is the main question of national upbringing. The national man's upbringing is the carrier of characteristics and dignities of nation. National dignity is the value of definite person, definite nationality. We don't mean some nations are above the others.

The main aim is upbringing pupil as a personality. The main task of upbringing is the process of pupil's activation in cognition of society.

Common methodological base of national upbringing is the love to your neighbor.

In this article determined pedagogical conditions of national upbringing in the educational process and defined practical methods in educating pupil. Then it is said about technological process as integrated result of pedagogical knowledge.

The national revival is the indication of culture and language of nation. The problem of national revival is our problem, which is solved by psychologists, teachers.

Our President N.A. Nazarbaev marked three keys of stability. They are unity, tolerance, common fates of nation.

Keywords: national revival, national upbringing, national man, international communication, national dignity

ӘОҚ 581.1 (075.8)

БИОЛОГИЯ ПӘНІН ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ ПАЙДАЛАНУ

Н.Б. Әужанова – І.Жансүгіров атындағы ЖМУ профессоры, Талдықорған қ.

Бұл мақалада қазіргі заман талабына сай этнопедагогикаға элементтерін биология пәнін оқыту үрдісінде пайдалану жолдарын зерделеу жұмыстары ашылған. Осы жұмыстар барысында оқушылардың дүниетанымын дамытудың жолдары көрсетілді және тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі беріледі

Кілт сөздер: этнопедагогика, оқу үрдісі, шығармашылық

Қазақ халқының сан ғасырлар бойы жинақтаған мол өмір тәжірибесі, танымдық мұрасы, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, аңыз әңгімелері, жұмбақ, мақал-мәтел, өлең жырлары, ұлттық ойындары ерекше тәрбиелік мәні бар, баға жетпес қазына болып табылады.

Оқушыларды биология ғылымының заңдарымен, қоршаған ортада жүріп жатқан биологиялық құбылыстармен таныстыруда, оны көруге, сезінуге, түсінуге халықтық педагогика элементтерін пайдаланудың маңызы зор.


Этнопедагогикалық зерттеулердің Кеңестік дәуірдегі маңызы мен мәні, қажеттілігі мен көкейкестілігі жөнінде және оны ғылыми педагогиканың құрамдас бөлігі деп қараудың керектігі туралы педагог-ғалымдар: И.Т. Огородников, В.М. Коротов, А.Г. Гордина, М.Ф. Шебаевалар да кезінде келелі пікірлер айтқан еді. Этнопедагогика ғылымы орыс, батыс елдерінде XVII-XVIII ғасырлардан бастап қолға алынған болса, қазақ этнопедагогикасының зерттелу жайы, ғылым ретінде қалыптасу тарихын сөз еткенде оны үш кезеңге бөліп қарастырамыз [1, 2].

Қазақ этнопедагогикасының туу кезеңі (XIX ғ. 2-жартысы), оның Қазақ этнопедагогикасының қалыптасу кезеңі (1920-1930 жж.) және Қазақ этнопедагогикасының дамуының үшінші кезеңі (1970-1995).

Орыс, батыс саяхатшы-ғалымдары: П.С. Паллас, Э.С. Вульфсон, А.Вамбери, А.Левшин, А.Янушкевич, Н.Г. Потанин, Н.Л. Зеланд, В.В. Радлов т.б. және қазақтың зиялы ақын-оқымыстылары: С.Торайғыров, А.Байтұрсынов, Ш.Құдайбердиев, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Х.Досмұхамедов, Н.Құлжанова, М.Әуезов, С.Сейфуллин, М.Ғабдуллин, Б.Момышұлы, Б.Адамбаев, Ш.Ахметов, М.Әлімбаев, Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, Ә.Табылдиев, С.Ұзақбаева, М.Балтабаев, И.Бөлеев, З.Ахметова, М.Құрсабаев, М.Смайылова, М.Оразаев, К.Қожахметова т.б. атауға болады [3, 4].

Төменде келтірілген кестеде (1 кесте) биология пәні және этнопедагогиканың байланыстары көрсетілді.

1 Кесте



Тақырып бойынша жүргізілген педагогикалық тәжірибелік зерттеу жұмыстарында мектептерде халық тағылымдары негізінде оқушының дүниетанымын дамытудың жәй-күйі зерттеліп, мына міндеттерді шешуге бағытталған іс-шаралар жүргізілді:

а) Оқушылардың эксперимент кезіндегі халық тағылымдарын меңгергенінің бастапқы және соңғы деңгейі көрсетілді.


б) Мектеп тәжірибесінде оқушылардың дүниетанымын қалыптастырудың олқылықтары мен себептері нақты анықталды.

Жоғарыда аталған мәселелерді шешу барысында өз тәжірибемізге сай сыныптан тыс шаралар, өткізілген жұмыстар негізінде оқушыларға сауалнамалар қою, пікірлесу, танымдық сын сайыстар өткізу, бағдарламалар, әдістемелік құралдарды талдау т.б. жұмыс түрлері арқылы жүзеге асырылды. Зерттеу жұмысын-

да байқалғандай бүгінгі қолданыста жүрген оқу бағдарламалары мен оқулықтарда халық тағылымдары негізінде оқушылардың дүниетанымын дамытуға онша көп көңіл бөлінбеген. Тек соңғы жылдары ғана біршама зерттеу жұмыстары жүргізіліп жүргендігі байқалады. Осы бағытта өткізілген сыныптан тыс жұмыстар оқушылардың дүниетанымын қалыптастыруда жүргізілген шаралар көрініс берді.

Тек эксперимент жүргізілген сыныптарда нәтиже көрсеткіштері төмендегідей: сауалнама жүргізген уақытта оқушылардың 19% пайызы ғана ұлттық дүниетаным туралы білсе, «Атадан қалған асыл сөз», – деп аталатын сыныптан тыс шарада оқушылар бойында өзіне деген сенімділік пен қатар ұтқыр ой-пайымдаулар жасауға дағдыланды. Сынып оқушылары сапа көрсеткіш тұрғысынан алғанда 10-оқушысы толық-қа жуық дағдыланды. Яғни бұл көрсеткіш сыныптың 38% пайызына жетті. Сонымен бірге өткізілген «Ас – адамның арқауы», атты шарасында сыныптың 20-оқушысы ұлттық дүниетаным туралы толық меңгеріп шықты оны анықтау қиынға соқпайды, оқушылардың рухани жан-дүниесі молайып, өзін, өзгені құрметтеуге, санаға білуге деген ұмтылыстары байқалды. Осы аталған шарада оқушылардың сапасы 77% пайызға көтерілді. Осындай шаралар сынып оқушылары арасында көрсеткіштердің көтерілгенін көрсетіп отырды. Бұл нәтиже төмендегі 1 диаграммада келтірілді.

1 Диаграмма



Зерттеу барысында үш деңгей есепке алынды.

Олар: жоғары, орта, төмен:

– *жоғары деңгей* – халық тағылымдарын қызығушылықпен қабылдап, оның әлеуметік түрлерін іс жүзінде пайдалану дағдылары біршама қалыптасқан және оның тәрбиелік мүмкіндіктерін түсініп, бағалай алуы;

– *орта деңгей* – халық тағылымдарының танымдық, тәрбиелік мәнін түсінуге құлшынысы бар, бірақ тұрмыс-тіршілікте пайдалануы әлі де жүйелі қалыптаспаған;

– *төмен деңгей* – халық тағылымдарының танымдық мәніне көңіл бөлмейді, тұрмыс-тіршілікте пайдалану дағдылары қалыптаспаған.

Аталған деңгейлердің нәтижесін шығаруда 8-ші сынып оқушыларының арасында сауалнама жүргізілген болатын.

Сауалнама

1. Әр халықтың сәлемдесу мәнерін қалай түсіндірер едің?
2. Отбасы туралы түсінігің?
3. Әке мен анаға байланысты туыстық атауларды ата?
4. Тыйым сөздер не үшін қажет?
5. Ырымдарға сенесің бе, неліктен?
6. Бата түрлерін ата, бата алу неге қажет?
7. Отбасыдағы перзенттің орнын ескерудің мәні неде?
8. Қара шаңырақ, отау шығару ұғымдарын қалай түсінесің?
9. Ұлттық қол өнер түрлерін ата?
10. Санаға байланысты халықтың ұғымдарынан не білесің?
11. Халықтың қарапайымдылық, көмектерін атап бер?
12. Маусымдық мерекелерді ата?

13. Бір мүшел (13 жас) жасқа байланысты рәсім, жоралғыларды білесің бе?


14. Той түрлерін ата?

15. Наурыз мейрамының ерекше белгілерін атап бер?

Сауалнама мақсаты – оқушылардың дүниетанымын анықтау бағытында таратылды. Оған 83 оқушы қатынастырылды. Соның ішінде 8 В сыныпта 26 оқушы тапсырған болатын, нәтижесі 2 диаграммада көрсетілді.

Нәтижесінде оқушылар дүниетанымын халық тағылымдары негізінде қалыптастырудың мынадай олқылықтары байқалды: қоғамда, отбасындағы тіршілікте баладан сұраныс болмауы, әрі тұтынуға деген қажеттіліктің туындамауы.

2 Диаграмма



Халықтың салт-дәстүр, әдеп-ғұрыпын, ырымдар мен тыйымдарды атап беруде, танымдық тәрбиелік мәндерін ашуда өзіндік пайымдаулары төмен көрінді. 26 оқушының 5 озаты ғана жауап берді. Нәтижесі сапа көрсеткішпен көрсетсек, 26 оқушыдан 19% пайыз болды.

Халық педагогикасы материалдарын пайдалану эксперимент барысында байқалған ерекшелік оқушылардың сабақта да, үй тапсырмасын орындауда да шығармаларды, ауыз әдебиетін, аңыздарды білуге ынталанғаны анықталды. Егер оқушылардың алғашқы қызығушылығы 11 пайыз болса, эксперименттің нәтижесінде ол 52 пайыз болды, сонда өсу көрсеткіші 41 пайызды құрады.

Сөйтіп, халықтық педагогика материалдары оқытудың тиімді түріне айналып, оқушылардың биологияға қызығу деңгейін және білу ынтасын, оның сапасын тиянақтап, сабақ үлгерімін арттырады.

Тәрбие сағаттарының тақырыптары келесі болуы мүмкін: «Жан сұлулығы – тән сұлулығы», «Қызы бардың қызығы бар, ұлы бардың ұлығы бар», «Салт – дәстүрді білесің бе?» т.б.

Мақсат-міндеттері: *Білімділік мәні:* Оқушылардың бойына халқымыздың рухани байлығын сіңіру, ұлтымыздың басты құндылығы – дәстүрлерінен үлгі ету. Олардың киген ұлттық киімдері жайлы білімдерін толықтыру. Оқушыларды дастарқан басында сақталатын рәсімдермен, ырым-тыйымдармен таныстыру. Ұлттық тағамдарымыздың қасиетімен және ұлттық ыдыс-аяқтармен таныстыру. Оқушыларды қазақ жігіті мен қызының бойына тән өнерлік, тәлімдік қасиеттермен қалыптастыру.

Тәрбиелік мәні: Оқушыларды ұлтжанды, ұлттық салт-дәстүр үлгісінде тәрбиелеу. Қыз бала мен ұл бал тәрбиесі қашанда халық назарында екенін естен шығармауға, мейірімділік, қарапайымдылыққа тәрбиелеу. Оқушыларды дәстүрді сақтауға, нанды, басқа да тағамдарды қастерлеуге, ас ішу тәртібін әркез есте сақтауға тәрбиелеу.

Дамытушылық мәні: Оқушылардың ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптармен байланыстырып тілдерін, сөздік қорларын байыту, қазақ жігіттері мен қыздарының дағдыларын дамыту

Көрнекіліктер: 1. Нақыл, қанатты сөздер, мақалдар жазылған плакаттар.

2. Қазақтың ұлттық қолөнерлері.

3. Тұрмысқа қажетті заттар.

4. Буклеттер, альбомдар, сөзжұмбақтар, сөзөрімдер, ыдыс-аяқ суреттері, суреттер көрмесі.

«Тамақты тарта жесең, сананды ашар, көптен жесең ұйқы басар», «Таспен атқанды, аспен ат», «Дүниедегі байлықтың түрі көп, солардың ішіндегі ең негізгісі де осы нан байлығы».

Тәрбие сағаттарының соңында «Сыр сандық» ойыны ойнауға болады. Оқушылар салт-дәстүр, ұлттық салт, музыкалық фольклор, қол тума т.б. ұлттық таным бойынша сайысқа түседі. Осы сайыстарға қажетті материалдар төменде келтіріледі [9].

Халықтық педагогика элементтерін пайдалану, оқушылардың өзіндік жұмыстарында биологиялық өлеңдер, жұмбақтар жазу арқылы оқушының биология пәніне ізденушілік қабілетін арттыруға әсерін тигізеді. Пәнді түсіну қабілетін өсіріп, түсінуге қиын сабақтарды оңай меңгеруге және есте жақсы сақтау-

ға дағдыландырады.

Ата-бабаларымыз табиғат әсемдігінен бойына қуат, жүрегіне шуақ алып, оның құдіретіне бас иіп, табиғат заңдылығын тамаша сараптай білген. «Жер ананың суын құрғатпасаң сүтін ішесің, балаусасын баспасаң, балын жұтасың, киігін қорғасаң, кемдік көрмейсің, құсын аяласаң, қызығына кенелесің», – деген мақал-мәтелдердің қазақ халқының экологиялық заңдылықтарды терең түсіне білгендігін аңғартады. Осының негізінде биология сабақтарында халықтық педагогиканы пайдалану арқылы оқушыларда ғылыми ұғым қалыптасуын, дүниеге біртұтастық көзқарастың, тіл байлығының дамуын, ойлау қабілеттерінің, адамгершілік, ұлтжандылық, ұлттық мәдениетті дәріптеу дағдыларының жетілуін қамтамасыз ету мүмкіндігі туады.

Қазақстан Республикасының білім туралы заңында оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту, әлемдік мәдениет пен білім саласындағы құндылықтарды оқыту үрдісінде пайдалану керектігі, ол үшін оқытудың тәсілдері мен әдістерін, білім беру формаларын жетілдіре түсудің қажеттілігін атап көрсетілген.

Осыған орай, биологияны оқытудың жаңа әдістемелік жүйесін, орта мектепте пәнді оқытып үйретудің тиімді, белсенді әдістерін таңдап алу қажеттілігі көзделіп отыр.

Биология пәнін оқыту барысында оқушылардың белсенділігі мен танымдық әрекеттерін шығармашылық қарымдарын дамыту үшін оқу үрдісіне көркем әдебиетті және поэзияны оқыту ойындарын пайдаланудың мәні зор (2 кесте).

2-Кесте. Кіріктірілген сабақтардың тақырыптары

№	Сабақтың тақырыбы	Поэзия	
		Аты	Авторы
	Құстар классы	Құс келгенде	Марфуға Айтқожа
	Құстарды топқа бөлу	Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап	Абай Құнанбаев
		Бұлбұл	Орақын Асқар
		Аққулар ұйықтағанда	М.Мақатаев
	Сүтқоректілер классы	Темір мүйіз	Омарғазы Айтанұлы
		Еңлік	Орақын Асқар
	Қазақстанда мекендейтін сүтқоректілер	Барысы, жортып жүрген кең даламның	Марфуға Айтқожа

Халықтық педагогикалық ойларды бүгінгі тәрбие мен білім беру барысында жүзеге асыруға бағытталған біршама тәжірибе жинақталған. Сол мәселелерді қамтитын «Поэзия сағатын» өткізуге болады. Бір мысал ретінде Құрсабаев Мұхамедрахим Қыдырбайұлының толғауларын пайдалануға болады.

Осындай іс-шаралар өткізу арқылы оқушылардың белсенділігі мен танымдық әрекеттерінің қалыптасуын шығармашылығынан да байқауға болады. Мысалы, Дарина Есенқызының өлеңдерін келтіруге болады.

Қазақстан

Қазақстан – туған жерім,
Жайнай бер саяңа ап.
Ертең ер жетіп өсемін мен,
Туыңды ұстап жайраңдап!
Биік-биік тауларың,
Терең-терең көлдерің.
Осы тауға, осы көлге мен қарап,
Қызығыңды еркін көріп келемін.

Туған жер

О, туған жер, менің туған анамсың!
О, туған жер, менің сонау бабамсың!
Адалдықты берген ақ жүректі ағамсың!
Ақындықты берген маған қасиетті баламсың!
О, туған жер, менің өшпес жарығым,
Қадір тұтар қасиетті алыбым.
Арнадым саған осы өлең шұғағын,
Қабыл ал деп өлеңімді арнадым.

Дарқан далам

Табиғаты керемет дарқан далам!
Сенде туып, өсірген ата-анам.

Бұлағыңның суын мен бір ұрттасам,
Бақтағы жемістерді бір татсам,
Жылы леп, самалыңа салқындасам,
Көлдеріңде шомылып, рахаттансам,
Шіркін-ай, сайраңдап, сергіп қалам!
Табиғаты керемет дарқан далам!
Мен де осы өмірдегі сенің балаң.
Туып-өстім өзіңнің құшағында,
Құшағында туып өскен ата-бабам.
Табиғаты керемет дарқан далам!
Гүлдепті раушан менен адыраспан.
Құстар көк аспанда самғап ұшқан,
Қыран құс бүркітпенен қиқылдасқан.
Лашын, суықторғай, бозторғайлар,
Балапанға жем іздеп шиқылдасқан.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Алтынсарин Ы. Тыңдамалы шығармалар. – Алматы, 1995. – 112 б.
2. Өуезов М. Абай жолы. 2 т. – Алматы: Жазушы, 1989.
3. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы, 1991. – 56 б.
4. Бөкейханұлы Ә. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1999. – 127 б.
5. Ғабдуллин М. Ата-аналарға тәрбие туралы кеңес. – Алматы: Мектеп, 1966. – 123 б.
6. Дулатов М. Шығармалар. 1 том. – Алматы: Жазушы, 1991. – 348 б.
7. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. – Алматы, 1998. – 153 б.
8. Жылқы – малдың патшасы. – Биология және салауаттылық негізі, 2004, №3, 70 б.
